



**К. ҚАБЫЛҒАЗИНА
Г. ОМАРХАНҚЫЗЫ**

**МЕДИАКЕҢІСТІКТЕГІ ҚАЗАҚ
РАДИОЖУРНАЛИСТИКАСЫ
(Қазақ радиосы, «Шалқар» радиоарнасы:
дәстүр мен жаңашылдық)**

Оқу құралы



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

К. ҚАБЫЛҒАЗИНА
Г. ОМАРХАНҚЫЗЫ

МЕДИАКЕҢІСТІКТЕГІ ҚАЗАҚ
РАДИОЖУРНАЛИСТИКАСЫ
*(Қазақ радиосы, «Шалқар» радиоарнасы:
дәстүр мен жаңашылдық)*

Оқу құралы



ASES KONGRE ORGANİZASYON VE YAYINCILIK

Kanununun hükümlerine göre kitabı yayınlanan yayınevinin izni
olmaksızın elektronik, mekanik, fotokopi veya herhangi bir kayıt sistemi
ile çoğaltılamaz, kısmen veya tamamen

Yayımlanamaz, depolanamaz.

Basım Tarihi: 26.12.2025

ISBN: 978-625-93467-0-0

К. ҚАБЫЛҒАЗИНА

Г. ОМАРХАНҚЫЗЫ

МЕДИАКЕҢІСТІКТЕГІ ҚАЗАҚ
РАДИОЖУРНАЛИСТИКАСЫ

*(Қазақ радиосы, «Шалқар» радиоарнасы:
дәстүр мен жаңашылдық)*

Оқу құралы

Baskı, Yayım ve Dağıtım

ASES KONGRE ORGANİZASYON YAYINCILIK

Hamidiye Mah. İnönü Cad. Helvacı İş Mrk. No: 43/19 Battalgazi/

MALATYA

Tel: 0850 474 30 06 - www.asescongress.com.tr - e posta:

asescongress@gmail.com

Sertifika No: 63715

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз	5
I тарау. Медиакеңістіктегі қазақ радиожурналистикасы	7
1.1. Заманауи радионың қалыптасу жолы.....	7
1.2. Радиодағы цифрлық технологиялар	36
II тарау. Қазақ радиожурналистика жанларының түрленуі мен жаңа форматы	54
2.1. Жаңалықтар: өндіру және редакциялау	54
2.2. Сұхбат. Подкаст: өндіру және монтаждау	125
III тарау. Қазіргі радиожурналистиканың тілі мен стилі	160
3.1. Радиодағы сөз мәнері.....	160
3.2. Қазақ сөзінің жүйесі турасында	190
IV тарау. Радиожурналистикадағы өндірістік процесс	240
4.1. Радиоарна жұмысын ұйымдастыру.....	240
4.2. Алтын қор. «Қазақ радиосы – ғасыр құрдасы»	268
Әдебиеттер.....	295
Деректемелер.....	296

Оқу құралын бағдарлау:



Алтын қор



Ойбағдар



Радиохабар



Деректеме



Ойтұжырым



Кітап оқы



Пысықтау жұмысы

АЛҒЫ СӨЗ

Электронды журналистикада бәсекеге қабілетті, медиа нарығына сай қазіргі заманғы технологияларды меңгеріп, тәжірибелік дағдыларды игерген, еңбек нарығында сұранысқа ие телерадио саласындағы журналистерді даярлауда студенттердің шығармашылық қабілеттерін арттыра түсу, жазу мен сөйлеу стилін қалыптастыруға бағыттау – заман талабы. ЖОО жалпы білім беретін дәрістердің қысқарып, тәжірибеге қарай бейімделудің өзі – осы мақсат жолындағы үдеріс. Көп оқып, теориялық толығу бір басқа, ал шеберлік тікелей тәжірибеге байланысты.

БАҚ ішінде жеделдігі жағынан радио бірінші болып мойындалады. Бұл ретте интернеттің ұшқырлығы алдыға шығады, дегенмен ондағы деректердің нақты болмауы, кәсіби мамандар ғана емес, кез келген желі қолданушыларының ақпарат таратуы дәстүрлі журналистикаға көлеңкесін түсіреді. Ал радио ақпаратты жеткізіп, тасымалдап қана қоймайды, ол басқару мен жүйелеудің тетігіне айналды. Радионың шекараны білмейтін, тосқауылсыз арнаға, жаһандық сипатқа ие болғанына ғасыр толды. Ғалымдар «адамды адам еткен – еңбек және сөйлеу машығы» десе, сөзді тыңдаушысына жеткізе алатын қуатты құрал – радио деп аталатыны белгілі. Бұл еңбек – студенттерді тәжірибеге баулып, шығармашылығын қалыптастыруға арналған оқу құралы.

Бірінші тарауда медиакеңістікте орын алатын қазақ радиожурналистикасындағы заманауи радионың қалыптасу жолы, цифрлық технологияның мүмкіндігі баяндалып, радионың қуатты күші дыбыс пен дыбыс толқынының ерекшелігі QR-кодты сканерлеу арқылы нақты мысалдармен түсіндіріледі. Тәулік бойы жаңалық тарату циклі журналистің қалыпты тіршілігіне айналғандықтан, Қазақ радиоларының жаңалықтар қызметі сағат сайын Qazaq, Shalqar, Astana арналарынан бір мезетте ақпаратты таратады. Ал Classic радиосында тек мәдени жаңалықтарды бір тілші дайындап, эфирден жүргізіп отырады.

Екінші тарауда қазақ радиожурналистика жанрларының түрленуі мен жаңа форматы жаңаша бағытта қарастырылды. Қазақ радиоларының негізгі құрылымы жаңалықтар бөлімі болғандықтан, жаңалықты жазудың теориялық және практикалық тәсілдері айтылады. Жалпы жаңалық мәдениеті мен жаңалық құндылығына қатысты нақты мысалдар мен дәйектер шетелдік ғалымдар мен кәсіби журналист Лиз Тайнан тұжырымдары арқылы топтастырылды.

Үшінші тарауда қазіргі радиожурналистиканың тілі мен стилі баяндалды. Журналистердің, әсіресе телевизия және радиожурналистердің

еңбегі – дұрыс сөйлей білуді «өнер» деп бағалаудан һәм қабылдаудан бастау алады. Тікелей эфирде, оқиға орындарында микрофонды қолға ұстап, халыққа сөз арнайтын телевизия, радио журналистеріне тілдік мәселе ортақ болғандықтан, тіл заңдылықтарын зерттеп жүрген мамандардың пікіріне назар аудардық. Ираклий Андрониковтың байқауы бойынша: «Ауызша сөйлеуде адамның қалай айтқандығы оның не айтқандығына айналады. Мен алдағы уақытта әңгімелеудің көпшілікке үйреншікті жанрға айналатындығына сенемін және жазушылар «сөйлейтін әдебиетті» шығаратын болады», – деп өз болжамын жасаған болатын. Сондықтың тек қазақша сөйлеуді мақсат етіп қоймай, шебер сөйлеу, әдемі сөйлеу, дұрыс сөйлеу, сөздерді дұрыс ымыраластыру, сөйлемдерді дұрыс құрмаластыру, әдемі эстетикалық үндестікке, адамның құлағына жағымды тиіп жататын сырлы сөзге айналдыру электронды журналистикаға бейімделушілер мақсаты болмақ.

Телерадио тілі кәсіби коммуникациялық сөйлеу барысында әртүрлі тілдік құралдардың барлық арсеналын оңтайлы қолдануға машықтануды талап ететіндіктен, қазіргі радиожурналистиканың тілі мен стилі тарауында радиодағы сөз мәнері тақырыбында тіл техникасы маманы С. Ахметова мен қазақ сөзінің жүйесі турасында тіл маманы филология ғылымдарының докторы, профессор О. Жұбаеваның әдістемесі берілді. Мұнда сөз талғау, сөз дұрыстығы, тіл тазалығы, тіл анықтығы, тіл дәлдігі, тіл көрнектілігі сияқты қажеттіліктер баяндалады.

Қазақ радиосының «Алтын қор» бөлімінде аса құнды фонограммалар сақтаулы тұр. Баға жетпес байлық Қазақ радиосы мен «Шалқар» радиосы қызметкерлері еңбектерінің арқасында молайып, толыққан құнды қазынада еліміздің танымал тұлғаларының, ұлт мүддесін ұлықтаған ел перзенттерінің дауыстары сақталған. Біртуар тұлғалардың, әнші-жыршы, күйшілердің қайталанбас дауыстарын, олар ойнаған музыкалық аспаптар үндерін де осы қордан табуға болады. ҚСРО радиосы мен теледидарының үздігі Қазақстан мен Қырғызстанға еңбек сіңірген өнер қайраткері, композитор, музыка зерттеушісі, ұлттық музыка академиясының профессоры Илия Жакановтың естелік толғауы енгізілді. Төртінші тарауда радио жұмысын кесте бойынша ұйымдастырып, Алтын қордағы бағдарламаларды QR-кодты сканерлеу арқылы тындап, сценарий жазудың үлгісі ұсынылды.

Оқу құралында бағдарлау аппараттары арқылы пысықтау жұмысы, ойтұжырым, кітап оқы, деректеме, радиохабар, ойбағдар, алтын қор сын-ды көрнекі құралдар берілді.

I тарау. МЕДИАКЕҢІСТІКТЕГІ ҚАЗАҚ РАДИОЖУРНАЛИСТИКАСЫ

1.1. Заманауи радионың қалыптасу жолы

Жаңалық – жаңа ақпарат. Күн сайын, сағат сайын толассыз ақпарат адамның ой елегінен өтеді. Түрлі құрылғылар арқылы жаңа формада, әртүрлі форматта келіп жатқан жаңалықтарды адам миы қалай қорытады? Осы мәселелерді зерттеушілер интернет қолданысқа енгеннен бері әр адам 1990 жылдардың орта шенімен салыстырғанда, бес есе көп ақпарат алатынын анықтаған. Бұл деген Оңтүстік Калифорния университетінің докторы Мартин Гилберттің¹ зерттеуі бойынша, күніне 174 газет оқығанмен тең екен. Ақпарат легі күн санап өсіп келеді. Ол толқынның тасқынын әлеуметтік желілер мен жаңа цифрлық технология арттырып отыр.

Сарапшылар медиа саласы трансформацияға ұшырағанын дәйектейді. Мәселен, 1960 жылдың өзінде канадалық зерттеуші Маршалл Маклюэн² телевизия болашақта «жаһандық ауыл құрады» деп болжаған болса, ал 1860 жылдар шамасында қазақтың көрнекті ағартушы-педагогі, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсарин³ «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңінде:

*«Өнер-білім бар жұрттар,
Тастан сарай салғызды.
Айшылық алыс жерлерден
Көзіңді ашып-жұмғаниша,
Жылдам хабар алғызды.
Мың шақырым жерлерге,
Күн жарымда барғызды», –*

деп ғаламды сол кезде сипаттап жазған. Сонда шәкірттер

¹ Мартин Гилберт – <https://open.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>.

² Маршалл Маклюэн – <https://egemen.kz/article/240348-mediakenhistik-mumkindik-pen-bar-shyndyq>.

³ <https://bilim-all.kz/olen/>.

«Айшылық алыс жерлерден қалай хабар алуға болады?» деп сұрағанда, қолымен ұялы телефонды бейнелеп көрсеткен деседі.

БАҚ ішінде жеделдігі жағынан радио бірінші болып мойындалады. Радио ақпаратты жеткізіп, тасымалдап қана қоймай, басқару мен жүйелеудің тетігіне айналды. Радио шекараны білмейтін, тосқауылсыз арнаға, жаһандық сипатқа ие болды. Ғалымдар «адамды адам еткен – еңбек және сөйлеу машығы» десе, сөзді тыңдаушысына жеткізе алатын қуатты құрал «радио» деп аталады. Тыңдаушы қарапайым электронды құралдардың көмегімен адам миына және санасына бағытталған *дыбыстық толқындарды* құлақпен қабылдайды. Содан соң өзіне жақын дыбыстың мазмұнын таниды. Дыбыс адамның нәзік түйсігіне сіңіп, өмір шындығын, көркем образдарды естірту арқылы бейнелейді.

Дыбыс және дыбыс толқыны дегеніміз не?



1-сурет. QR-кодты сканерлеу арқылы дауысты тыңдаңыз



Алтын қор:



2-сурет. М. Мақатаевтың өз дауысы. QR-код сканерін қолданыңыз

Дыбысты құбылтып, түрлендіріп беру тәсілімен радиохабарға жан бітіруге болады. Мұндағы басты қызметті сөйлеушінің дауыс ырғағы атқарады. Ал адам даусының ырғақтарын, үн реңдерін қағазға түсіру мүмкін емес. Радионың өзін дыбыс өнері дейтін болсақ, оның тағы бір табиғи қасиеті осында. Ғалым Намазалы Омашев⁴ дыбыс адамның өмір сүруін, қауіпсіздігін қамтамасыз етіп қана қоймайды, сонымен қоса көңіл күй сыйлайды, рухани байытады, сана-сезімін өсіреді, жаңа межелерге жігерлендіреді, күш-қуат береді немесе жұбатады, демалдырады, бір күйден екіншісіне көшуге көмек береді. Адам өз еркінен тыс табиғи ырғақтар

⁴ Омашев Н. Радиожурналистиканың негіздері. – Астана, 2016.

(биоритм) жетегінде өмір сүреді, соған сәйкес жүрек соғысы, тыныстауы, қабілеті мен зейіні де құбылмалы болып келеді. Бүгінгі радио адамның биологиялық, физиологиялық қасиеттерімен қоса, оның жан дүниесін, яғни психологиясын да ескеретін бұқаралық ақпарат құралдарының бірі де бірегейі екенін айтады. Адамның эмоциясына, психологиясына байланысты дауыстың әсер ету күшін көркем хабарлардан айқын байқауға болады. Айталық, қазақ радиодраматургиясын зерттеген ғалым Темірғали Көпбаев: «Қазақ радиодраматургиясында да интонацияның барлық қырсырын меңгерген радиотеатр тарландары бар. Көп жылдар бойы Қазақ радиосында қызмет атқарған танымал режиссер Тілеуберді Доспаевтың айтуынша, радиоспектакльдер жасау үшін микрофон алдындағы жауапкершілікті сезіне білетін актерлер шақырылатын. Олар дикциясы, сөйлеу мәнеріне қарай топтастырылады. Интеллектуалдық рөлдер, характерлі рөлдер, эпизодтық рөлдер осылайша бөліп берілетін. Мысалы, Шахан Мусин өзінің сөйлеу мәнеріне байланысты үнемі интеллектуалды рөлдерде ойнады. Ол негізінен мемлекет қайраткерлерінің, ұлы адамдардың образын сомдайтын-ды. Сол сияқты Е. Өмірзақов, Қ. Бадыров, М. Құлманбаев, М. Бақтыгереев, М. Сүртібаев, Б. Қалтаев, З. Шәріпова, Б. Римова, С. Телғараев, т.б. өнер шеберлері радиотеатрдың спецификасын жетік меңгерген еді. Олардың бәрі де көрініссіз театрдағы дауыстың мүмкіндіктерін сан қырынан танытқанын айтады», – дейді. Мысалы, радио қызметкері Толқын Сұлтанқызының⁵ «Шабыт» радиотеатрын тыңдап көруге болады. Тыңдаушы қауымға «Шабыт» радиотеатры арқылы Мемлекеттік сыйлықтың иегері, жазушы Роза Мұқанованың «Сарра» драмасын ұсынды. «Сарра» драмасы 2016 жылы Қалибек Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрында сахналанған болатын. «Сарранның» көтерген мәселесі – әйелдің махаббаты, ұрпақ сабақтастығы, мейірімділік, сүйіспеншілік, ұлт боп ұйысу. Ол үшін ұрпақ жалғастығы, ұрпақ амандығы әлдеқайда қымбат. «Сарра» драмасы көрерменге көптеген сауал тастап, соған жауап іздеуге ұмтылады.

Бағдарламаны тыңдау үшін QR-код сканерін қолданыңыз.

⁵ <https://qazradio.fm/kz/news/20009/>.



Радиохабар:

«Шабьт» радиотеатры

14 наурыз 2021 ж. Сағат 20:00

Хабардың авторы – Толқын Сұлтан

Дыбыс режиссері – Қайсар Ердеи

«САРРА» драмасы

Авторы – Мемлекеттік сыйлықтың иегері, жазушы

Роза Мұқанова

Қоюшы режиссері – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлсина Мерғалиева

Кейіпкерлер мен орындаушылар:

Сарра – «Серпер» жастар сыйлығының иегері Сая

Тоқманғалиева

Құт Ана – Қазақстан жастар одағы сыйлығының лауреаты, «Құрмет» орденінің иегері Майра Омар

Әз Ана – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Лейло Бекназар-Ханинга

Ажар – Гауһар Жүсіпова

Бибі Ажар – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Айнұр Бермұхамедова

Бикеш – ҚР «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Алтынкүл Серкебаева



3-сурет. «Шабьт» радиотеатрының «Сарра» радиоқойылымы

XX ғасырдың басында радио толық қалыптасып, жер-жаһанға жылдам тарайды. Бұл – физикалық зерттеулердің, электр мен электромагнитизмнің іргелі зерттеулері нәтижесіндегі технология. Осы физикалық құбылыстарды зерттеудің арқасында XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында дыбыстық толқынды қабылдау мен жіберу сәті туды. Радио бастапқыда «сымсыз» технология аталды. Себебі ілгерідегі телеграфтық технологиядан айырмашылығы электромагниттік толқындар сымсыз да әуе толқындары арқылы сигнал таратты. Сол заманда сиқыр сияқты қабылданды. Италиян физигі Гульельмо Маркони⁶ 1901 жылы теоретик Джеймс Клерк Максвеллдің және экспериментші ғалым Генрих Герцтің ілгеріде жазған сымсыз телеграфтық сигнал жіберу (нүкте – нүкте – сызықша – сызықша) еңбегіне арқа сүйеді. Араға бірнеше жыл салып әуе толқынынан бірінші рет адам дауысы жазылған алғашқы радиосигнал берілді. Радиотаратқыш пен антеннаның ғарыш жылдамдығынан да тез таралуы бұл ілімнің әлеуетін мойындатты. Радио осылай пайда болды.

6 Бейнбриж Ж., Гок Н., Тайнан Л. Медиа және журналистика. – Астана, 2019. – 158-б. (Теория мен практикаға жаңа көзқарас).



Деректеме:



Гульельмо Маркони

Маркиз, итальяндық радиотехник және кәсіпкер, 1909 жылғы физика бойынша Нобель сыйлығының лауреаты



Джеймс Клерк Максвелл

Британдық (шотланд) физик, математик және механик. Лондон Корольдік қоғамының мүшесі



Генрих Герц

Атақты неміс физигі, батыл экспериментші, электродинамиканың негізін қалаушылардың бірі, терең және талантты теоретик



4-сурет

Радио өзінің ағартушылық, насихатшылдық қызметін Самюэль Морзенің⁷ сызықшалары мен нүктелері түрінде атқарғаны тарихтан белгілі болды. 1914–1917 жылдарда дүниеге даңқы таралған Қысқы сарайдан саяси-тәрбиелік мәні бар ел зиялыларының сөздерін, патшаның нұсқауларын таратып, радиogramмаларды басып шығарып, үлестіріп, ақпараттық-үгітшілдік саясаттың бір қызметін атқарған болатын. Сол тұста Ресей отары болып отырған Түркі халықтары да патшалық өкімет назарынан тыс қалмай, табиғи байлығы мол, бұратана халықты уысына ұстаудың басты құралы етіп осы радионы пайдаланғанын архивтің құжат деректері дәлелдейді [2].

⁷ Омашев Н. Радиожурналистиканың теориясы мен тәжірибесі. – Астана, 2009. – <https://refdb.ru/look/1231227-pall.html>.



Ойбағдар:

Телеграфтың ойлап табылуы коммуникацияның да, өмірдің өзінің де жылдамдығын өзгертіп жіберді. Юлий Цезарь дәуірінде де, XIX ғасырдың алдында да Парижден Марсельге хатты шабарман 15-20 күнде жеткізетін. Ал телеграф пайда болған соң, жаңалық 15 минутта жететін болды. Бұл жүйенің басты кемшілігі – оның ауа райы жағдайына тәуелділігі болды. Сондықтан ғалымдар хабарламаны электр көмегімен кодтау қағидаларын зерттей бастады. Ұсыныстың көбі «Тілдегі әріп санымен бірдей сымды бар ақпарат жасау керек» дегенге саятын. Алайда бұл басқа тілдердегі хабарламаларды жеткізуде аса қолайсыз еді. Америкалық сурет мұғалімі Самюэль Морзе ерекше жаңа жүйе ұсынды. Сымдардың тек біреуі ғана қалып, әріптердің бәрі сол сымды тұйықтау мен ажырату арқылы кодталатын. Телеграфтың ортақ тілі – Морзе әліпбиі болды.

Ал Қазақстанда радиохабар тарату ісінің тарихы 1912 жылы Ақтау қаласындағы (бұрынғы Шевченко, Форт-Александровск) радиостанцияның іске қосылуынан басталды. Оны радиожурналистиканың негізін зерттеген ғалым Намазалы Омашев⁸, қазақ телерадиожурналистикасының тарихын жазған – радиожурналистиканың табиғатын, жанрлық ерекшеліктерін филология ғылымдарының докторы, профессор Марат Кәрібайұлы Барманқұлов, радиохабарлардың алғашқы пайда болу тарихын филология ғылымдарының кандидаты, доцент Рамазан Сағымбеков, екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы радионың рөлін тарих ғылымдарының докторы, профессор Сағымбай Қабашұлы Қозыбаев зерттеп, жасаған ғылыми тұжырымдарына сүйене отырып, қазақ жеріндегі радиостанциялардың 1913 жылдан емес, 1912 жылдан жұмыс істегенін нақтылады. Демек, Қазан төңкерісіне дейін Александр Форты мен Түркістанда радиостанциялар радиотелеграф қызметін атқарды. Онда, *біріншіден*, радиостанциялардың жалпы халыққа арналған кең аудиториясы болған жоқ. Радиохабарлар тек байланыс үшін қолданылды. *Екіншіден*, радиостанциялар мемлекетке қарағанмен, шын мәнісінде түрлі ведомстволарға,

8 Омашев Н. Радиожурналистиканың теориясы мен тәжірибесі. – Астана, 2009. – <https://refdb.ru/look/1231227-pall.html>.

мәселен, әскери және әскери-теңіз, пошта-телеграф сияқты ведомстволарға қызмет етті. *Үшіншіден*, Қазақстан жеріндегі аталған радиолар негізінен әскери бөлімшелер арасын байланыстырушы қызметін атқарды, яғни қазақ жеріндегі радиоландыру ісі – граммофон мен пластинкаларды таратудан басталды.



5-сурет

Граммoфон табағы — бетінде дыбыс жазылған жіңішке сызат жолғары бар диск. 1970 жылға дейін шеллак (табиғи смол) негізгі шифер толтырғышы бар табактар шығарылды.



6-сурет

Жұқа магниттік қабатпен жабылған ікемгі таспа түріндегі ақпарат тасымалдаушысы. Магниттік таспадағы ақпарат магниттік жазба арқылы жазылады. Дыбыс пен бейнені магниттік таспаға жазуға арналған құрылғылар сәйкесінше “магнитофон” және “бейнемагнитофон” деп аталады.



Деректеме:



7.1-сурет

Қазан төңкерісіне дейін Форт-Александровск пен Түркістандағы радиостанциялардың жалпы халыққа арналған аудиториясы болған жоқ. Радиохабары тек байланыс үшін қолданылып, желілі

телеграфтың рөлін атқарды. Олар негізінен әскери байланыс үшін қызмет көрсетіп, шаруашылық, әкімшілік және саяси өмірге толыққанды араласпады.



7.2-сурет. Қазан төңкерісіне дейін Қазақстанда радио нүктелердің пайда болуы

1919 жылдың 24 маусымында РКСФР Халық Комиссарлар Кеңесінің қаулысы шығады. Ол қаулы Қазақ өлкесін басқаратын әскери-революциялық комитет құру және оның төрағасы мен мүшелерін тағайындау туралы еді. Бұл комитеттің төрағасы болып Станислав Пестковский, мүшелері болып Сейітқали Меңдешев, Бақытжан Қаратаев, Ахмет Байтұрсынұлы, Мұхамедияр Тұнғаншин, Әліби Жангелдин тағайындалады. Қаулыға В.И. Ленин қол қояды. Сөйтіп, Ахмет Байтұрсынұлы Кеңес үкіметі тұсындағы мемлекет қайраткері ретіндегі қызметін Лениннің мандатымен бастайды. Комитеттің шаруасымен оның алдында болып жүзбе-жүз сөйлеседі. Қазақ өлкесінің саяси-экономикалық жай-жапсарын баяндайды, ағартушылық жұмыстарындағы қиыншылықтарды айтады. Владимир Ленин Станислав Пестковский екеуін жақсы қабылдап, сөздерін тыңдайды, өлкені басқару жөнінде бірнеше нұсқаулар жасау керектігін, оларды қазақ тіліне аударып, граммофон пластинкаларына жазып, халық арасына тарату қажеттігін айтады.



Деректеме:

Радио бұл кездері Қазан төңкерісінің жеңістерін паш етіп, Кеңестік мемлекеттің орнауы мен нығаюын жариялап тұрды.

Қаладағы радиостанция арқылы қоршаудағы гарнизон үш айға жуық уақыт ішінде Москвамен және М.В. Фрунзе бастаған әскерлердің оңтүстік тобымен үнемі байланыс жасап отырды.

Азамат соғысы кезінде радиобайланыстың қаншалықты маңызды болғанын 1919 жылы ақ гвардияшы әскерлер қоршап алған Оралды қорғау сәттерінен анық байқауға болады.

1920 жылғы 13 қарашадағы мәлімет бойынша мына қалаларда қабылдаушы радиостанциялар болды: Орда, Қостанай, Орынбор, Павлодар, Гурьев, Орал, Есіл, Ақтөбе, Семей. Бұлардың кейбірі азаматтық радиостанция, кейбірі әскери ведомстволық болды.

8-сурет. Қазан төңкерісінің жеңуі мен Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауы кезіндегі радиостанциялар

Орынбор, Орал губерниялық байланыс бөлімшелерінің территориясында орналасқан 1921 жылғы 1 наурызда жұмыс істеп тұрған тұрақты радиостанциялар тізімі:


- Орынбор 60 кВт. 1920 ж.
- Орынбор 8 кВт. 1919 ж.
- Орынбор қабылдаушысы 1918 ж.
- Қостанай қабылдаушысы 1919 ж.
- Орал 2 кВт. 1919 ж.
- Орал 2 кВт 1919 ж.
- Орал қабылдаушысы 1919 ж.
- Александр форты 3кВт 1918 ж.
- Гурьев 2кВт 1919 ж.

Осы кездері Орынборда 3, Қостанайда 1, Ақтөбеде 1, Оралда 2, Орда, Гурьевте 1, Семейде 1, Павлодар, Өскемен, Ақмола, Петропавл, Көкшетау, Атбасарда бір-бірден радиостанциялар болған

9-сурет. 1921 жылғы 1 наурызда жұмыс істеп тұрған тұрақты радиостанциялар тізімі

Осылайша, «Қазақ АКСР Халық комиссарлар Кеңесінің 1921 жылғы 29 қыркүйектегі шешімі республикалық радионың дүниеге келуіне ұйытқы болды. Онда Орынбордағы радиостанция

арқылы күн сайын 1600 сөзден тұратын радиобюллетеньді тарату құқығы берілген». Көп уақыт өтпей-ақ қарапайым жоспар жүзеге асады. 1920 жылдың көкек айында Верныйдың «Правда» газеті Мәскеуден В.И. Лениннің, А.В. Луначарскийдің, тағы басқа да адамдардың сөздері, революциялық әндер жазылған алғашқы 600 граммофондық күйтабақтың алынғандығы туралы хабарлайды. Олар Қазақстанның басқа да аудандарына жіберіледі. Ал Станислав Пестковскийдің «Советская степь» газетінде (1939, 4 қазан) жарияланған осы естелігінде: «1919 жылдың желтоқсанында ревком атынан Кеңестердің VII съезіне Мәскеуге Байтұрсын-ов екеуіміз бардық. Съезден соң біз Ленинмен кездесуге сұрандық», – деп, кездесуге Ахмет Байтұрсынұлымен бірге барғандығы айтылады. Ғалым Н. Омашұлы бұл республиканың әуе толқыны арқылы көпшілікке арналып берілген алғашқы радиохабар екенін дәлелдеп, Қазақ радиосының 80 жылдығында «Әуе толқынында – Қазақ радиосы» деген еңбек жазды. Міне, ғылыми жүйеленіп, тиянақты зерттеудің нәтижесінде Қазақ радиосының тарихи бастау алған күні белгіленді. Осылай Қазақ радиосының ғұмыры он жылға ұзарып, 2021 жылы ғасыр толды.



10-сурет. ДӘУІР ҮНІ. «Аманат» (Қазақ радиосы «Алтын қорында» сақталған құнды мұралар жинағы)

Әр халық тарихи даму жолында болмысына, таным-түсінігіне тән этностық ерекшеліктерін айқындайтын дәстүр, әдет-ғұрып, әдебиеті мен мәдениетін қалыптастырды. Тұтас бір ұлттың тіршілік тінін, қайталанбас мәдени болмысын жеткізіп келе жатқан үнжариямыздың «Алтын қоры» мұраға бай. Онда ұлтымыздың ауыз әдебиеті мен дала әуезі үндескен дәстүрлі әндерінің қоры мол. Әр жылдары жазылған ұлт қайраткерлерінің дауыстары да қалпында сақталған. Қордан мифология мен прозалық фольклордың шығу тегі мен даму жолдары, әр заман болмысының сипатталу ерекшеліктері, көркемдік әдісі туралы әзірленген хабарларды да табуға болады. Мысалы, АҚШ азаматы Т. Эдисон ойлап тапқан алғашқы дыбыс жазу құралы – фонограф десек (грек. *phone* – дыбыс, *grapho* – жазу), осы фонографқа дауысы жазылған тұңғыш қазақ әншісі Әміре Қашаубаев болатын (1914 жылы Сырдың Қараторғайы, Сыр бойының әнші қызы жазылған деген де дерек бар). Фонограф 1920-30 жылдарға дейін граммофон, патефон болып дамыды. Ал 1930 жылдары Мәскеуде дыбысты грампластинкаға жаза бастады. Мәскеуден арнайы топтың келіп, қазақ ән-күйін жазуы осы жылдар. Осылайша, талай ғасыр бойы жеткен бай музыкалық мұра енді таспада таңбалана бастады. Айтпағымыз, алғашқы фонограф жазбасынан бастап, 1964 жылғы Мәскеуде ашылған Бүкілодақтық «Мелодия» фирмасынан шыққан грампластинкалардың дерлігі Қазақ радиосының «Алтын қорында» сақтаулы. 1957–1996 жылдар аралығындағы танымал композиторлардың *ән клавирлері* қолжазба күйінде қорда сақталған. 1948 жылдан бері жинақталған сол халық қазынасын халыққа тарту етпек мақсатта «ҚАЗАҚ РАДИОЛАРЫ» ЖШС «Аманат»⁹ топтамасын ұсынды. Бұл жинаққа «Алтын қорда» сақталған тұлғалар дауысы және ертегілер, батырлар жыры, айтыс өнері, шешендік сөздер, жыр-дастандар, күй-термелер енді. Аудиотаспа нұсқасында тыңдарман қолына тиген «Аманат» жинағы – қазақ руханиятына қосылған үлкен үлес.

9 Qazaq radiosy – qazradio.fm



Ойбағдар:

Елді өркениетке жеткізудің тәуелсіздіктен басқа жолы жоқ, Тарих тек кезеңі тұрғысынан қарасаң ғана сырын ашатын тылсым жұмбақ. Ұлттық мақтаныш дегеніміз – өзіңді өзгелерден артық қою, астамсу емес. Бұл ең алдымен, мынау жарық жалғанда басқалармен қатар адымдап, алға ұмтыла алар қауқарыңды қапысыз сезіну, өз халқының адамзат қауымындағы тиесілі орын, өзгеше мәдени болмысын тану деген сөз.

Әбіш Кекілбайұлы



Алтын қор:



11-сурет. Әміре Қашаубаев (1888 – 1934 жж.)¹⁰

¹⁰ Әміре Қашаубаев. «Балқадіша». <https://youtu.be/dnd9JAVe0g4>.



Деректеме:

Республикалық Қазақ радиосы хабарларын біртіндеп тақырып бойынша топтастырды, дербес және тектес ақпараттарға бөлу нәтижесінде журналистік електен өткізді



Деректеме:

Орынбордан кейін Қазақ КСР-інің астанасы болған Қызылорда қаласында



1926 жылдың 3 қазанынан Қазақ радиосы өз хабарларын тұрақты беруді одан әрі жалғастырды

Алматы радиостанциясы 1931 жылы 1 мамырда ашылды



Алайда оның хабарлары бас кезінде ғана тұрақты түрде таралып, көлемі тәулігіне



алғашқыда 4 сағат



кейінірек 6 сағат




12 сағатқа дейін жетті

12.1-сурет




Деректеме:



12.2-сурет. Қазақ республикалық радиосы тарихының ресми бастауы және дамуы



Деректеме:



Соғыстың алдында радио бағдарламалары патриоттық тақырыпқа, елдің қорғаныс қуатын нығайтуға, Қызыл Армия күшіне арналды. Радиокomiteette арнаулы Қорғаныс редакциясы құрылды.



Қазақ радиосының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы хабарларының маңызы ерекше болды. Оларда жауға деген өшпенділік сезімі, ашу-ыза, жаудың қолынан құрбан болғандарға деген күйініс сөздер бүкіл қуатымен эфирден естіліп жатты.



13.1-сурет

1943 жылғы 8 желтоқсанда Алматы қаласындағы еңбекшілер депутаттары Ленин аудандық Кеңесі атқару комитетінің төрағасы Қисанов микрофон алдында фашистерді әшкерелей сөйлеп:



“Қанішер Гитлер адамзат алдында айыпты! Оны көптің күшімен ғана тоқтатуға болады. Жаумен күресте кез келген құралды пайдалану керек. Саясат жолында өтірік айтып, сатқындық жасағанды, адам өлтіргенді жазалау керек”, – деді.



Соғыс кезіндегі радиодан берілген хабарларда қазақстандықтардың майданға көмегі үнемі айтылып жатты. Сондай-ақ Алматыда жасақталған Панфилов дивизиясының ерліктері, Әлия мен Мәншүк туралы, Бауыржан Момышұлы мен Рахымжан Қошқарбаев жайында талай радиохабарлар сол кезде де, кейін де берілумен болды.



500-ден астам қазақстандық жауынгерлердің Совет Одағының Батыры атанғаны айтылды.

13.2-сурет. Қазақ радиосы Ұлы Отан соғысы жылдарында



Деректеме:




Соғыстан кейін халық шаруашылығын қалпына келтіру, 1950 жылдары Қазақстандағы тың игеру.

1961 жылы космосқа тарихта тұңғыш рет адамның – Юрий Гагариннің ұшырылуы зор оқиға болып, бұл орайда Қазақ радиосы жаңалыққа, қуанышқа толы хабарларын күн сайын тыңдаушы халыққа жеткізіп тұрды.

1960 жылдың 28 маусымында қабылданған “Совет баспасөзі мен радиодағы қоғамдық негіздерді одан әрі дамыту туралы” қаулының негізінде жұмысшы-село тілшілері мен авторлар кеңестерін ұйымдастыру, редакциялық алқалар құрамына халық өкілдерін кіргізу тәжірибесін Қазақ радиосы қолға алып, жүзеге асырды.



14.1-сурет



Қазақ КСР мен Қазақстан Компартиясының 50 жылдығына арналған 100-ден астам хабарды Қазақ радиосы дайындап, эфирден өткізу үлкен табыс болды.

Қазақ радиосы қазақ, орыс, неміс, ұйғыр, көріс, татар және ағылшын тілдерінде хабарлар беріп тұрды.

1966 **SHALQAR** RADIOSY Кеңес Одағы кезінде Москвадан берілетін ең ірі “Маяк” бағдарламасы секілді, Қазақ радиосы құрамында аса “Шалқар” ұлттық бағдарламасы жұмыс істеді.

14.2-сурет

Аталған кезеңде Қазақ радиохабарларының құрылымы қалыптасып, дамыды. Радиохабарлардың түрі, мазмұны, нысаны, жанры одан сайын толысты

Радиохабарлардың түрлері	Нысандар	Жанрлар
қоғамдық-саяси хабарлар, әдеби-драмалық хабарлар, музыкалық хабарлар, балалар мен жастарға арналған хабарлар, “соңғы хабарлар”, т.б.	радиогазет, радиожурнал, радиодиспут, радиоүндесу, радиокөпір, радиовикторина, радиоойын, т.б.	радиоочерк, радиофельетон, радиосұхбат, радиорепортаж, радиозаметка, радиокорреспонденция, радиошолу, т.б.

15-сурет. Қазақ радиосының 1950–1980 жылдардағы өркендеуі



Деректеме:



Қазақ радиосы тәуелсіздік жылдарында “Қазақстан-1” деп аталып, бірден-бір мемлекеттік ұлттық арна болып қала берді. Ол өзінің жұмысын жаңа демократиялық бағытта, тың мазмұнмен одан әрі жалғастырды.

Радионың бай тарихына байланысты “Алтын қор” радиохабарлар редакциясы жасақталған. Онда аса құнды бұрынғы радиохабарлар сақталуда.





QAZAQ RADIOSY SHALQAR RADIOSY ASTANA RADIOSY CLASSIC RADIOSY

Қазақ радиосының бүгінгі алға қойған мақсаты – “Қазақстан-2030” стратегиялық бағдарламасын орындау жолында адамдарды жаппай жұмылдыру.



16-сурет. Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақ радиосы

Бұған дейінгі зерттеулерде радиобағдарлардың дамуы жеті кезеңге бөлінген болатын:

- | | |
|--|---|
| <div style="background-color: #e0e0e0; padding: 5px; border: 1px solid #ccc;"> 1 Қазақ жеріндегі радиоландыру ісі
1921–1927 жж. </div> | <div style="background-color: #e0e0e0; padding: 5px; border: 1px solid #ccc;"> 5 Тоталитарлық мемлекет тұсындағы радио
1950–1985 жж. </div> |
| <div style="background-color: #e0e0e0; padding: 5px; border: 1px solid #ccc;"> 2 Радиобағдарының жаппай дамуы
1927–1941 жж. </div> | <div style="background-color: #e0e0e0; padding: 5px; border: 1px solid #ccc;"> 6 Қайта құру және жариялық радиосы
1985–1991 жж. </div> |
| <div style="background-color: #e0e0e0; padding: 5px; border: 1px solid #ccc;"> 3 Отан соғысы жылдарындағы кеңестік радио
1941–1945 жж. </div> | <div style="background-color: #e0e0e0; padding: 5px; border: 1px solid #ccc;"> 7 Жаңа кезең радиосы
1991–2017 жж. </div> |
| <div style="background-color: #e0e0e0; padding: 5px; border: 1px solid #ccc;"> 4 Соғыстан кейінгі жылдардағы радио
1946–1950 жж. </div> | <div style="background-color: #e0e0e0; padding: 5px; border: 1px solid #ccc;"> 8 Цифрлық технологияға көшу кезеңі
2017 жылдан басталды. </div> |

Біз бұл тізбекке¹¹ 2009–2021 жылдардағы цифрлық технологияға көшу кезеңін қостық. Өйткені ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуы жағдайында қазіргі радиодағы жаңа буын, байланыс арналарының белсенді легі келе бастады.

1991–2005 жылдары радионың жаңа кезеңінде мемлекеттік радиолар саны азайып, керісінше, *форматты* радиолар саны көбейді. Бәсекелес радиолар арасында радиотыңдаушылар аудиториясын көбейту үшін тартыс басталды. Адамдардың назарын аудару мақсатында небір әдіс-тәсілдер жүзеге асырылды. Сол се-

¹¹ Қабылғазина К. Радиожурналистика. – Алматы, 2014. – 25-б.

бептен де радиожурналистиканың жаңа пішіндері пайда болды. **Музыка+ақпарат+жарнама** – мұның бәрі форматталған радионың белгілері, бұл қазіргі эфирдің лордына айналды. Ал заманауи радионың «**басым жанрларына**» *сұхбаттар* мен *диалогтар* кіреді. Мәселен, форматты-коммерциялық арналардың саны Ресейде 1993 жылы 27 болса, 1994 жылы 33-ке көтерілді. Бір жылғы көрсеткіштің айтарлықтай болуының өзі радионың қоғамдағы рөлінің арта түскендігін көрсетеді. «Европа плюс Қазақстан», «Русское радио», «Автордио», т.б. арналар қанатын кеңге жайып, дүниежүзіне таралды. Соңғы жылдардағы зерттеулер бойынша, радиотыңдаудан жер шарында Америка Құрама Штаттары алда тұрғаны айтылды. Онда халқының 56 пайызы ақпаратты тек радиодан алады екен. Жан басына шаққанда күніне әр адам 3 сағат 20 минуттан тындайды. Әрине, радионың ақпарат таратудағы мүмкіншілігі басқа бұқаралық ақпарат құралдарына қарағанда жоғары. Әрі тыңдарман болған оқиға жайлы айқын пікірді радиожурналист аузынан естігісі келеді. Тәжірибеде деректі оқып барып түйіндегеннен гөрі, тыңдағанның әсері күштірек екені дәлелденген. Дүниежүзінде көптеген «өртті нүктелерде» болып жатқан оқиғалардың аудиторияға нақты, шынайы, бояусыз, әсірелемей жеткізілуі талап етіледі. Өйткені жалған ақпарат берушілер көбейді. Халық өз талғамына қажетті жайларды ғана тыңдауға мәжбүр болды. Ал бәсекелестік жағдайындағы радиолар өз рейтингтерін тек боямасыз, бірінен-бірі асырып баяндау арқылы жинай алатындығы белгілі. Аудиторияны жаулаудың небір жолдары, тәсілдері қарастырылды. Тіпті жаңа радиоарна ашудың жолдарын үйрететін «www.radiostation.ru» сайты да бар. Мұның өзі күннен-күнге радионың қоғамдағы қажеттілігінің артуынан деп түсінген жөн.

Сол уақытта радионың жаңа кезеңімен бірге ғалымдар¹² радиожурналистиканы әр қырынан зерттей бастады. Сөйтіп, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Аязби Бейсенқұлов радиодағы компьютерлік технологияның қолданылу ерекшеліктерін анықтап, дәйектеді. Филология ғылымдарының кандидаты, доцент Рахима Нуриден қазақ тілінде хабар тарататын шетелдік радиостанцияларды зерттеді. Филология ғылымдарының кандидаты,

¹² Омашев Н. Радиожурналистиканың негіздері. – Астана, 2016. – 5-б.

доцент Клара Қабылғазы Ұлы Отан соғысынан кейінгі күйреген халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдарындағы Қазақ радиосының қызметін зерттеп, тарихи кезеңге баға берді. Ал тікелей эфирдің табиғатын филология ғылымдарының кандидаты, доцент Жидегүл Әбдіжәділқызы зерделесе, Қазақ радиосының әдеби-драмалық хабарларының пайда болуын, даму сатыларын, табиғатын филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Орынтай Ошанова және филология ғылымдарының кандидаты Темірғали Көпбаев айқындады [13].

Ал Қазақстанда радиохабарлардың жүйелі түрде эфирден беріле бастаған күні – 1931 жылдың 4 мамыры. Алматыда 10 киловаттық жаңа радиостанция ашылғаннан басталды. Профессор Намазалы Омашев алғашқы қазақ тіліндегі радиогазеттер әдеби хабарларды ұйымдастырудың негізгі ұйытқысы болғанын деректермен дәлелдейді. Онда Қазақ радиогазетінің тұңғыш редакторы, профессор Бейсенбай Кенжебаев өз естелігінде: «1931 жылы көктемде Қазақстан өлкелік партия комитеті хабар-ошарлар радиогазет түрінде берілсін, оның қазақшасы «Еңбекші қазақ» деп аталсын деген қаулының қабылданғанын тілге тиек етеді. Газетіміз екі бөлімнен тұратын. Оның біріншісі – жалпы саяси бөлім, екіншісі – ойын-сауық бөлімі деп аталатын... Газеттің ойын-сауық бөлімі түгелдей музыка, ән-күй, өлең-тақпақ болып келетін. Оларды астанадағы театр артистерін шақырып айтқызатын едік», – деп көрсетеді.

Екіншіден, ҚР Президентінің мұрағатында сақталған, онда «Лениншіл жас» радиогазетінің жұмысы жайлы толық мәлімет береді, яғни БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің кезекті мәжілісінде Шәріпжанов аталған радиогазеттің жалпы жұмысына тоқтала келіп, 1931 жылдың 14 қазанында берілген «Елтай» очеркін талдаған. Колхоз өміріндегі қарқынды еңбекті суреттеуге арналған материалды жақсы бағалайды, дегенмен «хабарда еңбекті ұйымдастырудың жаңа әдісі – социалистік жарыс барысы көрсетілмеген» деген ескерту айтылады.

1931 жылдың 2 қыркүйегінде Радиохабары жөніндегі Бүкілодақтық комитет құрылды, осы ізбен Алматыда республикалық комитет ұйымдасты және осы негізде саяси-ағарту, ғылым және білім беру, көркем әдебиет пен музыка, тағы басқа бөлімдері ашылды.

Зерттеуші Р. Сағымбеков радиохабарларын дамыту жолындағы маңызды қадамның бірі – партия Орталық комитетінің 1932 жылдың 23 сәуірінде қабылдаған «Әдеби-көркем ұйымдарды қайта құру туралы» қаулысы болғанына тоқтала келіп, сол кезде радиогазеттер жабылып, саяси, ағартушылық және көркем хабарлары секторлары ұйымдастырылғанын айтады.

«Жалпы Қазақ радиосында әдеби-көркем хабарлардың қалыптасуы еліміздегі мәдени революцияның шешімдерін өмірге тұтастай енгізу талабымен қабаттас жүргізілді. Негізгі мақсат – жергілікті халықты сауаттандыру, сауатсыздықты жою, жаңа интеллигенция өкілдерін тәрбиелеу, жаңа бағыттағы социалистік мәдениет құру, оған жұртшылықты жұмылдыру бағытынан туындады», – дейді ғалым Н. Омашев.

Заманауи радионың қалыптасу жолы түсінікті болсын деген оймен тарихи деректер ұсынылды. «Өткеніңді білмей, болашағыңа көз тастай алмайсың».

Ал ғасыр толып отырған Qazaq radiosy – «Qazaq radiolary»¹³ ЖШС қарасты Қазақстан тұрғындарына, ТМД елдерінде және шетелдерде тұратын қазақ тыңдармандарына хабар тарататын радио желісі. Qazaq radiosy 2012 жылдың 1 қазанында Астана қаласына қоныс аударды. Ал 2016 жылы 14 желтоқсанда «Қазақстан» РТРК» АҚ-дан өз алдына «Республикалық радио» ЖШС болып бөлек шықты. «Қазақ радиосы» 1921 жылдан бастау алатын ұлттық бренд саналады. Сол себепті мекеме атауы ұлттық бояуға сәйкестендіріліп, 2017 жылы 30 қазанда «QAZAQ RADIOLARY» ЖШС болып өзгертілді. Сондай-ақ «1921» деген сан арнайы назарға алынып, серіктестік логотипіне айналды. Радионың ғасырлық тарихы осы бойтұмар арқылы көпшілікке насихатталып келеді.

13 Qazaq radiosy – qazradio.fm.



Радионың кескін-келбеті өзгеріп, әлеуметтік-қоғамдық бағытқа басымдық берілді. Нәтижесінде серіктестік құрамына кіретін 4 радионың нақты *бағыты* анықталды: Қазақ радиосы – барлық саланы қамтитын ұлттық әлеуметтік-қоғамдық радио.



«Шалқар» радиосы – ұлттық құндылықтарды дәріптейтін рухани-мәдени бағыттағы алғашқы форматты радио.

Шалқар ұлттық арнасы 1966 жылдың 1 қаңтарында ақпаратты-сазды Шалқар бағдарламасы атауымен алғаш эфирге шықты. Республикадағы тек қана қазақ тілінде ұлт руханиятын ұлықтайтын форматты арна. Радио қазіргі кезде ел аумағының 62,4 пайызын қамтиды. «Шалқар» ұлттық арнасының *басты мақсаты* – қазақ халқының рухани құндылықтарын насихаттау. Алғаш ашылғанда «Өнерім – өмірім», «Атадан қалған асыл сөз», «Жеті ғасыр жырлайды», «Алтын тамыр» сынды бағдарламалар арқылы тыңдарман жүрегіне жол тапты.



«Астана» радиосы – жастар мен елорданың тыныс-тіршілігіне арналған радио.

«Астана» радиосы – ақпаратты-музыкалық радиостанция. Ең алғаш 1999 жылы 19 қаңтарда 101.4 FM толқынында эфирге шықты. Осы уақыттан бастап радио қызметкерлері «Ең таңдаулысы сен үшін» деген ұранмен қызмет атқарып келеді. Эфирдегі жалпы уақыты – 19 сағат. 2003 жылдың 1 ақпанынан бастап «Астана» радиосы өзінің эфирлік форматын жаңартып, заман талабына сай, сандық құрылғылармен жұмыс істейді. Хабарлардың 60 пайызы қазақ тілінде, 40 пайызы орыс тілінде шығарылады. 2013 жылдың 20 қарашасынан видеотрансляция басталды. 2009 жылы 19 қаңтарда «Астана» радиосы қызметінің 10 жылдығын атап өтті. Радио 1999 және 2003 жылдардағы ең үздік ақпаратты топтамасы үшін «Алтын Жұлдыз» жүлдесін жеңіп алып, 2006 жылы «Үздік радио» атағына ие болды.



«Классик» радиосы – классикалық музыка мәдениетіне негізделген радио.

Қазақстандағы алғашқы және жалғыз классикалық музыкалық радиоарнасы, ол 2011 жылғы 6 маусымда Алматыда 102.8 FM-де эфирге шығуды бастады. Эфир тәулігіне – 18 сағат, қазақ және орыс тілдерінде, Астана, Алматы, Ақтау қалаларында FM диапазонында, сондай-ақ ОТАУ TV спутниктік пакетінде және интернетте жүзеге асырылады. «Classic» радиосының негізгі бағыты – көркемдік және эстетикалық талғамды дамыту, академиялық музыка, джаз музыка мен мәдени білім туралы тұрақты білімді қалыптастыру. Ал радионың *прайм-тайм* уақыты қызықты бағдарламалармен толықтырылды. «ҚАЗАҚ РАДИОЛАРЫ» ЖШС қарасты радиолардың бренд ретінде танымалдылығы артты. Радио бағдарламаларының мақсаты мен міндеті айқындалып, бір сарынды хабарлар қысқартылды. Сонымен бірге ұзын-сонар хабарлар заман талабына сай ықшамдалды, яғни мазмұны жағынан бірін-бірі қайталайтын және жалпы жұртты жалықтырып жіберетін сапасыз дүниелер жойылды. Эфирлік кесте саясаты тыңдаушының талабы мен талғамына сай қайта жасақталды. Қазіргі тыңдаушыны соны ақпарат, түсінікті һәм тұщымды мәліметтер қызықтырады.

Сандық жүйеге көшу кезеңі: 2013 жылдың 15 ақпанында «Шалқар» радиосы бейне-онлайн режимде ¹⁴ (http://radioshalkar.kaztrk.kz/online_radio/cam/) көрсетіле бастады. Сағат 11: 20-да эфирге шыққан «Депутат сағаты» хабарының қонағы ҚР Парламенті Сенатының депутаты Светлана Жалмағамбетова болды. Бұл бағдарламаның тарихи санын журналист Гүлнұр Омарханқызы жүргізді. 2017 жылдың сәуірінен бастап «ҚАЗАҚ РАДИОЛАРЫ»¹⁵ ЖШС студияларға қарапайым смартфондар орнату арқылы Instagram және Facebook желілеріне тікелей эфирге шықты. Бұл қаржылық қолбайлауға байланысты қабылданған уақытша шешім болатын. 2018 жылдың мамырынан бастап радионы визуализациялау жоспары бойынша Қазақ радиосының тікелей эфир студиясына 360 градустық кәсіби робот камералар орнатылды. Осы құрылғылар арқылы Қазақ радиосы Instagram, Facebook, qazradio.fm ресми сайтында және YouTube арнасында тікелей эфирде, тесттік режимде хабар тарата бастады. Қазақ радиосы видеовизуализациямен толық қамтылып, тестілеуден өткеннен кейін, жыл соңына қарай «Шалқар», «Астана» және «Классик» радиоларына да бейнекамералар орнатылды.

2019 жылдан бастап «ҚАЗАҚ РАДИОЛАРЫ» ЖШС телеарналармен қатар, отандық «Otau-tv» спутниктік желісіне дербес арна ретінде қосылды. Бұл жаңашыл қадам – отандық радио кеңістігі арасында ең алғашқы батыл бастама болды.

Интернет-редакция: 2016 жылдың соңында qazradio.fm ресми сайтының тұрақты 2 000 оқырманы болса, бүгінде оқырман саны 11 000-нан асты. Радио сайтын өткен жылдары 1 айда 2 000 адам қараса, қазіргі таңда 1 күннің өзінде 2 000 адам назар салады. Қазақ радиоларының әлеуметтік желідегі көрсеткіштері (4 радионы қоса есептегенде): Facebook – 30 027 жазылушы (2015 жылмен салыстырғанда 42% артты); Instagram – 39 566 жазылушы (2015 жылмен салыстырғанда 16 есеге өсті).

Әр радионың жеке сайты бар: «Қазақ» радиосы – qazradio.fm, «Шалқар» радиосы – shalqar.fm, «Астана» радиосы – astana.fm, «Классик» радиосы – classicfm.kz. Қазақ радиоларының

¹⁴ http://radioshalkar.kaztrk.kz/online_radio/cam/.

¹⁵ <https://qazradio.fm/kz/news/12424/>.

«Qazaqstan» құрамында мобильді қосымшасы жұмыс істеп тұр, таяу арада подкасты бар интеллектуалды-мобильді қосымша ашу жоспарда бар.

Радионың халықаралық байланыстары: Түркияның мемлекеттік «TRT» телерадио корпорациясымен әріптестік келісім жасалып, өзара тәжірибе және имидждік хабарлар алмасу қолға алынды. Түркия тарапы жыл сайын «ҚАЗАҚ РАДИОЛАРЫ» ЖШС 15 қызметкерін ақысыз тәжірибе алмасуға арнайы шақырып отырады. Қырғызстан, Өзбекстан, Әзірбайжан мемлекеттерімен бірлескен жобалар дайындау бойынша келіссөздер жүргізілді. Қырғыз елінің мемлекеттік телерадиокомпаниясының өтініші бойынша оларға Шыңғыс Айтматовтың шығармалары желісінде жазылған «Алтын қордағы» радиоқойылымдар табысталды. Кадрлардың кәсіби деңгейін көтеру, біліктілігін арттыру, білімін жетілдіру мақсатында Англия, Франция, Бельгия, Катар, Германия, Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, Ресей, Украина мемлекеттерімен кәсіби мүдде аясында ынтымақтастық орнату және коммерциялық бағытта келіссөздер жүргізілген. Халықаралық қарым-қатынас аясы жыл санап кеңейіп келеді. Радионың басты мақсатының бірі – талғамы биік жас мамандардың машығын арттыру.

Фриланспен – заманауи сұраныспен кадрлар жасақтау қолға алынды. Бұл әлемдік озық тәжірибе – отандық БАҚ үшін таңсық емес. Мәселен, «Хабар 24» телеарнасы алыс-жақын 8 мемлекетте меншікті тілші ретінде фрилансер маман ұстап отыр. «Қазақстан» ұлттық арнасы да осы ұтымды тәсілге көшкен. Сондықтан жаһандану үдерісіндегі жаңашыл қадам қолданысқа енгізіліп отыр.

Жаңалықтар: Сағат сайын шығатын жаңалықтардың ұзақтығы 15 минут болатын, осы 15 минутты толтыру үшін арзан ақпараттар да таратылатын. Қазіргі жаңалықтардың ұзақтығы – 5 минут. Осы уақыт ішінде қажетті деректер, өзекті мәселе, соны жаңалық, тың ақпараттар беріледі және бұл тыңдаушы тарапынан қолдау тапты. Жаңалық жүргізушілері де кәсіби тұрғыдан шыңдалды. Бұрын әр радионың өз жаңалықтар қызметі болатын. Радиодан таратылатын ақпарат үндес, мекеме бір болғандықтан, барлық радиоға ортақ бір жаңалықтар қызметі құрылды. Қазір ол «Қазақ радиоларының жаңалықтар қызметі» деп аталады.

Жетістіктер: «ҚАЗАҚ РАДИОЛАРЫ» серіктестігі ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі 2017 жылы ұйымдастырған «ҮРКЕР» ұлттық сыйлығының екі дүркін иегері атанды. ҚР Парламенті Мәжілісінің «ПАРЛАМЕНТ СӨЗІ» сыйлығын жеңіп алды.

Музыка саясаты. Радиода музыка үлесі 30-40% болатын, оның музыкалық-эстетикалық және техникалық сапасы да төмен еді. Бұл тыңдаушының талабы мен сұранысына сай болмағандықтан, радио рейтингі де төмен болды. Осы жағдайлар ескеріліп, серіктестікте музыка қызметі құрылды. Соның арқасында музыканың үлесі 70%-ға жетіп, тиісінше, радионың рейтингі де өсті. Оның 20%-ы халық музыкасына арналған бағдарламалар, 11%-ы ретро, 39%-ы заманауи музыка. Эфирге жанды дауыста айтатын әншілер мен ВИА топтарға арналған «Ән сал like» жобасы шықты. Эстрада жұлдыздарының «Ән-шеру» ұлттық радиобайқауы өтіп тұрады.

Жалпы Қазақ радиосы хабарлары Астана мен Алматыдан берілетін радио хабарынан және облыс орталықтары хабарынан тұрады. Хабарлар ұзын, орта, қысқа және ультрақысқа толқындарда жұмыс істейтін станциялары арқылы таратылады.



Ойтұжырым:

– Заманының заңғар тұлғасы, музыка тарихындағы ұлы әрі қайталанбас композитор Людвиг ван Бетховеннің «Ай сонатасы» деген атқа ие болған шығармасы қалай жазылған?

– Күйші Секен Тұрысбековтың «Көңіл толқыны» күйінің ішкі табиғатын қалай түсіндіңіз?



Пысықтау жұмысы:

– М. Мақатаев шығармаларынан алған әсеріңізді жазыңыз.

– «Табиғат – ғажап әлем» тақырыбында эссе жазыңыз.



Кітап оқы:

- Жұбан Молдағалиев. «Жүректегі жазулар». – Алматы, 1983
- Оралхан Бөкеев. «Атаукере». – Алматы, 2013
- Зейтін Ақышев. «Жаяу Мұса». – Алматы, 2011
- Теодор Драйзер. «Америкалық трагедия». – Москва, 2019
- Мұхтар Мағауин. «Аласапыран». – Алматы, 2009
- Шерхан Мұртаза. «Қызыл жебе». – Алматы, 2021
- Әзілхан Нұршайықов. «Ақиқат пен аңыз». – Алматы, 2009
- Эрнест Хемингуэй. «Шал мен теңіз». – Астана, 2020
- Бейімбет Майлин. «Шұғаның белгісі». – Алматы, 2013



Деректеме:

1. Мартин Гилберт – <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>
2. Маршалл Маклюэн – <https://egemen.kz/article/240348-mediakenhistik-mumkindik-pen-bar-shyndyq>
3. Алтынсарин Ы. – <https://bilim-all.kz/olen/>
4. <https://massaget.kz/layfstayl/madenietyy/persona/11100>
5. Омашев Н. Радиожурналистиканың негіздері. – Астана, 2016
6. <https://qazradio.fm/kz/news/20009/>
7. Бейнбриж Ж., Гок Н., Тайнан Л. Медиа және журналистика. – Астана, 2019 158-бет (Теория мен практикаға жаңа көзқарас)
8. Омашев Н. Радиожурналистиканың теориясы мен тәжірибесі. – Астана, 2009 <https://refdb.ru/look/1231227-pall.html>
9. Омашев Н. Радиожурналистиканың теориясы мен тәжірибесі. – Астана, 2009 <https://refdb.ru/look/1231227-pall.html>
10. Qazaq radiosy – qazradio.fm
11. Қашаубае Ә. «Балқадиша» – <https://youtu.be/dnd9JAVe0g4>
12. Қабылғазы К. Радиожурналистика. – Алматы, 2014. – 25-бет.
13. Омашев Н. Радиожурналистиканың негіздері. – Астана, 2016. – 5-бет.
14. Qazaq radiosy – qazradio.fm
15. http://radioshalkar.kaztrk.kz/online_radio/cam/.
16. «Қазақ радиолары» – <https://qazradio.fm/kz/news/12424/>

1.2. Радиодағы цифрлық технологиялар

2012 жылдың 1 қазанында Астана қаласына қоныс аударған Қазақ радиосы –Қазақ радиоларына қарасты Қазақстан тұрғындарына, ТМД елдерінде және шет елдерде тұратын қазақ тыңдармандарына хабар тарататын радио желі. Қазақ радиосы – 2016 жылы 14 желтоқсанда «Қазақстан» РТРК» АҚ өз алдына «Республикалық радио» ЖШС болып бөлек шығып, тарихы 1921 жылдан бастау алатын ұлттық арна болғандықтан, мекеме атауы ұлттық бояуға қанық сәйкестендіріліп, 2017 жылдың 30 қазанында «ҚАЗАҚ РАДИОЛАРЫ» ЖШС болып өзгертіліп және өзіндік логотипі арқылы көпшілікке насихатталып келеді.



17-сурет. Қазмедия орталығында орналасқан «Қазақ радиосы» арнасының студиясы

Қазақ радиосы ¹⁶ – бұл барлық облыс орталықтарын, ірі монокалаларды, көптеген аудан орталықтарын ескере отырып, республика бойынша 245 радиостанциямен, ал «Шалқар» радиосы 63 радиостанциямен жұмыс істейді. «Астана» радиосы тек Астана-

16 Qazaq radiosy – qazradio.fm | Қазақ Радиосы / Казрадио / Kazradio / Qazradio

да ғана бар, «Classic» радиосы үш қалада: Астана, Алматы және Ақтауда хабар таратады.

Қазақ радиосының мемлекеттік арнасы тәулік бойы хабар таратады, оның контенті – сегіз тілде: қазақ, орыс, неміс, корей, ұйғыр, әзірбайжан, татар, түрік тілдерінде қоғамдық-саяси бағдарламалар дайындайды. Ол ел халқының 88,74 пайызын қамтиды. «Шалқар» радиосы ақпараттық-талдау, әдеби-музыкалық, мәдени сипаттағы тақырыптар бойынша мемлекеттік тілде 18 сағат хабар таратады. «Астана» – қазақ және орыс тілдерінде 18 сағат хабар тарататын жастар радиосы. «Classic» 2011 жылдан бастап жұмыс істейді. Бұл Қазақстандағы классикалық музыканың алғашқы радиостанциясы.

«Қазмедиа орталығы» Басқарушы компаниясы» ЖШС «*Радиохабар тарату кешені*» радиохабар таратудың барлық негізгі талаптарына сәйкес келетін заманауи цифрлық технологиялық жабдықтармен жабдықталған. Кешен тақырыптық, жаңалықтар бағдарламалары мен коммерциялық жарнама, сондай-ақ радио-бағдарламалар мен бағдарламааралық кеңістікті көркемдеуге арналған аудио-өнімдер өндірісінің толық циклін қамтамасыз ететін іс жүзінде дербес өндірістік алаң болып саналады. Телевизиялық бағдарламалардың дыбыстық сүйемелдеуін ретрансляциялау мүмкіндігі бар. Сонымен бірге жоғары жылдамдықты Интернет қосылыстары арқылы радио көпірлерді өткізу, *IP/3G* желілері бойынша оқиға орындарынан репортаждар ұйымдастыру, радио тыңдаушылармен телефон шоуларын өткізу және дала жағдайында түрлі сұхбаттар жазу мүмкіндігі бар.

Жалпы кешеннің техникалық базасы тәулік бойы радиохабар таратудың 5 бағдарламасын құруға мүмкіндік береді. Қазіргі уақытта кешеннің барлық ресурстарының 80-90%-ын үш мемлекеттік радиобағдарламалары пайдаланады. Бұл ең алдымен, радиостанцияның деректерін өндіру масштабына (өз бағдарламаларының 100%), сондай-ақ радио бағдарламаларын үздіксіз таратуды қамтамасыз ету үшін техникалық ресурстардың бір бөлігі резервке) (*резервтік эфир студиялары ұйымдастырылған*) бөлінгеніне байланысты.

Кешеннің құрылымы және технологиялық жабдығы туралы айтқанда, кешен Ethernet стандартты желілері бойынша,

IP-Аудио – дыбысты берудің заманауи технологиялары арқылы, сондай-ақ SynadynRadio (*синадинрадио*) 2 өндіруді, таратуды және мұрағаттауды автоматтандыру жүйесі негізінде құрылған.

Радиобағдарламаларды өндіру кешенінің мынадай негізгі блоктарын құрылымдық тұрғыдан бөліп көрсетуге болады:

1. Эфирлік студиядан, эфирлік аппараттық-студиялық блоктардан, коммутациялық – функциялары бар монтаждық аппараттық және серверлік аппараттан тұратын *аппараттық-студиялық* кешен.

2. *Synadyn (синадин)* журналистердің жұмыс орындарының кешені (загон, материалды басып алу, редакциялау, монтаждау, эфирді жоспарлау, музыкалық кестені бағдарламалау, медиа контентті басқару және т.б.).



18-сурет. Synadyn бағдарламасындағы жұмыс процесі

Кешеннің орталық буыны – тек серверлік жабдықпен және деректерді сақтау жүйелерімен ғана емес, сондай-ақ кешеннің коммутациялық-тарату міндеттерін шешуге арналған жабдықпен жабдықталған *серверлік аппараттық құрал*. Мұнда барлық эфирлік студиялардың сигналдары жинақталады. «Қазтелерадио» АҚ техникалық орталығына ТОВЖ арқылы берілетін хабар тарату

мультиплексі қалыптасады – жерсеріктік қабылдау-тарату станциясына арналған жеке арна және Астана қаласында радио телевизиялық станциясына (РТС) арналған жеке арна.

Ал радиобағдарламалар өндіру кешенінің барлық технологиялық жабдықтары «Қазмедиа орталығы» үздіксіз электрмен жабдықтауды қамтамасыз етудің орталықтандырылған жүйесіне қосылған.



Радиобағдарламалар өндіру кешенінің техникалық базасын дамыту жолдары қалай қарастырылған?


Қазіргі уақытта «Қазмедиа орталығы» радиохабар кешенінде Интернет желісінде радионың үш мемлекеттік бағдарламасының тікелей эфирлерін бейнетрансляциялау жүйесі енгізілген. Онда үш эфирлік студияның әрқайсысы қашықтан басқару мүмкіндігі, бағдарламаны қалыптастыру әрі бақылау жүйесі, сондай-ақ жарық жабдықтарының жиынтығы бар бірнеше стационарлық бұрылма-лы камералармен жабдықталған.

Техникалық мүмкіндік жасалды, жаңалықтар және бағдарламалық қызметтердің журналистері үшін жұмыс орындарын қосымша ұйымдастырумен (*synadyn жүйесінің клиенті*) байланысты редакциялық қызметкерлер үшін қолайлы жағдайлар жасалды.

Жоғары сапалы музыкалық және сөйлеу бағдарламаларын, сондай-ақ эфирлік промо (эфирдің жарнамалық уақыты) және эфирді безендіру элементтерін өндіру үшін қосымша екі «Продакшн» студиясы ұйымдастырылды.

Осы мүмкіндіктерді іске асыру республикалық мемлекеттік радио хабарларын тарату бағдарламаларының контенттік толтырылу сапасын едәуір арттыруға, сондай-ақ «Қазмедиа орталығы» радиобағдарламаларын өндіру кешенін технологиялық дамудың жаңа деңгейіне шығаруға мүмкіндік берді.

Қазақстандықтардың көпшілігінде FM-диапазонындағы арналарды тыңдауға арналған қабылдағыштардың, автомобиль қабылдағыштардың, стационарлық қабылдағыштардың болуына байланысты және осы бағдарламалар ОТАУ TV спутниктік теледидар пакетінде бар, оның көмегімен приставка қондырғысы арқылы мемлекеттік радиоарналарды тыңдауға болады. Егер кеңес уақытын еске түсіретін болсақ, онда сымды хабар тарату өте жақсы дамыған, әр үйде радио нүктелері болған еді. Қазір сымды хабар тарату нөлге жетті. Дегенмен FM диапазонында эфирге деген қызығушылық тұрақты болып қала береді.



19-сурет. Кеңес кезіндегі радио құрылғы

Қазақ радиосы – радио тыңдаушылардың кең аудиториясын қамтитын елдегі ең көне және ірі радиохабар тарату желісі. Бір ғасыр уақыт бұрын оны Қазақ АССР пошта және телеграф халық комиссариаты іске қосты. 1926 жылдың қазан айында Орынбордан радионың редакциясы Қызылордаға ауыстырылды, ал 1927 жылдың наурыз айында эфирде алғаш рет қазақ сөзі айтылды. 1931 жылы редакцияның Алматыға көшуі болды. 2005 жылдан бастап радиостанция 24 сағаттық хабар тарату режиміне ауысты. 1990 жылға дейін радиохабар ұзақ және орта толқындарда жүргізілді. Ол үшін Кеңес Одағының барлық аумағында, соның ішінде Қазақстанда радиоорталықтар бар еді, сол кезде таратқыштардың

14-і болды. Содан кейін бағдарламалар одақтық және республикалық болып бөлінді. 1990 жылдардан бастап посткеңестік кеңістікте FM-диапазонында хабар тарату дамыды, онда мемлекеттік радио желілері жұмыс істей бастады. «Шалқар» ұлттық арнасы 1966 жылдың 1 қаңтарында ақпаратты-сазды «Шалқар» бағдарламасы ретінде тұсауын кесті. 1998 жылы жұмысын уақытша тоқтатқанымен, 2002 жылы қайта ашылып, алғашында тек Алматы қаласының көлемінде ғана хабар таратты. Кейіннен эфир уақыты ұлғайып, республика аумағына тарай бастады. Радио 2012 жылы Астана қаласындағы заманауи үлгіде салынған «Қазмедиа орталығына» көшті. Орталықта жоғары деңгейдегі шығармашылықпен жұмыс істеуге барлық жағдай жасалған. Жетілген сандық технология орнатылған. Жаңа технологияны игеру арқылы радио мультимедия сапына қосылды. Бұған дейін Қазақ радиосының құрамдас бір бөлігі – редакция болып келген радиоарна 2014 жылдың ақпан айынан бастап жеке радио болып қайта құрылды. «Шалқар» радиосы Қазақстан аумағының 62,4 пайыздан астамын қамтиды, ал оның негізгі миссиясы қазақ тарихы мен мәдениетін, ұлттық құндылықтарды жаңғырту мен сақтау.

«Қазтелерадио» АҚ телерадио хабарларын тарату желілерін дамыту қызметінің бірінші санатты инженері Болат Ержановтың¹⁷ айтуынша, «Халықты мемлекеттік радиохабар таратумен қамтуды кеңейту мәселесін шешу үшін желіні жаңғырту және дамыту бойынша іс-шаралар жүргізіліп тұрады. Мысалы, 2014 жылы Астана қаласында радиохабар тарату желісін жаңғырту жүзеге асырылды. Ол мұнарадағы телевизиялық антенналар санын оңтайландыру мен қысқартуды, біріктіру көпірлерін қалыптастыруды және біріздендірілген жабдықты пайдалана отырып, екі жаңа FM-диапазонды антенналарды монтаждауды қамтиды. Бұл одан әрі пайдалануды жеңілдетуге және қосалқы бөлшектермен өзара алмастыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Маңғыстау облысында радиохабар тарату желісі жаңғыртылып, дамытылды, онда әрбір РТС-те Қазақ радиосы және «Шалқар» радиосы бағдарламаларын тарату үшін екі радиотаратқыш орнатылды, бұл облыс халқын 95 пайызға дейін қамтуға мүмкіндік берді. Ақтау қаласында «Classic» мемлекеттік радиосын тарату ұйымдастырылды».

¹⁷ Qazaq radiosy – qazradio.fm | Қазақ радиосы / Казрадио / Kazradio / Qazradio

2018 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі кезеңде телерадио хабарларын тарату саласындағы уәкілетті орган¹⁸ радиожиліктерді, оның ішінде шекара маңындағы өңірлерде бөлу бойынша үш конкурс өткізді. Нәтижесінде 17 радиотаратқыш орнатылды. Бұл Алматы, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстарының 170 елді мекенінде Қазақ радиосы және «Шалқар» радиобағдарламаларын қабылдау мүмкіндігін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді. Бұл ретте халықты қамту шамамен 450 мың адамды құрады. Түркістан облысының «Арыс» және «Сарыағаш» РТС радиотелевизиялық станцияларында моральдық және физикалық тұрғыдан ескірген РЖД радиохабарларын тарату ауыстырылды. «Көк төбе» РТС-дағы «Classic» радиосы бағдарламасының радиохабар таратқышы ауыстырылды. Қазіргі уақытта Шығыс Қазақстан, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы 202 елді мекенді қамти отырып, «Шалқар» радиосын трансляциялау үшін бес радиотаратқышты орнату бойынша жұмыстар жүргізіліп келеді.



20-сурет. Көк төбе телемұнарасы

Қазақ радиосының 100 жылдығы мен Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай 630 мыңнан астам тұрғыны бар Түркістан, Жамбыл және Шығыс Қазақстан облыстарының шекара

¹⁸ <https://qazradio.fm/kz/news/19912/>

маңындағы 400-ден астам ауыл отандық радиоарналардың хабарларын тыңдауға мүмкіндік алды. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен шекара маңындағы аудандарда Қазақстанның ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін радиостанциялар желісін кеңейту туралы шешім әзірленді. Қазақ радиосының бағдарламаларын тарату басым тәртіппен жүргізілетін болады. Бұл жобаны іске асыру үшін ҚР шекаралық аймақтарда мемлекеттік хабар тарату желісін дамытудың жол картасы әзірленді. Жол картасына сәйкес радиохабар тарату желісін 2021 жылдан бастап 2024 жылға дейін төрт кезеңде дамыту жоспарланды. Қазіргі уақытта Министрлікпен телерадио хабарларын тарату үшін радиожиілік спектрін (РЖС) бөлу бойынша үш кезеңнен тұратын конкурс өткізілді. Министрлікпен ұйымдастырылған конкурстың бірінші кезеңінде 107 радиожиілік спектрінің 89-ы Қазақ радиосына, 18-і «Шалқар» радиоарналарына бөлінді. Нәтижесінде мемлекеттік радиохабар таратуды қамту шамамен 436 мың адам тұратын 380 шекаралық елді мекенге артты. Екінші кезең бойынша 82 радиожиілік спектрінің 68-і Қазақ радиосына, 14-і «Шалқар» радиоарналарына өтінім беріліп, бүгінде 5-еуі іске қосылды. Үшінші кезең бойынша 38-і Қазақ радиосына өтінім берілді.

2021 жылы эфирлік хабар тарату бойынша алғашқы және ең ауқымды радиоарна – Қазақ радиосы 100 жылдық мерейтойын атап өтті. Қазір Қазақ радиосы еліміздің 91% аумағында хабар таратады және Қазақстанның барлық шекаралас аудандарын қамтуды жоспарлап отыр. Қазақстандағы телерадио хабарларын тарату желісін дамыту және жаңғырту жөнінде тұжырымдама мен жол картасы әзірленіп отырады. «Қазтелерадио» АҚ телерадио хабарларын тарату желілерін дамыту қызметінің бірінші санатты инженері Болат Жұмабайұлы, осы тұжырымдамаға сәйкес, 15 жылдан астам уақыт қызмет еткен моральдық және физикалық ескірген жабдықтардың ауыстырылып жатқанын, бұл тұжырымдама алдағы жылдарға нақтыланғанын айтады. Бірінші кезекте – Қазақстан Республикасының шекара маңындағы аудандарында радиохабар таратудың мемлекеттік желісін дамыту. Шекарадан 200 км аумақты болжайтын ЦЭТВ бойынша халықаралық бөлініске сәйкес осы өңірлерге түсетін тиісті елді мекендер іріктелген. Шекара

маңындағы өңірлерде мемлекеттік радиохабар тарату желісін дамытуды жеделдетіп, осы жобаға қаржы, материалдық ресурстар тарту көзделген. ЦЭТВ жобасы аяқталғаннан кейін халықтың 95%-ын жаңартылған радио желісімен қамту жоспарланды.

ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі жанынан «Мемлекеттік радиожилік қызметі» РМК құрылған, оны «байланыс әкімшілігі» деп те атайды. Оның функцияларына, көбіне, шекаралас аймақтарда, жиіліктерді үйлестіру, радионы дамыту кіреді. Байланыс әкімшілігі еліміздегі ұлттық радионы дамыта отырып, көршілес мемлекеттердің жұмыс істейтін немесе жоспарланып отырған станцияларына өзара кедергі келтірмеуді қадағалайды. Осыған байланысты ведомство жыл сайын бұрынғы одақтас республикалардың, Еуропаның әріптестерімен кездесулер ұйымдастырады. Бұл бағытта ынтымақтастық орнатылған, оның ішінде теледидар, ұялы байланыс, интернет және т.б. мәселелер бар. Қазір бүкіл әлемде әртүрлі стандарттардағы цифрлық хабар тарату дамып келеді және осы бағытта халықаралық ынтымақтастық, осындай жобаларды жүзеге асыруда дамыған елдермен тәжірибе алмасу белсенді жүріп жатыр. Мысалы, Ресей DRM+ стандартын таратудың бірнеше сынақ аймақтарын ұйымдастырды және көрші серіктестік аясында тәжірибелерімен бөліседі.

Қазақстанда радиохабар таратуды дамыту цифрлық эфирлік телехабар таратуды енгізумен тығыз байланысты. Радио хабарларын таратуды цифрлық эфирлік хабар таратудың радиотелевизиялық станциялары пайдалануға берілген объектілерде ғана дамыту жоспарланған. Жобада 827 радиотелевизиялық станцияны салу және жаңғырту қарастырылған. 2020 жылғы қазандағы жағдай бойынша, елімізде жалпы 89,4 пайыздан астам халықты қамтумен 518 РТС салынды және жаңғыртылды. Республикада Қазақ радиосы бағдарламасы бар 246 РТС жұмыс істейді. Жоспарланған РТС базасында екі мемлекеттік радиоарнаны (Қазақ радиосы және «Шалқар» радиосы) тарату көзделіп отыр.

«Қазтелерадио» АҚ телерадио хабарларын тарату желілерін дамыту қызметінің бірінші санатты инженері Болат Жұмабайұлының¹⁹ пікірінше, цифрлық радиохабарды дамыту мәселесі

¹⁹ <https://profit.kz/articles/14639/Bulat-Erzhhanov-Kaztelerradio-radio-idet-vsled-za-CETV/>

талқылау сатысында тұр. Мысалы, Ресей 2010 жылы ұзын, орта және қысқа диапазондарда DRM-30 сандық стандартын қабылдады. Бірақ он жылдан кейін радионы цифрландыру мәселесі әртүрлі қалаларда тек сынақ хабар таратумен ғана шектеледі.

Ал DRM-30 диапазоны несімен қызықты? Ол FM-ге қарағанда үлкен аумақтарды қамтиды. Цифрлық радиохабар таратуды дамытуды тежеуші фактор – халықта қажетті қабылдау құрылғыларының болмауы. Қолданыстағы FM қабылдағыштары тиісті қабылдауды қамтамасыз етпейді. Радионы цифрландыру процесі 2000 жылдары басталған Еуропада әлі күнге дейін цифрландыру толық енгізілген жоқ. Сондай-ақ Норвегия 2017 жылы FM-ді өшіріп, сандық хабар таратуға толығымен көшу туралы шешім қабылдады, бірақ үш жылдан кейін мұндай ауысу болған жоқ. АҚШ-та, осы бағытта дамыған елде, сандық хабар таратудың өзіндік стандарты бар – HD радиосы, ол өте үлкен пайызды қамтиды. Дегенмен олар аналогтық хабар тарату платформасында FM-ді сақтап қалды. Батыста цифрлық прогресті іске қосу үшін жаңа автомобильдерді сандық радио бағдарламасын қабылдауға қабілетті сандық қабылдағыштармен жабдықтау туралы шешім қабылданды. Негізгі радио тыңдаушылары мобильді тыңдаушылар, автокөлік иелері болғандықтан, бұл өте маңызды. Шетелдік тәжірибе радионы ілгерілетуге түрткі болды, бірақ бізде цифрлық хабар тарату стандарты әлі қабылданған жоқ. Оны анықтау үшін сынақ таратуға тәжірибелік аймақтарды ұйымдастырған жөн. Қазір мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі – цифрлық эфирлік телевизияға көшу жөніндегі жобаны аяқтау болып отыр. Сонымен қатар мемлекет аумағының 100 пайызын қамтитын интернет хабар тарату, Galam TV, спутниктік теледидар дамып келеді. Бүкіл ел бойынша радиохабар тарату міндеті ұзын және орта толқындарда DRM-30 сандық стандартын қолдану арқылы шешілуі мүмкін. Қазтелерадио осындай жобаларды дайындады. Олар ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде талқылау сатысында.

Бізге осындай маңызды деректерді «Қазтелерадио» АҚ телерадио хабарларын тарату желілерін дамыту қызметінің мамандары ұсынып отыр.



21-сурет. Eureka-147 – цифрлық радиоқабылдағышы



Ойбағдар:

Сандық дыбыстық хабар тарату стандарттары:

Сандық дыбыстық хабар тарату стандарттарының құрамдас бөліктері – бұл олардың артықтығын азайту мақсатында дыбыстық сигналдарды цифрлық кодтау жүйесі және радиобағар диапозондарында тарату үшін радиосигналдың оңтайлы спектрін қалыптастыру мақсатында тасымалдаушы тербелісті кодталған сигналмен модуляция жүйесі.

Технологияның негізгі стандарттары:

Eureka-147 (T-DAB)

DAB+

DMB

CAM-D

DRM

DRM+

HD Radio

FMeXtra

PABUC

Цифрлық радио дегеніміз не?

Цифрлық радио²⁰ ақпаратты беру үшін сандық сигналдарды қолданады. АМ және FM радиосы аналогтық сигналдарды қолданады. Цифрлық радио АМ және FM-ге қарағанда айқын қабылдау мен дыбыс сапасына ие. Сондай-ақ ол экранда ән мен орындаушы туралы, ауа райы және жаңалық тақырыптарын, кідірту және кері айналдыру мүмкіндігі сияқты ақпаратты көрсете алады. Тіпті орнату да оңай, сіз жай ғана станцияға ауыса аласыз. Цифрлық радио АМ және FM-ге қарағанда көбірек қызмет көрсетеді. Мәселен, Австралия цифрлық радионы тарату үшін DAB+ деп аталатын цифрлық аудио хабар тарату стандартының (DAB) жаңартылған нұсқасын қолданады. Digital Radio Plus веб-сайтындағы ақпаратты қарап көруге болады. Цифрлық радио қолданыстағы АМ/FM радио қызметтерін алмастырмайды, бірақ тыңдауға басқа таңдауын ұсынады.

Цифрлық радио және интернет радио

Цифрлық радио деген ол интернет радио емес. Интернет радио компьютер, мобильді құрылғы немесе интернетке қосылған радио арқылы интернеттен алынған мәліметтер ағынын пайдаланады. Бұл сіздің интернет желісіне байланысты ағындық шығындарға әкелуі мүмкін.

Цифрлық радио интернетке қосылуды қажет етпейді. Ол арнайы цифрлық тарату құрылғысымен бір жерден таратылады. Цифрлық радио тегін, бірақ арнайы қабылдайтын құрылғы болуы қажет. Сіз өзіңіздің аймағыңызда цифрлық радио қызметтерінің қолжетімді екендігіне көз жеткізіп, содан кейін цифрлық радиоқабылдағыш сатып алуыңыз керек (DAB+ қабылдағышы деп те аталады).

Цифрлық радио цифрлық радиохабар таратуды енгізген мемлекеттердің көптеген аймағында қолжетімді. Мысалы, Австралияда бұл шешімді былай қарастырған. Digital Radio Plus веб-сайтына кіріп, сіздің аймағыңызда цифрлық радионы қамту мүмкіндігі бар-жоғын біліңіз. Сіз сондай-ақ ABC телерадио сайтына кіре аласыз.

²⁰ <https://www.electronics-notes.com/articles/audio-video/broadcast-audio/digital-radio-audio-broadcasting-dab-tutorial.php> DAB Digital Radio Tutorial

Егер сізде қамту қиын болса, көше, қала маңы, штат және пошта индексі көрсететін коммерциялық радио Австралияға электрондық хат жіберіңіз. Бұл кері байланыс қамтуды жақсартуға көмектеседі. Астаналардан тыс аймақтар үшін цифрлық радио жоспарланған аймақтық орталықтар туралы білу үшін Digital Radio Plus веб-сайтына кіріңіз. Сондай-ақ олар цифрлық радио қызметін көрсетуді жоспарлап отырғанын білу үшін жергілікті радиостанциямен байланыса аласыз.

DAB цифрлық аудио хабар тарату, қазіргі уақытта бірқатар елдерде қолданылатын радиохабар технологиясының бір түрі. Цифрлық аудио хабар тарату мыналарды қамтиды:

DAB жиілігінің негіздері

DAB цифрлық радиосы, сонымен қатар «цифрлық аудиохабар тарату» деп те аталады, радиостанцияларды тарату мен қабылдаудың жаңа жүйесі. Атап көрсеткендей, ықшам дискінің сапасын қамтамасыз ету үшін сигналдар цифрлық форматта беріледі. DAB цифрлық радиосын естіген адамдар дыбыс сапасы мен жаңа радио жүйесінің «болуын» атап өтті. Сондай-ақ ол FM жиіліктерінде жиі пайда болатын көп сәулелі таралу әсерінен зардап шекпейді және жүйе бір жиілік желісі (SFN) де қолданылатындықтан, бір қамту аймағынан екіншісіне ауысу кезінде қайта конфигурациялау қажет емес.

Сонымен бірге көптеген жаңа қызметтерді осы цифрлық радио арқылы беруге болады. Цифрлық радио сигналы деректерді дыбыспен бірге жібереді және тыңдау сапасын жақсарту үшін мәтін мен суреттерді дыбыспен бірге жіберуге мүмкіндігі бар. Осылайша, сіз музыканы беру кезінде тректің атауын және суретін жібере аласыз. Сондай-ақ жаңалықтар радиода қолданылатын экранның төменгі жағында жылжуы мүмкін.

DAB цифрлық радиосы қазір Ұлыбритания мен Еуропадан Канадаға, Австралияға және басқа да әлемнің көптеген елінде танымал болды. Цифрлық радио өзінің ұсынатын мүмкіндіктерімен қолайлы болғандықтан, тыңдаушылар қолжетімді жерде осы жаңа цифрлық радио тарату желісіне ауыса бастайды.



22-сурет

Қызбала тыңдап отырған 1940 жылдардағы вакуумдық түтік радиосы. Отбасылар кешке үйдегі радиоқабылдағышты тыңдауға жиналатын болған.



23-сурет

Заманауи байланыс қабылдағышы, қолданылған екі жақты радио алыс станциялармен сөйлесу үшін байланыс станцияларындағы қысқа толқынды радио.



24-сурет

Жергілікті аудио таратылымды тыңдау үшін пайдаланылатын протативті аккумуляторлық AM/FM хабар тарату қабылдағышы радиостанциялар.

Портативті цифрлық радио

Цифрлық радио хабарларын қабылдай алатын портативті радио. DAB цифрлық радиосы қалай жұмыс істейді?

Цифрлық радиоға қажет жағдайларда сапалы жұмыс істейтін цифрлық жүйені құру үшін даму кезеңдерінде үлкен жұмыс атқарылды. Кейбір қолданыстағы цифрлық әдістер зерттелді, бірақ олардың осы қосымшаның айтарлықтай шектеулері бар екендігі анықталды. Негізгі проблемалардың бірі көптеген қабылдағыштарда бағытталмаған антенналар қолданылды, нәтижесінде олар шағылысқан сигналдарды қабылдай алды. Деректер бүлінуі үшін олар жеткілікті кідіріспен кешіктіріледі. Сонымен қатар спектрдің тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін толық стерео сигналды қабылдау үшін өткізу қабілеттілігін азайту қажет. Цифрлық радионың техникалық стандарттары *Eureka-147* еуропалық жобасының қолдауымен жасалды. Бұл консорциум өндірушілерден, хабар таратушылардың ғылыми ұйымдарынан және желі операторларынан тұрды.

Цифрлық радионы қызықтыратын жүйенің екі негізгі саласы бар: модуляция жүйесі және цифрлық кодтау және дыбысты сығу жүйесі.

Кодтау және сығымдау жүйесі өте маңызды. Жүйенің өміршең болуы үшін деректерді беру жылдамдығы стандартты ықшам дискіге қарағанда едәуір төмендеуі керек. Қабылданған цифрлық радио жүйесі деректерді беру жылдамдығын 128 кбит/с дейін төмендетеді, бұл ұқсас сападағы сызықтық кодталған сигнал үшін беру жылдамдығының алтыдан бір бөлігін құрайды. Осы қысқартуларға қол жеткізу үшін кіріс дыбыстық сигнал мұқият талданады. Құлақтың белгілі бір есту шегі бар екендігі анықталды. Осы деңгейден төмен сигналдар естілмейді. Сонымен қатар, егер бір жиілікте қатты дыбыс болса, оған жақын әлсіз дыбыстар естілмеуі мүмкін, өйткені есту шегі өзгереді. Кіріс дыбысты талдау және құлақ еститін компоненттерді кодтау арқылы қысқартуға болады. Деректерді беру жылдамдығын одан әрі төмендетуге дыбыс өткізу қабілетін азайту арқылы қол жеткізуге болады.

Цифрлық радио жұмысының тағы бір кілті – модуляция жүйесі. Ортогональды жиілікті арналарды бөлу арқылы кодталған мультиплекстеу (COFDM) деп аталады, бұл шағылысудың және басқа да кедергілердің бұзылуын болдырмауға қажетті сенімділікті қамтамасыз ететін кеңейтілген спектрлі модуляция түрі. Жүйе шамамен 1,5 МГц спектрді толтыратын 1500-ге жуық жеке тасымалдаушыларды пайдаланады. Тасымалдаушылар бір-біріне өте жақын орналасқан. Тасымалдаушылар арасындағы кедергі жеке сигналдардың бір-біріне ортогональды болуына байланысты алдын алады. Бұл олардың әрқайсысын берілген деректер жылдамдығына тең жиілікке бөлу арқылы жасалады. Осылайша, бүйірлік модуляция жолақтарындағы нөлдер келесі тасымалдаушы орналасқан жерге түседі. Содан кейін аудио деректер тасымалдаушы бойынша таратылады, сондықтан әрбір тасымалдаушы деректерді беру жылдамдығының аз ғана бөлігін алады. Мұның артықшылығы бар, егер кедергілер бір аймақта пайда болса, қажетті сигналды қалпына келтіру үшін жеткілікті мәліметтер алынады. Қорғаныс жолақтары әр таңбаның басында да енгізіледі.

OFDM бойынша ескерту:

Арналардың ортогональды жиіліктік бөлінуімен мультиплекстеу, OFDM – бұл сигнал форматының формасы, ол көптеген

жақын тасымалдаушыларды пайдаланады, олардың әрқайсысы төмен жылдамдықтағы деректер ағынымен модуляцияланады. Әдетте, жақын орналасқан сигналдар бір-біріне кедергі келтіруі мүмкін, бірақ сигналдарды бір-біріне ортогональды ету арқылы өзара кедергі болмайды. Берілуі керек деректерді барлық тасымалдаушылар бөліседі және бұл көп сәулелі таралу әсеріне байланысты селективті тозуға төзімділікті қамтамасыз етеді.

OFDM, ортогональды жиіліктегі арналарды бөлу мультиплексті туралы көбірек білгеніңіз жөн. Қауіпсіздіктің осы деңгейінде жүйе теріс салдарсыз бірдей жиілікте жұмыс істейтін басқа цифрлық радио таратқыштармен жұмыс істей алады. Бұл желідегі барлық таратқыштар бірдей жиілікте жұмыс істейтін жүйені құруға болатындығын білдіреді. Бұл жалпы «мультиплексті» қолданатын бүкіл аумақта бір жиілікті желілерді құруға болатындығын білдіреді. Егер бұл бірдей жиілікті қолданатын бірнеше таратқыштардан туындаған нашар қабылдаудың рецепті болып көрінсе де, керісінше, ауқымнан тыс сигналдар қажетті сигналды күшейтуге бейім екендігі анықталды. Бұл сонымен қатар нашар жабылған шағын аудандарда дәл осындай жиілікте кішкене таратқыш болуы мүмкін, ол тесікті толтырады және көрші аудандарда қабылдауды одан әрі жақсартады.

Бұл цифрлық радио жүйесінің тағы бір артықшылығы – дәстүрлі таратқыштарға қарағанда аз қуатты қажет етеді. Мысалы, BBC-дің негізгі FM желілерін Англияның оңтүстік-шығысындағы Ротам сияқты негізгі тарату станцияларынан өткізетіндер төрт негізгі қызметтің әрқайсысы үшін шамамен 100 кВт қуатта жұмыс істейді. Электр энергиясының өзіндік құны BBC пайдалану шығындарының маңызды факторы саналады және энергияны тұтынуды азайту экологиялық пайда туралы айтпағанда, айтарлықтай үнемдеуге әкеледі.

DAB ауқымдарын бөлу

Мысалы, Ұлыбританияда 217,5 және 230 МГц арасындағы спектрдің таралуы сандық радио бағдарламалары үшін сақталған. Бұл барлығы 1,55 МГц жеті блокты береді, олардың әрқайсысы мультиплексті қызмет көрсете алады. Басқа елдерде спектр де

қолжетімді. Еуропада спектр Ұлыбритания сияқты III диапазонда немесе 1452 және 1467 МГц арасындағы I диапазонында қолжетімді. 1467–1492 жылдар аралығындағы жолақтың жоғарғы бөлігі спутниктік сандық радионы жеткізу үшін сақталады.

DAB радиожабдығы

Цифрлық радионы алғашқы іске қосудағы басты мәселелердің бірі *жабдықтың* болмауы. Жабдық өндірушілерден үлкен *инвестициялар* қажет болды. Сигналдарды сандық өңдеу әдістеріне қатты тәуелділік жабдықты дамыту үшін үлкен даму бағдарламаларын қажет етті. Сондай-ақ ерте іске асыру тоқтың жоғары деңгейін талап етті. Бұл шешімдер портативті қабылдағыштарға сәйкес келмейді, ал автомобильдер мен үй құрылғылары үшін жылу тарату проблемасы болады. Сонымен қатар көп чипті шешімдер жабдықты үлкен және көлемді етті әрі өндіріс шығындарын арттырды.

Өндірушілер бұл мәселені шешті. DAB үшін арнайы чиптер жиынтығы жасалды, бұл DAB FM қабылдағыштарымен салыстырғанда жоғары болмайтындай етіп, бастапқы шығындармен салыстырғанда шығындарды едәуір төмендетуге мүмкіндік берді. Бір типтік мысал – тыңдарман дүкенге кіріп, ойнайтын музыканың күшейгенін байқаған кезде DAB болуы керек деп ойлайды және ол сұраған кезде расталады. Басқалары көліктегі мінсіз жұмысты байқайды. Екі таратқыштың арасындағы шекаралық аймақтан өту кезінде үзік-үзік сыбырлаудың болмауы байқалады. Тиісінше, DAB цифрлық радиосы XXI ғасырдың хабар тарату құралы.



Ойтұжырым:

1. Қазақ радиоларының заманауи цифрлық технологиямен жабдыкталуы.
2. Қазақ радиоларының хабар тарату желілері.
3. Цифрлық радио мен интернет радионың айырмашылығы.



Кітап оқы:

- Маршал Маклюэн «Понимание медиа внешние расширения человека». – Москва, 2018
- Әзиз Несин – әлемдік әдебиет айдынында өзіндік қолтаңбасы бар тұғырлы жазушы. Бүкіл адамзатқа ортақ құнды дүниеге айналған оның әңгімелері белгілі жазушы, сатирик, аудармашы Ғаббас Қабышұлының көркем баяндауымен «**Сикыр айна**» атауымен қазақ тілінде өз оқырманымен қауышты.
- Халед Хоссейни: «Жарқыраған мың күн» және «Батпырауық қуған бала». – Астана, 2021



Деректеме:

1. Qazaq radiosy – qazradio.fm | Қазақ радиосы / Казрадио / Kazradio / Qazradio
2. Qazaq radiosy – qazradio.fm | Қазақ радиосы / Казрадио / Kazradio / Qazradio
3. <https://qazradio.fm/kz/news/19912/>
4. <https://profit.kz/articles/14639/Bulat-Erzhano-v-Kazteleradio-radio-idet-vsled-za-CETV/>
5. <https://www.electronics-notes.com/articles/audio-video/broadcast-audio/digital-radio-audio-broadcasting-dab-tutorial.php>
DAB Digital Radio Tutorial



II тарау. РАДИОЖУРНАЛИСТИКА ЖАНРЛАРЫНЫҢ ТҮРЛЕНУІ МЕН ЖАҢА ФОРМАТЫ

2.1. Жаңалықтар: өндіру және редакциялау

Тәулік бойы жаңалық тарату циклі журналистің қалыпты тіршілігіне айналды. Әсіресе бұл шынайы көріністі электронды медиадан байқауға болады. Сайттағы ақпарат үнемі жаңартылып, өзгеріп тұрады. Журналистердің берген әрбір жаңалығы, мәселен, мерзімді баспасөзге, радио және телеарнаға, сайттарға жазылған материалдары цифрлық фотосуретпен, мәтінімен, аудио немесе бейнежазбамен бірге беріледі. Тілшілер онда жаңалықты мәтін күйінде ғана дайындамайды. Олар түрлі нысанның визуалды әсерін пайдаланып, әлеуметтік желілердегі өз аккаунтында ақпаратты дәстүрлі медиадан тыс таратуға және медиа тұтынушылармен арадағы қарым-қатынас үшін де қолданады. /1/.


Бүгінгі таңда «Qazaq radiolary» ЖШС ақпараттық ресурстары сайтта бір жүйеге біріктірілген. Ондағы Qazaq, Shalqar, Astana, Classic радиоларының жаңалықтары, бағдарламалары, аудиомұрағаттары qazradio.fm (<https://qazradio.fm/kz/>) доменінде топтастырылған. «Qazaq radiolary» ЖШС контент-менеджері Әскербек Қиясовтың айтуынша, әр сағаттың басында берілген жаңалық 10 минуттан кейін аудио және мәтін нұсқада сайтқа жүктеліп, әлеуметтік желілерге таралып үлгереді. Бұған қарасаңыз, бірнеше

адамның жұмысы, бірақ осыны 1-2 адам ғана жүзеге асырып келеді. Эфирден шыққан аудионы (Audacity) бағдарламасымен қиып, оны сайтқа жүктеп, мәтінді редакциялап, тақырып қойып, суретті fhotoshop арқылы кесіп, сайтқа салынатын форматқа (16/9) лайықтап салу және оны әлеуметтік желіде бөлісу бір ғана маманның жұмысына айналды. Мұндағы басты жауапкершілік – ақпаратты жылдам беру. Эфир аяқталған соң, материал сайтқа жүктеліп, оны кез келген адам тыңдап, көріп, оқи алатын болса, радио мен журналист әрі тыңдарман үшін үлкен жетістік.

Қазақ радиолары бүгінгі күні заман талабынан қалмай дамып келеді. Мәселен, интернет-редакциялар, әлеуметтік желілерге шығу, бейне, аудио контенттер жариялау, түрлі мобильді қосымшалардың жасалуы, халықаралық қатынастардың нығаюы, жаңа медианың мүмкіндіктерін қолдану, цифрлы технологияларды күшейту еліміздің радио саласының әлемдік трендтен қалыспай келе жатқанын көрсетеді.

Оны Қазақ радиоларының жаңалықтар қызметінен аңғаруға болады. Әр сағат сайын Qazaq, Shalqar, Astana арналарынан бір мезетте ақпарат таратады. Ал Classic радиосында тек мәдени жаңалықтарды бір тілші дайындап, эфирден жүргізіп отырады. Қазақ радиоларының негізгі құрылымы жаңалықтар бөлімі болғандықтан, таңғы сағат 8:00-21:00-ге дейін 14 рет қазақ тілінде, 11 рет орыс тілінде эфирге шығады. Қазақ радиосының техникалық мүмкіндігі өте жоғары және соны тиімді пайдаланып отыр. Кез келген жерден аудио форматта цифрлық құрылғының көмегімен маңызды саяси, қоғамдық, мәдени шаралар болсын, оқиға орнынан жедел ақпарат таратады. Сонымен бірге *қазақпарат*, *ақорда*, *прайм министр*, *парлам.кз*, *ортком.кз* сынды ақпарат агенттіктерінен және басқа да бұқаралық ақпарат құралдары баспасөз хатшыларының мәтініне сілтеме жасап берсе, радио жаңалығында сол сала маманының өзінен немесе оқиғаға тікелей жауапты адамдардың пікірін телефон және WhatsApp желісі арқылы жазып алып, я болмаса тікелей эфирге байланысқа қосып, жаңалықтың мазмұнын кеңейтіп береді. Қазіргі уақытта жаңалықтар бөлімінде 4 қазақ, 4 орыс тілді тілші ауыспалы жұмыс кестесімен эфирге өнім дайындайды. 2017 жылы Qazaq, Shalqar, Astana, Classic радиоларын құрайтын «Qazaq radiolary»

ЖШС статусы берілгеннен бастап, «Жаңалықтар» деген атаумен ақпарат таратады. Бұған дейін «Тәулік тынысы», «Соңғы хабар», «Соңғы ақпарат» деп шыққан болатын.



25-сурет. «Qazaqradiolary» сайты (<https://qazradio.fm/kz/>)



Радиохабар:



26-сурет



Пысықтау жұмысы:

Пысықтау жұмысы бойынша QR-кодты сканерлеу арқылы дауысты тыңдап, жаңалықтар мәтініне көз жүргізіңіз. Жүргізушілердің оқу мәнеріне тоқталыңыз. Эфирді жаңалықты оқыған үш журналистің оқу мәнеріне, дикциясына, интонациясына көңіл бөліп, салыстыру қажет.

Қорытынды жаңалықтар:¹ 28.05.2021 ж.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының Бас директоры Тедрос Гебрейесуспен кездесті», – деп хабарлайды Ақорда. Мемлекет басшысы ұйым басшысымен видео конференция режимінде сөйлесті. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы Бас директорының айтуынша, қыркүйек айына қарай жер шарындағы халықтың 10 пайызына екпе егіліп, жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 30 пайызға жетуі керек. Президент қазақстандық вакцинаның клиникалық сынамаларының алдын ала нәтижелері туралы айтты. Отандық вакцинаның тиімділік деңгейі 96 пайыз. Қазіргі уақытта салалық органдар отандық вакцинаға келісім алу үшін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен жұмыс жүргізіп жатыр.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Ашаршылық. Голод. 1928-1934. Деректі хроника» атты жаңа еңбек жарық көрді. Бүгін Сенатта тарихшылардың және Парламент депутаттарының қатысуымен кітапты көпшілікке таныстыру рәсімі өтті. Жинақ алдымен Мемлекет басшысына таныстырылған. «Үш томдық жинаққа зобалаң жылдарға қатысты тарихи құжаттар мен деректер енген», – дейді жинақты таныстырған Сенат төрағасы

¹ <https://qazradio.fm/kz/news/20725/>

М. Әшімбаев. Олар аштықтың алғышарттары мен трагедиялық салдары туралы мәліметтерді қамтиды. «Еңбектің жауапты редакторы – белгілі ғалым, тарихшы, Мәжіліс депутаты Берік Әбдіғалиұлы», – деп атап өтті Сенат төрағасы.

«Алматыдағы сауда орталықтары коронавирусқа қарсы вакцина алғандар арасында ұтыс ойынын өткізіп жатыр», – деп хабарлайды ҚазАқпарат. Әуезов ауданында орналасқан вакцинация пункттерінде 29-30 мамыр аралығында ұтыс акциялары өтеді. Шараның мақсаты – тұрғындарды індетке қарсы күрес бойынша алдын алу жұмыстарына ынталандыру. Тұрғындар вакцина алып, бағалы сыйлықтарға ие бола алады. Алматылықтар вакцинация туралы анықтаманы көрсетіп, ұтыс ойынына қатысуға билет алады.

Жаңалықты жүргізген: Жаңболат Шәкім



Алматы маңындағы тауларда туристерге арналған 15 бекет салынады:² 02.06.2021 ж.

Елімізде прокурордың қаулысын орындамағаны үшін жауаптылық белгіленеді. Бұл туралы бүгін Мәжілістің жалпы отырысында «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын талқылау кезінде депутат Гүлнар Бижанова айтты. Оның сөзіне қарағанда, бұл норманы енгізу арқылы азаматтардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау ісінде прокурордың құқық қорғау функциясы артады.

Бүгінгі жағдай бойынша, «қызыл» аймақта Астана қаласы, Ақмола, Қарағанды облыстары тұр. «Сары» аймақта: Алматы

² <https://qazradio.fm/kz/news/20768/>

қаласы, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстары орналасқан. «Жасыл» аймақта Шымкент қаласы, Алматы, Ақтөбе, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан және Түркістан облыстары бар. Жалпы Қазақстан Республикасы «сары» аймақта.

Өткен тәулікте 1319 адамның вирус жұқтырғаны белгілі болды. Осылайша, індет жұқтырғандар саны 388991-ге жетті. Оның ішінде 359443-і жазылды. Қазіргі уақытта 26137 адам коронавирустан емделуде. Індетке шалдыққандардың арасында 609 адамның жағдайы ауыр, 139 пациенттің хәлі өте ауыр, 84 науқас ӨЖЖ аппаратына қосылған.

Жаңалықты жүргізген: Гүлім Ғабитқызы



LRT құрылысына бөлінген қаржыны жымқыру ісі бойынша сот үкімі шықты: ³ 29.05.2021 ж.

Елорданың қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты LRT жобасын іске асыру кезінде 5 млрд 8 миллион теңгені талан-таражға салды деген айыппен 7 азаматты бас бостандығынан айыру туралы үкім шығарды. Олардың әрқайсысы 7-ден 10 жылға дейін жаза арқалады. Атап айтсақ, Елорданың жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының бұрынғы басшысы Рашид Аманжолов 10 жылға, қалалық мәслихаттың экс-депутаты және хатшысы Жанат Нұрпейісов 8 жылға бас бостандығынан айырылды. Astana Innovations АҚ бұрынғы басқарма төрағасы Талғат Әшім мен мердігер компания өкілі Дулат Мусенов 7 жылға сотталды. Құрылысқа жауапты серіктестік өкілі Ұлықбек Ачилов пен мердігер компанияның тағы бір өкілі Дәурен Әбдіхамитов және Тимур Қасабаевтар 8 жылға бас бостандығынан айырылды.

«Қазақстанның 4 өңірі «қызыл» аймақта тұр», – деп хабарлайды ҚазАқпарат. «Қызыл» аймақта: Астана, Алматы қалалары;

³ <https://qazradio.fm/kz/news/20727/>

Ақмола, Қарағанды облыстары. «Сары» аймақта: Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстары. «Жасыл» аймақта: Шымкент қаласы, Алматы, Ақтөбе, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау, Шығыс Қазақстан және Түркістан облыстары тұр.

«Алматы облысының бірдей бір аудан орталығы Сарыөзекте су жоқ», – деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі. Халық ішетін тіршілік нәрін қайдан аларын білмейді. Мәселенің ушыққаны сонша, тұрғындарға суды әскерилер көлікпен тасып әлек. Ал әкімдіктегілер Сарыөзектің су мәселесін шешу үшін қомақты қаржы керек деп отыр. «Жобасы әзірленген. Қазір 1 млрд 73 млн теңге қаражат қажет. Оған қажетті барлық бюджеттік өтінім берілген. Республикалық бюджеттен қалай қаражат бөлінеді, солай жұмыс басталады. Қаражаттың бөлінуіне қарап отырмыз», – дейді Кербұлақ аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы бөлімі басшысының міндетін атқарушы Медет Сопбаев. Сарыөзекте 14 мыңнан астам халық тұрады.

Жаңалықты жүргізген: Ақерке Нұрмұхаммед

Интернетке дейін ақпаратты жеткізудің ең бірінші құралы болып радио саналған. Қазақ радиосының тарихына көз жүгіртсеңіз, «Радио мекемесінің толық атауы «радиохабары» деп аталып, негізгі жұмысы – радиохабарын өздері дайындап әрі тарататын болса ғана, республикалық радионың қызметін атқара алған. Осы тұрғыда, «Орынборда жұмыс істеген: яғни хабарды қабылдап қана қоймай әрі таратқан радиостанцияны қарастыруға болады. Өйткені Орынборда орналасқан орталық станция Мәскеуден берілетін хабарларды қабылдады. Сонымен бірге жергілікті жерлерде жұмыс істейтін радиоқондырғыларға және сол сияқты түрлі жергілікті газеттерге ақпарат таратты», – дейді ғалым Намазалы Омашев өзінің «Радиожурналистиканың теориясы мен тәжірибесі» атты зерттеу еңбегінде. Яғни ақпарат тарату кез келген радионың негізгі міндеті.

Қазақ АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің 1921 жылғы 29 қыркүйектегі шешімімен қазан айының басынан бастап Орынбордағы орталық радиостанция арқылы күн сайын 1600 сөзден тұратын өздері дайындаған радиобюллетеньді республикаға таратуға рұқсат алған. Өйткені бұған дейін ресми түрде ондай құқық беріліп, республиканың әуе толқынына тараған радиохабары болмаған. Оның республикалық радио қызметін атқарғандығын дәлелдейтін бір жайт – жергілікті жердегі қабылдаушы станциялар бұған бағынып, есеп беріп отыратын болған.

Осыдан 1921 жылдың 1 қазанын республикалық Қазақ радиосының туған күні деп атауға толық негіз бар екенін айтады. Осыған дейін Қазақ радиосының тарихы 1931 жылғы 4 мамырда Алматыдан берілген «Еңбекші қазақ» және «Советская степь» радио газетінен басталады деп айтылатын. Оны ұйымдастырған белгілі ғалым Бейсенбай Кенжебаев болатын.

Әлемдік радионың пайда болу уақыты жайлы сөз қозғаған кезде, әйгілі физик, математик әрі механик Джеймс Клерк Максвелл туралы айтамыз. Ол 1864 жылы теориялық және математикалық түрде электромагниттік толқындардың бос кеңістікте таралуы мүмкін екенін көрсеткен еді. Электромагниттік толқындар арқылы сигналды мақсатты түрде тарату алғашқы рет 1880 жылдары Дэвид Эдвард Хьюздің экспериментінде орындалған. Ал неміс физигі Генрих Рудольф Герц 1886 жылы электр күшінің жылдам өзгеруін жарық пен жылу тәрізді радио толқындар түрінде кеңістікке шығаруға болатындығын дәлелдеген еді.



Деректеме:

Профессор Н.Омашевтың пікіріне сүйенсек:



Сымсыз байланыс үшін берілген бірінші патентті 1872 жылы америкалық тіс дәрігері, әуесқой Мэлон Люмис алды.

Ол 1866 жылы сымсыз байланыс әдісін өзім ойлап таптым деп жариялаған-ды.

Дегенмен де, АҚШ-та радионы алғаш жасап шығарған



Давид Хьюз (1878)

Томас Эдисон (1875; патентті 1885 ж. алған)

Никола Тесла (1891 жылы резонансты трансформаторлық таратушы құрылғыға патент алған) деп саналады

27-сурет. Сымсыз байланыс әдісін ойлап тауып, патент алған өнертапқыштар



Деректеме:



Үндістанда – Джагадиш Чандра Бос (1894 немесе 1895); Ресейде – Попов (1895) пен Яков Наркевич-Иодко (1890) радиотелеграфпен ақпарат алмасуды ойлап тапты


Яков Наркевич-Иодко (1890)



Попов (1895)

Джагадиш Чандра Бос (1894 немесе 1895)

28-сурет. Үндістан мен Ресейде радиотелеграфпен ақпарат алмасуды ойлап тапқан өнертапқыштар



29-сурет. Германия мен Францияда радиотелеграфпен ақпарат алмасуды ойлап тапқан өнертапқыштар



Деректеме:



30-сурет. Бразилия мен Италияда радиотелеграфпен ақпарат алмасуды ойлап тапқан өнертапқыштар



31-сурет. Балқан елдері мен Англияда радиотелеграфпен ақпарат алмасуды ойлап тапқан өнертапқыштар

Ал қазақ жеріне радио тарала бастаған кез – еліміз Қазақ АССР аталып, патшалық Ресейден советтік Ресейдің құрамына енген өтпелі кезең еді. Сол себепті, кеңестік дәуірде «Радионың атасы – Попов⁴» деген түсінік қалыптасты. Қалай дегенмен де, радио біздің елге Ресей арқылы келгені анық.

⁴ Дереккөз: https://www.youtube.com/watch?v=D_bVgw6bLG0



Радиохабар:



32-сурет. «Шалқар шаңырағында» бағдарламасы. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ф.ф.д., профессор Намазалы Омасұлы



Алтын қор:



“ҚАЗАҚ РАДИОЛАРЫ” ЖШС әлеуметтік желілері:



qazradio.fm



Қазақ Радиосы
@qazaqradiosy · Радиостанция



“ҚАЗАҚ РАДИОЛАРЫ” ЖШС



33-сурет

Кейбір деректерге сүйенсек, qazradio.fm ресми сайтының тұрақты түрде 2016 жылы 2 000 адам оқып отырса, ал қазір таңда оқырмандар саны ай сайын орта есеппен 35 000-ды құрайды. Қазақ радиоларының веб-сайтына 2018 жылы бір айда 2 000 адам кірген болса, қазір бір күн ішінде 2 000 рет қаралады.



Деректеме:



34-сурет. Әлеуметтік желілердің көрсеткіші

1921 жылдан радиобюллетеньді таратып, электромагниттік толқындар арқылы сымсыз ақпарат таратумен халық даусына айналған радиоарнада жаңалық жазып, өңдеудің қандай тәсілі бар? Сіз жаңалық жазуды білесіз бе? Жаңалық – қоршаған ортада болып жатқан оқиғалар, құбылыстар, үрдістер туралы тыңдарманға (көрерменге, оқырманға) арналған қызықты ақпарат. Оған жаңа, осы уақытқа дейін беймәлім болған жайттар өзек бола алады. Яғни, жаңалық – жаңа ақпарат. Жаңалықты дайындайтын журналистің қандай артықшылығы бар? Жаңалық жазуға өздерінің кәсіби өмірлерін арнаған маман, сізге «мұның ешқандай өзгешелігі жоқ», «бұл – қарапайым кәсіп қана» деуі әбден мүмкін. Сонда да,

контент жасау коммуникация мен медианың заңдарына бағынады, олардың да стандарттары бар.

ЖАҒАЛЫҚ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Сіз жазған жаңалық «Кім? Не? Қайда? Қашан? Неге? Қалай?» деген сауалдарға жауап берді ме? Ойланып көріңіз. «Анығында солай ма?», «Сіз үшін тосын ақпараттың жариялауға тұрарлық құны бар ма?», «Жаңалықтың фрагменті нені құрайды, несімен қызықты?» Өзіңізге осы сұрақтарды қойып, жауап алсаңыз, жаңалық толық жазылды деп қабылдаңыз.



Деректеме:

Жаңалықты америкалық журналист Чарльз Райз былай түсіндіреді:

- ✓ Жаңалық қызықты
- ✓ Жаңалықтың әсер ететін күші бар
- ✓ Жаңалықта бір нәрсе жайлы айтатын дүние болуы керек





35-сурет

Журналистика саласында жаңалық қызметі басты құрылым болғандықтан, құбылмалы әлемдегі жаңалықтың құндылығы мен мәдениетін Австралия ақпарат құралдарында 30 жылдан аса саясат және құқық тақырыптарында жазатын тілші, жаңалық редакторы, продюсер, зерттеуші, жүргізуші және тәуелсіз журналист ретінде

қызмет атқарған Сарра Гиллманның АВС радиосы мен телевизиясында жинаған және коммерциялық радио мен газеттерден алған тәжірибесінен, Канберра қаласындағы Дарвин және Хобарт институттарында журналистика және медиатанудан оқыған дәрістері бойынша жаңалық жазу әрі талдау әдісін ұсындық.⁵

Тәжірибелі журналистер мен медиа мамандары қол жеткізген ақпарат туралы ел құлақтана қоймағаны үшін ғана ақпаратқа көңіл бөліп, елеп-ескеру қажет емес деп ойлайды. Жаңалықтың фрагменті туралы ойланғанда оның неден құралғанына мән беріңіз. Ол несімен өзгеше? Оны қызықты әрі жариялауға тұрарлық етіп тұрған қандай факторлар бар? Мүмкін достарыңызбен әңгіме-дүкен құрғанда айтуға тұрарлық оқиға ма? Жаңалықтың фрагменті сіз танитын адам туралы ма, әлде сіз тұратын мекенге қатысты ма? Өміріңізге тікелей қатысы бар шығар? Сол ақпаратты алған соң, нәтижесі көріне ме? Конфликт оқиға жайлы ма? Мүмкін ақылға қонымсыз, біртүрлі дерегі бар шығар? Оқыған кезде еріксіз баурап алатын жаңалықтың фрагментін ойластырыңыз. Қандай элементтерден құралған? Бірнеше элемент пе, әлде бәрін түгелдей қамтып тұр ма?

Жаңалық құндылығы

Сіз жазған жаңалықтың құндылығы неде?



Ойбағдар:

1960 жылдары норвег ғалымдары Галтунг пен Руге жаңалық құндылығының негізін қалайтын элементтерді анықтады. Олар ақпараттың жаңалыққа айналуына ықпал ететін бірнеше критерий түзді.


Газет, телерадио хабарларды зерттей келе, Галтунг пен Руге (1965) жаңалықтар редакциясында істейтін кәсіби мамандар белгілі бір оқиғаны таңдап алып, оған басымдық бергенде жеке түйсігі мен тәжірибесіне сүйенетін сияқты көрінгенімен, түрлі ұйымның өзіне тән ортақ белгілері болатынын анықтады. Қандай да бір ақпарат жариялауға тұрарлық деп таңдалады және түрлі жаңалық бөлімі мен журналистер, медиа мамандары бәрі бірдей сол ақпаратты жапа-тармағай жаңалық етіп береді.

⁵ <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>

Содан бері медиа өкілдері мен жеке тұлғалар ақпараттың жаңалыққа айналуына ықпал ететін критерийлерді анықтау үшін бірнеше зерттеу жасады.



Деректеме:



36-сурет



Ойбағдар:

Ықпал : Журналистер мен медиа мамандары ақпаратты жаңалық ретінде берер кезде әуелі ықпалына қарайды. Бұл жаңалық ішіндегі иенің жасуындай деректің салдары қандай болмақ? Ықпалы неғұрлым көп, салдары неғұрлым теріс болса, оқиға соншалықты "ірі" болмақ.

"Ірі" оқиға дегеніміз - оқырман назарын өзіне тартып әкететін жаңалық, баспасөздің басты тақырыбы болып, газеттің бірінші бетінде жарияланады. Радиоға жаңалықтың басында айтылады. Интернеттің бастапқы бетіндегі төріне шығады. Сілтемесі мен соған қатысты оқиғалар, суреттер қосымша ілінеді. "Ірі оқиға" концепциясы жаңалық өңгіресіндегі өзгерістерге, мәдениет пен тұтынуға қатысты аз-маз өзгерегі.

Дегенмен журналистердің «ірі» сөзін қолданғанда нені меңзейтінін түсіну үшін өзіңізге таныс атышулы оқиғаны: 2009 жылғы Викторияда болған орман өртіне еске алыңыз. Бұл оқиға салдары немесе ықпалы адамдардың жапа шегуіне әсер етті: 173 адам қаза тапты, 414 адам күйікке шалынды, өте көп тұрғын баспанасыз қалды. Гимараттар дүниесімен бірге, орман хайуанаттарымен бірге жойылды. Өрт Виктория штатындағы тұрғындарға түгелдей ықпал етті. Ауа ластануынан бастап, түрлі ресурстардың сапасы бұзылды. Өрт кесірінен шамамен 4,5 миллиардтан астам доллар шығын шықты. Кейін Виктория үкіметі Корольдік комиссия құрып, өрттің шығу себебін және оған жауаптыларды анықтауды тапсырды. Комиссия анықтаған деректер мен ұсыныстар Виктория ғана емес, тұтас Австралиядағы өрт сөндіру қызметі мен үкіметтік мекемелерге ықпал етті. Дабыл қағу жүйесі туралы ережеге өзгеріс енгізіліп, төтенше жағдай қызметі үйлесімді жұмыс істейтін болды. Жергілікті үкімет деңгейінде бүкіл Австралия бойынша құрылған кеңес жоспарлау ережесіне өзгеріс енгізді. Апат қызметі полиция мен өрт сөндірушілер дабыл қағу және байланыс жасау жүйесін қайта қарап, жаңа технологияға көшті. Сот процесстері тоқтаусыз жалғасып жатты.

Тағы бір мысал. Елімізде 2019 жылы 4 ақпан күні түнде орын алған жантүршігерлік оқиғаны еске алайық. Бұл оқиғаның да салдары мен ықпалы адамдардың жапа шегуіне әсер етті: Астанадағы бес қыздың өлімі. Балалардың ата-анасы түнгі жұмыста болғаны. Орталық өрт байланыс пунктіне сағат 02:34-те «Көктал-1» тұрғын Шыңғыстау көшесі, 5 мекен жайында орналасқан шаруашылық құрылысының өртеніп жатқаны туралы сол үйдің көршісінен хабарлама түсті. Содан кейін ол жерге Астана қаласы № 5 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімі бірінші бөлімшесінен жеке құрамдағы 15 адам мен 3 бірлік жіберілді. Бөлім мен өрт болған орын арасы 4 шақырым. Құтқарушылар 7 минутта жетті. Өрт 30 шаршы метр аумақты шарпыған. Сағат 2:53-те бес дене табылды. Барлығы балалар. 3:06-да өрт ауыздықталып, 3:24-те толық өшірілді. Балалар үлкендердің қарауынсыз қалған. Өртті сөндіру барысында 2006, 2008, 2014, 2016, 2018 жылы дүниеге келген 5 қыз баланың денесі табылды. Ең кішісі небәрі 11 айлық сәби еді. Өрт салдарынан көз жұмған

балалардың анасы пластикалық ыдыс шығаратын зауытта, ал әкесі көлік жөндеу орталығында жұмыс істейді. Қайғылы оқиға кезінде екеуі де түнгі ауысымда болған. Белгілі болғандай, балалардың әкесі 1984 жылы, анасы 1986 жылы дүниеге келген. Екі бала мектепте төртінші және алтыншы сыныпта оқиды. 2014 жылғы үшінші бала өткен жылдан бастап мемлекеттік балабақшаға орналастырылған. 2016 жылғы балаға биыл балабақшаға жолдама берілуі тиіс болған. Астана әкімі Бақыт Сұлтанов бес қыз баланың өрттен көз жұмуының себеп-салдарын анықтауды талап етті. Өрт салдарынан зардап шеккен бұл отбасы баспана кезегінде тұрмаған.⁶



37-сурет. Оқиға орнынан

Осылайша, жаңалықтың ықпалы қоғамға әсер ету күшімен анықталады. Ақпаратты анықтау кезінде қолданылатын барлық құндылық тәрізді, жаңалық фрагментінің ықпалын өлшеу басқа құндылықпен, мысалы, оқиғаның аудиторияға *жақындығымен* біріккен кезде өзгеруі мүмкін.

⁶ <https://baq.kz/news/othernews/bes-qyzdyn-olimi/> 2. https://www.inform.kz/kz/astanadagy-bes-kyzdyn-olimi-balalardyn-ata-anasy-tungi-zhumysta-bolgan_a3494709



Ойбағдар:

Жақындық :

Жақындық оқиға болатын орынға қатысты. Ақпаратты жариялауға тұрарлық деп шешім шығаруға көп жағдайда жаңалықтар редакциясы мен аудиторияға оқиғаның жақын болғаны ықпал етеді. Жақындық өзіміз көзбен көрген, бізді толғандыратын, айналамыздағы идеяларды жарыққа шығарады.

Мысалы, ормандағы алапат өрт оқиғасы мен бес қыз баланың өлімі сол маңайдағы тұрғындар үшін көкейкесті жаңалық, ал шалғайдағы адамдарды селт еткізеді. Дегенмен де 2009 жылы Викторияда болған орман өрті көрсеткендей, адамдар опат болып, жүздеген үй қирап жатқанда, жағдай ушыққан кезде және 2019 жылғы өрімдей бес баланың өлімі күнделікті қалыпты тірлікке сызат түсіргенде – жаңалықтардың әсері өте қуатты болады. Әркім оқиғаның жақындығын сезініп, дәл қасында болғандай күй кешеді. Интернет пен спутник байланысы сияқты құралдар қашықтағы оқиғаны дәл іргемізде болғандай етіп көрсете алады.

Себебі оқиға болған заматта бірден-бірге тарайды. Ең әуелі жақындық, егер оқиға айналамызда өтсе, өзімізге, болмаса біз жығатанитын адамдарға ықпал етуі мүмкін деген концепцияға тіреледі. Ол келесі құндылық – танымалдықпен ұштасады.



Ойбағдар:

Танымалдық:

Журналистер мен медиа мамандары көкейкесті ақпарат құндылығын бағалаған кезде танымал адамдарға қатысы бар-жоғын тексереді. Жергілікті танымалдылықтан бастап халықаралық деңгейге дейін танымалдылықтың түрлі дәрежесі таразыланады. Әдетте, саяси жетекшілер сияқты қоғамға танымал адамдар туралы мәлімет жаңалыққа айналады. Себебі олардың әрекеті басқаларға ықпал етеді.

Мәселен, премьер-министрдің мәлімдемесі жариялануы керек. Үкімет басшысы айтқан сөздің халықтың әл-ауқатына қатысы бар. Солай десек те, танымалдық «жаңалық тудыратын есімдерді» эфирге шығарады. Соңғы жылдары қоғамдағы танымал тұлғалардың көбеюіне қарай, танымалдық жаңалық құндылығы санатына қосылды⁷. Жекелеген танымал тұлғаның іс-әрекетінен бізге түк келіп-кетері болмаса да, мата атымен бөз өткеніндей, танымалдығымен өтіп кетеді. Бір қызығы медиа базбіреуге танымалдық мәртебесін берсе, ол артынан көрнекті қоғам қайраткеріне айналып шыға келеді. Адамның танымалдығы символдық мәнге ие. Әсіресе тәуліктік жаңалықта және әлеуметтік желі ортасында тым әсіреленіп көрсетілуі мүмкін.

Мәселен, 2014 жылдың қарашасында орын алған оқиғадағы австралиялық крикетші Филипп Хьюздің соққыдан көз жұмуы осыған дәлел бола алады. Сидней крикет алаңында болған жазатайым оқиға *Twitter* мен *Facebook* арқылы тез тарайды. Кейін онлайн медиа мен блогтарды қамтыды. Ресми медиа құралдары оқиғаны жан-жақты жеткізіп тұрды. Бірнеше күн бойы ойыншының жағдайына қатысты жаңалықтарды түрлендіріп берді. Командалас әріптестерінің, бұрынғы крикетшілер мен басқалардың ауруханаға барғанын хабарлап, суреттерін салды. Өзіңіз де бұл ақпаратты

⁷ (<https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistsika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>)

жаңалық ретінде таратқан боларсыз. Өзгелер сияқты сіз де *put your bats out* («битаңды аулақ қой») хэштегімен жазба жазып, әлеуметтік желіге үн қосқан шығарсыз. Медиа Филипп Хьюздің Максвилл аумағындағы Жаңа Оңтүстік Уэльс қаласының іргесіне жерленгенін көрсетті. Бұдан соң Австралия мен Үндістан арасындағы сынақ сериясына қатысты мәселе айтылды. Неліктен? Танымалдықтың жаңалық құндылығы ретінде өзгеруін: адам қызығушылығы құндылығымен қатар жақсы түсінеміз.



Ойбағдар:

Адам мүддесі:

Адам мүддесі қозғайтын оқиғаларды, әлеуметке қызықты немесе маңызды деп қарапайым халықтың жағдайын, мәселелерді журналистер мен медиа мамандары ұсынады. Көбіне көп адамның күрделі, кешенді дүниелерге бағыттайтын мәліметтер "түрлі түсті оқиғалар" немесе "софт жаңалық ерекшелігі" деп аталып жүр.

Үкімет жыл сайын бюджетті мәлімдеген соң медиа беттеріндегі оның "қарапайым адамдарға" әсері жарияланады. Адамзат қаржы және саяси жаңалықтардағы құрғақ мәліметке қызығушылық танытады. Адам мүддесін оятатын жаңалыққа басқа адамдардың тәжірибесіне үңілу де жатады, олардың жетістігі немесе бастан кешкен қиындығы туралы оқи отырып, өз жай-күйімізді бағалаймыз.

Адам мүддесіне мысал⁸ ретінде Тәуелсіздік күні немесе Конституция күнін келтірсек болады. Бұл шақта медиа «күн сайын» медаль мен марапат алып жатқан адамдар туралы ақпарат таратады. Соңғы жылдары белгілі тұлғалар танымалдық құндылығына ықпал еткендіктен, кейбір жағдайда адам қызығушылығын жаңалық құндылығы ретінде әсірелеп көрсету бар.

2014 жылдың шілдесінде Амстердамнан Куала-Лумпурға ұшып бара жатқан *Malaysian Airline Flight 17* ұшағын Украина төбесінде атып түсіргенде 283 жолаушы мен экипаждың 15 мүшесі опат болды. Халықаралық саясатты дүр сілкіндірген оқиға түрлі пікірталас

⁸ URL: <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistika-teoriya-men-praktika-ga-zhanga-kozqaras>

лас тудырды, Малайзия әуе жолының сұмдық тағдыры сөз болды (бірнеше ай бұрын әуе желісінің MH370 ұшағы белгісіз жағдайда жоғалып кеткен еді). Ұшақ бортында болған адамдарға медиа ерекше назар аударды, солайша бізге «қарапайым адамдардың» оқиғасы ықпал етті.

Журналистер мен медиа мамандары құбылмалы жаңалықтар әлемінде адам қызығушылығына бағытталған оқиғаларды әзірлеуге құштар деседі, әдетте, оны зерттеуге көп уақыт пен ресурс кетпейді. Мұндай жаңалықты сұхбат мақаласына айналдыру арқылы жасай салуға болады, осылайша әлем аудиториясын аралап кете береді. Әдетте, адам мүддесі жаңалық құндылығы ретінде өзге құндылықпен – жаңашылдықпен ұштасады.⁹



Ойбағдар:

Жаңашылдық

Сирек кездесетін, ерекше, тіпті ерсілеу оқиға-құбылыстар туралы мәлімет көп жағдайда жаңалыққа айналады. Жаңашылдық – жаңалық құндылығы ретінде көңіл аударуға тұратын, әңгіме нысанына айналатын оқиғаларды қамтиды (Man Lifts Forklift Truck геген сияқты). Әдетте, жаңашыл оқиғалар газеттің бос орнын толтырады немесе телерадио арнадағы ақпарат легінің соңынан айтылады.

Дегенмен медианың постиндустриалды кезеңінде (оқығыңыз келетін немесе естіп-көргіңіз келетін жаңалықтарды таңдай аласыз) жаңашыл жаңалықтар жиі айтылады. Себебі медиа мамандары олардың сұранысқа ие екенін байқады. Жаңашылдық – жаңалық құндылығы ретінде қоғамдағы өзгеріске ықпал етегі.

Мысалы, 1978 жылы Ұлыбританияда Луиза Браун экстракорпоральді ұрықтандыру (ЭҚҰ) нәтижесінде өмірге келген алғашқы сәби болғанда, бала мен оның ата-анасы, медицина қызметкерлері туралы жаңалық әлемді шарлап кетті. Содан бері миллиондаған бала ЭҚҰ әдісімен өмірге келді, бұл әдіс енді тың немесе ерекше жаңалық емес.

⁹ <https://open.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistsika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>

Конфликт

Журналистер мен медиапрактиктер ақпарат **конфликт**¹⁰ тудырса, оны жариялауға асығады. Соғыс сияқты күш көрсетілетін қақтығыс немесе келіспеу сияқты бейбіт конфликт болуы мүмкін. Көбіне конфликт біраз уақыт ушығады, кеулейді. Кейін бұрқ етіп қайнап шыққанда, оның ықпалы мен салдары аудиторияның назарын өзіне аударады.



Ойбағдар:

Конфликт – жаңалық құндылығы ретінде қауіпсіздікте және тоқшылықта өмір сүрсек деген негізгі қажеттілігімізді күйтпейді. Журналистикадағы ерте көрінісі соғыс пен ұрыстардан байқалды. Сондай-ақ жер сілкінісі сияқты апатты жағдайлар мен табиғи құбылыстармен күрескен адамдар туралы оқиғаларды қамтиды.

Конфликт шешімі беймәлім, ақыры немен бітетіні белгісіз оқиғалар туралы баяндайды. Егер жаңалықтағы сөз ауанын, суреттеуді немесе дыбысын аңдасаңыз ақпарат жеткізуші тілінің көбіне конфликтінің тірек боп тұрғанын байқайсыз. Конфликт журналистердің сөйлеу тіліне ықпал етеді.

Мысалы, «Алқалы жиындағы соғыс» деген тақырып – компания жетекшілерінің бір-біріне зымыран ұшырып, граната лақтырғанын білдірмейді; олар өзара келісімге келе алмағанын түспалдайды. Сол сияқты крикет командасы өзгенің шабуылын тас-талқан еткенде, оны матч туралы сөзбе-сөз есеп деп емес, метафора ретінде қабылдау керек. Осындай бейнелі тіл конфликт пен драма тудырады.

Өзектілік

Ең соңында, жаңалық құндылығы ретінде журналистер мен медиа мамандары ақпараттың өзектілігін¹¹ тексереді.

¹⁰ <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>

¹¹ <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>



Ойбағдар:

Өзектілік – жаңалық құндылығы ретінде жуырда жаңалық ретінде талқыланған ақпаратқа қатысты. Мысалы, интернет қылмысы туралы ақпарат жарыққа шықса, одан көптеген жаңалық туындауы мүмкін.

Себебі медиа да, қоғам да мәселенің өзектілігін сезінеді. Сәйкесінше, қызығушылық артады. Жаңа сөздің мағынасын түсінген кезіңізді еске алыңызшы. Бұдан соң ол сөзді барлық жерден көріп тұрғандай боласыз. Медиадағы жағдай да осыған ұқсас. Бір оқиғаның тақырыбы елдің назарын өзіне аударады, өзекті болғандықтан одан көптеген жаңалықтар туады. Сондақ-ақ өзектілігі кереғар, эмоционалды реакция тудыратын оқиғалар да кездеседі.

Мысалы, қылмыс жасалса, қоғам оны жабыла айыптайды. Кей жағдайда заңға өзгеріс енгізуге түрткі болады. Оқиғаның құқықтық тұстары ескеріліп, мұқият әзірленеді. Оқиғаның ыстық-суығы басылғанша түрлі пікірталас толастамайды. Сол ақпаратқа қатысты жаңа деректер пайда болғанда немесе оған белгілі бір жыл толғанда оқиға қайтадан өзекті болуы мүмкін.

Өзіңіз осы құндылықтарды бағалай бастаған боларсыз; олардың топтастырылып берілгенін және қолдануда нақты бір тәртіп жоқ екенін байқаған шығарсыз. Жаңалық құндылығы бекітілген мән емес. Керісінше, жаңалықтың мәні ықтималды және өзгермелі келеді. Тіпті түрлі әрекеттерде бір-біріне қарама-қайшы келуі ғажап емес.

Мысалы: конфликт шалғайда, бірақ танымал тұлғаның қатысуымен өткен, болмаса оқиға қарапайым адам туралы, бірақ ол адам нанғысыз ғажайып әрекет жасаған. Күн сайын журналистер мен медиа мамандары өзара ақылдасқанда және бейресми редакциялық лездемеде қандай да бір жаңалықты жариялауға бола ма, жоқ па деп дауласады. Ал бір жағдайды олар бір ауыздан жаңалық құндылығы бар дүние деп тапса, оны «ірі оқиғаға» айналдырып, медиа-оқиға жасайды.

Дайан мен Кацтың (1994) анықтамасына сүйенсек, **медиа-оқиға**¹² – бұқаралық коммуникация әлемінде тарихи оқиға сана-

¹² <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistsika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>

латын сәт. Елеулі оқиға жайлы материал беру үшін әдеттегіден көп қызметкер жұмылып, ресурс пен кеңістік барынша көбірек пайдаланылады. Ондай жаңалықты қамтуға персонал, ресурс пен кеңістікті жұмылдырады, әдеттегіден бірнеше есе артық күш жұмсайды. Бромли мұндай «ұлан-асыр» журналистиканы «ірі оқиғаны жылдам, кеңінен қамту» деп сипаттайды (2005: 313).

Оған мысал, алдын ала жоспарланған «шулы, танымал» оқиғалар: король отбасындағы үйлену тойы, ауқымды спорт сайысы немесе аяқ астынан болған жағдайлар: Сиднейдегі Линдт кафені қоршауға алу немесе стихиялық апаттар жатады. **Үстірт журналистика**¹³ техникалық жетістіктер қажет. Оған саяси технолог шеберлігі мен қоғаммен байланыс күші ықпал етеді. Дегенмен оқиғаны қалай беру керектігіне шешім шығарарда, жариялауға табырлық па деп кеңескенде медиа мамандары жаңалық құндылығына¹⁴ иек артады.



Ойбағдар:

Жаңалық құндылығы ақпараттық жаңалыққа айналуына ықпал етіп қана қоймай, оның қалай берілетінін, жаңалықты кім жасайтынын, газет немесе ақпараттық хабарда, сайтта қалай шығатынын анықтайды. Жаңалық құндылығын бағалағанда журналистер мен медиа мамандары «кім, не, қайда, қашан, неліктен және қалай» деген сұрақтарға жауап іздейді.

Жаңалық құндылығы – оқиғаның жариялауға тұрарлық деңгейін таразылауға арналған ақпаратты сұрыптау үлгісі. Қазіргідей ақпарат ағыны ағыл-тегіл заманда – ақпаратты сүзгінен өткізу, талдау, критерий болғанын құптаймыз, ауқымды деректің негізгі мағынасын алсақ та жеткілікті.

Өзіңізге келген ақпаратты қалай өңдеу туралы ойлансаңыз, оны жеке тәжірибеңіз бен әлемді түсіну ерекшелігіңізге қарай

¹³ <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>

¹⁴ <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>

өңдеп, қабылдайтыныңызды білесіз. Жаңалық құндылығы туралы оқығанда, «жаңалық» дегеніміз – көпшілік мақұлдаған және кеңінен қолданылатын құндылықтарға негізделген, кәсіби мамандар шешімімен алынған өнім екенін байқаймыз. Бұл үлгі жаңалық шығаруға негіз болады. Енді жаңалық құндылығының қалай дамитынын саралап көрейік.

ЖАҢАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫН ТАНУ

Түрлі бұқаралық ақпарат құралдарынан: жергілікті газеттен, мемлекеттік газет пен электронды жаңалық агенттігінен келген жаңалықты қарап шығыңыз. Әр оқиғадағы жаңалық құндылығына сын-пікір айтыңыз. Оқиға аудиторияға жақындығы үшін таңдалған ба, әлде ондағы адамдар танымал болғаны үшін жаңалыққа айналған ба?

ЖАҢАЛЫҚ МӘДЕНИЕТІ МЕН ЖАҢАЛЫҚТАР РЕДАКЦИЯСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУІ

Әдетте, жаңалық құндылығы¹⁵ жаңалықтар редакциясындағы журналистер мен медиа мамандардың әлеуметтенуі арқасында сақталады. Топ мүшелері жалпылама қалыптасқан дәстүр, көзқарас пен құндылықты үйреніп, қабылдаған кезде әлеуметтену процесі жүреді. Біз өмір бойы әлеуметтену процесінен өтеміз. Орта мектепте оқыған кезіңіз бен жұмысқа орналасқанда өзіңізді қалай ұстау керектігін үйренгеніңізді еске алыңыз. Мінез-құлқыңыз бен көзқарасыңыз түрлі жағдайға қарай өзгерді ғой. Мысалы, спортпен айналысқан кезде іс-қимылыңыз бен сөйлеу тіліңіз отбасына барған кездегіден басқадай болады. Осындай әлеуметтену процесі арқылы біз аккультурациядан өтеміз, басқа мәдениеттен үйреніп, ерекшелігін қабылдаймыз.

Журналистер мен медиа мамандары әлеуметтену кезінде **жаңалық мәдениетіне**¹⁶ бейімделеді, жаңалықтар редакциясы мен

¹⁵ <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>

¹⁶ <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>


медиа ұйымдардың іс-әрекетін сипаттайтын көзқарас пен мінез-құлық басымдығы деп соны айтамыз. Журналистер мен медиа мамандары тиісті сала мен институттың сенімін қабылдайды. Мысалы, *Қазақстан телеарнасының «Сөнбес сәуле»* бағдарламасының журналисі немесе камера операторы жаңалықтың не туралы екендігі және оны қалай ұсыну керектігі жайлы пайымы *«Евразия 1» телеарнасының* қызметкеріне қарағанда басқаша болуы мүмкін. Сол сияқты онлайн медиа редакциясындағы мамандар жаңалық құндылығын басқаша үлгіге сай қолдануы мүмкін. Бұл олардың белгілі бір жаңалық мәдениетіне жататынын көрсетеді.

Әдетте, Австралияда жаңалықтар иерархиялық және бюрократиялық жүйеге негізделіп жасалды. Жаңалықтар қызметінде ақпаратты жаңалыққа айналдыратын тұтас топ болды. Бұл журналистиканың индустриалды үлгісін көрсетті (*кейде оны «журналистиканың фабрикалық үлгісі» деп те атайды*). Бұл жаңадан келгендерді жаңалық мәдениетіне тәрбиелеп, әлеуметтендіретін қуатты күш еді. Редакциялық алқаның қатарына қосылғанша маманның болмысында жаңалық мәдениеті қалыптасып қояды. Кімнің жұмысқа тұратынын анықтайтын таңдау критерийі әлеуметтенуге байланысты болды және жаңалық мәдениетінің дәстүрі үзілмей келе жатқанын көрсетті.

2001 жылы зерттеушілер Тапсалл мен Варлей тәжірибелі австралиялық журналистер арасында сауалнама жүргізіп, журналист болу үшін қандай шеберлік пен машықтың қажеттігін анықтауға тырысты.



Деректеме:



38.1-сурет



38.2-сурет

Бұлар ең көп талап етілетін шеберліктің түрлері. Одан бөлек қасиеттерге: дедлайнға дайын болу, ойлану әрі талдау жасау

дағдысы, тапқырлық пен қайсарлық, шынайылық, дәлдік пен тұтастық жатады (*Tapsall & Varley, 2001:11*).


Содан бері медиа технология маңызды өзгерістерді өткерді. Жаңалықтар тәулік бойы түрлі дереккөз бен платформадан түсіп жатады. Цифрлық медиа ғасырында дереккөзбен және аудиториямен үнемі байланыста болу қалыпты құбылыс. Технология медиа мамандарына қандай оқиғаның елдің назарын өзіне аударатынын және сол қызығушылықты қаншалықты ұзақ ұстап тұратынын анықтауға көмектеседі. Жаңалық контент ретінде сипатталады. Оның өнімі мен жариялануы бір ізге түсті. Журналистер түрлі дағдыны игерді, сәйкесінше, жаңалықты бір сәтте түрлі үлгіде бере алады. Соған қарамастан, редакторлар мен рекрутерлер медиа әлеміне жаңа маман таңдағанда Тапсалл мен Варлей көрсеткен сипаттамаға жүгінеді.

Карл Смит¹⁷ 2014 жылы ABC телерадиокомпаниясындағы мультиплатформаны үйренген. Жаңалықтар қызметінде біршама өзгерістер өткені мәлім. «Ескі тарату режимі» өзгерді деген жалпы мойындаған тәжірибеге көшкенмен, бірінші жылды «кадеттік лагерьден» бастағанын айтады. Ұстаздарымыз ABC-дің идеалды мультиплатформасы күні ертең осындай тәжірибе болатынына сендірген дейді (*Smith, 2014*).

¹⁷ URL: <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistika-teoriya-men-praktikagazhanga-kozqaras>



Деректеме:



39-сурет

Жаңалық мәдениеті кейін жаңалық құндылығын тудырады, ол ақпаратты таңдау мен тіл және дискурсты қолданып, баяндауға ұласады.¹⁸

¹⁸ <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>

ДИСКУРС ЖӘНЕ ӘҢГІМЕ



Ойбағдар:

Жаңалық мәдениеті жаңалық дискурсын тудырады. Дискурс – жазбаша және ауызша идеяны беру әдісі, журналистер мен медиа мамандар оқиға, маңызды хабар, ракурс сияқты терминдерді қолданып, ақпараттың көкейтестілігін анықтайды. Жаңалық дискурсы жаңалық құндылығына да ықпал етеді. Сол арқылы жаңалықтың харг жаңалық әлде софт жаңалық екенін нақтылайды.

Әдетте, жаңалықтар редакциясында жаңалық дискурсы қолданылған ақпарат нарративке ұласады, солайша «сюжет» деген термин шығады. Ақпараттың кіріспесі, негізгі бөлімі мен қорытындысы жазылып, бір қалыпқа салынады. Бұл жерде кіріспе мен қорытындының мәселені түйіндеуін қажет етпейді. Нарратив стилі біздің ақпаратты өңдеуімізге ықпал етеді.

Күнделікті өмірде ақпаратты достарыңызға қалай жеткізетініңіз туралы ойланып көріңізші. Әдетте, мынандай үлгіге сүйенесіз: алдымен назарларын аудару үшін ең қызық жерін айтып, қармақ тастайсыз; содан соң кім/не туралы екенін нақтылап, қосымша дерек бере кетесіз, өзіңіз білетін егжей-тегжейін баяндайсыз, содан соң қорытындылайсыз. Бұл нарратив стилі.

Ақпарат жалпы нарратив стилімен берілмесе, тыңдаушының наразылығы туады, сюжетті түсіну қиындайды. Сюжет тыңдаған кезде оны бел ортасынан бастап, сіз алдыңғы ақпаратты онсыз да біледі деп айтпай кетсе, ондай әңгіме көңіл көншітпейді. Жаңалық сюжеті оқырман/көрермен оқиғаны дереу түсінуі үшін нарратив стилін ұстанады. Медиа және мәдени зерттеуде оны кодтау және қайта кодтау деп сипаттайды. Журналистер мен медиа мамандары ақпаратты жаңалық сюжетіне айналдырып, кодтайды; жаңалықты

қабылдайтын халық оны қайта кодтап алады. Кодтау кезеңінде журналистер ақпаратты жаңалық сюжетіне айналдыру үшін жаңалық құндылығын қолданады.



Ойбағдар:

Фреймгеу:

Жаңалық сюжетін жасау жолы фреймгеу деп аталады. Оны түсінудің бір жолы – фотографтардың суретті «құрау» әдісін түсіну. Олар сурет алаңына қарағанда заттарды түрлі ракурстан көреді; бірақ тек бір аспектіні негізге алып, соны кадрға түсіреді, содан сюжет «құрастырып», көрерменге шындықты қабылдаудағы өз нұсқасын ұсынады.

Әлеуметтік желіге салған дерегіңіз де соған мысал бола алады, белгілі бір суреттер салып, пост жазу арқылы өз тұлғаңызды «құрайсыз», яғни «фреймдейсіз». Сол сияқты журналистер мен медиа мамандары ақпаратты жаңалық сюжетіне айналдырғанда белгілі бір әдісті, яғни фрейм қолданады, ол тақырыптан немесе кіріспеден байқалады. Қандай ақпаратты қамту, қайсысын алып тастау шешіледі, қай бөліктің басым тұру керектігі анықталады.

Уақыт өте келе жаңалық тұтынушылар бұл әдісті саналы немесе бейсаналы түрде қабылдай береді, осылайша мағынасын ұғынып алады. Фреймгеу шындықтың суретін ұсынады, бірақ оқиғаның табиғи қалпы тәрізді¹⁹ қабылданады. Дегенмен жаңалықты тұрақты жаңарту мен өзара әрекеттесуді оңайлатқан жаңа медиатеchnологиялар аудиторияның бұл парадигманы қабылдай бермейтінін, жаңалықтың өзіндік нұсқасын жасап алатынын көрсетті. Алайда біз оның бәрі материалды таңдау мен қабылдамауды талап ететінін, демек, жаңалықты қайталап рефреймгеу керектігін ескертеміз.

¹⁹ URL: <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistika-teoriya-men-praktikagazhanga-kozqaras>



Ойбағдар:

Гейткипинг (Gatekeeping – қақпаны күзету) және өзектілікті анықтау.

Өздеріңіз байқағандай, журналистер мен медиа мамандары ақпаратты сүзгінен өткізеді. Арнайы баяндау қалыбына салып, деректергі ретімен ұсынады; әлеуметтену талабы бойынша жаңалық құндылығын анықтайды. Бұл процесс кезінде жаңалық ретінде жариялауға келмейтін ақпарат та болатыны анықталады, осылайша қай элементін қалдыру керек, оны қалай беру керектігі шешіледі. Сондықтан журналистер мен медиа мамандарын гейтклер деп атаса болады. Гейткпинг жаңалықтың күн тәртібін жасағанда әсер ететін маңызды фактор.



Деректеме:



ПОСТИНДУСТРИАЛДЫ ӘЛЕМДЕГІ ЖАҢА ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Тиффин (1989):²⁰ «Жаңалық құндылығы – аудиторияны, формат пен бәсекелестікті көрсетеді», – дейді. Аудитория жаңалықты қабылдау әдісін өзгертеді, жаңа форматтар шығады, бұрынғыларын іске алғысыз етеді, жаңалық пен аудитория үшін бәсекелестік артады; осылайша жаңалық құндылығына әсер етеді.

2012 жылғы «талқандалған жаңалық әлемі» атты баяндамасында Колумбия университетінің *Tow Center for Digital Journalism* орталығы постиндустриалды медиа әлемге журналистиканың қалай бейімделгенін зерттеді. Постиндустриалды журналистика: қазіргі заманға бейімделу жаңалық өндірісінің дәстүрлі жүйесінен постиндустриалды журналистиканың жаңа әлеміне өтуін талдайды – оған біз айтқан жаңалық мәдениеті мен әлеуметтену де кіреді (*Anderson, Bell & Shirky, 2012*). Жаңа әлемде цифрлық платформалар мен ақпаратты енгізу және шығару үстемдік етеді. Баяндамада осының бәрі біздің жаңалықты алу жолымызға, оқиғаны құрастыру мен қайта түсінуге қалай әсер ететіні қарастырылды.

Бірқатар сыншылар қазіргі кезде жаңалықтың тауарға айналып кеткенін айтып, сенсация жасауға құмарлық, медиа мамандарға айрықша ракурс тап деп қысым жасаудың соңы (*жаңалықтар қызметіне балама бизнес моделін табу*) жаңалық құндылығын қолдануға ықпал етеді дейді. Жаңалықты **коммодификациялау**²¹ оған сатылатын тауар ретінде қарау дегенді білдіреді. Қанша ақша жинайды, өндірушіге қаншаға түсетінін саралайды. Журналистік зерттеу бейнеті көп әрі қымбат жұмыс. Соның арқасында маңызды ақпарат пайда болса да, көптеген медиа оны қаржыландырудан бас тартады. Оның орнына арзанға түсетін, тез алуға және жариялауға болатын «жаңалықтарды» мақұл көреді. Сондай-ақ олар **чурнализм**²² деп аталатын жаппай желілік көшірме мен

²⁰ <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>

²¹ <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>

²² <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>

баспасөз мәлімдесіне сүйенеді. Аланның (2005) айтуынша, жалпы жаңалықтағы коммодификация жаңалық контенті мен құндылығына жұмсақ әсер ететін корпоративті мүддені көрсетті. Бұл кросс-промоушн, жарнама мен жаңалық арасындағы шекараны жояды, *Seven Television Network* жаңалықтарын көргенде соны байқаймыз. Мысалы, телеарна ойдан шығарылған Мел Рафтердің қазасы туралы мәлімдеді, ол әйгілі *Packed to the Rafters* бағдарламасының кейіпкері болатын (*Seven* арнасынан көрсетіледі). Мел мобайл телефонына қарап, тоқтау белгісінен өтіп кетіп, көлік апатына ұшырады. Кейбір кезде оқиғаны осылай жаңалыққа айналдырады. Демек, көлік жүргізгенде мобайл телефонды қолданбауды ескертеді.

Фэрклаф (1995) бұл оқиғаның бәрі ары қарай жаңалық тілінің **конверсализация**²³ жолымен анықталады дейді. Яғни жаңалық табиғатынан көпшілікке арналса да, басым бөлігі жеке мекенде немесе дербес құрылғыда қолданылады. Өңгімелеу тілі жаңалық пен ойын-сауық арасындағы тексерілген, дереккөзі бар жаңалық пен өсек-аяң арасындағы шекараны жойып жібереді. Соған қоса графикалық революция суреттің сөзден биік тұруына ықпал етті, жаңалықты таблоидтау соны күшейтті. Австралиялық косметолог Шапель Корби 2005 жылы Балида есірткі контрабандасы үшін ұсталып, сотталғанда газеттер мен парақшалар оның жақыннан түсірілген суретін беріп, «Жиырма жыл» деген екі сөзбен ғана тақырып қойды.

Онлайн журналистиканың бірінші сатысында танымал дәстүрлі медиа жазбаша шыққан не хабарлаған контентін парақшаға салумен шектелетін. Соңғы жылдары олар гиперсілтеме арқылы оқиға ішіне онлайн-материал салатын болды, қазір көбі (*оған аудитория мен тұтынушылар да кіреді*) басқа дереккөзден ақпарат, суреттер, видео және есептер ала алады. Бұндай қолданушы контентінен құралған сайтта көргеніміз, естігеніміз бен оқығанымыз тікелей әсер етеді. Ол жаңалықтың күн тәртібіне ықпал етіп, оқиғаның өрбуін тездетеді. Контентті аудитория *Twitter* мен *Facebook* сияқты әлеуметтік желілер арқылы да ала алады.

²³ <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistsika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>



Ойбағдар:

Австралиялық баспасөз кеңесінің төрайымы профессор Жулиан Дисней өзгерістер туралы айтып, олардың артықшылығын көрсетеді (2015):

«[Аудитория] ақпарат пен пікірдің кең ауқымын тез әрі арзан жолмен алатын болды. Көп жағдайда кеңістік шектеуі жоқ... материал тез түзетіліп, жаңартылады; сілтемелер аудиторияның қажетті материалды алуын жақсартады. Жаңа пікір мен әдістер енгізіліп жатыр, соның ішінде оқырман пікірі де ескеріледі. Әлеуметтік желі адамдарға білімі мен көзқарасын барынша кең таратуға мүмкіндік береді».

Сондай-ақ Дисней ақпараттың дәлдігі мен шынайылығы, жеке өмірге қол сұқпауға қатысты бірқатар мәселелерді атап айтады. Баспасөз кеңесі сияқты реттеуші ұйымға ғана емес, медиа мамандар мен қоғамның барлық мүшесіне қатысты. Шумейкер мен Восс (2009) тұтынушылардың дәстүрлі медиадан алып, бөлісетін, пікір жазатын және қайта жариялайтын материалына қатысты «аудитория гейткипері» деген терминді қолданады. Нолан (2003): «Онлайн журналистика көпсалалы әлемде баяндау формасын табу үшін күресіп жатыр», – дейді. Оның пікірінше, дәстүрлі жаңалық пен медиа мамандары құбылмалы мультимедиа ортасында бекітілген әдістер мен негізгі құндылықтарды сақтап қалуға тырысып келеді. Соның нәтижесінде жаңалық блогы өмірге келді, ол журналистердің еркіндігін көбейтті, өзіне сенімді болып, жеке пікірін айтуға ықпал етті. Кей жағдайда оны қалыптасқан жаңалық үлгісімен емес, балама модельмен жұмыс істейтін жаңа цифрлық құралдың күшеюінен байқаймыз, мысалы, *Circanews* пен *Buzzfeed*-ті соған жатқызуға болады.

КӨПЖЕЛІЛІ МЕДИАҒА ТАЛДАУ

Көпжелілі медиа әлемінде жаңалық құндылығының қалай қолданылатынын бақылаңыз. *Circanews* немесе *Buzzfeed* сияқты жаңа

онлайн жаңалық сайтына кіріп көріңіз. Олардың контентіне талдау жасаңыз. Дәл сондай онлайн жаңалық беру құралын зерттеп, олардың мақсаты мен жұмыс істеу әдісі туралы оқыңыз. Ол контентте қалай көрініс тапқан?

Түйінді ой

Жаңа технологияның дамуы жаңалықтың жиналуына, жарық көруіне және қабылдануына ықпал ете беретіні тәрізді, жаңалық құндылығы туралы пікірталас та жалғаса береді. «Жаңалық сюжетін жасауға не ықпал етеді?» деген сұрақ та күн тәртібінен түспейді. Бірақ дәстүрлі (*кейде «ескірген» деп те айтылады*) жаңалық редакциясында істесін, әлде дамып келе жатқан цифрлық әлемде қызмет етсін – журналистер мен медиа мамандары арқалаған маңызды әрі өзекті міндет бар – ол жан-жақтан қоршаған ақпарат ағынын реттеп, оқырманға керегін беру. Сенім артылған кәсіби мамандар жаңалық контенті арқылы ақпаратқа жетекшілік етуі тиіс. Осындайда француздың ежелгі *«plus ça change, plus c'est la tete chose»* деген мақалы еске түседі, біздің тілімізде «дүние неғұрлым өзгерген сайын, соғұрлым бұрынғы қалпында қалады» дегенді білдіреді.

Өзіңізге келген ақпаратты «жаңалық» ретінде қабылдау немесе қабылдамау туралы шешімді қалай қабылдайтыныңыз жайлы тағы да ойланып көріңіз. Оны қалай алатыныңыз маңызды емес: мәтіндік хабар болсын, әлеуметтік желі болсын, сүйікті блогыңыздан оқыған шығарсыз немесе досыңызбен әңгімелесіп отырғанда естіген боларсыз. Сол сәтте журналистер мен медиа мамандары ақпаратты жаңалыққа айналдыру кезінде қабылдайтын критерийге сүйеніп, жаңалықтың көкейкестілігін өзіңіз шешесіз.

НЕГІЗГІ ОЙДЫ ТҮЙІНДЕУ

– Жаңалық құндылығы дегеніміз – медиа мамандары ақпараттың жаңалық ретінде жариялануы қажеттігін анықтайтын критерий, оған ықпал, жақындық, танымалдық, адамдар қызығушылығы, жаңашылдық, конфликт пен өзектілік жатады.

– Жаңалық құндылығы бекітілген, бұлжымайтын қағида емес. Ол салыстырмалы, үнемі өзгеріп тұрады, жаңалықты бағалау мен оқиғаны құрастырып беруге қажетті үлгі саналады.

– Жаңалық құндылығы жаңалық мәдениетін қабылдаған журналистер мен медиа мамандардың әлеуметтену деңгейіне қарай зерттеледі және жетіліп тұрады.

– Жаңалық жасаушы мамандардың идеяны жазу және сөйлеу тілінде беру жолы (*оган жаңалық ретінде беруге тұратынын анықтау да кіреді*) «жаңалық дискурсы» деп аталады.

– Ұлан-асыр журналистика – оқиғаны дереу, сол сәтте хабарлау (*кейде «медиа-оқиға» деп те аталады*).

– Фреймдеу – жаңалық сюжетін жасаған кезде ақпараттың өзіне қажетін алып, басқасын қамтымау. Ол кезде белгілі бір аспект не ракурсқа ерекше екіпін жасалады. Сондай-ақ фрейминг кезінде жекелеген медиа мамандары мен ұйымдардың өзіне тән жаңалықты беру әдісі мен тұтынушыға контексті ұсыну әдісін көрсетеді.

– Гейткипинг – ақпараттың белгілі бір бөлігін ғана алу. Дәстүрлі жаңалық беру процесінде онымен медиа мамандары айналысады, ал цифрлық әлемде аудитория да өзіне керегін таңдап, бөліп алып, пікір жазып, бөлісу арқылы гейткипинг жасай алады.

– Жаңалықтың күн тәртібі біздің жаңалықты алғаннан кейінгі реакциямыз бен оны ары қарай беруімізге әсер етеді.

– Жаңалық коммодификациясы дегеніміз – жаңалықты таразылауға, саудалайтын тауар ретінде қарау. Ол жаңалықтың жаһандануы мен оны басқару мүмкін еместігін көрсетеді.

– Журнализм – медиақұралдар баспасөз мәлімдемесі, қоғаммен байланыс және контенттің телеграммалық көшірмесіне сүйенеді дегенді білдіреді.

– Жаңалық конверсализациясы кезінде жаңалық тілі күнделікті әңгіме тілімен баяндалады, қоғамдық және жеке әңгіме арасында шекара болмайды; жаңалықтың көбі қоғамға арналса да, басым бөлігі (*атап айтқанда, трансляция мен онлайн жаңалықтар*) жеке доменде, мысалы, демалыс орнында қолданылады.

– Постиндустриалды медиа әлемде жаңалық әркез иерархиялық процестің нәтижесі бола бермейді, бірнеше тармаққа бөлініп кетеді, көбіне онлайн гиперсілтемені қамтиды, осылайша жаңалыққа түрлі көзқарас тұрғысынан қарауға болады.



Ойтұжырым:

1. Жаңалық құндылығы деген не? Тарауда көрсетілген негізгі критерийлерді атап шығыңыз.
2. Журналистер мен медиа мамандары жаңалық сюжетін жасағанда ақпаратты қалай електен өткізетінін сипаттаңыз.
3. Ақпараттың бір бөлігін таңдап алып, басқасын ысырып тастау – гейткипинг деп аталады. Медиа гейткиперлері мен аудитория гейткиперлері арасындағы айырмашылық қандай?
4. Оқиғаны құрастыруға қажетті фреймдеу процесін қалай сипаттайсыз?
5. Күнделікті газетке шығатын жаңалықтан онлайн контенттің айырмасы қандай?
6. Осы тарауда баяндалған жаңалық құндылығын шолып шығыңыз. Өзіңізге ұнайтын жаңалық ортасының біреуін қараңыз – ол газет, жаңалық бюллетені немесе сайт шығар. Негізгі оқиғаны жазыңыз. Неліктен ол жаңалық ретінде берілді? Жаңалық құндылығы бойынша тексеріңіз, неліктен редакция бұл оқиғаны жаңалық санатына қосты екен?
7. Медиақұралдан үлкен оқиғаны таңдап алыңыз. Басқа медианың сол оқиғаны беру жолымен салыстырыңыз. Кем дегенде бір шетелдік медианы қамтыңыз. Олардың жаңалықты беру әдісі қандай? Неліктен олай деп ойлайсыз? Оқиға нақты баяндалған ба? Тараудан алған біліміңізге сүйеніп, себептерін атап өтіңіз.



Деректеме:

1. Anderson, C.W., Bell, E. & Shirky, C. (2012). *Post-Industrial Journalism: Adapting to the Present*. New York: Tow Center for Digital Journalism, Columbia University. <http://towcenter.org/research/post-industrial-journalism>.
2. Dayan, D. & Katz, E. (1994). *Media Events: The Live Broadcasting of History*. Cambridge, MA: Harvard University Press.
3. Hilbert, M. & Lopez, P. (2011). 'The World's Technological Capacity to Store, Communicate, and Compute Information'. *Science*, 10 February.
4. Nolan, S. (2003). *Journalism Online: The Search for Narrative Form in a Multilinear World*. Melbourne: Fifth Annual Digital Arts and Culture Conference. www.hypertext.rmit.edu.au/dac/papers/Nolan.pdf.
5. Shoemaker, P. & Vos, T. (2009). *Gatekeeping Theory*. New York: Routledge
6. <https://baq.kz/news/othernews/bes-qyzdyn-olimi/>
7. https://www.inform.kz/kz/astanadagy-bes-kyzdyn-olimi-balalardyn-ata-anasy-tungi-zhumysta-bolgan_a3494709



Кітап оқы:

- Михаил Булгаков. «Мастер мен Маргарита». – Москва, 2013
- Томас Мор. «Утопия». – Москва, 2018
- Федор Тютчев. «Сіз неге бүгін...». – Москва, 2021
- Мұхтар Шаханов. «Өркениеттің адасуы». – Алматы, 2003
- Олжас Сүлейменов. «Аз и Я». – Алматы, 2004

САЙТТАР

1. Australian Broadcasting Corporation: www.abc.net.au
2. BuzzFeed: www.buzzfeed.com
3. Circanews: www.circanews.com
4. PBS: www.pbs.org
5. Bell, A. (1999). *The Language of News Media*, Oxford: Blackwell Publishers Ltd.
6. North, L. (2009). *The Gendered Newsroom*. USA: Hampton Press Inc.

Сөздік:

Жаңалық құндылығы: медиа құралдары қандай ақпараттың жаңалық ретінде жарық көруін анықтайтын критерий. Оған ықпал, жақындық, танымалдық, адамдардың қызығушылығы, жаңашылдығы, конфликт пен өзектілігі әсер етеді.

Ықпал: жаңалық оқиғасы салдарының ауқымы, жаңалық салдары неғұрлым терең, ауқымды болған сайын, ықпалы да соғұрлым үлкен болады.

Жақындық: оқиға мен аудитория арасындағы қашықтық. Жаңалықты қабылдайтын адаммен оқиға орын алған мекен неғұрлым жақын болса, оның ықпалы да соғұрлым орасан зор болады.

Танымалдық: жаңалықта бір немесе бірнеше танымал тұлғаның қамтылуы, олар оқиғаны жариялауға тұратын ақпаратқа айналдырады.

Адам мүддесі: қарапайым адамға қатысы бар оқиғалар мен мәселелер; әлеуметтік тұрғыда маңызды әрі қызықты деп саналатын ақпарат.

Жаңашылдық: жаңалық ретінде сирек кездесетін, ерекше оқиғаларды баяндау.

Конфликт: қарсылық таныту, өшпенділік жағдайы; жаңалық жазаушының көзқарасында айтарлықтай зорлық-зомбылық тудырған конфликт (мысалы – соғыс), болмаса келіспеушілік сияқты күш көрсетілмейтін конфликт болады.

Медиа-оқиға: медиа әлемінде тарихи маңызы бар оқиға, басқа жаңалықтар оның тасасында елеусіз қалады.

Үстірт журналистика: үлкен оқиғаны дереу, әп-сәтте жариялау.

Жаңалық мәдениеті: жаңалықтар қызметі мен медиа ұйымдардың іс-әрекетін сипаттайтын көзқарас пен мінез-құлық басымдығы.

Әлеуметтену: жеке тұлғаның мәдениетке қосылу процесі, сол мәдениетті үйреніп, қабылдау, ерекше тұстарын тәжірибемен өткізу.

Жаңалық дискурсы: жаңалық әзірлеуші мамандар идеяны жазбаша және ауызша беру әдісі, оған оқиғаның жаңалық ретінде құндылығын бағалау тәрізді элементтер кіреді.

Фреймдеу: белгілі бір аспектіге немесе ракурсқа екпін жасап, жаңалық сюжеті құрылымындағы ақпаратты таңдау немесе қабылдамау процесі.

Гейткипер: бөлім редакторы сияқты медиа саласының маманы, қандай жаңалық не ақпаратты қоғамға ұсынуға болатынын, қайсысын жарияламау керектігін шешеді.

Жаңалықтың күн тәртібі: біздің жаңалықты алғаннан кейінгі реакциямыз бен оны ары қарай беруімізге әсер етеді.

Коммодификация: жаңалық тұрғысынан алғанда, жаңалық құнын бағалауға болатын тауар деген көзқарас, оны базардағы тауар ретінде алып-сатуға болады, бұл жаһандану мен жаңалықты реттеудің мүмкін еместігін көрсетеді.

Чурнализм: Британ журналисі Ник Дэвис ойлап тапқан термин, медиа құралдары баспасөз мәлімдемесі, қоғаммен байланыс және контенттің телеграммалық көшірмесіне сүйенеді дегенді білдіреді.

Жаңалық конверсализациясы: жаңалық тілі күнделікті әңгіме тіліне салынған, қоғамдық және жеке әңгіме арасында шекара жоқ; жаңалықтың көбі қоғамға арналса да, оның көбі, атап айтқанда, трансляция мен онлайн жаңалықтар жеке доменде, мысалы, демалыс орнында қолданылады.

Радионың басты ерекшелігі – жылдамдығы: оның дауысы жаңалық жылт етсе сол жерден табылуы керек. Радио тілшілеріне қойылатын басты талап – ширақ, жинақы болу, оқиға болған бетте жылдам ақпарат тарату. Радио көпшілікке жаңалықты дереу жеткізеді, миллиондаған адам жаңалықты солардан естіп, біледі. Тыңдаушыға элеуметтік медиа, соның ішінде *Twitter* қатты әсер етті. Қазір *Twitter* жаңалық беруде радионың алдын орап кетеді. Бірақ тыңдаушы әдеттегідей қоғамда не болып жатқанын есту үшін радиоға сүйенеді. Біз радионың жаңалықты беру сипатына тоқталып көрейік.

Хабар тарату құралындағы ең бірінші және ең қиын мәселе – жазу стилі.

РАДИО ЖАҢАЛЫҒЫ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?



Ойбағдар:

Радиоға қысқа жаңалықтар сағат сайын соңғы хабар ретінде шығады. Маңызды атышулы оқиғалар эфирге кез келген сәтте шығуы мүмкін, ал басқа жаңалықтар әдетте тұрақты ретпен беріледі. Журналистер тәулік бойы тынымсыз жұмыс істеп, әр жерден ақпарат жинайды. Бар деректің етек-жеңін жинап, сұрыптап, жаңалыққа айналдырады. Радиоға қамтылған ақпарат ауқымы газетке қарағанда шақтап айтылады, себебі мұнда уақыт шектеуі бар. Оған қоса медианың табиғаты артық сөзді көтермейді: жұмысты сәтті орындау үшін хабарлау, жазу және техникалық дағдылар қажет, ең бастысы – жылдамдық.

Радиожурналистері үшін ең тартымды тұсы – алдымен сіздің ойыңызда нобайы сызылған, жобаланған дүниені сәл уақыттан соң эфирден тыңдау. Радио көп жағдайда жаңалықты эфирге беру жағынан басқа БАҚ-тан ілгері. Радиоға тән шапшаңдық – тікелей эфирге шығу, оның өз қиындығы мен әсері бар.

Радиожурналист болған адамға мықты *жазу стилі* мен *сенімді мәнер* қажет. Ол көптеген қысқа әрі нақты әңгімені өте аз уақыт ішінде өңдеп шығуға тиіс. Кәсіби радио журналисі сегіз сағаттық ауысымда сегізден онға дейінгі оқиғаны өңдеуге тиіс. Радиодағы журналистің тағы бір артықшылығы – материалға қажетті сұхбатты телефон арқылы жазып алуына болады. Әрине, журналист сұхбат алу үшін оқиға ошағына барады. Мысалы, наразылық митингісі немесе орман өрті болғанда, бірақ сұхбаттың көбі телефон арқылы өтеді.

РАДИО ЖУРНАЛИСІНЕ КЕРЕК ҚАСИЕТТЕР

Ғалым әрі кәсіби журналист Лиз Тайнан²⁴ журналист қандай медиақұралда жұмыс істесе де, ешкімді алаламай тұрашыл болып, жаңалықты сезініп, сергектік танытуы керектігін және этика талаптарын жетік білгені абзал екенін айтады.



Деректеме:



41-сурет

²⁴ URL: <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistika-teoriya-men-praktikagazhanga-kozqaras>

Баспасөзден артық тағы бір тұсы – жазу стилі. Барынша қысқа да нұсқа, ықшам жазуға дағдылану керек. Қазір электронды медиаға көшкен журналистің көбі сонымен күресіп келеді. Жаңалық жан-жақты, көп мағыналы болуы мүмкін, сіз ең қажетті тұсын тауып, соны қысқа, бірақ тартымды сюжет етіп беруге тиіссіз. Радиода бәрін жіліктеп шағып, талқылап отыра алмайсыз. Ең негізгі сүбелі бөлігін тауып, соны ғана беру керек, қалғанын алып тастауға мәжбүрсіз.

Радио журналистері жақсы жазуға міндетті, хабар таратудың өзіне тән сөйлеу тілін меңгеруге тиіс. Радио жаңалығының жаңалық жазудың басқа формаларымен сәйкесетін біраз тұсы бар. Оның ішіндегі ең маңыздылары:

- **дәлдік;**
- **нақтылық;**
- **кемелдік.**

Дәлдік ақпараттың сенімді болуын, мұқият тексеріліп, анықталуын талап етеді. *Нақтылық* мәтіннің түсінікті болуын, грамматика мен стилистика талаптарына сай жазылуын бақылайды, тыңдаушының басын қатыратын, әсіресе мағынасы белгісіз техникалық терминдерді қамтымауы керек. Жаңалықтың *кемелдігі* дәстүрлі «кім, не, қашан, қайда, неліктен және қалай» деген сұрақтарға жауап беруді меңзейді.

Ақпараттың алғашқы жолы айқын әрі нақты болуы шарт. Тыңдарманның соны естігенде әрі қарай біле түскісі келіп, аяғына дейін тыңдауға ықыласы ауып, мәселенің не туралы екенін түсініп алуға қабілетті болуын қамтамасыз ету қажет. Ақпарат жеке бір тұлғаға әсер ете отырып, ол оның өмірге немесе болған оқиғаға көзқарасын қалыптастыруға елеулі ықпалын тигізеді. Жаңалық логикалық жүйеге құрылады. Оның да басы, ортасы, соңы болады. Әлбетте, бастапқы сөйлем аудиторияның назарын аударып алса, екінші сөйлем сөз болған оқиғаның мәнісін айқындап, фактіні айғақтайтын қосымша мәліметтерді жинақтайды. Ал үшінші әрі соңғы сөйлем сол оқиғаның салдары туралы айтып немесе оған қорытынды жасай отырып, жаңалықты аяқтайды. Әуе толқынындағы белгіленген уақыт мөлшерінде маңыздылығына қарай ақпаратты тізбектеп ұсыну осылайша жүзеге асады.

Ақпараттың жанрлық элементі – тек қана факті. Сондықтан да ақпаратта тілші тарапынан пікір білдіруге, баға беруге болмайды. Радиоақпарат жанрының функциясы көпшілікті күнделікті жаңалықтармен құлақтандыру, болып өткен оқиғаларды ізін суытпай жеткізу, болып жатқан маңызды оқиғаларды қолма-қол баяндау, енді болатын оқиғаларды алдын ала хабарлау. Радиоақпарат көзбен көретін көрерменге емес, құлақпен еститін тыңдарманға бағытталады.



Деректеме:

<p>Соған байланысты әуе толқынындағы ақпаратқа мынадай талаптар қойылады:</p>	
<p>Дәлдік</p> <p>Радиоақпараттарға әрбір фактіні, мерзімін, адамдардың аты-жөнін, қызметтерінің атауын міндетті түрде эфирге дейін тексеріп, анықтап алу қажет. →</p>	<p>Хабарламалық</p> <p>Жаңалыққа талдау жасалмайды. Онда факті қысқа-нұсқа, нақты хабарлануы тиіс.</p>
<p>Соған байланысты әуе толқынындағы ақпаратқа мынадай талаптар қойылады:</p>	
<p>Дәлдік</p> <p>Радиоақпараттарға әрбір фактіні, мерзімін, адамдардың аты - жөнін, қызметтерінің атауын міндетті түрде эфирге дейін тексеріп, анықтап алу қажет. →</p>	<p>Хабарламалық</p> <p>Жаңалыққа талдау жасалмайды. Онда факті қысқа - нұсқа, нақты хабарлануы тиіс. →</p>

42-сурет

Сонымен, радиоақпаратқа күнделікті эфирден мысал келтіріп көрейік. / *Қазақ радиосының 2004 жылдың 14 қазанында сағат 18:00-де берілген жаңалықтар топтамасынан /*

- Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы Еуропалық сарапшылар Федерациясына қабылданды. Бұл ұйымға мүше болу қауымдастыққа беделді халықаралық ұйымдармен ынтымақтасуға және ақпарат алмасуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қазақстандық мамандарға сәйкес қаржы сарапшыларының халықаралық үлгідегі сертификатына ие болмақ.

Кәдімгі күнделікті радиодан беріліп жүрген ресми ақпарат мәтіні. Жоғарыда айтылған талаптарға сай келеді. Қазақ радиосының мұрағатынан алынған тағы да бір ақпаратқа назар аударалық. / *1990 жылдың 15 наурызында эфирден өткен ақпарат /*

- Англиядан қуанышты хабар! Қазақ халқының белгілі жазушысы, Ұлы Отан соғысының ардагері Әди Шәріповтің есімі «Әлемнің әйгілі азаматтары» деген анықтамалыққа енгізілді. Осыған орай құрмет иесіне естелік-сыйлық есебінде пергаментті сертификат тапсырылды.

Әрі ықшам, әрі әсерлі жаңалық. Дәл осындай тап-тұйнақтай түсінікті тілмен жазылған жаңалықтарды мұрағатта сақталған микрофондық материалдар арасынан көптеп келтіруге болады. Мәселе келтірілген мысалдарда емес, істің мәні – соған қарап, радиоақпаратты тікелей эфирге тән етіп жаза білудің және оны микрофон алдында мәнерлеп айта білудің қисындарын меңгеруде. Ал бүгінгі таңда жаңалықты <https://qazradio.fm/> сайтынан онлайн қайталап тыңдауға болады.



Пысықтау жұмысы:

QR-кодты сканерлеу арқылы жаңалықты тыңдаңыз.

Қорытынды жаңалықтар²⁵ 21.05.2021 01:20 /

07:33 Соңғы бес жылда ЕАЭО елдерінің өзара сауда

²⁵ Дереккөз:: <https://qazradio.fm/kz/news/20658/>

айналымы 21 пайызға өскен. Бұл туралы Жоғары еуразиялық экономикалық кеңестің Құрметті төрағасы, Қазақстанның Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев айтты. «29 мамырда Еуразиялық экономикалық одақ туралы келісімшартқа біздің елдің астанасында қол қойғанымызға 7 жыл толады. Бүгінде бірлесіп күш жұмсаудың арқасында ЕАЭО әлемнің экономикалық архитектурасынан жүйелі орын алғанын әсірелеусіз айтуға болады. Соңғы бес жылда елдеріміздің өзара саудасы 21 пайызға өсіп, 2020 жылы 55 млрд долларға жетті. Бұл – дағдарыс жағдайындағы көрсеткіш. Әйтпесе, біз одан да үлкен жетістіктерге жете аламыз», – деді Елбасы Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырысында. Нұрсұлтан Назарбаев пандемия жағдайында одақ аясындағы байланыстардың беріктігі сынақтан өтіп жатқанын еске салды. «Коронавирус пандемиясымен келген экономикалық дағдарыс біздің интеграциялық бірлестігіміздің беріктігінің сынағына айналды. Қауіпсіздік мәселесі бірінші орынға шығып отыр. Бұл азық-түлік, дәрі-дәрмек, цифрлық және қаржылық инфрақұрылым сияқты бірнеше саланың кең ауқымын қамтиды», – деді Елбасы.



Жалпы радиожурналистиканың жанрлары²⁶ радиогазет шеңберінде дамыды. Газет жанрлары радиоға өзінің бастапқы күйінде емес, бірқатар аралық буындар арқылы келді. Жанрлар радиогазетте радиоға бейімделу процесін бастап, қарқынды түрде дамыды. Сөйтіп, газет жанрлары дыбыстық сипат алып, радиожурналистика жанрларына айналды.

Қазақ радиохабарларындағы радиогазеттер біршама уақыт өмір сүрді, сол кезде олар хабарламалық және насихаттық хабарлардың негізгі түрі болып есептелді. Сол уақыт аралығында көптеген өзгеріске ұшырай отырып, радиожурналистика жанрларының эволюциясын бейнеледі. Радиогазеттер уақыт өте келе қолданыс аясынан шығып қалды, бірақ радиожурналистика жанрларының бастауы болған бұл пішін фактілер мен оқиғаларды, өмір шындығын эфирден берудегі шығармашылық әдіс-тәсілдердің мол арсеналын қалдырды. Тек бұл процесс радиогазет шеңберінде аяқталған жоқ, одан кейін де жалғаса берді.

Қазақ радиогазеттерінде дыбысты журналистика негізінен газет жанрларын ауызша жеткізуге және қабылдауға бейімделу жолымен дамыды. Радио қызметкерлері 1930–1940 жылдары ақпараттық хабарлар, газет мақалаларынан бастап, баспа мәтіндерін дайындау дағдыларын игерді. Соның нәтижесінде, сөйлемдердің құрылымын жеңілдетуді, сандық мәліметтерді қысқартуды және қабылдауға қиын сөздерді азайтуды, халықтың бейнелі сөз тіркестері бар сөйлеу тілінің элементтерін, әдеби тіл нормаларын пайдалануды, ресми ақпараттарды әдеби, музыкалық хабарлармен алма-кезек беруді көздеді. Сол жылдары радиохабарының негізгі пішіндері: радиогазеттер, радиожурналдар, баяндамалар, лекциялар, консультациялар, радиотыңдаушылардың сұрақтарына жауаптар, диспуттардан, концерттерден, спектакльдерден берілетін хабарлар, радиомитингілер, радиоүндесулер, радиожиналыстар, радиоуниверситеттер, ал радиожурналистиканың негізгі жанрлары: ақпарат, хроника, әңгіме, сөйленген сөз (*выступление*), комментарий, корреспонденция, очерк, фельетон, шолу, ішінара сұхбат және репортаж болды.

²⁶ Н. Омашев. Радиожурналистика негіздері. – Алматы, 2016

Әлбетте, жанрлар эволюциясын коммуникациялық техниканың дамуынан, аудиторияның әлеуметтік құрамының өзгеруінен жаңа қоғамдық қажеттіліктердің пайда болуынан, өмір шындығын неғұрлым тиімді көрсету үшін журналистердің жеке ізденістерінен аңғару қажет.



Деректеме:

01	Газеттен келген жанрлар (қысқаша ақпараттар)	Тарихи дамуды ескере отырып, радиожурналистика жанрларын мынадай үш топқа бөлуге болады:
02	Радионың ерекшелігіне бейімделген газет жанрлары (радиолекциялар)	
03	Радионың өзіне тән ерекше жанрлар (репортаж, сұхбат, әңгіме)	

44-сурет

Радиожурналистика жанрларының өзіндік ерекшеліктері радионың бейнелеуші құралдарынан келіп туындайды. Олар: жанды сөз (*оны пайдалану әдісі; монолог пен диалог*), дыбыстық дерек (*өмір шындығының дыбыстық көшірмесі*), музыка (*радиохабардың әуенмен әрленіп, сазбен көмкерілуі, монтаж*) сөз, музыка, дыбыс эффектілерінің астастырылып, көркемдік деңгейге жетуі.

Бұқаралық ақпарат құралы ретінде радионың техникалық мүмкіндіктеріне, өзгеше табиғатына негізделген журналистиканың жаңа түрі қалыптасты. Радио хабары газет публицистикасының бай тәжірибесін өзіне мұра етті: ол баспасөздің әртүрлі

жанрларымен қаруланды. Сонымен бірге радиожурналистика алғашқы қадамдарынан бастап, кейбір өзіндік белгілерге де ие бола бастады. Радиохабар жанрларының қалыптасуы газетпен ғана етене байланыста болған жоқ, ауызша үгіт пен насихаттың жанрлары да, радиогазеттің алғашқы сандарынан бастап-ақ серігі болған музыка да, әдеби-музыкалық монтаждарының эстрадалық түрлері де ықпал етті.



Деректеме:

Радиожурналистика жанрлары үлкен үш топқа бөлінеді :	01	Ақпараттық жанрлар
	02	Талдамалы жанрлар
	03	Деректі-көркем жанрлар

45-сурет

Ақпараттық жанрлар

1. **Радиоақпарат**²⁷ – маңызды саяси мәнге ие, мазмұнында жаңашылдық элементі бар, кең ауқымды, тыңдарман аудиториясына ұсынылатын оперативті жанр түрі. Радиоақпаратта негізінен ел өміріндегі маңызды оқиғалар, қаулы-қарарлар мен бұйрық-жарлықтар бірінші кезекке шығады. Келесі кезекте әлеуметтік-экономикалық мәселелер, іскерлік байланыстар орын алады. Содан соң

²⁷ Дереккөз: Н. Омашев. Радиожурналистиканың теориясы мен тәжірибесі. Оқулық. – Астана, 2009 ж. <https://refdb.ru/look/1231227-pall.html>

ғылыми, мәдени, спорт жаңалықтары беріледі. Қай жерден қандай айғақты алып қарасақ та, радио ақпаратты жедел тарататындығымен басқа барлық бұқаралық ақпарат құралдарынан ерекшеленеді. Радио сағат сайын берілетін жаңалықтар легінің нәтижесінде қалың бұқараны болып жатқан оқиғалардан хабардар етеді. Дәл осындай ақпараттар басылым беттерінен де, көгілдір экраннан да орын алады. Ал радиоақпараттың ерекшелігі оның дыбыстық сипатынан келіп шығады.



Деректеме:

М.К. Бармакұлов радиоақпаратты дыбыстық табиғатына қарай төмендегідей топтастырады:

	<p>Диктордың оқуындағы хабарлама</p>			<p>Музыкамен көркемделген ақпарат</p>
		<p>Оқиға кейіпкерінің сөзі: Бұл қоғам қайраткерінің, көрнекті ғалымның, т.с.с. маңызды оқиғаға деген көзқарасы немесе оқиғаны, құбылысты көзімен көрген адамның сол туралы пікірі болуы мүмкін. Радиоақпарат ретінде маңызды мәселеге қатысы бар адамның микрофон алдында сөйлеген сөзі түпнұсқа жанды құжат болып саналады.</p>		
<p>Тілшінің баяндауы, ол студиядан болып өткен іс-шара туралы, соның куәгері ретінде ақпарат таратады немесе оқиға ортасынан тікелей хабар береді</p>		<p>Өйткені, ол сөйлеп тұрған кісінің дауыс ырғағын, сөз саптауын, тіл қату мәнерін, шынайы ықыласы мен көңіл күйін түгел қамти алады. Ал газет ақпаратында мұндай мүмкіндік жоқ. Сондықтан да, радиоақпарат тыңдарманды иландырады.</p>		

46-сурет

Қазіргі уақытта соңғы топты бөле-жара қарастырудың қисыны келе қоймайды. Себебі бүгінгі таңда музыкасыз берілетін ақпарат өте сирек ұшырасады. Ал жоғарыда аталып өткен үш топқа тән нәрсе – бәрінің де эфир арқылы таратылатындығы. Бұл тұрғыда микрофондағы журналист жаңалықтарды хабарлап, қандай да бір оқиғаны, фактіні, құбылысты баяндау арқылы тыңдарман аудиториясына ақпарат береді, яғни коммуникативтік актіні жүзеге

асырады. Осыған орай, радиоақпаратты әуе толқыны арқылы тыңдарманға жеткізе білудің де өзіндік заңдылықтары қалыптасқан.

ТЕЛЕРАДИОҒА АРНАП ЖАЗУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Электронды журналистиканың технологиясында, тілдің қолданылуы аясында ұқсастықтар, сәйкестіктер көп кездеседі. Сондықтан да телерадио журналистиканы бөле-жара қараудың қажеті жоқ. Ғылыми журналистика мен редакциялау бойынша мерзімді баспасөзде және электронды медиада көп жыл еңбек еткен, *ABC*-де редактор, редактордың орынбасары қызметін атқарған, кейіннен Сиднейдегі *New Scientist* тілшісі болған және Австралиядағы Британия жүргізген ядролық сынақтар туралы зерттеулері 2016 жылы кітап болып жарияланған, Таунсвиллдегі Джеймс Кук университеті (*JCU*) Жоғары зерттеу мектебінің аға оқытушысы, аспиранттарға академиялық жазу мен сыни ойлау дағдыларынан дәріс беретін ғалым әрі кәсіби журналист **Лиз Тайнан**²⁸ телерадиоға арнап жазудың ерекшелігін жіктеп, талдайды.

Лиз Тайнанның айтуынша, көп жағдайда журналист еңбек жолын баспасөзден бастайды, кейін электронды медиаға ауысады. Сол сияқты университеттегі журналистика курсы алдымен мерзімді баспасөзге арналады, кейін телерадиоға көшеді. Осындай ауысу кезінде журналист үшін ең қиыны – жазу стилін өзгерту. Ол расымен де солай. Олай болса, жазу стилін қалай қалыптастыруға болады? Бірге қарастырып көрейік.

²⁸ URL: <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistika-teoriya-men-praktikagazhanga-kozqaras>



Деректеме:

Бәрін қысқартып тастағаныңыз соншалықты, енді кесетін жол да қалмаған тәрізді көрнеді. Сіз оқиғаның не жайында екенін баяндауға тиіссіз, сондықтан аз сөзге мол ақпаратты сыйғызасыз.

Сөз бен сөйлем құрылысы қарабайыр емес (кейбір адамдар үшін) жеңіл де жұмыр болуы керек

Радио жаңалыққа
 әдетте 30–60 секунд уақыт бөлінеді

теледидар жаңалығына сал көбірек
 120 секундқа дейін уақыт беріледі

Секундына үш сөз (төмендегі «Сөйлеу шапшаңдығы» тақырыбын қараңыз) айту керек, радио жаңалық 90–180 сөз көтерсе, теледидар сюжетіне 360 сөзден артық сыймайды (мүмкін одан да аз, себебі арасында кадр көрсету керек).

47-сурет

Сюжеттегі ақпараты толымды және оқиғаның дәл өзегін беруге тиіс. Осылайша, тыңдарман назарын бірден өзіңе аударасың. Сондықтан да жаңалықты ықшам етіп жазу – қиынның қиыны.

Тіліңіз қарапайым, сөйлемдеріңіз (мүмкіндігінше) қысқа болсын. Құрмалас сөйлем екі жай сөйлемнен аспасын, аудитория естіп-білмеген бейтаныс сөздерді қолданбаңыз. Тыңдарман шұбалаңқы сөздер тіркесінен құралған күрделі сөйлемді тыңдағанда қиналады. Тіпті баспасөзге жарай беретін сала құлаш сөйлем телерадио аудиториясына қойыртпақталып жетуі мүмкін. Бұл оқу мен тыңдау кезінде екі түрлі сезім мүшесі қатысатынын көрсетеді. Мысалы, баспасөздегі материал былай жазылады:

«Тынық мұхиттың оңтүстік бөлігінде жанармайға балама ретінде қолдану үшін кокос майын өндіру әдісінің ықпалы мен пайдасын зерттеу биыл Фиджиде, Австралия зерттеу кеңесі (АЗК) бөлген грант аясында қолға алынады».

Мұндай сөйлемді баспасөзге жариялауға болады, мысалды газеттен алып отырмыз. Бірақ оны дауыстап оқып көрсеңіз, телерадио жаңалығы ретінде беруге келмейтінін байқайсыз. «Ықпалын зерттеу» деген сөз радио тыңдаушыға контекст мәнін бермейді, себебі ол жақсы ойбағдар емес (*төменде талқыланады*). Оған қоса, бұнда жиырма сегіз сөз бар, кең форматты газет бетінде еш оғаштығы жоқ, ал әр сөйлемде жиырма сөзден асырмау қалыпты саналатын радио үшін тым көп. Ұзын сөйлемді бір деммен оқып шығу қиын, сондықтан телерадио сөйлемдері қысқа болады: мәтінді оқып отырған адамның дауысы табиғи шығуы керек, қысылмауы керек.

Жоғарыдағы мәтінді телерадиоға арнап былай өзгертеміз:

«Тынық мұхиттың оңтүстік бөлігіндегі ауылдар биыл Фиджи-де жасалған зерттеуге сүйеніп, кокос майын жанармай ретінде қолдана алады».

Енді сөйлемде он алты сөз бар. Австралия зерттеу кеңесі туралы қосымша деректі келесі сөйлемде айтасыз. Мән беріңіз, радио нұсқасында *«Тынық мұхиттың оңтүстік бөлігі»* деп бастадық, тыңдаушы соған қатысты әңгімені естуге дайындалады. Тыңдарман ойша дайындалып алмай, ақпараттың маңызды бөлігін қабылдамайды. Яғни сөйлемді ең негізгі пікірден бастамау керек. Кіріспе бөлімде тыңдарманды маңызды ақпаратты қабылдауға дайындау керек.

Телевизияда да ақпарат кіріспе бөлімнен бастап беріледі, оған қоса сөйлемді визуал бейнелермен толықтырады.

Ойымызды нақтылай түсу үшін публицист Қайнар Олжайдың²⁹ сабақтарынан мысал келтірейік.

²⁹ Қайнар Олжайдың сабақтары: <https://www.facebook.com/groups/243929689350991/>

Қысқарта біл!

Бір сайттағы мақаланың соңғы сөйлемі:

"Кейін өрттің шығуына жылыту пешінің дұрыс пайдаланылмағаны себеп болғаны анықталды..."

Осыны қысқартып көрелік:

"Өрттің шығуына пештің ақауы себеп болған".

Мағынадан ештеңе өзгерген жоқ-ау. Себеп оқиғадан кейін білінеді. Пеш жылыту үшін қойылады, салынады. Дұрыс пайдаланбау ақадан болады. Себеп табылған болса, оған "анықталғанды" қосу да артық.



Пысықтау жұмысы:

1. Бұрысы: «...Жасарал ағамның денсаулығы 100% өзіне келді!»

Дұрысы: Сауықты. Жазылды. Толық айықты. Аяғынан тұрып кетті. Ауруды жеңді. Мәтіндегі «100 пайыз өзіне келтірмесе» де қазақтың сөзі жетерлік еді.

2. Бұрысы: «Бұған дейін жаңалық жаршылары хабарлаған Балқаштағы өрт 10 сәуірде басталып, 16 сәуір күндері ауыздықталды. Қураған шөптердің тұтануынан шыққан жалын нақты қанша аумақты шарпығаны белгісіз. Төтенше жағдайдан келген шығын мен өртке оранған аумақ от ауыздықталғаннан кейін есептеле бастады», – деп хабарлайды inbusiness.kz.

Дұрысы: Қайта-қайта «ауыздықтағанша», «сөндірілді», «өшірілді» деген етістіктер ойға түспей ме екен?

3. Белгілі сайттың тақырыбы:

Бұрысы: «Алматының білім беру орталығында бір жарым жасар қыз соққы жеген»

Дұрысы: Бұрын «таяқ жейтін» мен «таяқ жегізетін» еді, әйтпесе «соққыға жығылатын» мен «соққыға жығатын» еді. Қазір бәрін араластырып, «мипалау» жасай береді.

Сәкен Сыбанбай сынды саңлақ журналистерді жиі оқу керек. Жай оқымай, үйреніп отыру керек.

Қарапайым мысал:

«Негізінде Мәлік аға – театр майталмандарының бірі. Сонау соғыстан кейінгі жылдардан бастап, өзі өмірден өткенге дейін (1993 ж.) Ғ. Мүсірепов атындағы жастар мен балалар театрында жұмыс істеді».

Көрдiңiздер ме, жүздеген сауатсыз жазарман сияқты «жұмыс жасады» деп қателеспейдi, «жұмыс iстедi» деп дұрыс жазады.

Изденгіш бауырымыздың жазбасынан:

«Басылым – баспаханадан шығатын өнім»

Бұрысы: «Сондай-ақ облыс әкімдігі тендер бойынша бюджет қаражатын бөлген: «Костанайские новости» газетінде (84,7 млн тг.), «Караван новостей» радиосы (4,1 млн), «Алау-ТВ» телерадиокомпаниясы (58,8 млн тг.). Бұл үш басылым 32 жастағы Анна Васильевна Розиноваға тиесілі».

Дұрысы: Кейде бір қарын майды бір құмалақ шірітеді. Зер салып оқысаңыз, үшеудің бірі ғана басылым екенін байқайсыз. Демек, «бұл үш ақпарат құралы» деп жазған дұрыс еді.

Журналистің сұрағы:

«Жолдың ұзындығы 5 мың шақырым деген дұрыс па, әлде ұзақтығы 5 мың шақырым деген дұрыс па?».

Жауап беріп көрелік. Мәселе, мәтінде не айтқын келгеніне байланысты. Егер сөз жолда жүруге қатысты болса, онда «ұзақтығы»

деуге болады. Ал жолды салу туралы сөз болса, «ұзындығы» дей берген жөн.

Жаттығу

Түрлі электронды ақпарат агенттіктерін тыңдап көріңіз де, айырмасы мен ұқсастығын табыңыз. Жаттығу ретінде түрлі электронды медианың етістікті, қуатты сөздерді қолдану айырмасына мән беріңіз.

Кеңес

Егер тыңдаушыны радиохабар басталған бетте ұстап қалмасаңыз, тыңдарманыңыз қайырылмай кетеді. Бұл баспасөздің жұмыс істеу әдісінен мүлдем бөлек. Газет оқырманы әлденені түсінбей қалса, мағынасын түсінгенше қайталап оқи алады. Радио жаңалығы бір сәттік, сондықтан бұл сәтті пайдалану керек.

РАДИО – СӨЗДІҢ ҚУАТТЫ ҚҰРАЛЫ



Ойбағдар:

Радиоға тек сөздің қуатына сүйенесіз. Адамдар радионы тыңдаған кезде, басқа жұмыспен айналысып жүреді. Газет оқырман назарын толықтай жаулап алады, телеарна да солай. Радио тыңдарманы басқа шаруасын жиып қоймайды, мысалы: көлік қозғалысын басқару, баласына, компьютердегі жұмысына көңіл бөлу не түскі ас әзірлеу сияқты әрекеттерді атқарып жүруі мүмкін. Сондықтан радиоға арналған мәтін бір естігеннен түсінетіндей жақсы жазылмаса, нәтижесі болмайтынын есте ұстаңыз. Сәті түссе, тыңдарман оны келесі жаңалықтар легінен естуі мүмкін, бірақ ол әркез қайталана бермейді.

БАР ЫНТАҢЫЗБЕН ТЫҢДАҢЫЗ

Егер радио тілшісі болғыңыз келсе, радио әзірлейтін жаңалықтарды ынта-шынтаңызбен тыңдаңыз. Егер тележурналист болғыңыз келсе, ондағы жаңалықтарды жиі көріңіз, күндердің бір күнінде жазу стилін қалыптастыруда керек болады. Оқиғаны тек тыңдарман емес, маман ретінде тыңдаған кезде ең өзекті нәрсені – тілді қолдану ерекшелігі, дауыс пен үннің өзгешелігі, мәтін жазу әдісі, т.б. түсінікті бола бастайды. Техникасын меңгерген соң, мағынасын жақсы түсінуге болады, осылайша телерадио саласындағы жұмыс туралы мағлұмат қалыптасады.

Оқиғаны ықшамдап жазу – ұзақ-сонар баяндауға қарағанда шеберлікті талап етеді. Телерадио жаңалығын беруде тілдің дәлдігі өте маңызды. Жақсы ойластырылған, түсінікті тіл – ең қажетті құрал. Сондықтан тілді қолданғанда тыңдарманның айтылған пікірді түсінем деп қиналмауын ойлау қажет, табиғи әрі ауызекі тіл болсын.

Сөздер айтуға жеңіл болуы тиіс, эфир кезінде шатасып қалмаңыз, жаңалықты диктор тікелей эфирден оқығанда сүрінбеуі керек. Сөздік қорды оңды-солды қолданбаған жөн. Қысқа әрі айтуға жеңіл сөздерді таңдаңыз, тіл байлығыңызды көрсетуге тырысып, тыңдарманды немесе көрерменді күрделі тіркестермен қинауға да болмайды.

Мәтінді жазар алдында, оны алдымен дауыстап оқып шығу керек (*телерадио журналистерінің бәрі, әдетте, солай істейді*). Дауыстап оқу – мәтін қағаз бетінде тұрғанда байқалмайтын кемшіліктерді көрсетеді. Қағазға жазылған сөз тамаша көрінуі мүмкін, бірақ оны дауыстап айтқан кезде, мысалы, аллитерация сөздердің тыңдауға қолайсыз екені байқалады. Аллитерация (*лат. allittera – дыбыстас*) – дауыссыз дыбыстардың қайталануы арқылы әдеби тілді ажарлап, сөздің реңін келтіре түсетін көркемдік тәсіл. Қазақ мақал-мәтелдерінде ұтымды қолданылады. Мысалы: «Бейнет, бейнет түбі – зейнет»³⁰

Сағат сайын жаңалық оқитын телерадио журналистері мәтінді тікелей аудитория алдында сөйлеп тұрғандай етіп жазуы керек. Сіз мәтін жазбайсыз, оқиғаны баяндайсыз. Тым ресми әрі жасанды

³⁰ <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

сөйлеу де қажет емес, бірақ күнделікті ауызекі тіл деңгейіне түсіп, салдыр-салақ қарауға да болмайды.

Айырмашылықты жою керек: радио тек дыбыспен шектеледі. Дыбыс пен тыныштық – тек осылармен жұмыс істейсіз. Жұмысыңыз оқылмайтынын, естілетінін есте сақтасаңыз, осы әдісті тұжырымдап, жүзеге асырасыз. Телеарнада айтылатын сөздерді жазасыз, сондай-ақ ол сөздер визуал бейнеге сай болып, оны толықтырып тұруы керек (*бірақ қайталамасын және негізгі ойға кереғар болып шықпасын*).

ОЙБАҒДАР

Радио әлемінде құлағыңыз бір сәтте көп дыбысты естиугі. Радиожурналистер тыңдарманына ойбағдар жасап, көмектесіп отыруы керек, солайша тыңдарман сюжеттің негізгі түйінін аңғарады. Ойбағдардың формасы көп, ол телевизияға да қажет, бірақ радиоға пайдасы көбірек. #Ойбағдар (signposts)-тыңдарман, оқырман және көрерменге оқиғаның негізгі ойын білгіретін және қалай реакция жасау керектігін меңзейтін сөздер мен сөйлемдер. Мысалы, телерадио журналистері негізгі хабарды бергенде, алдымен болған оқиғаның тарихына шолу жасап алады.

СЦЕНАРИЙДЕГІ ОЙБАҒДАР

Ойбағдар³¹ радиоға қарапайым контексті білдіреді. Ол оқырманды айтылғалы тұрған ой-пікірге дайындайды, не айтылғанын еске салады немесе түрлі контекст арасында өткел болады.

Мысалы, журналист өз әңгімесін: «Ғаламның пайда болуын зерттеуші астрофизиктер...» деп бастауы мүмкін. Сөйлем басалған бетте контексті не туралы екені белгілі, тыңдарман оқиға мазмұнын естуге даяр. Бұл жағдайда тыңдарман оқиғаның астрофизикаға арналғанын біледі, жаңа ақпарат алуға ойша дайындала бастайды. Сөйлемнің екінші бөлігі былай аяқталуы мүмкін: «Ғаламат жарылыс» теориясының негізгі аспектілерін растады». Бұны

³¹ URL: <https://open.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistsika-teoriya-men-praktikagazhanga-kozzqaras>

ойбағдарсыз сөйлемге айналдырып көрсек («Ғаламат жарылыс» теориясының негізгі аспектісі...) оқырманды астрофизика туралы естуге дайындамайды.

Радио репортажында ойбағдар әркез болуға тиіс. Бұл әрекетті айтпай тұрып, оны кім жасағанын айтқанмен тең. Керісінше, жоғарыдағы мысалда, «кім» деген сұрақтың жауабын (астрофизиктер) жаңалықты естімей тұрып біліп алдыңыз. Әрекет – оқиғаның негізгі айтар ойы, бірақ оны істеген «кім» екені оқиғаны түсінуге жағдай жасайды. Егер контексте «кім» екені анық айтылмаса, онда «қайда» сұрағы, мысалы – «Канберрада» немесе «Иракта» деген сөз осы жұмысты атқарады.

Оқиғаның соңында немесе ортасында қолданылатын ойбағдардың кей түрінде жаңа ғана айтылған ойды қайталау болуы мүмкін (сол жерде немесе кадрдан тыс), мысалы: *«Сол екі арада, Вашингтонда президент Барак Обама былай деді...»*.

Радиоға арнап мәтін жазғанда ескеретін жайт, тыңдарман кері оралып, нені ұмытып кеткенін, не өткізіп алғанын қайталап тыңдап, тексере алмайды. Сіз оқиғаның қай жеріне келгеніңізді үнемі ескертіп отыруыңыз керек, бірақ оны орнымен, тыңдаушыны жалықтырмай жеткізу керек. Яғни аудиториямен байланыс үнемі сақталғаны жөн.

Телерадиода оқиғаны жазғаннан баяндауыңыз басым болғандықтан, төңкерілген пирамида қағидасына байлаулы емессіз. Баяндауыңыз әңгімеге көбірек ұқсайды, бұл жағдайда төңкерілген пирамида құрылымы жасанды көрінеді. Сіздің мақсатыңыз – оқиғаны барынша түсінікті етіп баяндау, оқиға біткенде тыңдарман көкейінде сұрақ қалмауы керек. Жаңалық не туралы екенін айтпай тұрып, әр оқиғаның тарихына шолу жасаңыз. Әр оқиғаның өз тарихы бар. Мәселен, *ABC* телеарнасынан алынған нақты мысал:

«Біріккен Ұлттар Ұйымы жиырма жыл ішінде әлем халқының үштен екі бөлігі су тапшылығы зардабын тартатынын ескертеді». Бұл жерде «кім» деген сұраққа «Біріккен Ұлттар Ұйымы» жауап беріп тұр, репортаждың әу басында айтылды. Осылайша тыңдарман сюжетті естуге дайындалады, оны мұқият қабылдауға әзір. «Кім» деген ойбағдар, оның адам болуы міндетті емес, мысалдағы сияқты ұйым, т.б. болуы мүмкін. Мысалы, көлік ұрлаушы туралы радиодан берілген жаңалық былай басталды:

«Өткен жылы Мельбурнда Qantas ұшағын айдап әкетіп, жоймақ болған адам табылды, бірақ ақыл-есінің кемістігі болғандықтан, жазаға тартылмады».

Бұл жерде тыңдарман ер адамның аты-жөнін білмесе де, «кім?» деген сұраққа жауап алды.

Осылайша, ойбағдар тыңдарманға репортаждың не жайында боларынан хабар береді, соған іштей дайындайды. Оқиғаның басын жазған соң, қалған бөлігін табиғи әрі қисынды түрде жеткізеді, контекст сақталуы үшін (қажет болса) негізгі сөздерді қайталап отырасыз.

ТЕЛЕРАДИО СЦЕНАРИЙІН ӘЗІРЛЕУДЕ ҚОЛДАНАТЫН КЕЙБІР ЭЛЕМЕНТТЕР

Хабар жазу стилі әртүрлі болады, кейде түрлі ортада әртүрлі термин қолданылады, бірақ телерадио мәтініне тән ортақ сипаттар бар. Оған мынандай терминдер кіреді:

Кіріспе немесе диктор сөзі – оқиғаның кіріспе бөлімі, әдетте, тілші мәтінін жазады, диктор тікелей эфирде оқиды;

Таныстыру (*throw*) – сөйлейтін адамды таныстыратын қысқа жол, әдетте, кадр сыртынан сөйлейтін тілшіні таныстырады;

Синхрон – тілші оқиға орнынан алған немесе телефон арқылы алынған дыбыс; әдетте, ол диктормен өтетін сұхбатта қолданылады, кейбір жаңалық бөлімінде қамтумен қатар кезек-кезек беріледі;

Хронометраж – түрлі дыбыс элементтері үшін сценарийде рұқсат етілетін уақыт: дайын материалға арналған уақыт, материалдың кіріспесіне, диктордың тікелей эфирде кіріспе мен қорытындыны айтуына бөлінген уақытты қамтиды.

Табиғи дыбыс (*natsound* – **интершум)** – оқиға орнынан жазылған табиғи дыбыс.

ТЕЛЕРАДИОДАҒЫ ЖУРНАЛИСТИКА ТӘЖІРИБЕСІ

Журналистикада қалыптасқан өзіндік дәстүр мен стилистикалық ұғым бар, бұл кәсіби практиканың бір бөлігі саналады. Телерадио журналистикасы баспасөзге стилі жағынан ұқсас, бірақ айырмашылығы мен мүмкіндіктері де жетерлік.

Соның бірі телерадио журналистерінің ақпаратты жеткізуіне қатысты. Телерадио арнасында факті мен пікірді үнемі байланыстырып отырасыз, баспасөзде де солай. Бірақ телерадиода алдымен дереккөзге сілтеме жасау керек, мысалы: *«Кэрол Смит айтқандай...»*. *«Айтты»* деген сөзді сөйлемнің соңына апару табиғи сөйлем емес, бірақ баспасөзде солай жазу қабылданған. Сөйлеушінің атын әркез сөз басында көрсетіңіз.

Назар аударыңыз!

Көп жағдайда өткен шақ емес, осы шақты қолдану керек, себебі табиғи естіледі. Баспасөзде оқиғаны өткен шақтан баяндайды, кейде оқиға өткен шақта ғана табиғи естіледі. Өткен шақты қолдануға тиіс кездер болса, оқиға қазір өзекті емес болып көрінбесін. «Федералдық парламент кеше кешке босқындарды қамауға алуға дауыс берді» дегеннің орнына «Федералдық парламенттегі дауыс беруден соң, босқындарды қамау тоқтатылады» деген дұрыс болады. Бұнда «тоқтатылады» деген сөз келер шақта тұр.

Сөйлеу шапшаңдығы³² (*Pacing*)

Сюжеттің **сөйлеу шапшаңдығы** қалыпты болса, тыңдаушы жаңалықты оңай қабылдайды. Көп адамдар құлақпен естігеннен гөрі, көзбен көргенді жақсы есте сақтайды. Көзіңіз минутына 250 және одан да көп сөзді оқып шығады. Ал тез сөйлесеңіз, сізді ешкім түсінбейді, себебі құлақ тез қабылдай алмайды. Жаңалық жүргізушілер мен тәжірибелі журналистер секундына шамамен үш сөз айтады, яғни минутына 180 сөз. Егер одан да баяу сөйлесеңіз, адамды жалықтырасыз, тіпті менменсіп отырғандай көрінесіз. Ал тез-тез сөйлесеңіз, түсіну қиындайды.

Оқиғаның уақытын есептеген кезде, сіз де, жаңалық жүргізушісі де нысанаға дөп тиюіңіз керек. Телерадио жаңалықтарына, әдетте, шектеулі уақыт бөлінеді. Отыз секундта шешіліп сөйлеу мүмкін емес. Радио немесе телевизия жаңалығы уақыттан шектелмесе, басқа бағдарлама басталып кетіп, оны кесіп тастауы мүмкін. Барлық оқиғаны уақытпен өлшеп отыруды әдетке айналдыру керек.

³² <http://www.kisi.kz/index.php/kz/is-sharalar/2020-zhyl/6199-zhejson-bejnbrizh-nikola-gok-zh-ne-liz-tajnanny-media-zh-ne-zhurnalistika-e-begi>



Ойбағдар:

Жатық сөйлеу (Fluency)

Жатық сөйлеу – біркелкі әрі нақышына келтіре сөйлеу – телерадиоға өте маңызды, бұл саладағы журналистердің бәрі мазасызданбай, толқымай, жүйелі сөйлеп үйренуі керек. Егер үлкен оқиға орнынан тікелей репортаж жасасаңыз, уақытты текке шығындап, «мм» және «ее» деп көрермен жүйкесіне тиюге болмайды. Өзіңізді табиғи әрі еркін ұстауға тәрбиелеңіз. Суырып салып сөйлеуге жаттығыңыз, ақпаратты сөзбен жеткізгенде туындауы мүмкін кез келген проблеманың алдын алуға тырысыңыз.

СӨЙЛЕУ ШАПШАҢДЫҒЫ МЕН НАҚЫШЫНА КЕЛТІРІП ОҚУҒА АРНАЛҒАН ЖАТТЫҒУЛАР

Сөйлеу шапшаңдығы³³

Шамамен 180 сөзден тұратын оқиғаны алып, оны кәсіби шапшаңдықпен оқып шығыңыз, содан соң оны бір минутта жазыңыз. Нәтижеге қол жеткізу үшін тапсырманы бірнеше рет қайталау керек болады.

Нақышына келтіру

Жазу құрылғысы мен микрофон алып, көшеге шығыңыз, көрген дүниеңізді «mmm», «жанағы», «сол сияқты», «өздеріңіз білетіндей» деген сөздерді қолданбай, ұзақ үзіліс жасамай жазып шығыңыз. Жазбаңызды қайтадан тындап, жылдамдық, сенімділік және жазу сапасы жағынан сынаңыз.

Сценарийдің *кіріспе* (немесе диктор оқитын бөлік) бөлімі бір қысқа кіріспе абзацтан (мүмкін одан да көп) тұрады, одан соң *кадрдан тыс мәтінге*, сонан соң *синхрон яки grab* бөліміне (*grab*) өтесіз. Кіріспе бөлімді жаңалық жүргізуші немесе комментатор оқиды. Әр абзац 25 сөзден аспайды.

³³ <http://www.kisi.kz/index.php/kz/is-sharalar/2020-zhyl/6199-zhejson-bejnbrizh-nikola-gok-zh-ne-liz-tajnanny-media-zh-ne-zhurnalistika-e-begi>

Телерадио сценарийі

Радио мен телевизияға сюжетті баяндап жазған материалыңыз сценарий деп аталады. Радио мен телевизияның техникалық айырмашылығы болғандықтан, сценарий де түрліше жазылады. Түрлі арналар өз стилін қалыптастырады, сондықтан стандартты формат жоқ. Бірақ, айырмашылығы болуына қарамастан, барлық телерадио сценарийіне тән элементтер бар. Сценарийді диктор, жаңалық жүргізушісі немесе комментатор оқитын сөзден бастайсыз. Есіңізде болсын, журналист оқиғаның барлық бөлігін жазып шығуға міндетті, оның ішінде көрсетпейтін және тікелей эфирде айтпайтын бөліктері де болады.

Радио болсын, телевизия болсын, әр жаңалық сценарийінде *кіріспе* болуға тиіс: жаңалықты бергенде негізгі ойды жеткізудің басқа әдісі жоқ, кейде оқиғаны көрсетердің алдында диктордың тікелей эфирде түсініктеме беретін кездері болады.

Әр сценарийдің өзге де *дыбыс элементтері* болады, оларды алдын ала жазып алып, жаңалықта ойнатуға даярлап қояды. Жаңалық оқушы немесе жаңалық продюсері сценарийдің қанша уақыт жүретінін білуге тиіс, сонда ол оқиға біткен соң, тікелей сөйлеуге дайын тұрады.

Сондықтан да сценарийдің барлық бөлігінде *хронометраж* көрсетілуі керек. Нені уақытпен белгілеу керек (тұтас жаңалықтың барлық бөліктерін жеке ме, әлде ойнатылатын бөлігін ғана ма) және оны қалай белгілеу керек (минут және секунд) – ол жағы жұмыс істейтін арнаңыздың талабына байланысты.

Кадрдан тыс мәтін – телерадио үшін өте маңызды. Репортаждың әрін кіргізіп, аудитория қызығушылығын тудырады. Жаңалық оқушының даусынан басқа дауыстың болғаны тыңдарманға жақсы әсер етеді. Телеарнада да оның маңызы жоғары, оқиғаны жан-жақты түсінуге көмектеседі, бір ғана сұхбат берушінің сөзімен бәрін қамту қиын болады.

Кадрдан тыс мәтіннің әр сөзі (оқиға орнынан жазылсын, мейлі студияда жазылсын) әсері күшті болу үшін әбден екшеліп, нақты әрі қысқа болғаны абзал. Кадрдан тыс мәтін жазғанда өз сөйлеу тәсіліңізге бейімдеңіз, сонда табиғи естіледі. Кейбір сөздерді айтуға қиналасыз, соларды анықтап алыңыз.

Біреу үшін «метеорология» деген сөзді айту қиын, енді біреу «ядролық» деп айта алмаса, «таныс» немесе «сезімталдық» деген қарапайым сөздерді айтуға мүдіретіндер де бар. Егер сондай сөздерді айтуға тіліңіз келмей жатса, кадрдан тыс мәтінді лайықты сөздермен ауыстырып жазыңыз. Сіз кез келген ақпаратты оңай, еш қиналмастан жеткізуіңіз керек.

Қарапайым телерадио стилінде жазу



Ойбағдар:

Телерадиоға арнап материал жазу – өнердің бір түрі, бір қарағанда оп-оңай сияқты көрінеді. Басты қаруыңыз – нақты әрі түсінікті жазу, аудитория сіз берген ақпаратқа күмәнданбауға тиіс. Оған қол жеткізу үшін бір сөйлемге қамтитын дерек саны аз болуы керек. Бұл жерде қатаң ереже жоқ, дегенмен, әр сөйлемге бір дерек, ары кетсе, екі дерек болғаны жақсы. Егер фактілер көп болса, тыңдарманға қабылдау ауыр болады.

Үстеу мен сын есімдергі байқап қолданыңыз, олар ойды күрделенгіріп, әсірелеп жібереді. Тыңдарманды шатастырады не жалықтырады-ау деген кез келген сөзден қашыңыз, себебі олар тым ұзақ әрі мағынасы шұбалыңқы. Күнделікті, қарапайым ана тіліңе сөйлеңіз, алайда сленг пен ауызекі қарабайыр сөздергі қолданбаңыз.

Оқиғаға цифр мен инициал қосқанда, жаңалық жүргізушісі оқи алатындай етіп жазыңыз. «**1 200 000**» деп жазбаңыз, жаңалықты оқып отырған адамға ойланып, сөйлеу тіліне айналдыру қиынға соғуы мүмкін. «**Бір миллион екі жүз мың**» деп жазыңыз. Элементтерді дефиспен біріктіріңіз. Нақты цифрды жаңалық үшін маңызды болғанда ғана айтыңыз, басқа кезде дөңгелектеп беріңіз. Мысалы, «**төрт миллион тоғыз жүз тоқсан сегіз мың**» дегенді «**бес миллионға жуық**» деген дұрыс.

Уақыттан аспау үшін әр сөздің санаулы болуы керектігін ескеріңіз. Оқиғаға инициалды көптеп қолданбаңыз, диктор оған сүрініп қалуы мүмкін. Мысалы, «*US*» деген қысқарған сөз «*us*» (бізді) болып естілуі мүмкін, сондықтан Америка Құрама

Штаттары немесе (аудитория мағынасын түсінеді десеңіз) Америка деп жазыңыз. Доллар туралы айтқанда «үш мың доллар» деп жазыңыз, доллардың белгісін қоймаңыз. Сол сияқты пайыз символын (%) қоя салмай, «пайыз» деп жазыңыз.

Оқиғада тыныс белгілерін мұқият қолданыңыз, себебі пунктуация – табиғи кідіріс жасауды көрсетеді, сонда диктор сюжетті дұрыс мәнермен оқиды. Өз оқиғаңызды кадрдан тыс оқысаңыз да, дұрыс қойылған пунктуация қажетті сәтте көмекке келеді. Сондықтан сөйлемде қысқа үзіліс жасайтын кезде үтір қойыңыз. Сызықша интонация өзгергенде кілт үзіліс жасау керектігін көрсетеді, ол қосымша айқындауыш сөйлем не сөз тіркесін қосқанда қолданады. Мысалы: «*CSIRO* мемлекеттік ұйымы – үш жыл бойы қаржымен қамтылғанын ғылым министрі айтты».

Телерадио сценарийін жазғанда тікелей цитата келтіруге тырыспаңыз, оны оқып шығу оңай емес. Сіз жаңалық оқысаңыз тікелей цитатаны интонация арқылы оқып беруге тырыссаңыз болады, дегенмен оның айтқан пікірін қысқаша жеткізген қолайлы. Телеарнада тік жақша қойып, көрерменге цитатаны көрсетуге болады, ал радиода олай істей алмайсыз.

Кіріспе бір сөйлемнен құралса да болады, көбіне үш сөйлемнен аспағаны жөн. Бастапқы сөз «*Саламат Омаи хабарлайды...*» немесе «*Бибігүл Жексенбай Боуэннен хабарлайды...*» немесе «*Нұрділдә Ораз хабарлағандай, орман өрті бақылаудан шығып кетті...*» деп басталғаны дұрыс.

Бұдан соң сөйлейтін адам кіріспеде айтылған сөздерді қайталамай, ақпаратты кеңейтіп беріп, шынайы деректер қосуы керек, оқиға орнындағы атмосфераны көрсетуге тиіс. Есіңізде болсын, кадрдан тыс мәтін таныстырудан соң айтылуы керек, әйтпесе тыңдарман бағдардан жаңылады, оқиғаны назарда ұстамайды. Сценарий бөлімдері арасы мен соңында ойбағдар жасаңыз, кіріспесі мен қорытындысын жазыңыз, тыңдарман кімнің сөйлегенін білсін.

Радио мен телеарна сценарийінде тиімді, қысқа және стилистикалық тұрғыда дұрыс құрылған сөйлемдер болуы керек. Оқиғаның негізгі мәнін ашып, тыңдарман яки көрермен дұрыс түсінуі үшін сілтеме беріп отыру қажет. Сценарийді тез жазуға машықтанған жөн. Көп жағдайда оқиға орнынан қайтып келе жатып көлікте отырып жазасыз.

ТЕЛЕРАДИО ХАБАРЫНА ҚАТЫСТЫ НЕГІЗГІ ОЙЛАР



Ойбағдар:

- Қысқа, нақты, ақпаратқа толы сөйлем жазыңыз, әр сөйлем 25 сөзден артық болмасын.
- Оқиғаның басында түпкі ойыңыздан хабар беру үшін және негізгі ойды көрсету үшін ойбағдар қолданыңыз.
- Кадр сыртындағы мәтін мен граб (grab) арқылы сценарий элементтерін жазыңыз.
- Сценарийдің жазылған бөлігінің де, тұтас мәтіннің де уақытын белгілеңіз, әр секундта үш сөз айту керектігін есте ұстаңыз.
- Айтуға қиын сөздерді жазбаңыз.
- Сөздерді дауыстап айтып жаттығыңыз.
- Оқиғаны бастан-аяқ баяндау үшін 90 сөзден 360 сөзге дейінгі аралықтан (радио әлде телеарна екеніне қарай) асырмау керек.
- Үстеу мен сын есімдерге мұқият болыңыз.
- Құрмалас, күрделі сөйлеммен жазбаңыз.
- Әр сөзді санаңыз.

ТҮЙІНДІ ОЙ

Телерадиодағы үздік журналист – сценарий жазу үшін қиналмайтын маман. Телерадионың жаңалық редакциясы – жылдам дамушы орта, ол жерге жан-жақты, мықты дағды керек. Журналист болсаңыз, сөздік қорыңыз қуатты, қысқа, нақты сөздерден құралсын, оқиғаның мәнін дереу аңғаратын түйсігіңіз болсын.

Телерадио жаңалығында әр нәрсені түбегейлі баяндап, терең шолу жасауға мүмкіндік болмайды, сондықтан аудиторияға негізгі фактілерді дереу түсінетіндей етіп жеткізу керек. Қарқынды жылдамдыққа ілесу үшін, одан бұрын жұмысқа тұру үшін жалпы дағдыларыңыз мінсіз болуы талап етіледі. Бұл салада жұмысқа орналасушы адамға керек басқа қасиеттер: өзіне сенімді, жақсы сөйлейтін, салмақты адам болу, жаңалыққа әр қырынан қарай алу және сценарийді дұрыс жаза білу. Жұмысыңыздан жан-жақты білімді екеніңіз, тілді жақсы меңгергеніңіз, телерадио стилін білетініңіз көрініп тұрсын. Осының бәрі бойыңыздан табылса, әлемдегі ең керемет мамандықтың шыңына шығуға әлеуетіңіз жетеді.

НЕГІЗГІ ОЙДЫ ТҮЙІНДЕУ

– Телерадио журналистикасы оқиғаны сол сәтте хабарлауға негізделген, сондықтан журналистер жылдам жұмыс істеп, оқиғаға ілесіп отыруы керек.

– Телерадио журналистерінің жазу стилі мықты және мәнері салмақты болса игі, аз уақытта қысқа әрі нақты сөйлеммен бәрін баяндауға тиіс.

– Телерадио жаңалығын баспасөзден ерекшелейтін бір айырмасы – өте қысқа жазу стилінде.

– Телерадио жаңалығының сценарийін жазғанда аз сөзге көп мағына сыйғызу керек.

– Тіліңіз қарапайым, сөйлемдеріңіз (барынша) жинақы болсын. Құрмалас сөйлемдер қолданудан, таныс емес сөздерді жазудан бас тартыңыз.

– Оқиға бір естігеннен түсінікті болатындай етіп жазылмаса, тыңдарманға ақпаратты жеткізу мүмкіндігін пайдалана алмай қалғаныңыз.

– Радиожурналистер ойбағдар арқылы тыңдарманға көмектеседі, негізгі ойды түсінуге жетелейді.

– Үнемі фактілер мен пікірлерді түсіндіріп отырыңыз, «Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай...» деген сияқты анықтама сөзді бірінші айтыңыз.

– Сөзіңіз табиғи шығуы үшін өткен шақ емес, осы шақты көп қолданыңыз.

– Дикторлар мен тәжірибелі журналистер секундына үш сөз, минутына шамамен 180 сөз айтады, сценарийді осындай жылдамдыққа сүйеніп жазыңыз.

– Телерадио журналистері сөйлегенде әр сөзі дұрыс, жатық, анық шығуы керек. Қобалжымай, кідірмей, жүйелі сөйлеуге дағдыланыңыз.

– Оқиғаның негізгі ойын жеткізетін тиімді, қысқа, стилистикалық тұрғыда дұрыс сөйлемдер құрап дағдыланыңыз, тыңдарман яки көрерменді оқиғаны түсінуге қажетті дерекке жетелеу үшін ойбағдар қолданыңыз.



Ойтұжырым:

1. Электронды медиаға арнап сценарий жазғанда қандай шектеулер қойылады?
2. Неліктен электронды медиа журналистері жұмысқа тез төселуі керек?
3. «Ойбағдар» деген не, ол неліктен маңызды?
4. Телерадио журналистері сценарийде цифрды қалай жазуға тиіс?
5. Бейтаныс сөз бен атауларды дұрыс айту үшін не істейсіз?
6. Ескертпесі бар радиокүнделік әзірлеңіз. Радиодағы екі жаңалық пен қазір эфирден өтіп жатқан екі хабарды жазып алыңыз (не жүктенізі), сипаттап, талдау жасаңыз. Бір күнде эфирге шығатын жаңалық пен хабарды алыңыз (тым құрығанда, бір аптада). Қазақ радиосы мен «Шалқар» арнасынан «Жаңалықтар», «Шалқар шаңырағында», «Депутат сағаты», «Ой дода», «Киелі Қазақстан», «Дәстүр», «Бесігінді түзе!», «Қайырлы таң, Қазақ елі», «Радиомедицина», «Басты тақырып», «Сөз киесі» сынды басқа да бағдарламаларды тыңдауға болады. Жазбаша пікір дайындап (әр хабар үшін шамамен 400 сөз), мазмұнын қысқаша сипаттап, сол күнгі жаңалық пен оқиғаны беру әдісіне талдау жасаңыз. Мазмұнынан бөлек, мыналарға мән беріңіз:
 - оқиғалардың берілу реті;
 - оқиғадағы синхрон, кадр сыртындағы мәтін мен табиғи дыбыстың қолданылуы;
 - қазір болып жатқан оқиғаның сол аптадағы жаңалықтар ретіне қатысы;

- жаңалықтың құрылымы мен хабар құрылымының ерекшелігі (әрқайсысының ұзақтығына мән беріңіз);
 - «дәлелі аз» немесе «жеңіл» деректер айтылды ма, ол қайсысында болды, жаңалықта ма, әлде хабарда ма? Егер сізге осы бағдарламаларды біріктіріп жасауға тапсырма түссе, өзгертетін тұсы бар ма? Сынға салып, тыңдап шығыңыз, диктор яки комментатор немесе журналистің дауысы туралы не ойлайсыз? Телерадиоға жарамды таза әрі дауыс бояуы қанық па? Сіздің жаңалық пен хабарды таңдауыңызға ықпал ететін кез келген мәселені ескеріңіз.
7. Радио жаңалыққа арнап 50 секундтық сценарий жазыңыз. Сол 50 секундқа диктордың жаңалықты оқуы, таныстыруы, қамтуы, кадрдан тыс мәтін мен қорытынды – бәрін сыйдырыңыз. Осы уақыт шегінен шықпаңыз, секундына үш сөз деген қағиданы ұстаныңыз. Диктор сұхбатын қосып (телерадио сұхбаты туралы кеңес алу үшін 1-құралдарды қараңыз), қажетті грабты таңдап, сценарийдің қалған бөлігін осы тарауда айтылған ақпаратқа сай жазып шығыңыз.



Кітап оқы:

- 1 Эрих Мария Ремарк «Триумфальная арка». – Москва, 2017
- 2 Аристотель. «Саясат». – Москва, 2016
- 3 Гомер. «Одиссея», «Илиада». – Москва, 2012
- 4 Николай Гоголь. «Ревизор». – Москва, 2014
- 5 Шәкәрім Құдайбердіұлы. «Үш анық». – Алматы, 2002
- 6 Ілияс Есенберлин. «Көшпенділер». – Астана, 2021
- 7 Жүсіп Баласағұни. «Құтты білік». – Алматы, 2020
- 8 Ілияс Жансүгіров. «Құлагер». – Алматы, 2003
- 9 Грегори Дэвид Робертс «Шантарам». – Москва, 2010

Деректеме:

1. Australian Broadcasting Corporation: www.abc.net.au
2. Phillips, G. & Lindgren, M. (2006). *Australian Broadcast Journalism (2nd edn)*. Melbourne: Oxford University Press.

Сөздік:

Ойбағдар: Тындарман, оқырман және көрерменге оқиғаның негізгі ойын білдіретін және қалай реакция жасау керектігін меңзейтін сөздер мен сөйлем құрылымы. Мысалы, телерадио журналистері негізгі оқиғаны бергенде, алдымен болған оқиғаның тарихына шолу жасап алады.

Өткел: Телерадио жаңалығы немесе шоу элементтері арасында бірінен екіншісіне өту, жаңалықты оқушы дайын дүниені көрсетер алдында айтатын сөз.

Таныстыру: Сөйлейтін адамды таныстыратын қысқа жол, әдетте, кадр сыртынан сөйлейтін тілшіні таныстырады.

Грaб: Диктордың (немесе дереккөздің) сұхбаттан үзінді келтіруі.

Түйін сөз: Диктордың тікелей эфирде жазбаның дайын бөлігі біткен соң айтатын мәлідемесі.

Табиғи дыбыс (*natsound* – интершум): Оқиға орнынан жазылған табиғи дауыс.

Сөйлеу шапшаңдығы: Журналист, диктор немесе жүргізушінің сөйлеу жылдамдығы.

Жатық сөйлеу: Біркелкі әрі нақышына келтіре сөйлеу.

Сценарий: Электронды жаңалық медиасында радио не телевизия сюжетінің жазбаша бөлігі.

2.2. Сұхбат. Подкаст: өндіру және монтаждау

Радиожурналист – арнайы білім, кәсіби-практикалық дағдылар кешені бар радиода эфирге шығаруға, айтуға арналған мәтіндерді мақсатты түрде жазатын адам. Ал радиожурналистика – кәсіби және қоғамдық ақпараттық-коммуникативтік қызметтің ерекше түрі дейтін болсақ, яғни техникалық құралдар арқылы табиғи дыбыстың (сөз, шу, музыка) мүмкіндіктерін пайдаланып, ерекше психологиялық сипатта радиохабарларды аудиторияға

эмоционалды түрде жеткізеді. Ол радиохабарлар тікелей эфирде немесе таспа түрінде түрлі жанрларда жасалады. Қазіргі журналистика саласында ақпараттық жанрлар кең қолданылады. Біз екінші тараудың бірінші бөлімінде радиоақпаратқа кеңірек тоқталдық. Енді ақпараттық жанрдың тағы бір түрі – радиосұхбат «Радиожурналистика»³⁴ атты еңбекте 5 топқа бөлінеді.

Ақпараттық сұхбат. Сұрақ нақты пікір білу үшін немесе қандай да бір мәлімет алу үшін қойылады. Сұхбаттың бұл түрі фактіні және пікірді қамтиды. Сұхбат берушінің ресми тұлға болуы шарт емес. Оның сөйлеген сөзінің астарында көңіл күй мен ішкі толғаныс, яғни эмоционалдық фон болуы тиіс. Сондықтан көбінесе жаңалықтар желісінде мұндай сұхбаттар журналистің қойған сұрағынсыз беріледі. Өйткені бұл жерде қойылған сұрақ емес, оған қайтарылған жауап маңызды рөл атқарады.



Радиохабар:



³⁴ К. Қабылғазина. Радиожурналистика. – Аламты, 2014

Портреттік сұхбат. Сұхбаттың бұл түрі жеке тұлғаның образын ашуға арналады. Сол себепті, портреттік сұхбат әлеуметтік-психологиялық сипатымен ерекшеленеді. Өйткені портреттік сұхбат адам бойындағы құнды қасиеттерді анықтауға негізделеді. Мысалы, Қазақ радиосының белді журналисі Гүлбану Алпамысқызы «Толқындағы дәурен»³⁵ хабарында дауылпаз диктор Әнуарбек Байжанбаевты суреттейді. Әнуарбек Байжанбаев 19 жасында майданға аттанып, 1943 жылы ауыр жарақаттан елге оралады. Көсемсөз шебері Әнуарбек Нығметжанұлы 1944 жылы алғаш эфирге шағын хабарландыру оқып шыққан күннен бастап, өмірінің соңына дейін кең тынысты үнімен Қазақ радиосында диктор болып қызмет атқарған.



Алтын қор:



Толқындағы дәурен
Әнуарбек Байжанбаев



48-сурет. Дикторлар Қатира Әзімбаева,
Әнуарбек Байжанбаева, Мина Сейітова

³⁵ <https://qazradio.fm/shalqarfm/kz/audios/47054>

Сауалнамалық сұхбат. Белгілі бір нақты сұраққа әртүрлі адамдардан жауап алу арқылы жасалады. Қысқа да нұсқа 1-2 сұрақтың аумағында жауап алынатын болғандықтан, оны жедел сұхбат, яғни экспресс-интервью деп атайды. Негізінде сұхбаттың бұл түрі – қоғамдық пікірді анықтаудың өзіндік бір тәсілі.



Пысықтау жұмысы:

«Ашық алаң» бағдарламасын QR-кодты сканерлеу арқылы тыңдап, талдаңыз.




49-сурет. «Ашық алаң» бағдарламасы

Хаттамалық сұхбат. Мемлекеттік саясат деңгейінде туындаған сауалдар төңірегінде ресми тұлғадан, я болмаса құзырлы қызмет иесінен нақтылай жауап алу. Әлбетте, ресми тұлға ресми жауап береді. Сұхбат кезінде қойылатын сауалдар алдын ала әзірленіп, мемлекеттік жауапты қызметкерлердің (президенттің, министрдің, т.б.) көмекшісіне немесе баспасөз хатшысына ұсынылады. Бұл ретте журналистің жеке пікіріне орын жоқ. Эфирде ресми тұлға сол алдын ала ұсынылған сұрақтарға жауап қайтарады, журналист келісілген сұрақтарын қоюмен шектеледі.



Радиохабар:



50-сурет. «Басты тақырып» бағдарламасы

Проблемалық сұхбат. Проблемалық сұхбаттың басты түйіні – журналистік позиция, көпшілік талқысына ұсынылатын қоғамдық маңызы бар ашық мәселе. Мақсат – халықтың көкейінде жүрген сауалдарға жауап алу, күн тәртібіндегі кезек күттірмейтін мәселелер төңірегінде сөз қозғау. Сұхбаттың бұл түрі тікелей эфирде ұйымдастырылуы шарт. Студияға шақырылған қонақ журналистің

ғана емес, сонымен қатар телефон желісіндегі тыңдармандардың да сұрағына жауап қайтаруы тиіс. Сұхбат беруші мен тыңдармандар арасында белгілі бір жағдайда дау тууы мүмкін. Дәл осындай сәтте журналист өзінің тақырыпты толық меңгергенін, сол тақырып аясындағы фактілерді жан-жақты білетінін, сұхбат берушімен кез келген сауал төңірегінде тепе-тең дәрежеде объективті жауап алу үшін сөз таластырып, қажет болған жағдайда қорытынды тұжырым жасай алатындығын көрсетуі керек. Проблемалық сұхбатты жүргізген журналистің қателесуге, қандай да бір фактіден бейхабар болуға хақысы жоқ.



Радиохабар:

55 JYL SHALQAR RADIOSY
tikелей эфир

19:00 21.01.2021

ДАРХАН ЖАЗЫҚБАЕВ
ҚР МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ АГЕНТТІГІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ, Ф.Ф.КАНДИДАТЫ

"ТӘУЕЛСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ"

НЫСАНА

ГҮЛНҰР ОМАРХАНҚЫЗЫ

51-сурет. «Нысана» бағдарламасы



Радиохабар:

SHALQAR RADIOSY

ОМАРХАН ӨКСІКБАЕВ
ҚР ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
ДЕПУТАТЫ

19:30
БЕЙСЕНБІ

ДЕПУТАТ САҒАТЫ

ГҮЛНҰР ОМАРХАНҚЫЗЫ

52-сурет

Ал сұхбат – жай сұрақ қана емес. Сұхбат беруші адам өзінен сұхбат алуға келетін адам мән-жайды аздап болса да біледі деп ойлайды. Сондықтан журналистке дайындық қажет. Дайындықсыз келген журналист бастапқы ойлағанынан жаңылып қалады. Сәйкесінше, алар ақпары да аз, түсініксіз болып шығады. Ал дұрыс, тақырыпқа сай қойылған сауал журналистің өзіне абырой, жұмысының нәтижелі шығуына себепші. Сондықтан журналист өзі бара жатқан кейіпкерінің кім екенін өзге ақпарат көздерінен біліп

алғаны жөн: мысалы, оны жақсы білетін адамдардан сұрауға болады. Басқа басылымдарда жарияланған сұхбаттарын оқып, танысуға болады. Ал осындай дайындықтан кейін журналист білгеніне және өзінің көтерген тақырыбына қарай сұрақтар әзірлеуі керек.



Ойбағдар:

Жалпы сұрақтар мынадай түрлерге бөлінегі (П. Мицыч топтамасы):

1. Жабық сұрақ
2. Ашық сұрақ
3. Айналы сұрақ
4. Риторикалық сұрақ
5. Екіталай сұрақ
6. Ойлануға итермелейтін сұрақтар



Деректеме:



YES NO

Бұл сұрақтардың жауабы әрдайым «иә» мен «жоқтан» аспайды.



Өзара әңгімелесуде де қатаң атмосфера орнығады. Әңгімелесушінің де ойлау шеңбері тежеге түседі. Ол журналист ұстанған позициядан аспай қалады.



Сондықтан бұл сипаттағы сұрақтарды тек белгілі бір мақсатпен қолданған жөн. Демек, қосарлы жабық сұрақ қойған дұрыс.

Бұл сұхбат берушіге өз ойына қайта оралуға мүмкіндік береді.

Екінші жағынан, жабық сұрақ әңгімелесушіні тергеп отырғандай әсер қалдырады. Сұхбаттасушы адам ішкі ойын жеткізе алмай кетеді. Сондықтан журналист толық мағлұмат алмақ болса, мұндай сұрақтардан қашқаны жөн. Оны тек әңгімелесушінің келісімін алу үшін ғана қою керек. Мәселен, «Сіз осымен келісесіз бе?», «Демек, сіздіңше, оқиганың өрбу реті жоғарыдағыдай болған зой?» деген сынайлы.

Алайда кейбір кездерде жаңалықтарда сұхбат берушінің сөзі ғана емес, журналисттің сұрағы да көрерменге естіліп жатады. Мәселен, телеарнадан спорт жаңалықтары өтіп жатқан. Онда қыздар арасында футбол бойынша дәстүрлі сайыс туралы әңгімеленді. Ортасында сайысқа қатысқан қыздың синхроны берілді. Әйтсе де, мұнда сұхбат беруші адамның сөзінен гөрі журналисттің сөзі көбірек болып көрінді. Себебі журналист «Бұл спорт түрімен айналысқаныңа қанша уақыт болды?» деп сұрақ қойған, сұхбат беруші де «8 жыл» деп жауап қатты. «Қалай, өзіңе ұнай ма?» деді журналист. Кейіпкер де «иә» деп қысқа қайырды. Осылайша, синхрон тақырыпты ашпақ түгілі, журналист өзінің сұрақ қою шеберлігінің төмендігін байқатып қалды. Яғни мұндай сұрақтар журналистің өзіне де абырой әпермесі анық.



Деректеме:

Мұндай сұрақтар арқылы әңгіме жан-жақты ашыла түседі. Әңгімелесуші де өз ойын еркін жеткізе алады.

Бастысы сұхбат берушінің тақырыптан ауытқып кетпеуін бағыттап отырған жөн.

Ал кей кездерде редакцияларда журналистердің бір сағат сұхбат жазып келіп, бір жарым минуттық сюжет жасап жататын кездері болады.

Ашық сұрақтар:

Бұл сұрақтар белгілі бір түсініктемені талап етеді. Себебі, сұрақ «кім?», «не?», «қалай?», «қанша?», «неліктен?» деген сөздерден тұрады. Мысалы: « Осы мәселеге байланысты сіздің пікіріңіз қандай ?», «Неліктен сіз мұндай тоқтамға келдіңіз?», «Неліктен осындай шешім шығардыңыз?».

Яғни сұрақтың ашық түрін қолданғанда да сұхбат берушінің бар айтқанын тоқтатпастан түгелдей жазып алу қажет емес, ең басты деген мәселелерді ғана таспаға жазып алғаны жөн. Бұл журналистің өзіне де материалын монтаждау кезінде оңайға соғады.

Айналы сұрақтар қалай қойылады?



Деректеме:

Ашық диалог қалыптастыру үшін әрбір тақырыптың ауқымы тарылып қалмасы үшін мынадай сұрақтар қойғаны жөн.

Сұрақтың бұл түрі сұқбат беруші адамның өзі айтқан сөзін келесі бір сұрақтың негізгі бөлігі етіп қайта қоюдан тұрады.



Яғни сұқбат беруші өз ойын екінші бір қырынан қайта бағалайды. Осылайша журналист те сұқбат берушінің айтқанына қарсы шықпай-ақ, өз сөзін өзіне қайталау арқылы әңгіменің қатпарлы тұстарын ашып алады.



Бұл қайта-қайта «неліктен?» деп сұрай бергеннен тиімдірек. Ал «неліктен?» деп қайталай бергенде сұқбат беруші де жалтарып, айтқан ойынан айнып қалуы мүмкін.



Ойбағдар:

Риторикалық сұрақтар:

Бұл – мәселеге тереңінен үңілуге септігін тигізетін сұрақ түрі. Алайда оған ешқашан тікелей жауап берілмейді, себебі оның басты мақсаты – жаңа сұрақ тудыру, шешілмеген мәселеге меңзеу.

Екіталай сұрақтар. Олар: «Мұны көз алдыңызға қалай елестетесіз?», «Қалай ойлайсыз, мұндай түбегейлі өзгеріс қажет пе?», «Ал шын мәнінде, жағдай қандай?» деген сыңайда болады.

Бұл тектес сұрақтар журналистің өзіне қажетті ақпаратын толық алып болып, келесі бір мәселеге ауысарда қойылады. Бірақ мұндайда екеуара келіспеушілік туындап қалуы мүмкін. Әрі жауапта «иә» мен «жоқтан» аспауы кәдік. Ал журналистке қажеттісі – көбірек мағлұмат алу.



Ойбағдар:

Ойлануға итермелейтін сұрақтар:

Олар әңгімелесушіні ұзағынан, тереңінен ойлануға, бар мәселені өзінше қарастырып, өзінше бағалап түсіндіруге бағытталған. Оған мынадай сұрақтар жатады: «Мен сізге осы мәселеге байланысты суретті көз алдыңызға елестете алдым ба?», «Кешіріңіз, мен сіздің бұл мәселеге байланысты айтқан дерегіңізді дұрыс түсіне алдым ба?», «Сіз солай деп есептейсіз бе?», т.б.

Бұл сұрақтардың басты мақсаты – өзара түсінушілікті қалыптастыру, ал бұл өз кезегінде жақсы нәтиже береді. Ал бұл

сұрақтарды қою – бір бөлек, оған жауап ала алу – бөлек әңгіме. Көбінесе сұхбат беріп үйреніп қалған адамдар, журналист тақырыпты айта салысымен-ақ өзі дөңгелетіп кетеді. Ал кейбіреуі қойған сұраққа жауап беріп отырғандай-ақ, тіптен тоқтамастан сөйлейді, бірақ нақты жауапты іздеп таппайсыз.

«Справочник для журналистов стран Центральной и Восточной Европы»³⁶ деп аталатын еңбекте мынадай кеңестер берілген:

- Сұхбатты жеңіл сұрақтардан бастаңыз. Немесе күмәнді сұрақтар қойыңыз. Ал күрделі сұрақтарды сұхбаттың соңына қалдырыңыз. Сұхбат берушіге өзінің жеке ойын айтып қалуына мүмкіндік беріңіз. Негізгі тақырыпқа көшетін кез келді, көңіл күй орнады деп есептесеңіз, маңызды сұрақтарға көшіңіз.
- Сұхбаттың басында қойылатын сұрақтың жауабын журналист өзі білуі керек. Яғни журналист өзінің мән-жайды білетіндігін, қара жаяу еместігін байқатады. Ал алынатын әрбір жауапқа сын көзбен қарап, барлығына бірдей сене бермеген жөн. Әсіресе сұхбат беруші саясаткер болса, себебі ол сұхбаттағы дүниелерді өз мүддесі тұрғысынан айтып отырған болуы мүмкін.
- Жауап ала тұрып, сұхбат берушінің киім киісіне, айналасында өзін қалай ұстайтынына мән беріп, тіпті түртіп тұрыңыз. Бұл – сізге аса қажет элементтер. Әрі журналист осы бөлшектер арқылы көрерменін оқиға орнында болғандай әсерде қалдырады.
- Журналист алған жауабын өзінің түсініп тұрғанына сенімді болуы керек. Күмәнді, дүдәмал оймен қайтуға болмайды. Егер түсінбеген тұстары болса, қайта сұрап алған жөн. Демек, журналист өзі екі ойлы болған дүниесінің анық-қанығына көз жеткізгені дұрыс. Әсіресе бұл ғылыми-техникалық сала жаңалығына қатысты болса.

³⁶ К. Қабылғазина. Радиожурналистика. – Алматы, 2014

- Сұрақ оның жауабы «иә» не «жоқ» болатындай етіп құрылмауы керек. Аяқталмаған сұрақтардың жауабы көбінесе толық болады.
- Сұрақты «қалай?», «неліктен?» деген сөздерден бастаған пайдалы. Мысалы, «*Сіз сол сәтте өзіңізді қалай сезіндіңіз?*» немесе «*Осындай шешімді қабылдауға не түрткі болды?*». Мұндай сұрақтар өз қарсыласыңыз туралы көбірек мағлұмат алуға, кеңірек білуге көмектеседі.
- «*Сізді не таңғалдырды?*» деген сипаттағы сұрақтар журналистің өз бақылап-байқағанынан да артық ақпарат алуына көмектеседі.
- Сұхбат беруші адамның өмірбаяны туралы әңгімелесіңіз. Әңгіме ауанын сол адамның өмірі туралы болатындығына бейімдеңіз. «*Өміріңіздегі ең қиын сәттер немен байланысты?*» деген сынды сауалдар қойыңыз.
- Сұрақ қойғанда, «*Сіз осы жағдайда түсініктеме бергіңіз келе ме?*» деп сұрамаңыз. Бірден түсініктеме беруді сұрағыңызбен-ақ талап етіңіз. Себебі ол «**жоқ, бергім келмейді**» деуі мүмкін. Сондай-ақ сұрақты қойғанда журналист өзі сол сұрақтың жауабын біліп тұрғандай болуы керек.
- Егер қарсыласыңыз жауаптан жалтарса, сұрақты қайталап қойыңыз. Бірақ, сәл уақыт өткізіп барып, қайталанған немесе басқа құрылымда қойған жөн.
- Өзіңіздің алдын ала жүргізген зерттеулеріңізге сүйене отырып, мына сипаттағы сұрақтар қойыңыз: «*Сіз туралы олай-бұлай айтады. Бұған өзіңіз не дейсіз?*»
- Сұрақ қою кезінде паузаны пайдаланыңыз. Яғни әңгімелешушіңіз үндемей қалған болса, сіз де жауап күткендей

боп тұрып алыңыз. Сонда ол сізге қосымша дүниелерді білу керек екен деп ойлап, қысқа жауабын толықтыруы мүмкін. Сол арқылы журналист көбірек ақпарат алып, ұта түседі.

- Сұхбат соңына жетіп қалғанда ғана ең күрделі сұрақтарды қоя бастау керек. Бұл – сұхбат берушінің айтқысы келмейтін, жабулы күйде қалдырғысы келетін тақырыптары болуы керек. Ал оны сұхбат соңында қою арқылы жауап алу мүмкіндігі арта түседі. Айтпай қойған күннің өзінде, бұл сіздің сұхбатыңызға кері әсерін тигізбейді. Себебі сіз керек дүниеніңізді әлдеқашан алып қойғансыз.
- Сұхбатты жазуды тоқтатқаннан кейін де әңгімені жалғастыра берген дұрыс. Мұндай жағдайда әңгімелесуші қысылып-қымтырылмай, өз ойындағысын жеткізеді.
- Сұхбат соңында әңгімелеушіңізге алғысыңызды білдіріңіз. Алдағы уақытта да байланысып тұруға бола ма деп сұраңыз, телефондарыңызды қалдырыңыз, өзінікін алыңыз. Егер керек болып жатса, кейбір нәрселерді анықтауға хабарласатыныңызды айтыңыз.

Ең бастысы, кімнен сұхбат алса да журналист өзі туралы сұхбаттасушыны жақсы пікірде қалдыруы керек. Ол алдағы болашақ байланыстар үшін аса қажет. Алайда журналист сұрақтарды алдын ала жазып дайындап алдым екен деп, соның шеңберінен шықпай қалуына болмайды. Екеуара сұхбат алдын ала құрылған тізімге ешқашан бағынышты болмауы керек. Алайда тізімдегі сұрақтың жауапсыз қалмауын да қадалаған дұрыс. Яғни сұхбаттың өрбу барысы журналистің шеберлігіне тікелей тәуелді. Зерттеуші Лазутина да сұхбатты шырайландыратын журналистің өзі деп есептейді.



Пысықтау жұмысы:

Аудиторияда парталасыңызбен сұрақ қоюдың түрлерін қолданып, сұхбат жүргізіңіз.

Радиорепортаж³⁷ – радионың табиғатына тән, оқиғаның дыбыстық суретін тыңдарманның көз алдына елестете алатын, жанды сөзбен дәріптелетін, оқиға аясындағы журналистің баяндауын табиғи шумен толықтырып, оқиғаға қатысушылардың әсерлі әңгімесімен тыңдарманды қайталанбас сәттің куәгері ететін ерекше жанр. Радиожурналистиканың тарихында алғашқы радиорепортаждар «*өмірдің ортасынан берілген хабарлар*» деп аталған. Радиожурналистиканы зерттеуші ғалым, профессор Намазалы Омашевтың айтуынша, «*Өмірдің ортасынан берілген хабарлар*» деп, біршама бұрыс аталған алғашқы радиорепортаждар, студиядан кеңістікке шыққан микрофонның таңғаларлық мүкіндіктеріне жол ашты. Радиорепортаж радио шығармаларының ең тиімді

³⁷ К. Қабылғазина. Радиожурналистика. – Аламы, 2014

түрі ретінде көрінді». Демек, радиорепортаж радиожурналистиканың бейнелеуші құралдарын, яғни сөзді, шуды, музыканы толық қамтыған, уақыт пен кеңістік аясындағы деректілігімен ерекшеленетін әуе толқынының төл жанры. Сондықтан да радиорепортажды жүргізетін журналист, яғни репортер шығармашылық әрі техникалық тұрғыда кәсіби шебер болуы керек. Өйткені өмірде болып жатқан қоғамдық маңызы бар оқиғаларды репортажға айналдыратын – репортер.



Ойбағдар:

Репортердің жанрлық элементтері:

1. Оқиға
2. Мекенжай
3. Тілші баяндауы
4. Оқиғаға қатысушылардың әңгімесі
5. Уақыттың көрсеткіші

Эфирден берілу сипатына қарай радиорепортаж тікелей және тікелей емес болып екіге бөлінеді.

Тікелей репортаж. Өтіп жатқан оқиғадан жүргізілетін репортаж сол сәтте қолма-қол әуе толқыны арқылы таралып, тыңдарманға жетеді. Өмірдегі оқиға мен эфирдегі репортаждың арасында уақыт айырмашылығы болмайды. Тікелей репортаж тарихи маңызы зор, елді елең еткізетін айтулы оқиғалардан жүргізіледі.

Тікелей емес репортаж. Оқиға ортасынан жазылып алынған репортаждың оқиғалық желісі тізбектеліп, мәнді тұстары іріктеліп беріледі. Яғни оқиға барысынан таспаға басып алынған дыбыстық жазба монтаждалып, қайта құрастырылған қалпында эфирге ұсынылады. Ал тақырыптық тұрғыда қамтитын мәселенің қисынына қарай радиорепортаж оқиғалық және проблемалық болып екіге бөлінеді.

Оқиғалық репортаж. Оқиға орнынан жүргізілетін репортаж. Бұл ретте тақырып оқиғаға орай туындайды.

Проблемалық репортаж. Бұл репортаждың мақсаты – күнделікті өмірде, заман ағымында туындаған проблемаларды нақты дерекке сүйеніп сөз ету, сол деректі немесе құбылысты әрекет аясында дыбыстық жазбамен дәйектеп, тыңдарманға ой салу.


Жалпы **радиорепортаж** – синтетикалық жанр. Оның құрамына ақпараттың да, сұхбаттың да элементтері енеді.



Ойбағдар:

Синтетикалық форма орыс. синтетическая форма (гр. syntheticos - қосу, құрастыру) — сөздің негізіне қосымшалардың жалғануы арқылы туатын, яғни аффикстік тәсілмен жасалатын сөз формасы. Мысалы: тәуір — тәуірлеу — тәуірірек; малшы, малшылар, малшылардың; алшы, алыңыз, алыңыздар; алды, алсам, алар, алдырт, алыс т. б. Мұндай формалық өзгерістер бір сөздің көлемінде (ішінде) болып отыратындықтан, олардан басқа аналитикалық тәсілмен туатын күрделі формалар болатыны ескеріліп, жалаң формалар деп аталады

4. Радиосеп. Радиосептің негізіне атқарылған істің қорытындысы, соның нәтижесінде қол жеткен табыстар, оң көрсеткіштер немесе іс-шара аясындағы белгіленген шешімдер арқау болады. Сондай-ақ радиосепте сөйлеушілердің сөздері беріледі. Журналист болып өткен оқиғаны оның реттік желісін сақтай отырып, басты мәселелеріне тоқталып өтіп, қысқа да нұсқа мәлімет береді. Сондықтан да радиосеп хаттамалық сипатта ұсынылады. Негізінен қоғамдық-саяси шаралардан, ресми оқиғалардан жасалады. Уақыт мөлшері жағынан радиосепке арқау болған өмірдегі оқиға ұзақтығынан эфирдегі оқиға мөлшері бірнеше есе кем болады. Мысалы, алты сағатқа созылған мәжілістің есебі 2-2,5 минут қана болуы мүмкін.



Пысықтау жұмысы:

Радиорепортаждың әртүрлі тәсілде дайындалған түрлерінен мысалдар келтіріп, оқиға орнынан репортаж жүргізуге өзіңізді бейімдеңіз. Мысалы, университет қалашығының алаңынан репортаж жасаңыз. Айналаны суреттеу арқылы, өтіп жатқан адамдарға сипаттама беру арқылы репортаждың жасалуын үйрене тұрып, тілдік қорды молайтуға мүмкіндік туындайды.



Алтын қор:



Радиожурналистиканың талдамалы жанрлары.³⁸ Радиожурналистиканың ақпаратты жанрлары ақпараттық функцияны, ал талдамалы жанрлары ақпараттық және талдамалы функцияны атқарады. Соған сәйкес талдамалы жанрлардың құрылымдық, тілдік-стильдік ерекшеліктері айқындалады. Өйткені оның маңыздылығын, өзектілігін жоймаған элеуметтік мәні бар фактіге құрылатындығы ақпараттық функциясын айқындаса, ал журналист тарапынан фактіге жасалатын сараптама, оқиға немесе құбылысқа көзқарас таныту, пікір білдіру, баға беру талдамалық функциясын іске асырады.

Радиокомментарий. Бұл қандай да бір факті, оқиға немесе құбылыс жайлы құзырлы адамның, маманның немесе журналистің пікірі, жасаған талдауы, берген бағасы. Комментарий – латынның *талдау, түсіндіру* деген сөзінен шыққан. Ол – қоғамдық-саяси деңгейдегі өзекті мәселенің, оқиғаның, құбылыстың мәнісін түсіндіруге құрылған сараптамалық материалдардың бір түрі. Комментарийдің негізгі жанрлық элементтері: Автор тарапынан фактіге жасалған талдау мен оған берілген баға. Эфирден берілу ретіне қарай комментарийді екі топқа бөлуге болады:

1. *Дербес комментарий.* Эфирден өз алдына жеке бір хабар ретінде өтеді.

2. *Шағын комментарий.* Көбінесе жаңалықтармен бірге беріледі немесе үлкен бір хабардың құрамына еніп кетеді. Тақырып аясындағы сөз болатын мәселенің сипатына қарай комментарий оперативті және проблемалық болып екіге бөлінеді:

1. *Оперативті (нақты-оқиғалы) комментарий.* Ол күннің айтулы оқиғасына арналады. Сондықтан оқиғамен бірге іле-шала жедел эфирден ұсынылуы тиіс. Соған сәйкес көлемі де ықшам болып келеді, яғни 1,5-2 минуттан аспауы керек.

2. *Проблемалық комментарий.* Оған заман ағымындағы толғақты мәселелер, саяси бағыттағы маңызды шаралар, халықаралық деңгейдегі назар аударарлық оқиғалар өзек болады. Оперативті комментарийде бір ғана оқиға немесе құбылысқа түсініктеме берілетін болса, ал проблемалық комментарийде деректер мен топшылаулар көбірек ұшырасады. Мұның өзі проблемалық комментарийдің құрылымдық ерекшелігі.

³⁸ К. Қабылғазина. Радиожурналистика. – Аламты, 2014



Пысықтау жұмысы:

Радиокомментарий жазыңыз. Микрофон алдында мәтінді оқыңыз. Микрофон алдында өзіңізді ұстауға, сөйлеуге дағдыланыңыз.

Радиоәңгімелесу – радиожурналистиканың ең бір негізгі және күрелі жанры, көпшілікке арналған ауызша үгіттің ең басты формаларының бірі. Ол диалогқа құрылатындықтан сыртқы сипаты жағынан сұхбатқа ұқсайды. Ал ішкі мазмұны мүлде бөлек. Сұхбат нақты сұрақ пен нақты жауаптан тұрады. Ал әңгімелесу кезінде сұрақ, ең алдымен, сөзді бастап беру үшін, содан соң тақырыпты ашып, оны жан-жақты тарқатып жеткізу мақсатында әңгімелесушінің кілтін тауып, оның ойын өрбітіп, сөзін сабақтау үшін, соңында белгілі бір тұжырымға келіп, ой түйіндеуіне мүмкіндік туғызу үшін қойылады. Сондықтан радиоәңгімелесу кезінде сұрақ екінші кезекке ығысып, жауап берушінің сөзі үлкен мәнге ие болады. Өйткені ол ағынан жарылып, сыр ақтарып, көңіл түкпірінде жатқан ойларды ортаға салып, шешіліп сөйлейтін болуы керек. Сондықтан ол қойылған сұрақтарға жауап берумен шектелмей, сол сауал төңірегінде жан-жақты ойланып-толғана отырып,

өз тарапынан көкейінде жүрген кейбір мәселелерді де сөз етеді. Радиоәңгімелесудің жанрлық ерекшеліктері осыдан келіп туындайды. Бұл жанрдың көтерер жүгі салмақты болғандықтан, оған қойылатын талаптар да күрделі. Онда шебер сөйлеу, тіл құнарлығы, ой нақтылығы, әңгімелесу процесі жүзеге асуы тиіс. Әңгімелесушінің жанды сөзі, тыңдармандардың қызықты сұрақтары, емін-еркін тілдесу процесі, қызу пікірталас, т.б. радиоәңгімелесу жанрына шынайы сипат береді. Радиоәңгімелесудің сәтті шығуы аудиторияның сипаты мен психологиясын, оның негізгі мұқтажы мен жалпы проблемасын дәл есептеп, тақырыпты дұрыс таңдап, радионың мүмкіндіктерін толық пайдалана білуге байланысты болады.

БАҒДАРЛАМА ҚҰЖАТЫ

Хабардың аты: «Әжемнің әңгімесі»

Хабардың авторы: Альмира Елімсарина

Форматы: таспа

Жанры: танымдық

Әфирге шығатын уақыты: жексенбі, сағат 15:00

Ұзақтығы: 15 минут

Жиілігі: аптасына 1 рет

Байланыс телефоны: 8(7172) 75-72-86

E-mail:

Мақсаты: Хабар әжелер институтын насихаттайды. Ұлттық тәрбиенің өзегі әжелер мектебінің құндылығы дәріптеледі. Әже ұлағатымен өскен ұрпақтың пайымды парасаты тыңдаушыға жеткізіледі. Немересін жырмен жұбатып, әнмен әлдилеп, ертегімен еліткен, батырлардың ерлігі мен өрлігін үлгі еткен әжелер өнегесі айтылады.

Әжемнің әңгімесі. Хабарға ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, генерал-лейтенант Абай Тасболатов қатысты. Адам анасының бойына біткеннен пешенесіне тағдыры жазылады дейді. Абайдың пешенесіне жазылғаны өзгеге ұқсамайтын ерекшелеу болды. Төрт айлық сәбиді ата мен әже бауырына басады. Емшектегі баланы ала биенің сүтімен асыраймыз дейді. Бірақ іші өтіп мазасыздана

бастайды. Шырылдап жатқан немересін көргенде тұла бойы толқып, еміренген әже омырауынан сүт шығады. Тәртіп пен тәрбиенің қайнар көзі – әжелер. Сәбиді бесікке салғаннан бастап, әже баланың бойына халқының әдеп, инабаттылық дәстүрін дәріптейді. Әже жыры мен ертегісін естіп ер жетпеген азаматтың бойында ұлттық құндылық пен рухани қажеттіліктердің қалыптаспауы мүмкін. Сондай-ақ ол қасиеттер мейірім арқылы дариды.



Радиохабар:

QAZAQ RADIOSY  06.06.2021
15.00

АБАЙ ТАСБОЛАТОВ
ҚР ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ДЕПУТАТЫ,
ГЕНЕРАЛ-ЛЕЙТЕНАНТ



Әжемнің әңгімесі
АЛЬМИРА ЕЛІМСАРЫ

57-сурет. «Әжемнің әңгімесі» бағдарламасы

Әңгімелесу жанрында сүбелі сұхбаттар жүргізіп, руханиятқа өз қолтаңбасын қалдырған әдебиеттанушы, сыншы, тележурналист, жазушы, қоғам қайраткері Сағатхан Әшімбайұлы Әшімбаев,

80-жылдардың басынан теледидарда «*Жүректен қозғайық*» атты бірнеше жылға созылған тізбекті бағдарлама жүргізді. Өзі теледидарға қызметке келген соң, осы хабарлардың өзектес заңды жалғасы ретінде «*Парыз бен қарыз*» атты авторлық бағдарлама енгізіп, оны бірнеше жыл тұрақты түрде жүргізіп отырды. Қазақстаннан тыс тұратын қандастарымыздың арасында түсіріп қайтқан «*Қауышу*» хабары да кезінде өте жоғары бағаланды. Төмендегі QR-кодты сканерлеу арқылы «Парыз бен қарыз» бағдарламасын тыңдаңыз.



Ойбағдар:

Сағатхан Әшібайұлы Әшімбаев (01.05.1947 жыл, Райымбек ауданы, Алматы облысы – 26.08.1991, Алматы)

С. Әшімбаевтың негізгі тақырыбы – сын жанры. Оның қаламынан туған зерттеу, талдау тұжырымы, көңілге қонымды сын мақалалары мерзімгі баспасөз бетінде жүйелі жарияланып тұрды.

Туған жері Райымбек ауданында өзі оқыған мектебі С. Әшімбаевтың атымен аталады. Алматы қаласындағы бір көшеге оның есімі берілген. Қазақстан Журналистер оғағы тағайындаған С. Әшімбаев атындағы ең үздік телехабарларға берілетін жүлде бар.



Алтын қор:



Парыз бен қарыз

58-сурет. Сағат Әшімбаев

Радиоәңгіме – монологқа құрылатын деректі-көркем жанр. Оған да радиоочерктегі тәрізді өмірлік дерек өзек болады. Сондықтан да радиоәңгіме деректік сипат алады. Ал көркемдік деңгейі тұрғысынан келетін болсақ, бұл жанр әдебиеттегі әңгіме жанрының белгілерін тұтас қамтиды да, радионың табиғатына тән көркемдік элементтерді бойына сіңіреді. Әңгіменің негізгі жанрлық элементі, ең алдымен, жанды сөз, содан соң музыка, келесі кезекте дыбыс эффектілері.

Радиоәңгіменің мазмұнымен қатар, эфирден берілу тәсілі, естілу ерекшелігі де тыңдармандарды тартып, оның көңіл-күйіне әсер етіп, дыбыс арқылы оқиға көрінісі, кейіпкер бейнесі сомдалуы қажет. Радиоәңгімедегі ең басты қызмет атқаратын нәрсе — сөйлеушінің дауыс ырғағы. Адамның жанды дауысы, оның ырғақтары мен үн реңдері — әңгіме мазмұнын жандандыратын ең басты құрал.

Радиоәңгіме – автордың микрофон алдындағы емін-еркін тіл қатуы арқылы, керек жерінде әсерлі, бейнелі, өткір тілмен, енді бірде логикалық жағынан ұтымды ойлы да, оралымды тілмен сөйлей алатындығы нәтижесінде радионың диапазонын кеңейте түскен жанр. Қазақ радиосының әуе толқынынан ұзақ жылдар бойы үзілмей жалғасып келе жатқан «Сыр сандық» айдарынан берілетін белгілі радиожурналист Дүйсенбек Қанатбаевтың әдебиет және өнер қайраткерлерінің тағдыры мен шығармашылығы жайындағы радиоәңгімелері аталмыш жанрдың үздік үлгілері болып есептеледі.

Деректі грама – бұл сюжеттік желісі өмірге болып жатқан оқиғалар мен фактілерден құралатын журналистің баяндауындағы шежіре. Онда сөз болатын оқиғаға қатысушылардың түпкілікті аты-жөнгері айна қатесіз сақталады да, деректік материал мәтінмен астастырылып, тікелей шығарманың дыбыстық құрамына енегі.



Алтын қор:



Харун Токак «Арал» әңгімесі

59-сурет. «Әлем әдебиеті» хабары. Түрік жазушысы Харун Токактың «Арал» әңгімесі. Қазақ тіліне тәржімалаған аудармашы Мәлік Отарбаев



Ойбағдар:

Түрік тілшісі, жазушы Харун Токак – 1955 жылы Ушак ауданы Кырка ауылында дүниеге келген. “Йени шафак” (Yeni Şafak) газеті жазушысы, Жазушылар және журналистер қауымдастығының бұрынғы төрағасы.

“Йени шафак Пазар” газетінде апталық әңгімелер жазған Харун Токак, “Алда шапқан аттылар” (Önden Giden Atlılar), “Жолдағылар” (Yoldakiler), “Саңлақ сардарлар” (Işık Süvarileri), “Кімге аманат” (Kime Emanet), “Қыналы арғымақтар” (Kınalı kuheylanlar) сынды шығармалардың авторы.

Туындылары орыс, қазақ, украин және әзірбайжан тілдеріне аударылған.

Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» туындысы 1910 жылы басылып шықты. «Бақытсыз Жамал» қазақ тілінде шыққан бірінші роман. Оқиға желісі бағдарламада артистердің дыбыстауымен әсерлі сипатталады. «Бақытсыз Жамал» романы әйел теңдігін жырласа, екінші жағынан, ескі дін, ескі салт, ескі әдетке қарсы шыққан роман. Бұл қазақтың жаңа байларының жаңашылдық сойылын соққан роман. Сондықтан роман қазақ арасында көп тарап, елдің, жаңашылдардың аузында жатталып жүрді.



Алтын қор:



60-сурет. «Бақытсыз Жамал» романы

Радиошолу. Бұл жанрға анықтама беру үшін оның өзіне тән ерекшеліктерін атап өту қажет. 1. Фактологиялық сипаты. Шолуда фактілер автордың айқындалған мақсатына сәйкес іріктеледі және топтастырылады. 2. Фактілер шолушы тарапынан өзара тығыз байланыста қарастырылады. 3. Тақырыптың зерттелу ауқымының кендігі. Егер комментарийге нақты бір факті немесе бір ғана оқиға өзек болатын болса, шолуда бір мәселеге қатысты барлық

фактілер қамтылады, жинақталады. 4. Хронологиялық шеңбер аясында, белгілі бір сала бойынша жасалады. 5. Негізгі мәнісі жалпылама қорытынды жасалады. *Радиошолу* – белгілі бір оқиға өзегіндегі бірқатар мәселелерді, соның аясындағы толып жатқан фактілерді, соның негізінде сан алуан көзқарастар мен пікірлерді қамтып, сараптап-саралай отырып, объективті баға беру, құбылыстың алды-артын түгел шолып, нақты бір тұжырым жасауға арналған жанр.



Радиохабар:



Апталық басылымдарға шолу

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
"ТҮРКІСТАН" ГАЗЕТІ**



61-сурет. «Шалқар» радиосынан беріліп тұратын «Баспасөзге шолу» хабары

Радиокорреспонденция – ақпараттық және талдамалы жанрдың функциясын қатар атқартын жанр. Онда болған оқиғаның мәні мен сипаты баяндалып, тілші тарапынан баға беріледі.

Сондықтан да оқиғаны кеңінен қамту мен қорытынды ой айту – радиокорреспонденцияның негізгі екі элементі. Ақпараттың уақыт мөлшері 30-45 секунд көлемінде болса, ал радиокорреспонденцияның көлемі 1.5-2 минутқа дейін созылады. Радиокорреспонденцияда факті хабарланады, сондай-ақ факті туралы оны хабарлаушының пікірі беріледі. Негізінен радиокорреспонденцияны тілші микрофон алдында өзі баяндайды. Оқиға куәгерінің өз аузынан айтылған әңгіме әсерлілігімен, нанымдылығымен тыңдармандарды баурап алады. Ал радиокорреспонденция диктордың оқуындағы мәтін түрінде берілсе, онда міндетті түрде «біздің тілшіміз хабарлағандай» деп мәлімдеме жасалады.

Радиожурналистиканың деректі-көркем жанрлары: Радиожурналистиканың деректі-көркем жанрлары радионың табиғатын танытып, оның тек бұқаралық ақпарат құралы ғана емес, үлкен өнер саласы екенін көрсетуге мүмкіндік береді, дыбысталатын тіл құрметімен деректі-көркем туындылардың жасалуына жол ашты.



Ойбағдар:

Радиоочерк — ақпаратты, талдамалы жанрлар функциясын атқара отырып, қамтитын тақырыбының ауқымына, бейнелейтін нысанасын тереңінен дәйектеу дәрежесіне қарай деректі-көркем жанрларға келіп топтасады.

М. Барманқұлов: «Алғашында радиоочерк газет жанрларының сөйлеу тіліндегі байланысы ретінде қабылданды. Кейін оған талап күшейіп, тіпті, тікелей әсер алу, сауыс ырғағының нанымдылығы сақталған жағдайда автордың очеркті жай оқып шыққанының өзі белгілі бір оң нәтиже беретін болды», - дейді.

Профессор Намазалы Омашев³⁹ радиоочерк жанрының тарихын былайша тұжырымдайды: «Очерк жанрының радиоға бейімделуі біртіндеп жүзеге асты. Деректі жанр акустика әлеміне келіп, әдеттен тыс ортаға бейімделді. Жалпы радиоочерктің қалыптасуы ескі бағытта жүреді. Біріншіден, радиоочерктің тілі әдеби-көркем

³⁹ Н. Омашев. Радиожурналистика негіздері. – Астана, 2016

тілге біртіндеп жақындай берді. Екіншіден, очерктің құрылымына радионың табиғатына тән қосымша элементтер келіп қосылады. Бұлар бейнелі, жанды сөзбен етене ұштаса отырып, очерк жанрының мүмкіндіктерін кеңейтті, оны жаңа бейнелеу құралдарымен байытты. Радиоочерк жанры 30-жылдардың соңына қарай Қазақ радиосының эфирінен ресми түрде беріле бастады». Радиоочерктің негізгі нысаны – адам, оның проблемасы, кейде оқиғалар. Оның ең басты ерекшелігі – кейіпкердің немесе оқиға куәгерінің деректі-жанды әңгімесі.



Алтын қор:




62-сурет. Серке Қожамқұлов (очерк)

Очерк жазудың тілі қандай болатыны туралы Австралия зерттеушісі, журналист Лиз Тайнан⁴⁰ мынадай кеңес береді:

Очерк – көркем жазудың тамаша құралы. Барлық медиа жазбалардағыдай, әдеп, үнем, дұрыс мәлімет және стиль талаптарын сақтаңыз. Қаласаңыз және редактор құптаса, тартымды баяндау мен әдеби нормаларды са енгізуге болады.

⁴⁰ URL: <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistsika-teoriya-men-praktika-ga-zhanga-kozqaras>

Мысал. Филология ғылымдарының докторы, профессор М.Б. Шындалиева⁴¹: «Шерхан Мұртаза – очеркші» мақаласында «Шыңғыс және шындық» атты көркем очеркінде жазушы оқырманын кейіпкерімен былай таныстырады: «Адамның бойы таудан аса алмас. Ал сол асқарлардан асып көрініп, бүкіл әлем таныған, талантына таңырқаған адам бар. Ол – Шыңғыс Айтматов» [1,90], – деп жазушы өзі берген баға, ой-пікірге жауапкершілікті өз мойнына алады. Ш. Айтматовтың «Ақ кеме», «Әселім», «Ботакөз», «Боранды бекет», «Жан пида» шығармаларындағы Қазақстанға байланысты тұстарына очеркші ерекше мән бере отырып, заңғар жазушының бауырмалдығын, ұлы парасаттылығын көсемсөз құдіретімен жеткізеді. Очеркші Ш. Айтматовтың көтерген өзекті проблемаларының бірлі-жарымына ғана тоқталады да, әлем, адамзат алдына қойылған сансыз сұрақтар тұрғанын нақты мысалдармен ашады. Адамзаттың өз тарихын, ата-баба дәстүрін, тілін, салт-санасын ұмытуы мәнгүрттік екенін, Айтматовтың пайымдауынша, бұл ұлттық трагедияға ұрындыратын үлкен қауіп өз арамызда екендігін оқырманына қарапайым және түсінікті тілмен жеткізе білгендігін жеріне жеткізе суреттеген очеркист біраз көркемдік құралдарды пайдаланған. Соның ішінде ұлы жазушының әдеби портретін нанымды жасап, жазушы қауымның қиын да қызықты еңбегін өрнектейді. Бұл очерктің жазылу әдісі де өзгеше. Автор Шыңғыстың Қазақстанмен байланысы, туыстығы, қазақ өмірі мен қырғыз тіршілігі арасындағы ұқсастықтарды салыстыра сыр шертеді», – деп сипаттайды. /10/.



⁴¹ М.Б. Шындалиева: «Шерхан Мұртаза – очеркші» <https://emirsaba.org/>



Пысықтау жұмысы:

Жазушы Ш. Мұртазаның «Шыңғыс және шындық» очеркі мен XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ даласында туған демократтық, ағартушылық мәдениеттің алғашқы және талантты өкілдерінің бірі – Шоқан (Мұхаммедханафия) Шыңғысұлы Уәлихановтың «Жоңғария очерктері» еңбегін оқып, талдаңыз, радиоочерк жазыңыз.

Радиохабар – жанды, қарқынды дамып отыратын организм іспетті. Әр тарихи кезеңде радионың ерекшелігі – бағдарламаның тақырыптық және проблемалық сипаттамаларында. Микрофон алдындағы жүргізуші мен тыңдаушы радиокommunikацияның басты субъектілері. Радиохабар тікелей эфирде жүреді және таспа түрінде жасалады. Алдын ала жазылып алынған сұхбатты, әңгімені, пікірді, мәтінді таспа хабарға дайындағанда дыбысты әрлейді. Оны *монтаж* деп атайды. Монтаж сөзі француз тілінен аударғанда екі мағына береді. Техникалық мағынасы – «алдын ала жасалған жоспар бойынша, жоба, кескіндеме бойынша дайын бөлшектерден, басқа құрал-жабдықтардан машина құрастыру, құрылыстар тұрғызу, жөндеу жұмыстарын жасау». Екіншісі – «белгілі бір шығарманы жүйелеп жасау үшін әртүрлі бөлімдерді таңдап, оларды құрастыру, мысалы, кинода сценарийде жазылған жүйе бойынша түсірілген фильмнің бөлшектерін таңдап алып, құрау».



Ойбағдар:

Монтаж – хабарды алдын-ала жазу барысында техникалық құрал ретінде танылса, ал тікелей эфирде біртұтас құрылымның өзіндік пішіні деп есептеледі, яғни хабардың жеке бөліктерін жалғау, сабақтастыру мәнінде қолданылады.

Сонымен қатар ұнтаспаға жазылған хабарды бір жүйеге түсіріп, артық-кемі жоқ толыққанды туындыға айналдыру процесінде іріктеу әдісі үлкен роль атқарады, ғалымның сөзімен айтсақ «іріктеу әдісі – бұл монтаж процесінің бастапқы нүктесі.



Деректеме:

Монтаж – бұл жекелеген бөліктерді жүйелеу, салыстыру, қарсы қою үшін біріктіру.
Монтажда ескерілетін талаптар:



Монтаждық бөліктердің ішкі байланысы және олардың ұқсастығы немесе қарама-қайшылығы



Монтаждық бөліктердің бір-біріне деген эмоциялық қатынасы



Олардың ырғақты уақыттық мөлшері

63-сурет

Монтаж жасаудың мүмкіндіктері әр жанрда алуан түрлі, яғни мәтінді жүйелеуден бастап, ұзақ сөздерді қысқарту, сәтсіз фрагменттерді алып тастау, техникалық жағынан дұрыс жазылмаған жерлерді үзіп алу, дыбыстық образды құрастыру.

Монтаж кезінде дыбыс күші (жоғары, төмен, контраст), пауза, бейнелеуші құралдар (сөзді музыкамен көркемдеу, әртүрлі шуларды сабақтастыра пайдалану, олардың ұзақтығы) әртүрлі нұсқада қолданылады.

Хабар жасау барысында монтажды қолдану аясы жанрлардың ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне сай, яғни атқаратын қызметі мен міндеті, стилистикалық және акустикалық өзгешеліктеріне орай анықталады.

Монтаж жанрлық қызметке тәуелді, белгілі бір мәселені шешу бағытына тәуелді, сонымен қатар жанрдың архитектурасын, ішкі байланыстарын анықтап, алға қойылған шығармашылық міндеттердің іске асуына көмектеседі. Ақпараттық радиохабарда монтаж қарапайым, бірақ маңызды, яғни фактіні таңдап, іріктеу, мазмұндау, жалпы бағдарламаның құрылымында алатын орны

сияқты пішінде танылады. Ал радиоәңгімеде, радиокомпозицияда монтаж дыбыстық образды құрастырудың басты құралы ретінде қолданылады.



Ойбағдар:

Монтажды шығармашылық бағытта қолданудың тәсілдерін және оның қызмет формасын былайша көрсетуге болады:

- мәтінгі қысқарту;
- авторлық мәтін мен деректі жазбалар үзінділерінің сабақтастығы негізінде құрылымдық өзгерістер жасау;
- белгілі бір уақытқа сығымдау;
- материалдың мазмұнына сәйкестендіріп, сонымен қатар автордың негізгі ойына сүйене отырып қажетті дыбыстық бейнелеуші құралдарды, декорацияларды қолдану;
- әртүрлі кеңістікті танытатын және уақытты көрсететін жазбалардың жоспарын құру, сол арқылы оқиғаның болған мерзімін, сол оқиға өткен жергі сөзбен мінездемелеп, әр қырынан суреттеу;
- әртүрлі дыбыстық бейнелеуші (көркемдеу) құралдарын қарама-қарсы бағытта қолдану, яғни алуан түрлі пікірлердің, психологиялық тартыстардың, жоспарлардың, көріністердің қайшылығын көрсетуге шеберлікпен пайдалану;
- сюжет қозғалысында жүйелі, тізбекті, қатар жүру тәсілдерін қолдану;
- радиотуындының жиынтық композициясын құру.

Көркемдеу құралдары бір-бірімен тығыз байланысып әрі сабақтасып, мазмұнды, акустикалық бірліктегі жиынтық туынды түзеді.

Монтаж түрлері:

1) **Акустикалық монтаж**⁴² – радиохабардағы жеке дыбыстық элементтерді және дыбыстық үзінділерді бір құрылымдық жүйемен ұнтаспада басын қосып, біріктіріп жазудың техникалық

⁴² Клара Қабылғазина. Хабар технологиясы. – Алматы, 2011. 52-бет

процесі. Сонымен қатар мазмұндық және дыбыстық құрылымдар байланысының біртұтас жүйесі, яғни драматургиялық конструкция қызметін атқарушы жүйе. Монтаж автордың идеологиялық және эстетикалық позициясын көрсетуші, көркем ойын таныту әдісі және шындықты шығармашылық ой елегінен өткізудің көрсеткіші.

Монтаж – деректі материалды көркемдеп ұйымдастырудың тәсілі. Бір пікірді бірнеше мағынада қолданып, әр оқиғаның мазмұнын бірнеше қырынан ашу үшін пайдалануға болады.

2) Монтажды тікелей эфирде де іске асыруға болады, яғни жалпыхалықтық, ұлттық сипаттағы хабарларды ұйымдастырудың, бір тақырыпты ашу аясында бірнеше хабарды бір-бірімен сабақтастыра беру. Бұл – монтажды қосақтастырып қатар қолдану түрі.

3) **Тізбектелген монтаж** – мән-мазмұны, эмоционалдық жағынан тығыз байланысқан дыбыстық фрагменттердің өз дербестігін, ішкі логикалық мазмұнын сақтай отырып, бір жүйеге топтастыру. Бұл кинематографиядағы эпизодпен сәйкес келеді яғни монтаждың жеке элементтері – кадрлар бір ырғақпен кезектесіп, монтаждық фразаны құрайды. Ал радиода дыбыстық элементтер құрастырылып, жүйеленіп келіп қана оқиға жөнінде толық баяндалады, эпизодтар бірлесіп бір хабар ұйымдастырылады, бұл жерде ең басты ескеретін нәрсе айтар ойыңды нақты, шынайы деректермен тұжырымдай білу қабілеті.

Акустикалық коллаж – әртүрлі фактуралық дыбыстық элементтердің басын қосу, нақты бір тарихи кезеңдегі оқиғаларды бейнелейтін деректі жазбаларды, цитаталарды, лозунгтарды, пікірлерді бүгінгі көзқарас тұрғысынан сөз ете отырып беру. /64/

БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ⁴³ хабарында ертегі, аңыз, балаларға арналған қазақ және әлем жазушыларының шығармалары және ұлы тұлғалардың ғибратты әңгімелері кәсіби актерлардың, сөз шеберлерінің орындауында радиоспектакль жанрында беріледі. Балаларды әдебиет пен сөз өнеріне баулу.

«ҮШ ТОРАЙ» қойылымы екі бөлімнен тұрады. Өмірдің қарапайым қағидалары – бір-бірімізге көмектесу, қиын кездерде қолдау көрсету, бейбітшілік пен тыныштықта өмір сүруден тұрады.

⁴³ Дереккөз: <https://qazradio.fm/kz/programs/10130/>

Бұл ертегіде үш торай әрқайсысы өз алдына суықта пана болатын, дұшпанынан қорғайтын баспана тұрғызудың әбігеріне түседі. Әркім өз қалауынша үй салады. Бірліксіз салынған баспана олардың жауын ықтыра ала ма?! Ертегі адамдардың әркез бір-біріне мейірімділік танытып, қиын кездерде қол ұшын беруден аянып қалмауын аңғартады.

Рөлдерге:

Авторы: Сергей Михалков
 Режиссеры: Серік Мақұлбеков
 Нуф-Нуф - Эсем Чаелганова
 Наф-Наф - Мақсат Камалов
 Ниф-Ниф - Ұлбосын Момынжанова
 Жүргізуші - Марал Тауекелова
 Қасқыр - Болат Момынжанов



Радиохабар:



III тарау. ҚАЗІРГІ РАДИОЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ТІЛІ МЕН СТИЛІ

3.1. Радиодағы сөз мәнері

Радиожурналист мамандығы – қоғамда ерекше рөл атқаратын мамандық. Сондықтан журналистің жеке тұлғасын кәсіби-шығармашылық және азаматтық қасиеттерінің адамгершілік, жауапкершілік, сараптамалық, психологиялық, имидждік қырларын жетілдіру кезеңдерінің маңыздылығын алғашқы қадам басқан кезінен ескерту ләзім.

Радио тілі – дұрыс сөйлей білуді «өнер» деп бағалаудан һәм қабылдаудан бастау алады.

Радио тілі кәсіби коммуникациялық сөйлеу барысында әртүрлі тілдік құралдардың барлық арсеналын оңтайлы қолдануға машықтануды талап етеді. Кәсіби журналистер арасында журналистика теориясын үйрену мүмкін емес, оны оқыту тәжірибе, жұмыс барысында ғана жүргізілуі тиіс деген пікір қалыптасқан. Бұл жоғары оқу орнына дейінгі журналистикаға да тән. Алайда радиожурналист мамандығын таңдаған жоғары оқу орындарында оқитын студенттердің шығармашылық әлеуетін дамыту үшін қойылатын талаптар машықтану үрдісінде теориялық және бірнеше тәжірибелік әдістерден тұрады.

Радиожурналистің сөйлеу мәнерінде оның дауысы және интонациясы маңызды рөл атқарады. Сондықтан сөйлеу техникасы және мәдениетінің негізгі концепцияларына жеке тоқтала отырып, түсінік беру маңызды. Негізгі концепциялар: артикуляция, дикция, дұрыс тыныстау, дауыс және ритм.

Тіл техникасын ұштаудың басты талаптары мен ерекшеліктері

Артикуляция. Сөйлеу техникасы және мәдениетін жетілдіретін негізгі әрі ең қолайлы артикуляциялық жаттығулармен таныстыру.

Дикцияны ұштау. Әріптердің дұрыс дыбысталуын қадағалаудан бастап, түрлі жанрдағы шығармалардан үзінділер алып, артикуляция, дауыс, дұрыс тыныстауды қадағалай отырып қайталау әдісімен жаттығу.

Дауыс. Дауыстың маңыздылығы. Әр адамның өзгеге ұқсамайтын дауысы болады. Адамның сөйлеген сөзі дауысы арқылы тыңдаушыға жетеді. Дауыс айтылатын сөздің мағынасына, حرکت болмысына, эмоциялық бағытталуына байланысты бірде төмен, бірде жоғары, бірде орташа түрленіп, алмасып отырады. Оны дауыс мәнері, яғни интонация дейміз. Дауыстың осы сапасын жетілдіру радиожурналист үшін тиімді болмақ.

Интонация (лат. *intonare* «дыбыстан сөйлеу» деген сөзінен шыққан) – сөз сөйлеудегі дауыс мәнері. Интонация, яғни сөз мәнері – сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді айтудағы дауыс мәнері, дауыс ырғағы, сөйлеудің ритм-мелодикалық бейнесі.



Ойбағдар:

Интонация — төмендегідей компоненттердің бірлігінен тұратын күрделі құбылыс:

1. Әуен
2. Тербеліс
3. Жылдамдық
4. Көтеріңкі (интенсивті)
5. Әуез
6. Екпін.

Интонация¹ – ауызша сөйлеудің маңызды элементі, ол жазуда тыныс белгілерімен және арнайы графикалық амалдармен (мәтінді абзацтарға бөлу, т.б.) беріледі [1].

Сөйлеушінің монотонды интонациясы немесе өте жоғары, өте төмен біртектілігі, мәнерліліктің жоқтығы радиожурналистің (диктордың) басты кемшілігі.

Монотонды интонация. Радиожурналистің сөз сөйлеуіндегі тұрақты бір дыбыс деңгейінде сөйлеуі. Бұл кемшілікті жою үшін дауыс диапазонын кеңейту және сөздегі дыбыстарды модуляциялау әдісімен жаттығу керек. Бұл әдіс кәсіби әншілердің қарапайым «вокализі» тәрізді. Мәселен: дауыс диапазонының орта бөлігінде «лө-лө-лө» деп дыбыстау арқылы әуендете созу үрдісінде алдымен дыбысты белгілі бір тонда аламыз. Музыка тілімен айтсақ, *До мажор* (C-dur) гаммасындағы *ми* және *соль* нотасы аралығында модуляциялау жеткілікті.

Тым жоғары интонация. Мұндай интонация құлаққа жағымсыз әсер етеді және аудиторияны тітіркендіреді. Егер дауыс жоғары болса, оны төмендету үшін жаттығу жасау керек. Жоғарыда көрсетілген жаттығуларды төмендеу регистрде алып жаттығу ыңғайлы.

Тым төмен интонация.

Бұл интонацияның себебі көп жағдайда, сөйлеушінің қайрат-жігерінің жетіспеуі, ішкі сенімсіздіктің басымдығынан болады. Жаттығуларды шапшаң, жылдам темпте айту интонацияны көтеруге көмектеседі. Сондай-ақ интонацияның жағымды әсер беруі үшін модуляциялауға қосымша жаңылтпаштарды логикалық және эмоционалды экспрессивтік тұрғыда біреуге қарата айту, сұраулы сөйлемге алмастыру амалдарымен қайталау жақсы нәтиже береді. Өйткені, жаңылтпаш табиғаты жылдамдықты талап етеді.

Еститін құлаққа жағымды үні болуымен қатар, сөз саптау мәдениетінің элитарлы деңгейде болуы да радиожурналистке қойылатын негізгі талаптың бірі. Сөйлеу мәдениетінің элитарлы деңгейінің өкілдері тілдік жүйенің мүмкіндіктерін еркін қолдануымен, коммуникативтік мәселелерді оңтайлы шешу барысында тілдік ресурстарды мүлтіксіз қолдана білуімен сипатталады.

¹ kk.wikipedia.org Интонация

Сөйлеу мәдениетінің элиталық түрін ұстаушылар әдеби тілдің, оның ішінде мәтіндік және коммуникативті нормалардан ауытқымайтындар. Олар сауатты жазып, сауатты сөйлеуге, сөйлеу кезінде ана тілдің үндестік заңдарын сақтайтын, сыпайы да түсінікті мәтіндер, сауалдар құру, этикалық нормалар мен сөйлеу этикетінің нормаларын бұлжытпайтын, сөйлеу мәдениетін толық меңгерген журналистер. Сөйлеу мәдениетінің элиталық түрі – жеке тұлғаның мәдени-рухани болмысының ұлттық және әлемдік мәдениеттегі деңгейден көрінуі хәм мойындалуы.

Бұл мәдениеттің негізгі прецеденттері – әдеби, музыкалық, кескіндемелік туындыларды, негізгі ғылыми және тарихи құбылыстарды білуінен көрінеді. Сөйлеу мәдениетінің элиталық типін ұстаушылар негізгі дереккөздермен, сөздіктермен, анықтамалықтармен үнемі білімдерін толықтырып отырады. Кең көзқарастағы эрудициясы дамығандығы – белсенді және пассивті сөздік қорын ұстану шеберлігінен; ойлау қабілеті – ақпаратқа сыни көзқарастарынан, өз бетінше идея шығаруы – оны білдіру қабілетінен, ұсынудың нақты логикасынан көрінеді. Мұның бәрі сөйлеу мәдениетінің элиталық типін жеткізушілердің сөйлеуінде сөйлеудің барлық коммуникативтік қасиеттері максималды түрде көрінетіндігіне ықпал етеді.

Осындай жоғары деңгейге жету үшін не істеу керек? Радиожурналист тіл шеберлігі мен тіл мәдениетін қалай жетілдіреді?

Бұндай деңгейге жету үшін көп еңбектену керек. Іздену, үйрену, жаттығу – барлығы еңбек. Тартымды сөз, ерекше әсерді эрудициясы кәсіби жетілген, өзінің айтар ойына сенімді маман ғана айта алатындығын есте сақтау ләзім және студент күнінен осындай деңгейге жетуге ұмтылуы керек.

Радиожурналистика саласының кәсіби маманы болу үшін студент мақсатты түрде мынадай бейімделу² кезеңдерінен өтуі тиіс.

Радиожурналиске кәсіби білім беруде арнайы оқу курсының нақты мақсаты белсенді өмір сүру позициясын қалыптастыруға негізделеді. Радио арқылы таралатын ақпараттар мен арнайы авторлық тақырыптық жобалардың мәтіндерін құру арқылы радиожурналистің шығармашылық қабілеті артады. Бұл оның ауызша және жазбаша тілді еркін, сауатты игергендігін, жеке тұлғалық кәсіби-шығармашылық, адамгершілік, азаматтық қасиеттерінің

² Сымбат Ахметова, «Дұрыс сөйлеу» және «Тіл мүкістерін жою амалдары» бағдарламаларының авторы

үйлесімділігін, қоғамды тану және болып жатқан оқиғаларды дұрыс қабылдау, талдау, бағалау сияқты әдеп нормаларын қалыптастыра алғандығын білдіреді.

Олар:

- 1) Теориялық тұрғыда сұрыс сөйлеу өнері, тіл мәдениеті, психология, әдебиет жаңраларының түрлері, қазақтың ауызша әдебиетінің тілі мен қазақ әдеби тілінің негізгі функционалдық стильдері туралы түсініктері болуы;
- 2) Қазақ тілінің барлық тіл сеңгейлеріндегі фонетикалық (орфоэпия, екпін, үндестік заңы), лексикалық, морфологиялық және синтаксистік нормаларын білу;
- 3) Күнделікті тіл техникасын ұштауға арналған арнайы жаттығулар жасауды әдетке айналдыру;
- 4) Студент өзінің айтқан сөздерін, дауыс ырғағын, мазмұн мәнерін қадағалау үшін аудиожазба жазуға және музыкамен көркемдеуге машықтану;
- 5) Салауатты өмір салтын ұстану, спортпен айналысу және дауыс күтіміне мән беру қажеттіліктері.

Қазіргі заман талабына сай мәдениетті де таза сөйлеу үшін міндетті түрде оқыту арқылы ғана емес, есту арқылы да дағдылануға болады. Күнделікті тұрмыста қолданылатын сөздерді естір құлаққа жағымды, әуезді де әдемі етіп, мағыналы сөйлей білуге тәрбиелеу барысында радиожурналистиканың алатын орны ерекше.

Сонымен қатар радиожурналисі мен дикторға қойылатын талаптар да ерекше.

Ол:

- диалог құрудың негізгі заңдылықтарын;
- сөйлеу әсерінің механизмдері мен принциптерін;
- коммуникативті лингвистиканың даму жолдары мен бағыттарын білуі қажет.

Бүгінгі күнде ана тіліміздің алып арнасының кеңеюіне үлес қосар бірден-бір шара – мәнерлеп сөз сөйлей білу әдебін қалыптастыру. Коммуникативті сөйлеу әрекеті үшін білімділікпен

бірге техникалық дайындық керек, ол – дауыс, дем, тіл тазалығы, үннің үш регистрі (төменгі, орта, жоғары), сөз сөйлеу мәдениеті, екпін, үндестік заңын дұрыс қолдана білу ережелерін меңгеруден тұратындығын ескереміз. Сондықтан радиожурналист пен диктор диалогтық коммуникация нәтижелерін жоспарлай білуімен қатар, прагмалингвистика, коммуникативті лингвистика, психолінгвистика саласындағы теориялық зерттеулермен таныс болуы тиіс.

Тақырыпты һәм айтар сөзді толық түсініп жеткізу және тағы да қосымша шеберлік жаттығуларын барынша меңгергенде ғана көркемсөз туады. Көркем сөйлеуге дағдылану тіл дамытудың ең ұтымды тұсы. Проза, поэзияны мәнерлеп оқуға бейімделу кезеңі бірнеше алғышарттарды түзеді. Біріншіден, ықылас керек, мәтінді түсініп оқу керек. Екіншіден, автор не айтпақ, не мақсат қояды?

Талдауды қажет етеді. Осы орайда табиғи жағдайда бірнеше сауалдар туындауы сөзсіз:

- Өз көзқарасың қалай?
- Тыңдаушыға не айтпақшысың?
- Мақсатың не?
- Сөзді, оқиғаны қалай жеткізесің?
- Дауыс ырғағы тыңдаушыға оңды әсер етуі үшін, сөз көркемделіп, мәнерлі шығуы үшін саналы еңбектенудің қандай тиімді жолдарын қарастырмақ ләзім?

Заманауи медианарықтағы көп қолданылатын таптаурын сөздер және тіл байлығын кеңейту амалдары

Заманауи медиа нарықта таптаурын сөздер жиі ұшырасады. Ақпарат беруде қос немесе саңырауқұлақтай қаптап кеткендігі даусыз сияқты тіркестерді көп қолданады. Бұл тіркестерді барлық ақпаратта қолдана беру сөздің аясын тарылтып, мағынасын төмендетеді. Мәселен, «Қос елдің қос президенті», «еліміздің қос спортшысы бақ сынасып, қос жүлдені иеленді немесе ел ішіндегі емші-домшылар туралы ақпараттар таратқанда үздіксіз қолданылатын «саңырауқұлақтай қаптап кетті» деген сөздер біржола осы мәселелерге тиесілі болатындай әсер береді.

Бұл радиожурналистің өзара байланысты әдістер жүйесіне қатысты өзгенің сөз әрекетін талдау, интроспекция (өз эмоциясын талдау) және синтетикалық (өз сөзінді құру, адекватты сөйлеу әрекеті мен өзін-өзі бақылау) әдістерін меңгеруді талап етеді.

Алғашқы кадамды тіл техникасының жаттығуларымен қоса, өз қалауы бойынша репертуар таңдауы қажет немесе тіл ерекшеліктерін ескеріп, оқытушы ұсынса болады. Сөз байлығын кеңейту һәм сөздік қорды толықтыруда студент әдебиеттің барлық жанрларынан жеке репертуар түзуі тиіс. Репертуарды поэзия (1 жақтан), көркемсөз (1 жақтан), диалог, әзіл-сықақ, ертегі, батырлар жырынан үзінділер, би-шешендердің сөздерінен топтастырады. Бірінші жақтан айтылатын поэзия мен монологтар міндетті түрде репертуарда болуы керек. Мәселен, бір студенттің міндетті репертуарының үлгісі мынадай болғаны жақсы:

1. Бірінші жақтан айтылатын поэзия. Бірінші жақтан айтылатын поэзияны оқығанда автордың ойын өз атынан біреуге арнап айтуына негізделеді. Өлең оқитын адам өзінің ішкі қиялындағы адамына деген сезімін жеткізуін түсінуі керек. Мысалға, М. Жұмбаевтың³ «Жұлдызды – жүзік, Айды алқа ғып берейін...» өлеңін алуға болады. Өні де бар.

Мәтіні:

Келші, көзім, күн бетіңді көрейін,

Сүйші, сәулем, тұншығып мен өлейін.

Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектей,

Жұлдызды – жүзік, Айды алқа ғып берейін.

Сөзің – сиқыр, есті тұман басқандай,

Ессіз жүрек дария болып тасқандай.

Күлкің, Күнім, күндей күміс табаққа

Мінсіз сұлу меруертті шашқандай.

Шашың – толқын, жүрегімнің жарына

Соғылды да, батты улы зарыма.

Айнам, саған арнап жырлар жазамын,

Қаламымды малып жүрек қанына. [3].

2. Бірінші жақтан айтылатын көркем сөз. Автордың шығармасын өз атынан айтады. Өзінің эмоциясы арқылы автордың ойын қалай қабылдағанын байқатады. Бұл оқиғаны «жанды» етіп, тыңдарманды қызықтырып, баурап алу шеберлігін шыңдайды.

³ Жұмбаев М. <https://kk.bookmate.com/audiobooks>

Б. Соқпақбаев⁴ «Өлгендер қайтып келмейді».

Мен көресіні Қалидан көрдім. Жексұрын бала жыныма әбден тиіп бітті. Ғалия екеуміз ретін тауып, сәл оңашалана қалсақ, қайдан жетіп келетінін білмейсің, жерден шыққандай боп, сопаң етіп, қасымызға жетіп келеді. Бір жаққа бармақ болсақ, күшік құсап қалмай, ілесіп алады. Қысқасы, не күндіз, не түнде біздің бір минут оңаша жырылып шығуымызға еш мүмкіндік бермейді. Бәлем, өзіңді сабап алар ма еді деп, зығырдыным қайнап-ақ жүрмін.

Бір күні біз ауыл балаларына ілесіп, тауға рауғаиш теруге бармақ болдық. Мен де барам деп, Қали қоса ілесті. Мен оны қалай да тастап кетудің амалын қарайластырдым. Былай таман барған соң:

– Тау алыс, сен жете алмайсың. Одан да қал. Біз саған мол етіп қымыздық, рауғаиш әкеп береміз, – дедім. Қали «мм!» деп, кеудесін бұраң еткізді. Онысы қалмаймын дегені. Алдартқанға көнбеген соң мен енді ашық саудаға көштім:

– Қалсаң, мына бәкімді берем.

– Керегі жоқ.

– Мына қарындашымды да қоса берейін.

– Керегі жоқ, соңынан өзің қайтып аласың.

– Алмаймын. Алсам, неғыл дейсің. Мә, екеуін де ал. Егер өйтіп қорықсаң, апар да мен білмейтін бір жерге тығып қой. Соңынан біз кеткен соң алып, иемденесің.

Бұл айтқаным Қалиға қисындылау көрінді білем, босаңси бастады. Менің кішкентай ақ бәкіме де, бір жағы көк, бір жағы қызыл алты қырлы бояу қарындашыма да ол қызығады. Бұдан бұрын аттай қалап, атандай сұрап, ала алмай қойған нәрселері. Дүниесі құрығырдың жүзі ыстық қой. Ақыры Қали көнді, менің берген нәрселерімді алды да, үйге қайтты. Қызыл көз жабысқақ пәледен құтылғанымызға біз қуаныштымыз. [4].

3. *Батырлар жырынан үзінді.* Бұндай үзінділер демді дұрыс алуға, демді қалыптастыруға және дауыс күшін солайтуға әсері мол. Бір деммен айту үшін // белгісі қойылды. Терең тыныстап алынған демді белгі қойылған жерге дейін жеткізіп айту арқылы

⁴ Соқпақбаев Б. Өлгендер қайтып келмейді. – Алматы: «Дария Дамыту Орталығы» баспасы, 2019. – 352 б

*// Бір деммен айту үшін қойылған белгі

машықтану. Оқытушының қадағалауымен жүргізіледі. Студент дем алу, дем шығару техникасын меңгерген соң, 15 жол және одан да көп жолды бір деммен айтып шыға алады.

«Қобыланды батыр» жыры:

Тайбурыл атты Қобыланды

– Әйт, жануар, шу, – деді.

Бурыл тұлпар гүледі,

Табаны жерге тимеді.

Көлденең жатқан көк тасты

Тіктеп тиген тұяғы

Саз балшықтай иледі. //

Арандай аузын ашады,

Аяғын топтап басады.

Ертеңнен шапқан Қобыланды

Кешке дейін шабады.

Жете алмай қалаға,

Бекер шапты далаға.

Сілтеуді анық табады,

Түнге дейін шабады. //

Түн ортасы болғанда,

Есіктің алды ағын-ды,

Бола жазды шығын-ды.

Шығын болмай не қылсын,

Екпіндеп шапқан Тайбурыл

Етпетінен жығылды.

Қобыланды түсе қалады,

Жерді байқап қарады.

Аллаға тілім жазықты,

Ат ауырса, қарны ашса,

Қылсын деген азықты.

Қыз Құртқа қағып кетінті

Кез бойы алтын қазықты.



Ойбағдар:

Сатира

Қоғамдағы және жеке адамдардың өміріндегі келеңсіз көріністерді ашкерелейтін, әлеуметтік “тазалаушы” рөлін атқаратын сатира жанры арқылы студенттің шығармашылық тұрғыдан өмірге нақты көзқарасы қалыптасып, қабылдау өткірлігі мен өмірлік фактілерді терең түсінуіне бағдар алады. Сатиризм – көрнекі және экспрессивті нақты сөйлеу құралдары болғандықтан сатираны оқудың әдістерін қолдана отырып, сөйлеу мәнерін, дауыс ырғағын дамытып, тіл мәнденітін ішкі логикалық ойды жетілдіру жүйесінде көтеретіндіктен студент репетурасында болуы міндетті.

Сатираның жанрлары – әзіл, сықақ, сарказм комедиялық көрнекілік ретінде төрт қағиданы қамтиды: – журналистика (өзектілігі, қойылған мәселелердің нақтылығы, таңдалған тақырыптың әлеуметтік маңызы мен моральдық мәнін анықтауда, автордың позициясын анықтауда көрінеді); – бейнелік (образ құру); – сатиралық (нақты бейнелеу-экспрессивті құралдар мен ауызша құрылымдарды қолдану); – ойын-сауық (авторлық идеяның көрінісі). Сатиралық образ – автордың көркемдік күш-жігерінің нәтижесі ғана емес, сонымен бірге мақсатты көркем және публицистикалық зерттеу.

О. Әубәкіров⁵. Ине мен жіп
*Дәреже қуған дәуір зой,
 (Дізерлеп отырғаниша,
 Қоқып отыру тәуір зой).*
 Инеге бір ой келді,
*«Жұрттың түймесін қадап,
 Құйрығын жасап,
 Бүгісін бүгіс қып,
 Тігісін тігіс қып,
 Көр-жер жұмыс қып,*

⁵ <https://e-history.kz/kz/projects/show/23442/>

*Оймақпен ойнап жүргенде,
Алдынан ешкім өтпейтін,
Қаптың аузын көктейтін,
Тебеннің өзі боламын,
Дегеннің өзі боламын.
Одан өсіп Біз боламын!»
Деп ине пайымдады,
Жіпке де орын дайындады:
– Бұл тірлік бізді жүдетеді.
«Ине өткен жерден жіп өтеді»,
Менің артымнан қалма,
Бақандай шуда жіп боласың,
Қаптың аузын «ұратын»
Нағыз ұр да жық боласың.
Сөйте-сөйте арқан болып кетесің,
Жіп боп жүріп не етесің,
Сонымен,
Ине өсіп Біз болды,
Етікші бір жарып жүр,
Жіп өсіп арқан болды,
Әйелдер кір жайып жүр [5].*

Сатира тілі жеке пән ретінде де оқытылады. Өйткені сатирадағы көптеген тілдік фразеологиялық құрылымдар, салыстырулар, қарама-қайшылықтар метафоралар (жасырын салыстыру), гротеск (қияли әжуа), гипербола (әсірелеу), литота (кішірейту, қораш етіп көрсету), пародия (сынап сқақтау) сөйлеу мәнері мен сөйлеу стилінің ұшталып, жетілуін дамытады.

Міне, осындай күрделі де белестерді санаға салып, тәжірибе арқылы бағындырғанда ғана бұл мәселе талмай ізденіп, еңбектенудің арқасында жемісін береді.

Радио тілі тілдік нормаларға сәйкес анық, тіл мүкістерінен таза, дауыс ырғағы (интонация) мен тембрі жағымды, сөз саптауы әсерлі болуы тиіс. Бағдарлама тақырыптарының қоғамға пайдалы ой салатын, рухани жан дүниеге шуақ шашатын позитивті бағытқа құрылуынан радиожурналистің кәсіби шеберлігі көрінеді.

Радиожурналистің тіл дағдысын қалыптастыру амалдары

Радиожурналистика – аудиторияны ұйымдастырудың және қабылдаудың, қоғамдық пікірді қалыптастырудың өте тиімді құралы. Радиохабар тарату табиғаты акустикалық: ол дыбыста, тек дыбыста жүзеге асырылады. Радионың орасан зор артықшылықтары құлаққа жағымды, әсерлі, қоғамға пайдалы ақпараттарды таратуда ойдың ерікті белгісі – сөздердің, ал сөздердің ерікті белгілері – әріптердің дұрыс қолданысында жатқандығына байланысты аңғарылады. Тыңдарман радиодан берілетін түрлі ақпараттарды, әуендерді, жаңалықтарды есту қабілеті арқылы қиялмен көреді.

Аудиторияның эфирлік ақпаратты қабылдау ерекшеліктері әртүрлі. Эфирлік ақпаратты қабылдау ерекшеліктері оның дыбыстық сипатымен анықталады. Тыңдаушылардың назарын арттыруда стильдік техникалар (тікелей үндеу, сұраулы фразалар, дәйексөздер), өңдеу (сөздер мен музыканың, сөздердің және «аудио суреттердің» кезектесуі, ерлер мен әйелдердің дауыстары, т.б.) және паралингвистикалық (тембрдің, темптің, ырғақтың өзгеруі, оның ішінде кідірістер және т.б.) сынды кәсіби амалдар қолданылады.

Радиохабарлардың акустикалық табиғатын сезінудің негізгі құралы дыбыстық сөз болғандықтан, радиожурналист кәсіби даярлық барысында тіл мүкістерін жою, көркем де табиғи таза сөйлеу амалдарын дағдыға айналдыруы тиіс. Осы орайда, студентке индивидуалды түрде (арнайы) тілге арналған жаттығулар анықталып, жеке репертуар таңдалып алынады. Оқытушының ұсынуы бойынша әр студент өз таңдауымен жеке репертуарын түзеді. Классикалық шығармалардан қарасөз, монолог, диалогтар таңдап алып, нақыл сөздер, әзіл әңгімелер, сықақ, мысалдарды мәнерлеп оқу арқылы студент көркем сөз сөйлеуге машықтанып, жанрлардың стильдік ерекшеліктерін терең игеріп, сөз астарын түсіну арқылы ұлттық құндылықтарды сақтаушы және жетілдіруші дәрежесінде ана тілге құрметпен қарап, эстетикалық-талғампаздық көзқарасы оянады. Сондай-ақ поэзияны мәнерлеп оқу барысында ақындар өлеңдерінің құрылымдық, тақырыптық ерекшеліктеріне қарай талдау жасалады.

Сөйлеу техникасын жете меңгеру – дұрыс сөйлеу, тіл дыбыстарын анық та таза айту. Сөйлеу техникасын меңгеруде, біріншіден, дұрыс тыныс алуға, екіншіден, дауыс, үшінші дикцияға арналған арнайы жаттығулармен жаттығу қажет.

Дыбыстаудағы негізгі бөліктер: өкпе, тамақ, ауыз қуысы мен мұрын қуыстарына арналған арнайы жаттығулар дұрыс тыныс алу, дауыс әуезділігі мен дұрыс сөйлеуге, келбеттің эстетикалық тартымдылығына әсер етеді.

Өкпе – кеудеде орналасқан тыныс алу мүшесі. Дем алғанда және дем шығарғанда өкпе өзінің негізгі қызметін атқаратындығына күнделікті тұрмыста көп мән беріле бермейді. Сондықтан тіл техникасына арналған жаттығулармен машықтану барысында, ең алдымен, өкпемен дұрыс дем алуға, дұрыс дем шығара білуді үйретуден бастау керек. Мәтінді оқығанда, сөйлегенде, сөздің әсерлі де мәнерлі, естір құлаққа жағымды болып естілуі дұрыс, еркін дем алуға тікелей байланысты екендігін тіл шеберлері бірінші кезекке қойып, әрдайым тәжірибеде қолданған.

Ең алдымен, студенттердің қалай дем алатынына мән беру керек. Мысалы, көбінесе ауызбен дем алу, иінінен дем алу сияқты қарапайым түрлерімен дем алады, бұдан дұрыс тыныстауға мән бермейтіндігі көрінеді. Дұрыс тыныстауды қарапайым әдіспен түсіндіріп, көрсетіп, үнемі қадағалау арқылы тез көндіруге болады. Тыныс алудың *физиологиялық* (организмнің қызметі мен оны реттейтін заңдылық) және *фонациялық* (сөйлеу мүшелерінің қызметі арқылы тіл дыбыстарының айтылуы) түрлері бар.

Студент дауысын тәрбиелеу барысында дербес жаттығулар жасауы тиіс. Жаттығу кезінде көмей, жұтқыншақ, ауыз қуысындағы тіл, жақ және ерінге арналған жаттығулар тыныстау заңдылықтарымен өзара тәуелді жағдайда болуы керек. Дұрыс тыныс алуда физиологиялық, ал тыныс шығаруда (вдох и выдох) кезінде фонациялық түрді пайдаланған тиімді. Тыныс алу энергетикалық фактор болғандықтан, тіл техникасының шеберлері көбінесе тыныс шығаруға арналған жаттығулардан бастағанды жөн көреді.

Фонациялық жаттығу түрінің ең қарапайым мысалы – күлкі дыбыстары. Мәселен, күлкі дыбыстары *ха-ха-ха*, *хи-хи-хи*, *һи-һи-һи*, *еһеһе*, *еһеһеһе*, *еһеһеһуу* деп дыбыстау арқылы тыныс шығарған кезде, диафрагма жақсы жұмыс істейді және дауыс мүмкіндігінің күші еселенеді. Бұл жаттығуды монотонды интонацияны жою үшін модуляциялау әдісімен де орындауға болады.

Тіл техникасы жаттығуларын бастар алдында етке жеңіл массааж жасау, саусақ ұштарымен жеңілдеп соққылау, ерін пішінін әртүрлі оңға, солға, алдыға сүйірлеп қозғалту, тілді бүктеу немесе екі жақ ұртты тілмен соққылау, ерін ішінде тісті айналдыра қозғау, жақты кең ашып сағыз шайнағандай имитацияларға қосымша мұрынды, ауызды сумен шаю, салқын сулы сүлгімен сүртінуді амалдарын дағдыға енгізу керек. Сондай-ақ жүгіру, секіру, жылдам жүру немесе түрлі спорттық жаттығулар көмегімен өкпе арқылы терең тыныстаудың, демді ішке тарту мен сыртқа шығаруды қадағалау жақсы нәтиже береді. Бұл әлбетте тіл техникасымен жұмыс істеу және дауыс қоюда тәжірибесі бар ұстаздың қадағалуымен жүргізілуі тиіс. Әр студенттің физиономиясы, дауыс диапазоны, тембрі, тіл ерекшеліктері, жасы, мінез-құлқы және қабылдау, ойлау сияқты психологиялық тұрғыдан бір-біріне ұқсамайтын айырмашылықта болғандықтан, жаттығуларды индивидтің мүмкіндігіне қарай ұсыну қажет. Сондықтан да дауыс тәрбиелеу үрдісіне студент те, ұстаз да үстірт, немқұрайлы қарамағаны абзал. Тіл техникасы мамандары бұл үрдісті зергерлік өнермен парапар бағалайды.

Дауыс тәрбиесі. Дауыс аппаратын баптау (бетке арналған гигиеналық массааж түрлері, мұрынға, ризонаторларға, тамаққа, өкпеге, жалпы дене тәрбиесіне қатысты арнайы жаттығулар) үрдісі салауатты өмір салтын ұстануға машықтандырады.

Демге арналған жаттығулар: Батырлар жырынан үзінділер, жыраулар толғауы – оқушының денсаулығына, әсіресе тыныс алу жолдарының жетіліп ширауына, эмоциялық оң әсерлі бірден-бір қуат көзі.

Өз ойын толық жеткізуге машықтану мақсатында бірінші жақтан айтылатын шығармалар таңдалады, «мен» – өз атынан айту барысында мынадай «мен не айтып тұрмын?», «кімге айтып тұрмын?», «не үшін?..», деген шартты сауалдарды есінен шығармау керектігін ескертіп отыру қажет. Нәтижесінде, студент

көркем шығарманың мазмұн идеясын өз ойымен сабақтастыруды мақсат етуінің арқасында, тыңдарманның қабылдау сезіміне әсер ете алады. Мәнерлеп оқуды мәнерлеп сөйлеуге ұластыру мақсатында классик жазушылар Ғ. Мүсіреповтің «Көздің әңгімесі», «Өлімді жеңген ана», Б. Соқпақбаевтың «Бетпе-бет», «Жекпе-жек», Б. Бұлқышевтың «Шығыс ұлына хат», Ш. Айтматовтың «Ақ кеме», «Қош бол, Гүлсары» және т.б. жазушылардың шығармасынан үзінді монологтар алуға болады.



Деректеме:

Жаттығулар жасау кезінде негізгі шарттар



Жаттығу бөлмесінің ыңғайлылығы, таза, кең, жарық, құрғақ, орта қалыптағы жылылықта болуы



Уақытқа бөлу, уақытты дұрыс пайдалану



Жаттығу кезінде ойды бөлмеу, назарды нақты бағыттау



Кимнің, аяқ кимнің ыңғайлылығы, жеңілдігі (спорттық киім болғаны құба-құп

Қажетті құралдар



Айна



Қол орамал



Балмұздақ таяқшасы тәрізді қысқа ағаш




Ұзын таяқша (1-120 см)



Секретін жіп (скакалка)



Орындық



Төсеніш

65-сурет

Тіл техникасын жетілдіруде, яғни ұштау үшін – жаңылтпаш, тіл байлығын тұжырымды қолдануда – мақал-мәтел, тіл логикасын дамытуда – жұмбақтарды қолданып, әртүрлі тақырыпта интеграциялық пәндер ауқымында өтуге болады. Тіл техникасын ұштауға арналған жаттығуларды орындағанда айнаға қарап жасаған тиімді.

Пысықтау үшін сауысты дыбыстардың жеке дыбысталуына назар аударыңыз:

А-е-и-о-у -ы-і-ү-ү-э-ө-ә;
 U-е; u-а; u-о; а-о; о-а; у-а; е-а;
 U-е-а-о-у-ы-і;
 А-е; о-и; А-э; о-ү; ү-е; у-е; -а-о-у-ы;

Дауыссыз дыбыстардың (25) жеке дыбысталуына жаттығулар:

б-п, т-д, в-ф, к-г, қ-ғ, с-з, ш-ж, м-н-ң, р-л, ц-щ-ч;

Тілдегі дыбыстарды таза, ашық айтып үйренуге жаттығулар:

*Би-бе-ба-бо-бу-бы, пи-пе-па-по-пу-пы,
 Ти-те-та-то-ту-ты, ди-де-да-до-ду-ды,
 Виффи-веффе-ваффа-воффо-вуффу-выффы,
 Кпти-кпте-кпта-кпто-кпту-кпты,
 Гикки-гекке-гакка-гокко-гукку-гыккы,
 Сти-сте-ста-сто-сту-сты,
 Зисси-зессе-засса-зоссо-зуссу-зыссы,
 Штри-штре-штра-штро-штру-штры,
 Жздри-жздре-жзра-ждро-жздру-жздры,
 Мимм-мемм-мамм-момм-мумм-мымм,
 Миңң-меңң-манң-моңң-муңң-мыңң,
 Рли-рле-рла-рло-рлу-рлы,
 При-пре-пра-про-пру-пры,
 Ци-це-ца-цо-цу-цы,
 Щи-ще-ща-що-щу-щы,
 Чищци-чещце-чащца-чощцо-чущщу-чыщщы сияқты
 түрлі варианттарда түрлене береді, әріптердің орнын
 ауыстырып та айтуға болады, тек әріп тазалығына
 мұқияттылық керек.*

Жаңылтпаш айту арқылы жаттығулар жасаудың үлгісі:

Жаңылтпаш – ауыз әдебиетінің бала тілін жаттықтыру мақсатындағы жанры. Бала тілінің жетілуіне, оралымды, анық сөйлеуіне ана тілінің үн сұлулығын мінсіз меңгеруіне, шебер сөз саптауға баулиды.

Қазақ совет энциклопедиясындағы⁶ түсініктемеде «Жаңылтпаш балалардың тіл ұстартуларына, ойнақы, қырлы сөздерді қақпақылша атқылап, билеп, еркін сөйлеуге төселулеріне өз әлінше әдемі сабақ, тәжірибе болатын ойын. Жаңылтпаш қиыннан құралған қырлы сөздерді айту» деп жазылған (6).

Жаңылтпаш айтқанда бірнеше нәрсе ескеріледі. Жұртты күлдіру, жарыс (сөз жарысы), әрбір сөзді тез, шебер айту. Ең бастысы, жаңылтпаш дұрыс сөйлеуге дағдыландыратын ең жақсы материал. Бұрындары ел арасында ара-тұра кездесіп қалатын кекеш, сақау балалар үшін қолданылса, бүгінгі күні де бұндай тіл мүкістері толықтай жойылған жоқ. Оның үстіне орыс тілінде тілдері шыққан көп қазақ балалары *ә, э, қ, і, ү, ұ, ң* әріптерін айта алмайды деуге болады. Мемлекеттік тілде сөйлеу әлі күнге дейін қоғамда толық орнықпай келеді. Сөйлеген күнде де, сөзді дұрыс айтпау, анық айтпау, қазақ тіліне тән әріптердің дыбысталуын бұзып айту және мағынасын түсінбей сөйлей салу дағдысын жою амалдарының бірі – жаңылтпаш айтып жаттығу қажеттігі.

Әсіресе «Н» әрпін «Н» әрпімен алмастырып айту әдетке айналып кеткендіктен, мән берілмейді. Ол дұрыс емес. Мысалы, *көң – көн, мең – мен, оң – он, сең – сен* деп айтылған кезде, сөздің мағынасы толық өзгереді. *Оң* – оң қол, оң жақ, оңтайлы шешім, іс оңалды деген тіркестерді айтқан кезде, он қол делінсе, онда он сан есімі ретінде қолдың он екендігін білдіріп, сөйлемдегі мазмұнның түсінігі қиындайды. Бұндай мысалдар жеткілікті. Сондықтан *Ң* әрпін дұрыс айту үшін бірнеше жаттығу амалдарын ұсынамыз. Жаңылтпаш сөздер жай айтыла салмайды. Дұрыс сөйлеуге үйретумен қатар, айналадағы неше алуан көріністермен, өмірмен таныстыра құрылады. Сөз мағынасын бұрмаламай, абайлап, өңдеп, байыппен маңызды сөйлеуге жаттықтырады. Жазылуы мен айтылуының арасындағы айырмашылықтарға мән беру міндетті.

⁶Қазақ совет энциклопедиясы

«Ң» әрпі бар жаңылтпаштар:

Жазылуы (орфографиялық)	Айтылуы (орфоэпиялық)
<p>Суда сең келеді, Сегіз серке тең келеді. Үйдің іші шаң-шаң, Үйде отырған шал – шаң-шаң, Шалдың алдындағы шам шаң-шаң, Қайсың шапшаң баласың?</p>	<p>Суда сең гелег Сегіз серке тең гелег Үйдүң іші шаң-шаң, Үйгөтырған шал-шаң-шаң, Шалдың алдындағы шам шаң-шаң, Қайсың шапшаң баласың?</p>

Шидім-шидім шидің,
Басын шидің идім.
Шидім шидің, тобын түйдім.

Бес мың теңге, бес мың теңге,
Бес мың күміс теңге.

«Ң» әрпін дұрыс айтуға арналған жаттығулар алдында бұл әріп қай сөздерде бар екендігін ескереміз.

Мәселен:

- маң, мең, рең, сең, жең, оң, таң, кең, тың, дың, мың;
- оңай, маңай, жаңа, өңір, көңіл, қоңыр, қыңыр;
- маңғаз, даңғаз, даңғыра, маңырау, мөңіреу, қоңырау және т.б.

«Ң»-ды айта алмайтындар м, ғ, н дыбыстарымен алмастырып қолданатындықтан, бұл дыбыстардың айырмашылықтарын білу үшін бірнеше мысалдарды топтастырамыз. Тіл техникасы дұрыс сөйлеуге үйрететіндіктен, әр тапсырманы тәпшіштеп, мұқият қадағалау міндет.

Мысалы: менің апамның көңілі таза деген қарапайым сөзді, «н» әрпін айта аламайтындар – менің апамның көңілі таза немесе менің апамның көңілі таза деп, дыбыстарды алмастырып айтады. «Ң» дыбысын айту қиын болып көрінеді. Жаттығуды бастамас бұрын әріптердің айтылу формасын еске түсіреміз. Әр әріптің дыбысталу ережесіне ораламыз. Үнді дауыссыз дыбыстар қатарына жататын р, л, й, у, м, н, ң әріптерінің артикуляциялық сипаттамасына тоқталамыз:

М дыбысын айтқанда еріндер жабық; дыбыс мұрын арқылы шығады.

Н – ерін сәл ашылып, жіңішкерген тіл ұшы жоғары көтеріледі де, үстіңгі тістің үстіне тиеді, тілдің алдыңғы екі шеті үстіңгі тістерге қатты жабысады.

Ң – ерін сәл ашылады, тіл астыңғы тістерге жақын табиғи қалыпта, тіл көтерілмейді, дыбыс тіл артынан мұрын арқылы шығады. «Н» және «Ң» дыбысының айырмашылығы тілдің қозғалысына тәуелді екендігін түсіндіру. Сондықтан тіл қозғалысына назар аудартамыз.

«**Ң**»-ға жаттығудың ең қарапайым тәсілі – балмұздақ тақшасы тәрізді затпен тілді басып тұрып, **Ң** әрпі бар жаңылтпаштарды бірнеше рет қайталату. Бұл жаттығу тілдің үстіңгі тіске тиуіне жол бермегендіктен «**Ң**» дыбысы өз қалпында айтылады. Осылайша, түсініп барып машықтанғанда әр дыбыс өз табиғатын сақтайды.

«**Ң**» дыбысын дұрыс айтуға арналған жаттығулар мен жаңылтпаштар:

<p>Бұланның құлағынан Құланның құлағы үлкен бе? Құланның құлағынан Бұланның құлағы үлкен бе? Жайманы Жаңыл жамылсын ба? Жаңылсын жамылсын ба? Жаңылсын жамылмасын, Жаңыл жамылсын.</p> <p>Алатауда неше шың бар? Қаратауда неше шың бар? Алатауда мың-мың шың бар, Қаратауда бір мың шың бар.</p> <p>Менің нем кем деп ең? Бер үйді ең кең дегем. Бер үйді ең кең деген – Менің нем кем деп ең?</p>	<p><i>Бұланның құлағанан Құланның құлағу үлкөн бө? Құланның құлағанан Бұланның құлағуүлкөн бө? Жайманы Жаңыл жамылсын ба? Жаңылсын жамылсын ба? Жаңылсын жамылмасын, Жаңыл жамылсын.</i></p> <p><i>Алатауда неше шың бар? Қаратауда неше шың бар? Алатауда мың-мың шың бар, Қаратауда бір мың шың бар.</i></p> <p><i>Менің нем гем деб ең? Бер үйдү ең гең дегем. Бер үйдү ең гең деген – Менің нем гем деб ем?</i></p>
---	---

Сұраулы сөйлемге құрылған жаңылтпаштар дауыс мәнерін (интонация) қалыптарстыруға жақсы әсер етеді.

Бас киімнің құны қанша?

Ақ тиіннің біреуі

Тұрар тоқсан тиындай.

Бас киімнің біреуі –

Он ақ тиін құнындай.

Ойлап,

Бойлап есепке,

Аспай-саспай есепте!

Киім құнын,

Кім бұрын тапса,

Берем мың тиын.

Шешуі:

Оны тоқсан тиын

Құнына көбейт, сол қиын ба?

«Р» дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыратын жаңылтпаштар:

«Р» дыбысының артикуляциясы: ерін, астыңғы және үстіңгі тістер арасы ашық, тіл ұшы таңдайға көтерілген кезде тіл мен таңдай арасында ауа тербелісі діріл арқылы шығады.

«Р» әріпін кейде «Ғ» деп тамаққа салып, немесе «ш», «л» деп айтатындар бар.
Бұл мүкісті жою үшін жаңылтпаш айтумен қатар арнайы «Р» дыбысына арналған жаттығуларды көбірек айту керек:

Ри-ре-ра-ро-ру-ры;
Рирри-рерре-рарра-рорро-рурру-рырры;

Дауыссыз л, б, т, г, ф, г, к әріптерімен үйлестіріп, түрлендіріп айтуға болады:

Лри-лре-лра-лро-лру-лры
Рли-рле-рла-рло-рлу-рлы;
Бри-бре-бра-брор-бру-бры;
Три-тре-тра-тро-тру-тры;
Дри-дре-дра-дро-дру-дры;
Фри-FRE-фра-фро-фру-фры;
Гри-гре-гра-гро-гру-гры;

Кри-кре-кра-кро-кру-кры немесе бірнеше дауыссызбен күрделендіре айтуға болады.

*Қарамайын қарағайдың
қаламайын, жаламайын.
Қарағайдың қарамайын,
қасына енді жоламайын.*

Торта қойдым, орта қойдым.

Орта қойдым, жорта қойдым

(айтылуы: Торта зойдым, орта зойдым.

Орта зойдым, жорта зойдым), – деген жаңылтпаштарда «Р» дыбысы төрт рет қайталанып келеді. «Р» дыбысын дұрыс үйретумен қатар, мағыналық ұйқасы жағынан, жұмбақтай дұрыс сөйлеуге үйрену мақсаты көзделіп, осы құрылған сөздердің бір-бірінен айырмашылығын танытуға үйрету бар.

Тіл техникасын ұштауда барлық дауысты және дауыссыз дыбыстарды түгелдей айтып жаттығу жақсы жетістіктерге әкеледі. Жаттығулар міндетті түрде дене қозғалысымен орындалады. Ең қарапайым түрі – секіру. Секіргіш жіппен (скакалка) әр секірген сайын «Р» дыбысын айтуға жаттықтыратын жоғарыда келтірілген үлгі бойынша қайталап отырса бболады. Күрделі жаттығулар:

Жздри-жздре-жздра-жздру-жздры;

Дрирри-дрирре-дрирра-дрирро-дрирру-дрирры;

Трирри-трирре-трирра-трирро-трирру-трирры және т.б.

Күрделі жаттығуларға да біртіндеп көшу арқылы барлық дыбыстарды қалдырмай жұмыс істеуге машықтанады.

«Р» дыбысын ұштауға арналған жаңылтпаштар:

Жазылуы (орфографиялық)	Айтылуы (орфоэпиялық)
<p><i>Бүлдір-бүлдір бүлдіршін, былдыр бұл бір бүлдіршін. Бұл бір білгір бүлдіршін, білгірлігін білдірсін.</i></p>	<p><i>Бүлдүр -бүлдүр бүлдүршүн, Бүлдүр бұл бір бүлдүршүн. Бұл бір білгір білдіршін, Білгірлігін білдірсін.</i></p>

<p>Дегенде, ей, Тайқарбай, ей, Тайқарбай! Қойынды май жусанға жай, Тайқарбай! – Тайқарбай, Майқарбайлар толып жатыр, Сенің айтып жүргенің қай Тайқарбай?!</p>	<p><i>Дегенде, ей, Тайқарбай, ей, Тайқарбай! Қойынды май жусанға жай, Тайқарбай! – Тайқарбай, Майқарбайлар толып жатыр, Сенің айтып жүргөнүң қай Тайқарбай?!</i></p>
<p>Қырық құркылтай бір құрдан үркіп ұшты, Қырық құр бір құркылтайдан үркіп ұшты. Қырық құр қорқақ па? Қырық құркылтай қорқақ па?</p>	<p><i>Қырық құрғұлтай бір құрдан үркүп ұштұ, Қырық құр бір құрғұлтайдан үркүп ұштұ. Қырық құр зорқақ ба? Қырық құрғұлтай зорқақ ба?</i></p>
<p>Қырық қырықты, Қырық сырықты Орманшы санап қырықты. Қырыққа қосып сырықты Сәл ойланып тұрыпты.</p>	<p><i>Қырық қырықты, Қырық сырықты Орманшы санап зырықты. Қырыққа қосып сырықты Сәл ойланып тұрұптұ.</i></p>

Студенттер жай және тез өлшемді игергеннен кейін қиын, күрделі жаңылтпаштар мен жаттығуға болады. Тіл техникасын ұштауда барлық амал-тәсілдер тиімді. Осы орайда орыс тіліндегі жаңылтпаштарды да пайдалануға болады. Өйткені орыс тілінде жаңылтпаштардың орта, күрделі және өте күрделі түрлері көп. Жай, орташа жаңылтпаш вариацияланып, күрделеніп түрлене береді. Мұндай жаңылтпаштарды⁷ пайдалану студенттің тіл техникасын ұштауына септігін тиігізіп қана қоймай, тіл ұштауға қызығушылығын арттырады. Мысалы:

1-вариант: «На шшикосушильную фабрику требуется шши-косушильщик для работы на шшикосушильном аппарате. Шши-косушильщик должен иметь опыт шшикосушения на шшикосушильном аппарате с использованием шшикосушильной техноло-

⁷ <https://bash.news/sputnik#kontakty>

гии качественного шишкосушения. Он также должен отличать аппарат шишкосушения от нешишкосушения, ремонтировать шишкосушительный аппарат, отличать шишки, пригодные для шишкосушения, от негодных для шишкосушения, отличать шишки недошишкосушенные от перешишкосушенных, за каждую недошишкосушенную или перешишкосушенную шишку шишкосушительщик получит шишкосушилкой по голове» [7].

2-вариант: После шишкосбора⁸ все шишкособранные шишки, пригодные для шишкосушения, отправляются на шишкосушительную фабрику на шишковозе. Шишковоз при помощи шишкосвального аппарата сваливает шишки в шишкосортировочный отдел. Шишкосортировщики с использованием шишкосортировочной машины шишкосортируют шишки, пригодные для шишкосушения, от непригодных для шишкосушения. Шишки, пригодные для шишкосушения, поступают в шишкошлифовальный отдел. В шишкошлифовальном отделе шишкошлифовщики на шишкошлифовальных аппаратах шишкошлифуют шишки от нешишкосушительных шишкоотростков. Шишки, прошедшие шишкошлифование, попадают в шишкодробительный отдел. Шишкодробильщики на шишкодробилках дробят шишки до шишкодробильного состояния, выбрасывая нешишкодробные шишки на шишкосвалку, где шишкосвальщики сжигают нешишкодробные шишки в шишкочечи. Шишкодробные шишки высушиваются в шишкосушилках [8].

Немесе жаттығу амалдарының интерпретациялы бірнеше варианттары бар. Диалогқа құрып жаттығудың бір үлгісі мынадай:

1-вариант: *Осип охрип, Архип осип.*

2-вариант: *Осип охрип, Архип осип;
Охрип Архип, осип Осип;
Охрип Осип, осип Архип;
Осип охрип; Архип осип;*

3-вариант: *На древе трава, на траве дрова, на дровах два дровосека, два дровокола, два дроворуба – Осип и Архип*⁹.

Осип: *«Наш голова вашего голову головою переголовил, переыголовил».*

Архип: *«Наш голова вашего голову головою переголовил, переыголовил».*

⁸ <https://amrom.ru/skorogovorki/>

⁹ Смешные скороговорки. <https://vse-skorogovorki.ru/smeshnye/>

На дворе трава, на трве дрова, на дровах два дровосека, два дровокола, два дроворуба – Осип и Архип.

Осип: *«Наш голова вашего голову головой переголовил, перевыголовил, перевыголовил, переголовил.*

Архип: *«Наш голова вашего голову, головой головой переголовил, перевыголовил, перевыголовил, переголовил.*

На дворе трава, на траве дрова, на дровах два дровосека, два дровокола, два драворуба – Осип и Архип.

Осип: *«Наш голова вашего голову головой переголовил, перевыголовил, перевыголовил, переголовил»;*

Ахрип: *«Наш голова вашего голову головой переголовил, перевыголовил, перевыголовил, переголовил, переголовил, перевыголовил». Осип охрип. Архип осип. [9].*

Бұл жаңылтпашты 2 студент 3 өлшемде, үш түрлі темпте айтқанда әсерлі болады. Диалог түрінде айту дауыс құбылысы мен темпті жетілдіреді.

Қазақша жаңылтпаштар көбінесе көлемі шағындау, 2-4-6 шумақты болып келеді. Десек те, «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні» тәрізді мазмұнға бай.

Жаңылтпашты мынадай амалдармен бірнеше рет айту керек:

- 1) *жаңылтпашты екпін түсіріп, дауыстап оқу;*
- 2) *жаңылтпашты ерінді ашпай, ауыз қуысының ішінде айту, тілге жүк арту;*
- 3) *дыбысты шығармай, ерінмен айту, еріннің қозғалысын бақылау;*
- 4) *мұрын ұшын екі саусақпен басып тұрып, дыбысты мұрын қуысына бағыттап айту;*
- 5) *тіс арасына (1 см жуандықта) қарындаш, далаптың қабы тәрізді затты қойып жаңылтпашты бірнеше рет айту; (жақтың, тілдің қызметі бақыланады)*
- 6) *Қалам тәрізді ағаш таяқшамен тілді басып, мәтінді бірнеше рет қайталап айту.*

Жаңылтпаштарды айтқанда сөйлем екпіндерін құбылтып, әрбір сөзге екпінді жеке түсіріп үйрену керек.

Жаңылтпаштарды тез-тез айтқанда, сөйлемдегі барлық әріптер үндестік заңын сақтай отырып, дұрыс айтылуы керек.

«С» дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыратын жаттығулар мен жаңылтпаштар:

Си-се-са-сә-со-сө -су-сұ-сү-сы-сі;

Сти-сте-ста-сто-сту-сты;

Сиззи-сеззе-сазза-соззо-суззу-сыззы;

Зисси-зессе-засса-зоссо-зуссу-зыссы;

Сисс-сесс-сасс-сосс-сусс-сысс;

Жазылуы (орфографиялық)	Айтылуы (орфоэпиялық)
Асхат, жамап-жасқап, Жасапты ақ сапты аспап. Ақ сапты аспабы – Жап-жақсы аспап.	<i>Асқат, жамап-жасқап, Жасаптақ саптаспап. Ақ саптаспабы – Жап-жақсаспап.</i>
Әсен әсем билеймін деп әлек, Қасен шешен сөйлеймін деп әлек. Қашан Қасен шешен сөйлеп еді? Қашан Әсен әсем билеп еді?	<i>Әсен әсем билейм деп әлек, Қасен шешен сөйлейм деп әлек. Қашан Қасен шешен сөйлөб ед? Қашан Әсен әсем билеп ед?</i>
Бақырға мынау гүл өсер ме екен? Шағырға анау ұл өсер ме екен? Ұл өсер болса күресер ме екен? Тақырды өзі түлетер ме екен? Түлетер ме екен?	<i>Бақырға мынау гүлөсөрмекен? Шатырғанауұлөсөрмекен? Ұлөсөрболса күрөсөрмекен? Тақырдөзүтүлөтөрмекен? Түлөтөрмекен?</i>
Ыдырыс-ау, Ыдырыс, Ыдыстардың ысын ыс! Ысыныссаң Ыдырыс, Ысқышпенен ысын ыс.	<i>Ыдрыс-ау, Ыдрыс, Ыдыстардың ысныс! Ысыныссаң Ыдрыс, Ысқышпенен ысыбыс.</i>
Үш ұшқыш алды, Үшкір қысқыш. Үш тіс ысқыш. Кір қысқыш қымбат па? Тіс ысқыш қымбат па?	<i>Үш ұшқұшалд, Үш кір қысқыш. Үш тісысқыш. Кірғысқыш қымбат па? Тіс ысқыш қымбат па?</i>

«Ш» дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыратын жаттығулар мен жаңылтпаштар:

Қазанда шұжық жүр, Үш шұжық жүзіп жүр. Шұжықшыл Жүсіп жүр, Шыжықты сүзіп жүр.	Қазанда шұжұқ жүр, Үш шұжұқ жүзүб жүр. Шұжұқшұл Жүсүп жүр, Шыжықты сүзіп жүр.
Шәйшінің шәй, шәйнегі мосыдан түспес, Мосыдан түссе – Ащы деп ішпес, Ыссы деп ішпес, Ащы деп ішпес, Ыссы деп ішпес.	Шәйшінің шәй, шәйнегі мосыдан түспөс, Мосыдан түссө – Ащы деб ішпес, Ыссы деб ішпес, Ащы деб ішпес, Ыссы деб ішпес.
Алмажан, жармадан, Көже ашымайды жалма-жан.	Алмажан, жармадан, Көжашымайд жалма-жан.

Сөйлеу стилі сөйлеуші ойының логикалық ұшқырлық жүйесіне сай қалыптасып, сөйлеу кезіндегі дауыс мәнері (интонациясы) сөздің эмоциялық бояуын түзеді. Көптеген тілдің орфографиясына көбінесе екі-үш түрлі принцип негіз болады; олар *морфологиялық және фонетикалық* принциптер.

Морфологиялық принцип бойынша сөз бөлшектерінің түбір тұлғалары сақталып жазылады.

Фонетикалық принцип бойынша сөз бөлшектері айтылуынша, естілуінше жазылады.

Мәтіндерді орфографиялық талдау тұсында дыбыстардың түрлері, олардың жасалуы, дыбыс пен буын заңдылықтары және үндестік заңының ерекшеліктері пысықталып, қайталанып отырылуы тиіс. Сонымен бірге орфографиялық талдау мазмұнына қарай төмендегі тәртіпте жүргізіледі: дыбыс пен әріпке қарай еріндік дауысты дыбыс әріптердің жазылуына, езулік дауысты дыбыс әріптерінің қолданылуына, қосарлы дауысты дыбыс әріптерінің жұмсалыуына, үнді дауыссыз дыбыс әріптерінің жазылуына, ұяң дауыссыз дыбыс әріптерінің жұмсалыуына, қатаң дауыссыз дыбыс әріптерінің қолданылуына, дыбыстар тіркесінің емлесіне,

буын жігіне байланысты, тасымалға лайықты талдау басқыштары жүзеге шығарылады.

Тіл мен стильдің үйлесімі туралы бірер сөз

Қазақстан Республикасы Конституциясының 7, 93-баптарына, «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасы Президентінің «Мемлекеттік бағдарламалардың тізбесін бекіту туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы № 957 Жарлығына, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан Халқы Ассамблеясының XV сессиясында берген тапсырмаларын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарының 3-тармағына, Ұлт бірлігі доктринасына сәйкес әзірленген «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында»¹⁰ Масс-медиа құралдарындағы қазақ тілді контенттің үлесі Мемлекеттік тілді кеңінен қолдануды көпшілікке таратудың мақсатты индикаторлары екендігі баса көрсетілген.

Бағдарламаның мақсаттарында ұлт бірлігінің негізгі факторы – мемлекеттік тілдің кеңінен қолданылуын көпшілікке тарата отырып, тіл мәдениетін және тілдің лингвистикалық капиталын дамыту көзделген. Бағдарламаның міндеттерінде мемлекеттік тілді қолданудың беделін арттыруда мемлекеттік тілде сөйлеушілердің жағымды бейнесі бұқаралық ақпарат құралдарында екендігі ескерілген. Демек, телерадиожурналист мемлекеттік тілде сөйлеушілердің жағымды бейнесінің нақты өзі бола отырып, БАҚ-тағы қазақ тілді контенттің үлесін арттыруға атсалысады.

Телерадиожурналист мамандығын таңдаған студент бұқаралық ақпарат құралдарында таратылатын бағдарламалардың мәтіндерін сауатты құра білуі арқылы отандық һәм ұлттық медиа мәдениеттің дамуына үлес қосады. Студенттердің білім алып, тәжірибе жинақтау үрдісі ауқымды әрі үздіксіз ізденістермен толығып отырады. Студент телерадиожурналистиканың тарихын және журналистік шығармашылық негіздерін білуімен қатар, ауызша және жазбаша тілді еркін, сауатты игеріп, сөз саптай білудің элитарлы деңгейін меңгеру жолында үнемі дағдыланып отыруы тиіс.

¹⁰ Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

Телерадиожурналистің сөз сөйлеу имиджін әсерлі қалыптастыруға ұмтылу кезеңдерінде қойылатын бірнеше негізгі талаптары болады. Біріншіден, сөйлесе білу, тіл табыса білудің негізгі шарттарына сәйкес дұрыс әрі сауатты сұхбат жүргізу тәртіптерін сақтау барысында:

- Тақырыпты анықтап алу.
- Кімнен сұхбат аламын?
- Мақсатым не?
- Қайшылықты пікір туындап қалған жағдайда, дау-дамайсыз бір жауаппен тәмамдай аламын ба?
- Студияға телерадиотыңдаушылар тарапынан қойылатын тосын сұрақтарға қалай жауап беремін?

Міне, осы бағыттағы басқа да сауалдар легіне студент өзін дайындауы керектігін ескертеміз.

Екінші маңызды тұсы, дұрыс сөйлей білу ережелерін сақтау. Ол қазақ тілінің стилистикалық негізгі ұғымдары мен категорияларынан, стилистикалық нормаларынан, тілдік құралдарды қолдану контекстің стильдік канондарына тиесілі екендігінен хабардар болуы тиіс. Стилистикалық түсінігін қалыптастырған журналист тілін, дикциясын, артикуляциясын, интонациясын стилистикалық ерекшелік ережелеріне сәйкес тәрбиелей білгенде ғана жағымды да әсерлі дұрыс сөйлеу мәнерін қалыптастырады. Тілдік талғам мен сөйлеу мәдениетінің элитарлы деңгейіне жету жолдары қарапайым фонетикалық принциптерден (жеке дыбыс, екпін, кідіріс) орфография мен орфоэпия мәселелерінен туындайтын үндестік заңының сақталуынан және дауыс мәнерін (интонация) тәрбиелеу жолындағы еңбекпен өлшенеді.

Бұл ойларымыз жаңылтпаштармен жұмыс істеу амалдарында және студентке берілетін репертуардың үлгісі ретінде алынған мысалдармен көрсетілді. Есте сақтайтын маңызды тұсы – дауыс тәрбиесі мен тіл техникасын ұштауда жаттығуларды театр актерлерін дайындайтын тіл техникасы, көркемсөз оқу шеберлігі және сахна тілін қалыптастыратын бағдарламаларға сүйеніп, машықтандыру амалдарын пайдаланғанымызбен, актер мен диктордың сөйлеу мәнерінде біршама айырмашылық болады. Актер рөл ойнағанда қимыл-әрекетті белгілі бір мизансценаға құру арқылы жеткізеді. Сөзді барынша мәнерлі, дауыс иірімдерін құбылта отырып жеткізеді. Көркемсөз оқу шебері (чтец) шығарманы оқығанда бейне

бір тілмен сурет салғандай етіп жеткізеді. Мизансценасыз, алайда дауыс әуезін, сөз мәнерін, дауыс құбылыстарын мейлінше кең қолданады. Ал диктор болса, сөзді ресми сипатта береді. Сондықтан телерадиожурналистің сөйлеу техникасы әсірелеусіз, дауыс сапасы эмоциясыз (индиферентті), бір қалыпты болуы маңызды. Сөйлеу техникасы және мәдениеті қоғамдағы нақты харекетті қарастыруға, тани білуге мүмкіндік туғызып, негізгі адами қатынастарды қарастырады. Қай салада болсын сөйлеу техникасы мен тіл мәдениеті Қазақстандағы даму серпінінің айнасы. Телерадиожурналистің тіл тазалығы мен дикциясы, артикуляциялық нормаларға сәйкес үндестік заңына бағыну үдерісі күнделікті қарым-қатынас тілінен бастап, эфирде ақпарат тарату кезеңінде шындалады.



Ойтұжырым:

1. Телерадио тілі қалай қолданылады?
2. Телерадиожурналистің бейімделу кезеңдерін түсіндіріңіз?
3. Диалог құрудың негізгі заңдылықтары қандай?
4. Телерадиожурналистің тіл дағдысын қалыптастыру амалдары қандай?
5. Жаттығулар жасау кезіндегі негізгі шарттарды атаңыз?
6. Жаңылтпаш арқылы жаттығу жасаудың үлгісін көрсетіңіз?
7. Тіл мен стильдің үйлесімі дегеніміз не?
8. Телерадиожурналистиканың мәнерлі құралдары.
9. Композиция дегеніміз не?
10. Мәтінді парактан оқыңыз (поэзия).

Негізгі әдебиет:

1. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. – Алматы: Мектеп, 1989.
2. Ошанова О. Журналистің сөйлеу мәдениеті. – Алматы, 2008.
3. Сыздықова Р. Сөз сазы. – А., 1983.
4. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Санат, 1994.
5. Тұрышев А. Еңбектері. – Павлодар: 2013.
6. Тұранқұлова Д. Сөйлеу мәдениеті.
7. Әбзелбаев М. Сахна тілі.

Қосымша әдебиет:

1. Қазақ журналистикасы. 3-том. – Алматы, 2008.
2. Қазақстан журналистерінің тәжірибесінен. – Алматы, 2008
3. Жұртбай Т. Сөз мәдениеті.
4. Ошанова О.Ж. Әдеби-драмалық хабарлардың қалыптасуы.
5. Тұрсын Қ. Қазақ теледидары. – Алматы, 2008.
6. Тұрсын Қ. Көгілдір экран құпиясы. – Алматы, 1998.
7. Халиф А. Телевизионная техника. – 1984.
8. Цвик В. Журналист с микрофоном. – Москва, 2000.



Деректеме:

1. Сымбат Ахметова, «Дұрыс сөйлеу» және «Тіл мүкістерін жою амалдары» бағдарламаларының авторы
2. kk.wikipedia.org Интонация
3. Жұмабаев М. <https://kk.bookmate.com/audiobooks>
4. Сокпақбаев Б. Өлгендер қайтып келмейді. – Алматы: «Дария дамыту орталығы» баспасы, 2019. – 352 б.
5. <https://e-history.kz/kz/projects/show/23442/>
6. Қазақ совет энциклопедиясы.
7. <https://bash.news/sputnik#kontakty>.
8. <https://amrom.ru/skorogovorki/>
9. Смешные скороговорки. <https://vse-skorogovorki.ru/smeshnye/>
10. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.



Кітап оқы:

1. Түрік әдебиетінің абыздары *Решат Нури Гүнтекин мен Әзиз Несин*
2. Түрік әдебиетінің ең таңдаулы шығармаларының қатарынан орын алған *Решат Нури Гүнтекиннің «Беймаза*

бозторғай» мен «Үзілген жапырақтар» атты екі романы басым көпшілігімізге көгілдір экран арқылы таныс. Мектепте мұғалімдеріне, үйде нағашы әпкелеріне еркелеп өскен Фериденің Кемранға махаббат баяны ешкімді бейжай қалдыра қоймас.

3. Ескі көзқарастағы әке мен жаңа өмір салтына аяқ басқан бала арасындағы түсінбеушілік ұлғая түсіп, олардың үзіліп түскен күзгі жапырақтай туған шаңырақтан алыстауы *«Үзілген жапырақтар»* романында шебер сипатталған.

3.2. Қазақ сөзінің жүйесі турасында¹¹

Бүгінгі таңда зерттеушілер тарапынан лингвоэкология, тіл тазалығы жайында жиі сөз бола бастады. Бұл мәселе ХІХ ғасырда, ХХ ғасырда да сөз болған еді, әлі де өзектілігін жоя қоймады. Шаһмардан Ибрагимов, Дінмұхамед Сұлтанғазин, Асылқожа Құрманбаев, Рақымжан Дүйсенбаев, Отыншы Әлжанов, Мәшһүр Жүсіп Көпеев сынды қаламгер, қайраткерлердің «Түркістан уалаятының газеті», «Дала уалаятының газеті» сияқты алғашқы басылым беттерінде жарияланған мақалаларында да қазақ тілінің шынайы болмысын сақтау, шет сөздермен бұрмаламау турасында жиі айтылғаны мәлім. «Дала уалаятының газетінің» 1890 жылғы 6-санында жарияланған «Біздің қазақ тілі туралы бес-алты ауыз сөз» деген мақаласында Д. Сұлтанғазин: «Қырдың қазақ тілі хұсусында қазақша қалай сөйлеп, қалай нәху менен жазу турада. Анық қазақ тіліменен жазылған дұрыс жазып, анық сөйлеуді білдіретін мәшһүр һәм нәху кітаптары болмаған себебінен қазақ тіліменен аумаи дұрыс жазу қиындау болып, қазақша жазатындары ғәйри түрік лұғаттарының нәхуларына жүгіртеді. Сонда да бұлай қылу анық қазақ тіліменен жазуға көңілдегідей толымды келмейді», – деп (ДУГ. 1890, № 6), қазақ тілінде грамматика, дұрыс жазу турасында кітаптар болмағандықтан, қазақ тіліне жат құрылымдар, қате жазылған сөздер жиі кездесетінін айтады. Осы олқылықтың орнын толтырып, қазақ тілінің дыбыс жүйесін, сөз жүйесін, сөйлем жүйесін арнайы

¹¹ Жұбаева Орынай, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультеті қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, ф.ғ.д.

зерттеп, алғашқы оқулықтар жазған Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл – құрал» атты еңбегінің сөз басында: «Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, хәттә жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде һәр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады. Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады. Біздің жасынан орысша я ноғайша оқыған бауырларымыз сөздің жүйесін, қисынын нағыз қазақша келтіріп жаза алмайды, я жазса да қиындықпен жазады. Себебі жасынан қазақша жазып дағдыланбағандық. Орысша оқығандар орыс сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Ноғайша оқығандар ноғай сөзінің жүйесіне дағдыланып үйренген. Қазақ сөздерін алып, орыс я ноғай сөзінің жүйесімен тізсе, ол нағыз қазақша болып шықпайды», – деп жазған еді (А. Байтұрсынұлы. Тіл – құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. I жылдық тіл танытқыш кітап. – 5-басылуы. – Орынбор, 1924. – 3-б.).

Ғалымның бұл тұжырымы әлі де маңызды болып отыр. Себебі қазіргі кезде орысша ойлап, қазақша жазатын, орыс тіліндегі сөздер мен тіркестерді калька жолымен аудара салып, қазақ тілінің жүйесін нормасын ескермейтін қаламшылар көбейіп барады. Қазақ тіліндегі функционалдық стильдер сараланып, тілдегі норма, жүйенің заңдылықтары нақтыланғанмен, қазақ тіліне жат құрылымдар (сөздер, тіркестер, сөйлемдер) көбейіп барады. А. Байтұрсынұлы айтқандай, ойға сәйкес келетін сөздерді дұрыс таңдап ала білмегендіктен, сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білмегендіктен, сөйлем тұтасымен қазақ сөздерінен құралса да, оқырманға түсініксіз болып шығады, тілдегі норманы бұзып тұрады.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін нақты мысалдар келтірейік:

- **Ағымдағы жылы** 6 тікелей эфир өтті, оның ішінде қала әкімінің қатысуымен, эфир барысында қала тұрғындары өздері қойған 165 сұрақтарға жауаптарды алды.

- **Ағымдағы жылдың** 26 желтоқсанынан бастап азаматтарға тиісті сайлау комиссияларының үй-жайларында сайлаушылар тізімдерімен танысуға, сондай-ақ оларға енгізілген сайлаушылар туралы деректердің дұрыстығын тексеруге мүмкіндік берілді.

- **Үстіміздегі жыл** тарихымыздың тағылымды да, тарлан жылы болып отыр.

- Университеттің оқытушылары мен студенттері **үстіміздегі жылдың** 23-28 қаңтар аралығында Үндістан Республикасы Джамму және Кашмир штаты Сринагар қаласына барып қайтты.

- Алматыда **үстіміздегі жыл** кассалық тәртіп жылы деп жарияланды.

Келтірілген мысалдардағы *ағымдағы жыл*, *үстіміздегі жыл* тіркестері қазақ тіліне жат. Бұл тіркестер қазақ сөздерінен құралғанымен, қазақ дүниетанымына тән емес. *Ағымдағы жыл (жылы)* тіркесі калька аударманың нәтижесінде орыс тіліндегі «текущий год» тіркесінің баламасы ретінде алынған. *Ағымдағы жыл, үстіміздегі жыл* тіркестері «биыл, осы жыл» деген мәнді білдіреді, алайда қазақтың танымында *ағымдағы, үстіміздегі* сөздері *осы, биыл* деген мәнді бере алмайды. Осыған байланысты *ағымдағы жыл, үстіміздегі жыл* тіркестерінің орнына *биыл, осы жылы* сияқты құрылымдарды пайдалану қажет.

Орыс тілінен калька аударманың нәтижесінде пайда болған *текущий* сөзінің баламасы 2013 жылы жарық көрген «Орфографиялық сөздікте» де *ағымдағы* ретінде беріліп жүр. Тіл мамандары мұндай баламалар қазақ тіліне жат екенін айтқанмен, сөздікте *ағымдағы, ағымдағы есепшот; ағымдағы жөндеу; ағымдағы жыл; ағымдағы кезең; ағымдағы міндеттер; ағымдағы нұсқау; ағымдағы шығын (экон.); ағымдағы іс*, т.с.с. сөздер мен тіркестер берілген.

Мұндай қолданыстар бұқаралық ақпарат құралдарында да көп кездеседі:

*Он жобаның қатарында 28 балабақшаға жүргізілген, ұзындығы 2,2 шақырым болатын арық жүйесін жөндеу, «Көктем-1» шағынауданындағы футбол алаңын, балалар және спорт алаңдарын, ҚР Тұңғыш Президенті саябағындағы балалар және спорт алаңдарын, 18 пандусты ағымдағы, 60 аула аумағын күрделі жөндеу жұмыстары бар. Ал ағымдағы жөндеу жұмыстарымен 130 аула қамтылады. Ағымдағы жөндеу жұмыстары тіркесі калька аударманың нәтижесінде орыс тіліндегі «текущий ремонт» тіркесінің баламасы ретінде алынған. Тіркес сөйлемдегі мәніне қарай «кезекті, қазіргі, биылғы, осы жылғы, осы айдағы жөндеу» деген мәнді білдіреді. Сол себепті *ағымдағы жөндеу* тіркесінің орнына контекске қарай аталған тіркестерді пайдалану қажет. Дұрысы – *кезекті, қазіргі, биылғы, осы жылғы, осы айдағы жөндеу*.*

Орыс тілі мен қазақ тіліндегі сөйлем құрылымының өзіндік ерекшелігі бар. Орыс тілінде іс-әрекетке констатация жасалса,

қазақ тіліне ондай құрылым жат. Сол себепті орыс тіліндегі *хочу сказать, хочу выразить, хочу поздравить, выражаю соболезнования, приношу извинения*, т.с.с. тіркестер қазақ тілінің сөйлем жүйесіне сәйкес келмейді. Үйлену тойларында тост берілген кезде «Екі жас бақытты болсын!» дегім келеді», – деп тілек айтушылар көбейіп барады. Қолына микрофон беріліп, елдің бәрінің назары өзінде болған кезде тілегін айта бермей ме? Үйден шыққан кезде «осылай тілек айтсам» деп ойын жинақтап жатса – бір жөн. Бұл да орыс тілінің үлгісімен *хочу сказать, хочу пожелать* сияқты қолданыстарды сөзбе-сөз аудару нәтижесінде пайда болған. Қазақша дұрысы: «Екі жас бақытты болсын!» емес пе? Сол сияқты «Той құтты болсын!» дейміз», «Қайырлы болсын!» айтамыз, т.с.с. түрде болып жатқан іс-әрекетті сипаттау түріндегі қолданыстар да тілімізге жат.

Мұндай қолданыстар бұқаралық ақпарат құралдарында да жиі кездеседі:

- *Ал жалпы Қазақстанның ұйымдастырған сайлауы басқа елдер үшін үлкен тәжірибе болады деген сенімдемін.*
- *Дегенмен, жайлы өмір сүру үшін шаңырағымыздың жарығы сөнбесін дейміз.*
- *Балалар хирургиясы бұрынғыдай емес, қазір заман талабына сай дамып келеді деп айтуымызға болады.*
- *Бұл үстіміздегі жыл ішінде банк саласы қызметкерлеріне қарсы жасалған бірінші шабуыл емес екенін айта кеткіміз келеді.*
- *Бүгінде қазақ тілінде бір кісідей сөйлесек, ол, ең алдымен, ата-анамыздың арқасы, екіншіден, алтын бесік – ауылдың арқасы деп білемін.*
- *Жетімдіктің зардабын тартсам да, ерік-жігерімнің жасымауына алдымен Алла, сосын осы «Лениншіл жас» көп септігін тигізді деп есептеймін.*
- *Көріп отырған нәтиже ел дамуына тікелей әсер етеді деп ойлаймын.*
- *Ел дамуына зор үлес қосар азаматтарымыз бен елім деп ұрандатар жастарымыздың еңбегі жана берсін деп тілейік.*
- *Нұржан, тырнақалды жинағыңыздың жарық көргеніне құтты болсын айтамыз!*
- *Шексіз ризашылығымды білдіремін.*

- *Алдағы бесжылдықтағы еліміздегі заң шығару, сондай-ақ барлық мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру жолында халық қалаулылары аянбай еңбектенеді деп сенемін.*

Мұндай құрылымдар қазақ тіліне жат болғандықтан, қою бояумен берілген тіркестерді сөйлемнің қай мүшесі ретінде тануда да, тыныс белгілерін қоюда да, сөйлемнің түрін анықтауда да көп қиындық келтіріп келеді.

Сол сияқты *болып табылады, болып саналады, болып есептеледі*, т.с.с. құрылымдар да орыс тілінен калька аудару арқылы пайда болған:

Олимпиялық және паралимпиялық ойындарды ұйымдастыру жалпы алғанда күрделі міндет болып саналады. Қазақ тіліндегі тіркесім заңдылығын ескермеуден, басы артық сөздерді көп қолданудың салдарынан туындаған стильдік қате. Дұрысы – *Олимпиялық және паралимпиялық ойындарды ұйымдастыру – маңызды міндет.*

Ана өліміне басты себеп жүктілікпен байланысты асқынудың ушығуы және қанайналым жүйесінде аурулардың өршуі болып табылады. Тіркесім ерекшелігін ескермеуден, басы артық сөздерді көп қолданудың салдарынан туындаған стильдік қате. Дұрысы – ... *Басты себебі – ... қанайналым жүйесінің бұзылуы салдарынан аурудың асқынуы.*

Айтпағым, Сыр елінің орталығы болып саналатын Қызылорда шаһары соңғы кезде қарқынды дамып келеді. Орыс тілінің ықпалымен орныққан стильдік қате. Дұрысында, *болып саналатын* тіркесінің орнына сызықша қоюға болады.

Соңғы кездері телерадио арқылы берілетін құттықтау бағдарламаларында жиі қолданылып жүрген, қазақы танымға да, ділімізге де, дінімізге де сәйкес келмейтін, қолданыстар ретінде «Алланың назарында болсын!», «Алланың құлағына шалынсын!» деген тілектерді атауға болады. Сөйлемді осылай құру арқылы сөйлеуші өзінің дінге жақын екенін, діни ұстанымы бар екенін білдіргісі келуі де мүмкін. Алайда сол арқылы ол көп нәрсені әлі толық зерделей қоймағанын, түсіне алмай жүргенін көрсетеді. Діни түсінікте Алла бәрін көруші, естуші, бүкіл адамзат, ғаламзат атаулы ешқашан Алла тағаланың назарынан тыс қалуы мүмкін емес. Алланың

көркем есімдерінде де осы белгілер айқын көрсетілген. Ендеше, мұндай қолданыстарға абай болу керек.

Бұқаралық ақпарат құралдарында жиі кездесетін қателердің бірі орыс тіліндегі құрылымдарды калька жолымен аударып, сөйлемнің мән-мағынасына ешқандай ақпарат қоспаса да, басы артық сөздер мен тіркестерді қолдануға қатысты. Орыс тілінде *в основном, в общем* сияқты тіркестерді қазақ тіліне аударып, қолданушылар көп:

- **Жалпы алғанда**, құпия дауыс беруге ҚХА-ның 351 мүшесі қатысты.

- Олимпиялық және паралимпиялық ойындарды ұйымдастыру **жалпы алғанда** күрделі міндет болып саналады.

- Жалпы бала денсаулығын күту үшін не істеу керек?

- **Негізі**, ауаны ластауға ескі көліктер көп септігін тигізуде.

- **Негізі** өлең оқылған соң жан сарайында қандай да бір із қалуы керек.

- **Негізінде**, доллар қымбаттаған сайын зейнетақы қорындағы халықтың қаражаты да қатар құнсыздануда.

- Осы мақсатта 2021 жылғы 10 қаңтарда ашылған 10 мың 60 сайлау учаскесінде дауыс беру **негізінен** сағат 20.00-де аяқталды.

Сонымен қатар *в свою очередь* тіркесі қазақ тіліне калька арқылы аударылып, өз кезегінде түрінде қолданылып жүр:

- Сол сияқты өз кезегінде зейнетақы қорынан қаражат алған «ҚазАгро» да ауыл шаруашылығын өркендетіп жібере қойған жоқ.

- **Үміткерлер өз кезегінде** партияның сайлауалды бағдарлама-сын, негізгі бағыттарын егжей-тегжей баяндады.

- Орыс тілінен *Большое спасибо!* тіркесін калька аударудың салдарынан *Үлкен рахмет! Зор рахмет!* деген қолданыстар да көбейді.

Орыс тілінің ықпалымен орныққан, басы артық сөздерді қолданудың салдарынан туындаған стильдік қателердің бірі – **-атын (-етін, -йтын/-йтін)** жұрнақтарынан кейін *бол* етістігін тіркестіріп, *буду* етістігінің орнына қолдануға байланысты:

- Алдағы уақытта қалған су айдынына конкурс **жарияланатын болады**.

• *Жаңа Англияға барғанда, мен ол жақтағыларға «Алматымен бірге жұмыс жасауды бастаңдар» деп айтатын боламын.*

Мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардың кәмелеттік жасқа толғаннан кейін және бала I және II топтағы мүгедек мәртебесіне көшкеннен кейін де мемлекеттік қордан тұрғын үй алғанға дейін есепте тұру құқығы сақталатын болады.

7 жастан 16-ға дейінгі балаларды мүгедектік топтары бойынша бөлу ұсынылады және оларға жәрдемақылардың мөлшері ұлғая жағуына қарай қайта қаралатын болады.

Қазақ тілінде-а/-е/-й көсемше тұлғалы етістік келер шақ (ауыспалы келер шақ) мағынасын бере алады. Сондықтан оған әрдайым бол көмекші етістігін тіркестіре берудің қажеті болмайды. Дұрысында, жарияланатын болады деудің орнына жарияланады; айтатын боламын деудің орнына айтамын; сақталатын болады деудің орнына сақталады; қайта қаралатын болады деудің орнына қайта қаралады деп қолдану қажет.

Орыс тілінен калька аударудың салдарынан жасанды сөз тіркестері пайда болып, шұбалаңқы сөйлемдер көбейді:

Бүгінде алматылық мамандар ісікті жою оталарын жасап қана қоймай, анатомиялық ақауларды пластикалық жолмен жоюды жүзеге асырып жүр.

Осы ретте 33 ауланың дренаж жүйесіне жөндеу жүргізілді.

Картинада Тянь-Шань етегіндегі шағын ауылда жылқы өсірумен айналысқан отбасының жылқы ұрыларының құрбаны болғандығы туралы баяндалады.

Біз жан-жақты талқылап, зерттеу жүргізіп, талдау жасап, саралап отырмыз.

Делиде М.Х. Дулати мұрасын зерттеуші қарт ғалым Мансура Хайдармен кездесу болды.

«Барсакелмес» табиғи қорығының қызметкерлерімен кездесу өткізді.

Елдің болашағы осындай ұлтжанды азаматтардың қолында екендігін басты назарға алып, іскер басшыға қолдау білдіріп отыру әрбір азаматтың міндеті екендігін еске сала кеткенді жөн көріп отырмын.

Ал жергілікті әкімдіктер құрылыс компанияларына қолдау білдіріп, үйлер салынатын жер телімдерін қажетті магистральдық инженериямен қамтамасыз етуі керек.

Сонымен қатар қала белсенділеріне ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой атынан пандемиямен күрестегі қажырлы еңбегі, мұқтаж жандарға қамқорлық жасауға және дәрігерлерге қолдау көрсетуге белсенді қатысқаны үшін Алғыс хат тапсырылды.

Балалар кардиохирургиясы және интервенциялық кардиология бөлімшесінде нәрестелік кезеңнен бастап жасанды қан айналдыру аппаратын қолдану және шағын инвазивтік эндоскопиялық араласу арқылы балалардың жүрек-қан тамырлары жүйесінің күрделі туа біткен даму ақауларына түзетулер жүргізіледі.



Ойбағдар:

Қазақ тіліндегі норманы, тіркесім заңдылығын ескере отырып, шұбалаңқы тіркестерді бір сөзбен-ақ беруге болады: жоюды жүзеге асырып жүр – жойып жатыр; жөндей жүргізілді – жөнделді; жылқы өсірумен айналысқан – жылқы өсірген; зерттеу жүргізіп – зерттеп; талдау жасап – талдап; кездесу болды, кездесу өткізді – кездесті; қолдау білдіріп отыру; қолдау білдіру – қолдау; қолдау көрсетуге белсенді қатысқаны үшін – белсенді түрде қолдағаны үшін; ақауларына түзетулер жүргізіледі – ақаулары түзетіледі. Одан сөйлемнің мағынасына нұқсан келмейді, қайта ықшамдалып, түсінікті болады.

Орыс тілінде көкөніс атаулы *овоци, фрукты* түрінде жіктелгенмен, қазақ ұғымында олай жіктелмейді. Сондықтан орыс дүниетанымына сәйкес жіктеу де дұрыс болмайды. Себебі тілде ұлтың менталитеті, дүниетанымы көрінеді.

Ауыл шаруашылығы саласын дамыту, салаға мемлекет тарапынан қолдау білдіру үшін «Nur Otan» партиясы дәнді дақылдар алқабының өнімділігін 2025 жылға қарай гектарына 30,4-тен 32 центнерге, ал көкөніс-бақша өнімдерінің өнімділігін гектарына 300-ден 350 центнерге дейін арттыруға қолдау білдірмек.

Бұқаралық ақпарат құралдарында ұлттық сіліміз ескерілмеген сөйлемдер де кездеседі: Мамандар бұл аурудың өршуін семіздіктен, аз қимылдаудан, жемістер мен көкөністергі жеткілікті деңгейде тұтынбаудан, темекі шегіп, алкогольгі сусындарға жақын болудан деп отыр.

Мұндай қателіктер оқулықтарда да кездеседі. Әрине, балаларға тілді үйреуде өзге тілдің заңдылықтары мен ұстанымдарының ыңғайымен кетуге болмайды.

Орыс тілінің ықпалымен орныққан, басы артық сөздергі көп қолданудың салдарынан туындаған стильдік қате. Дұрысы – көгеніс өнімділігін арттыру.

Бүгінгі таңда жиі кездесетін қателіктердің бірі көптік қосымшасына байланысты. Ол да көбінесе орыс тілінің заңдылықтары негізінде пайда болған. Орыс тілінде көптік тұлғада келетін сөздердің бәрін қазақ тілінде де көпше түрде беруге болмайды. Әр тілдің өзіндік жүйесі бар. Профессор А. Ысқақов атау формада тұрғанда өзі арқылы заттың біреуін емес, жиынын топтап ия қамтып атайтын зат есімдерді **көптік мәнді есімдер** деп атап, оларға:

- сұйықтық атаулары: *айран, шай, тұздық*, т.б.;
- газ тектес заттардың аттары: *азон, бу, түтін, тұман*, т.б.;
- уақ, ұнтақ заттардың, ұйысқан майда заттар мен бытыранды, таранды, үгітінді заттардың атаулары: *үн, шаң, тозаң, бетеге, жусан, жүн түбіт, шаш, кірпік, жиде, алиша*, т.б.;
- дерексіз ұғымдарды білдіретін заттардың атаулары: *айла, ақыл, дау, қасірет, сүйеніш, шындық*, т.б.;
- өздігінен табиғи бөлшектенбейтін кесек заттардың атаулары: *алтын, қола, құрыш, шойын*, т.б.;
- жаратылыс құбылыстарының атаулары: *боран, жаңбыр, қар, жел, құйын*, т.с.с. зат есімдерді жатқызады¹²

¹² Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 382 б.

Зерттеушілер халық аттары¹³ (*орыс, қазақ, өзбек, найман*), хайуан аттары (*жылқы, сиыр, арыстан, аққу*), қосарлы дене мүшелерінің аттары (*көз, құлақ, бүйрек, қол, аяқ*), санауға көнбейтін заттардың аттары (*құмырсқа, көбелек, қамыс, сұлы, шыбын*), жинақтық ұғымды білдіретін сөздер (*мал, ағаш, шөп*) көптік жалғауын қабылдамайтынын айтады.

Алайда 2013 жылы шыққан «Орфографиялық сөздікте»¹⁴ қазақ тілінің бұл ерекшелігі назардан тыс қалған. Сол себепті халық атаулары көптік қосымшасымен берілген:

армян (этнон.), армянға, армяндар
аче, ачелер (этнон.)
ацтек, ацтектер (этнон.)
ақнәсілді
ақнәсілділер
бавар (этнон.), баварлар
бамбара (этнон.) бамбаралар
банту (этнон.), банту тілі
баскілер (этнон.)
батысшыл, батысшылдар
батысеуропалық
батысеуропалықтар
бербер (этнон.), берберлер
бурят, буряттар
варяг (тар.), варяғқа, варягы, варягтар
венгр, венгрлер венгр тілі
гавайлық, гавайлықтар
гвинейлік, гвинейліктер
голланд, голландтар
грузин, грузинге, грузиндер
еврей, еврейлер
жапон, жапонға, жапондар
жоңғар, жоңғарлар
исланд, исландтар
испан, испанға, испандар
америкалық, америкалықтар
итальян, итальянға, итальяндар

¹³ Данияров А. Категория множественности в современном казахском языке: автореф. ... канд. филол. наук: 10.02. 02. – Алматы, 1965. – 23 с.

¹⁴ Орфографиялық сөздік. – Алтыншы басылым. – Алматы: Дәуір, 2013. – 720 б.

йемен, йемендер
 қарайым, қарайымдар
 қарлұқ, қарлұқтар
 қимақ, қимақтар
 құмық, құмықтар
 қазақ, қазағы, қазақтар
 қалмақ, қалмағы, қалмақтар
 қарақалпақ, қарақалпақтар
 қазақтілді, қазақтілділер
 құрылтайшы, құрылтайшылар
 күрд, күрдке, күрді, күрдтер, т.с.с.

Ұлт, халық атауларын беруде де бірізділік сақталмаған. Халық, топ атауына қосылған көптік қосымшасы біресе түрлену жолы ретінде берілсе, енді бірде жеке берілген. Сондай-ақ *америкәнец* сөзінің баламасы *америкалық*, *америкалықтар* түрінде берілсе, *итальянец* атауы *итальян*, *итальянга*, *итальяндар* түрінде таңбаланған. Бұл тілдегі норманы игере қоймаған оқушыларды немесе қазақ тілін үйренгісі кеп жүрген жандарды шатастырып, жалықтырып жіберетіні түсінікті.

Сонымен қатар мақұлық, жануар атаулары да көпше тұлғада берілген:

аминодонттар (зоол.)
афлатоксиндер (биол.)
батрахозаврлар (зоол.)
баңилдер (биол.)
жарғаққанаттылар (зоол.)
бауырымен жорғалаушылар (зоол.)
қарапайымдар (зоол.)
қабықтылар (биол.)
қабыршаққанаттылар (зоол.)
қабыршақтылар (зоол.)
қалталы, қалталы жануарлар
қалталылар (зоол.)
қуысмүйізді, қуысмүйізді жануарлар
қуысмүйізділер (зоол.)
қылқанаттылар (зоол.)
қаттықанатты, қаттықанатты қоңыздар (зоол.)
қаттықанаттылар (зоол.)
қолтұқымдар (биол.)

басаяқтылар (зоол.)
 баскөкіректілер (зоол.)
 бассүйексіздер (зоол.)
 бассүйектілер (зоол.)
 желбезектынысты (зоол.)
 желбезектыныстылар (зоол.)
 желекқанаттылар (зоол.)
 кірпікшелілер (зоол.)
 қосжақтаулылар (зоол.)
 қосжарнақтылар
 қосжелбезектілер (биол.)
 қосжұпаяқтылар (зоол.)
 қосқанаттылар (зоол.)
 қосқұйрықтылар (зоол.)
 қосмекенділер (зоол.)
 қосөкпелілер (зоол.)
 бүйіржелкелілер (зоол.)
 бауыраяқтылар (зоол.)
 етқоректі, етқоректі жануарлар
 етқоректілер (зоол.)
 жабықтұқымдылар (бот.)
 жақауыздылар (биол.)
 біртанаулылар (зоол.)
 бітеумүйізді: бітеумүйізді жануарлар (зоол.)
 бітеумүйізділер (зоол.)
 балишықшылар (зоол.)
 гиракодонттар (зоол.), т.с.с.

Санауға келмейтін шыбын-шіркей, жәндік, бактерия атаулары да көпше тұлғада берілген:

галофобтар (бот.)
 гетеротрофты, гетеротрофты ағзалар
 ыдыратушы-ағзалар (биол.);
 бацилла (биол.)
 желекқанатты, желекқанатты жәндіктер
 қосжұпаяқты, қосжұпаяқты жәндіктер
 қосмекенді, қосмекенді жәндіктер
 бунақденелі
 бунақденелілер (зоол.)
 бактерициттер (биол.)

бауыраяқты: бауыраяқты моллюскілер

жақауызды: жақауызды жәндіктер

қансорғыш, қансорғыш кенелер

қансорғыш масалар (зоол.)

қызыл кенелер

қылқанатты, қылқанатты жәндіктер

бауыраяқты: бауыраяқты моллюскілер

жақауызды: жақауызды жәндіктер

кукумовирустар (биол.)

архантроптар

архебактериялар

кукумовирустар (биол.)

аэробтар (биол.)

ганглиозидтер (биол.)

гаплоид (биол.), гаплоидтер, гаплоиді,

гапlobактериялар, т.с.с.

Көпшілік қолданыста «Маса қантан кетті. Далада шыбын бар ма?» т.с.с. түрінде сөйлейміз. Ол жерде әңгіме бір маса не бір шыбынға қатысты емес.

Сөздікте өсімдік атауларына да көптік қосымшасы жалғанған:

алмұртиөптер (бот.)

баданалы, баданалы арамшөптер

жидеағаш, жидеағаштар

қосүйлі, қосүйлі өсімдіктер (бот.)

бұталар (бот.)

дәрілік өсімдіктер

дарагүлділер (бот.)

даражапырақтылар (бот.)

даражарнақтылар (бот.)

даражемістер (бот.)

қосжапырақты

қосжарнақты, қосжарнақты өсімдіктер (бот.)

галофиттер (бот.)

баданалы өсімдіктер

қағанақсыздар (бот.)

құлқайыргүлділер (биол.)

балды өсімдіктер

қағанақтылар (бот.)

қызылбалдырлар (бот.)

қырықбуынтектес, қырықбуынтектес өсімдіктер қылқанды, қылқанды арпа (эс.) қылқанжапырақты, қалқанжапырақты ағаштар қылқанжапырақтылар (биол.) қорғасыншөптер (бот.), т.с.с.

Қазақ тілінде *шөп шапты, гүл терді, гүл сыйлады, жеміс сатып алды*, т.с.с. түрінде қалыптасқан нормалар орфографиялық сөздікте бұзылғанын байқаймыз.

Сөздікте көптік қосымшасының берілуінде бірзділік сақталмаған: бірде көпше тұлғада берілсе, бірде жекеше тұлғада берілген. Сонымен қатар атаудың құрамындағы сөздер бірде бірге, бірде бөлек таңбаланған. Тіпті жинақтық ұғымды білдіретін топтарын (отряд) атағанда да әркелкі берілген. Мысалы: қайың тұқымдасы; қалақай тұқымдасы (бот.); қияқ тұқымдас (бот.); **қоға** (өс.), қоға тұқымдас; *кірпібас, кірпібас тұқымдасы; кипарис тұқымдасы; қыран тектес; байсат* (өс.), *байсат туысы* (бот.); *байсаттар* (бот.), *байсаттар тұқымдасы* (бот.); *белдікгүлділер* (бот.); *белдікгүлділер тұқымдасы; дарақтәріздес; адам тәрізді маймылдар* (зоол.); *дауылпазтектестер* (зоол.); *бұтақмұртты; бұтақмұртты шаян тәрізділер* (зоол.); *фагоцителлотәрізділер* (биол.); *кивитәрізділер* (құстар тобының отряды); т.с.с.

Ауру атаулары, емдеу тәсілдері де көптік формада қолданылған: *қантамыр, қантамыр аурулары; бактериофагтармен емдеу* (мед.); *клиникалық, клиникалық аурулар; альгицидтер; геотехнологиялық әдістер гамма-тәсілдер; емдеу-профилактикалық, емдеу-профилактикалық шаралар*; т.с.с. Сонымен қатар дерексіз зат есімдерге де көптік қосымшасы жалғана берген: *мәлімет, мәліметтер базасы* (инф.); *кіріс мәліметтері* (инф.); *деректер базасы; деректер жинақтамасы; ағымдағы міндеттер; жайт, жайты, жайттар; ашылулар* (терм.); *бүркеме-жад, бүркеме-жадқа, бүркеме-жады, бүркеме-жадтар; жад* (инф.), *флеш-жадқа, флеш-жады, флеш-жадтар; мультимедиялық мүмкіндіктер; күмәнді, күмәнді борыштар* (экон.); *күмәнді несие* (экон.); *күмәнді талаптар* (экон.); т.с.с.

Қазақ тілінің нормасы бойынша, сұйықтық атаулары, газ тектес заттардың аттары, уақ, ұнтақ зат, ұйысқан майда зат, бытыранды, үгітінді зат атаулары, бөлшектенбейтін кесек заттардың атаулары, жаратылыс құбылыстарының атаулары, қосарлы дене мүшелерінің аттарына көптік қосымшасы жалғанбауы керек. Алайда сөздікте

гейзерлік булар; қышқыл сулар (геол.); лимонадтар; гистологиялық бояғыштар; қостұздар (хим.); қалдық радиациялар; қалдықтар (экол.); қағазқалдықтар (макулатура); алюмосиликаттар; кіржуғыш ұнтақтар; ванадаттар (хим.); мұхиттық ағыстар; құрыш қолдар; галопелиттер (геол.), т.с.с. қолданыстар берілген. Тіпті *егіз* сөзі де көпше тұлғада (*егіздер*) қолданылған.

Қазақ тіліндегі нормаға сәйкес қосарланған қос сөз жинақылық ұғымды білдіреді¹⁵. Сондықтан қосарланған қос сөздерге көптік қосымшасы жалғанбауы керек. Алайда сөздік құрастырушылар ол заңдылықты да ескермеген: *салт-дәстүрлер: ақын-жазушы, ақын-жазушылар; құрал-саймандар тақталары (инф.); баспа-бланкілік, баспа-бланкілік өнімдер; бай-құлақ, бай-құлақтар; бай-шонжар, бай-шонжарлар; ядролық оқ-дәрілер, т.с.с.*

Жоғарыда аталған кемшіліктердің бәрі сөздіктің орыс тіліндегі нормаларға сай құрылғанының салдарынан туындап отыр.

Бұқаралық ақпарат құралдарында да көптік қосымшасы орынсыз қолданылған тұстар жиі кездеседі: *Біз бұған дейін де Голливудтың көптеген фильмдерінде өзімізді жан-жақты көрсетіп жүрміз.* Басы артық сөздерді көп қолданудың салдарынан, тіркесім заңдылығын ескермеуден туындаған стильдік қате. *Көптеген* сөзімен тіркескен сөз көпше тұлғада қолданыла алмайды. *Дұрысы – көптеген фильм.*

Ал қаланың ішіндегі көше тазалығына, ағаштарды заңсыз кесуге, қоқыстардың шашылуына бақылау жүргізуге олардың қызметкерлері жетпейді. Орыс тілінің ықпалымен түзілген стильдік қате. Қазақ тілінің ерекшелігіне сәйкес жинақтық мәнді зат атауларына көптік қосымшасы жалғанбайды.

Дұрысы – қоқыс.

Бірақ кішкентай балалардың үлкендерге ұқсап түрлі қимыл-қозғалыстар жасап, солар болып сөйлеп, құлаққа түрпідей тиетін сөздерді айтып, көзін қысып қойып, жастарына лайықсыз контент жасап жүргендерін көргенде алаңдап-ақ қаласың. Тіркесім ерекшелігін, қосымшалардың табиғатын ескермеуден

¹⁵ Маманов Ы. Қазақ тіліндегі көптік форма // Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы, 1973. – 2-шығуы. – 31-36-бб.

туындаған стильдік қате. Сөйлемдегі *қимыл-қозғалыстар* – қосарлама қос сөз.

Қосарлама қос сөздердің жиынтық мәнгі білдіретіні туралы А.Байтұрсынұлы, Ы.Маманов, А.Ысқақов, т.с.с. ғалымдардың еңбектерінде сөз болған. Қимыл-қозғалыс сөзі жиынтық мәнде қолданылатындықтан, көптік қосымшасы жалғанбауы керек. Дұрысы – қимыл-қозғалыс.

Тұмса табиғат пен ауыл өмірінен сыр шертетін көрмеге әуесқой фотографтар әкелі-балалы Есен Жүсіпбаев пен Ілияс Қанаттың 40-тан астам еңбектері қойылған.

Тіркесім ерекшелігін ескермеуген туындаған стильдік қате. Сан есіммен тіркескен зат есімге көптік қосымшасы жалғанбайды. Сондықтан дұрысы – 40-тан астам еңбегі.

Жылжымайтын мүлікке қатысты бағдарламалар арқылы бала-шағаларымыз, туыстарымыздың баспаналы болып жатқанына қуанамыз.

Қосарлама қос сөздердің жиынтық мәнгі білдіретіні туралы А.Байтұрсынұлы, Ы.Маманов, А.Ысқақов, т.с.с. ғалымдардың еңбектерінде сөз болған. Бала-шаға сөзі жиынтық мәнде қолданылатындықтан, көптік қосымшасы жалғанбауы керек. **Дұрысы** – бала-шағамыз.

Кейде біреудің жеке басына қатысты ақпараттар желіде тарап кетеді. Орыс тілінің ықпалымен орныққан стильдік қате, жасанды қолданыс. Қазақ тілінде дерексіз зат есімдерге көптік қосымшасы жалғанбауы тиіс. Дұрысы – *ақпарат*.

Жолаушы тасымалындағы **барлық автобустарға** смарт-картаның валидаторлары қойылды. Жаяу патрульдер санының көбеюі қаланың **барлық аудандарында** қылмыстың төмендеуіне ықпал етті. Академия **барлық бағыттар** бойынша биіктерге жетуге тырысып келеді.

Тіркесім ерекшелігін, қосымшалардың табиғатын ескермеуден туындаған стильдік қате. Қазақ тіліндегі тіркесім заңына сәйкес барлық сөзімен тіркескен зат есімге көптік қосымшасы жалғанбайды. **Дұрысы** – барлық автобустарға, барлық ауданда, барлық бағыт.

Ақпараттық-кітапхана кешенінің **барлық 7500 басылымдары** цифрландырылып, *agakaz.kz* сайтына орналастырылды. Тіркесім ерекшелігін ескермеуден туындаған стильдік қате.

Сөйлемде зат есімнің алдында барлық сөзімен қатар сан есім қолданылған. Қазақ тіліндегі тіркесім заңына сәйкес барлық сөзімен, сан есіммен тіркескен зат есімге көптік қосымшасы жалғанбайды. **Дұрысы** – барлық 7500 басылымы.

Делегация Делидегі Сихития академиясында, Дели, Джавахарлал Неру және Кашир университетінде **бірнеше ғылыми конференциялар** өткізіп, «Мазар-и салатин» атақты адамдар, патшалар жерленген қорымдағы Дулати зиратына барып, баба рухымен тұңғыш рет табысқан еді.

Тек кітап жазып, бағдарлама жасап қана қоймай, **газет-журналдарда** мақалалар жариялап отырды.

Газет-журнал тіркесі жиынтық мәнге қолданылатындықтан, көптік қосымшасы жалғанбауы керек. **Дұрысы** – газет-журналда.

Академия ректорымен кездесер алдында ол кісіні танитын біраз адамдармен пікірлестік.

Басы артық сөздергі көп қолданудың салдарынан, тіркесім заңдылығын ескермеуден туындаған стильдік қате. Біраз сөзімен тіркескен сөз көпше тұлғаға қолданыла алмайды. **Дұрысы** – біраз адаммен.

Мобильді бригадалар қоңырау шалған адамдарға барады, пациенттерге аудио-бейнекеңес береді, телемедицина орталығымен жұмыс істейді, сондай-ақ дәрі-дәрмектерді тағайындап, оны үйлеріне жеткізіп береді.

Дәрі-дәрмек сөзі жиынтық мәнге қолданылатындықтан, көптік қосымшасы жалғанбауы керек. Дәрі-дәрмек қос сөзі бірнеше дәрі мен дәрмекке қатысты қолданылады. Сол себепті ол сөзге көптік қосымшасын жалғаудың қажеті жоқ. **Дұрысы** – дәрі-дәрмек.

Ал теңіз өнімдерінде ағзаға қажетті дәрумендер өте көп екені белгілі.

Орыс тілінің ықпалымен орныққан стильдік қате, жасанды қолданыс. Қазақ тілінде көп (өте көп), аз (өте аз) сөздерімен байланысқан сөзге көптік қосымшасы жалғанбауы тиіс. **Дұрысы** – дәрумен өте көп.

Қазір қаназдық, әртүрлі жұқпалы індеттер көп. Басы артық сөздерді көп қолданудың салдарынан, тіркесім заңдылығын ескермеуден туындаған стильдік қате.

Көп сөзімен тіркескен сөз (індет) көпше тұлғаға қолданыла алмайды. **Дұрысы** – індет көп.

Сондықтан вакциналаудан бас тартқан адамдарға **ешқандай санкциялар** қарастырылмаған. Қазақ тіліндегі сөздердің тіркесім заңдылығын, қосымшалардың табиғатын ескермеуден туындаған стильдік қате.

Тілдегі жүйеге сәйкес ешқандай болымсыздық есімдігінен кейін келген зат есімге көптік қосымшасы жалғана алмайды.
Дұрысы – ешқандай шара (санкция).

Ұстаздардың алдындағы аса жауапты міндет – мемлекеттік тілді қандай **әдіс-тәсілдермен** жас ұрпаққа меңгерте аламыз деген мәселе. Әрі ең кереметі фото әлемінің заманауи **әдіс-тәсілдерін**, соны техникасын жетік меңгеріп алған.

Әдіс-тәсіл сөзі жиынтық мәнге қолданылатындықтан, көптік қосымшасы жалғанбауы керек. Әдіс-тәсіл қос сөзі бір әдіс пен бір тәсілді емес, бірнеше әдіс пен тәсілді қамтиды.

Сол себепті ол сөзге көптік қосымшасын жалғаудың қажеті жоқ. Сонымен қатар сұрау есімдігімен (қандай) тіркескен сөзге көптік қосымшасы жалғанбауы керек.

Дұрысы – әдіс-тәсіл.

Сыр халқы үшін мәртебесі зор **әрбір** айтулы **мерекелер** қарсаңында, еліміздің бүгінгі жеткен жетістіктерін насихаттап, әлеуметтік нысандарды пайдалануға беру қызылордалықтар үшін жақсы дәстүрге айналғаны қуантады.

Қазақ тілінің нормаларына сәйкес **әрбір** сөзімен тіркескен сөз жекеше тұлғаға келуі керек. Себебі әр сөзі бір дегенді білдіреді.

Дұрысы – әр мереке.

*Психолог маман Р. Болатхан өз сөзінде білікті мамандар даярлауға, жастардың **жаңа білімдерді** меңгеруіне баса назар аударуымыздың қажеттілігіне тоқталады.*

Білім сөзі дерексіз зат есім болғандықтан, көптік қосымша жалғана алмайды. **Дұрысы** – жаңа білімгі.

*Мұражайға қор болар **жәдігерлер өте көп**. Орыс тілінің ықпалымен орныққан стильдік қате, жасанды қолданыс.*

Қазақ тілінде көп (өте көп), аз (өте аз) сөздерімен байланысқан сөзге көптік қосымшасы жалғанбауы тиіс. **Дұрысы** – жәдігер көп.

*Тағы да **жүздеген жылдарды** артқа тастап, Қазақ елінің сүйікті басылымы бола берулеріңізге тілектеспін.*

Тіркесім ерекшелігін ескермеуден туындаған стильдік қате. Сан есіммен тіркескен зат есімге көптік қосымшасы жалғанбайды. Сондықтан **дұрысы** – жүздеген жылды.

***Жүздеген мектептер** ашылды. Тіркесім ерекшелігін ескермеуден туындаған стильдік қате.*

Сан есіммен тіркескен зат есімге көптік қосымшасы жалғанбайды. Сондықтан **дұрысы** – жүздеген мектеп.

Оқушылардың түрлі сайыстардан топ жаруы, олимпиада мен ғылыми жобалар қорғауда алдына жан салмайтындығы өз

алдына, сыныптан тыс **іс-шаралармен** ертеңгіліктерге де белсене қатысады. Наурыз айына дейін жалғасын табатын **іс-шаралар** барысында «Шілде», «Қайрат», «Шұға», «Студент» және т.б. көркем дүниелер көрсетіліп, режиссер шығармашылығы туралы дөңгелек үстел өткізілмек. Тіркесім ерекшелігін, қосымшалардың табиғатын ескермеуден туындаған стильдік қате.

Іс-шара тіркесі жиынтық мәнге қолданылатындықтан, көптік қосымшасы жалғанбауы керек. **Дұрысы** – іс-шара.

Нәтижесінде «BRBAPK» ЖШС жылыжай кешені, қағаздан жасалған қаптар өндіру бойынша «Altarack Co.LTD» зауыты, «DOC Co.LTD» ЖШС ұйымдастыру техникасына арналған **картридждер өндіру зауыты**, «TOKYO ROPE ALMATY» ЖШС инженерлік қауіпсіздік жүйелерін өндіру зауыты, «КМК Investment» ЖШС кабельдік өнім өндіру зауыты іске қосылып, 1669 жұмыс орны құрылып отыр. Қазақ тіліндегі сөздердің тіркесім заңдылығын ескермеуден, басы артық сөздерді көп қолданудың салдарынан туындаған стильдік қате.

Қазақ тілінің ерекшелігіне сәйкес жинақтық мәңгі зат атауларына көптік қосымшасы жалғанбайды. Сонымен қатар зауыт, фабрикалардың не өндіретіні, мақсаты, бағыты көрсетілген жағдайға тұйық етістік емес, есімше тұлғасындағы етістік қолданылуы керек. Ал ол сөзбен тіркескен зат есім тәуелдік жалғауынсыз келеді. **Дұрысы** – картридж өндіретін зауыт.

ТКШ саласында **коммуналдық қызметтерді** барлық жеткізушілер бойынша электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесін енгізу және басқа ведомстволардың тиісті дерекқорларымен интеграциялау арқылы тұрғын үй иелері бойынша деректерді өзектендіру қажеттілігі анықталды.

Тіркесім ерекшелігін, қосымшалардың табиғатын ескермеуден туындаған стильдік қате. Қазақ тілінің ерекшелігіне сәйкес жинақтық мәнді зат атауларына көптік қосымшасы жалғанбайды. **Дұрысы** – коммуналдық қызмет.

Әдебиеттің шыңына көтерілем дегендердің жеке өмірі көп кедергілерге ұшырайды. Қазақ тіліндегі сөздердің тіркесім заңдылығына мән бермеуден, орыс тілінің ықпалымен орныққан, қосымшалардың табиғатын ескермеуден туындаған стильдік қате.

Қазақ тілінде көп сөзімен байланысқан сөзге көптік қосымшасы жалғанбауы тиіс. **Дұрысы** – көп кедергі.

Көптеген ғылыми жаңалықтар енгізілуде. 65 жастан асқан адамдарды вакцинациялауға қатысты **көптеген сауалдар** тұсуде. Басы артық сөздерді көп қолданудың салдарынан, тіркесім заңдылығын ескермеуден туындаған стильдік қате. *Көптеген* сөзімен тіркескен сөз көпше тұлғада қолданыла алмайды.

Жаңалық, сауал сөздері дерексіз зат есім болғандықтан, көптік қосымша жалғана алмайды. **Дұрысы** – көптеген ғылыми жаңалық, көптеген сауал.

Біз бұған дейін де Голливудтың көптеген фильмдерінде өзімізді жан-жақты көрсетіп жүрміз. Басы артық сөздерді көп қолданудың салдарынан, тіркесім заңдылығын ескермеуден туындаған стильдік қате.

Көптеген сөзімен тіркескен сөз көпше тұлғада қолданыла алмайды. **Дұрысы** – көптеген фильм.

Көркем әдебиеттер оқытуды, сөздердің мән-мағынасын түсіндіру маңызды мәселелер деп білемін.

Көркем әдебиет тіркесі жиынтық мәнге қолданылатындықтан, көптік қосымшасы жалғанбауы керек. **Дұрысы** – көркем әдебиет.

Ұстаздар мерекесі қарсаңында да дәл осындай көшеттер отырғызу жұмыстары қолға алынды. Қазақ тіліндегі сөздердің тіркесім заңдылығын ескермеуден, басы артық сөздерді көп қолданудың салдарынан туындаған стильдік қате.

Қазақ тілінің ерекшелігіне сәйкес жинақтық мәнді зат атауларына көптік қосымшасы жалғанбайды. **Дұрысы** – көшет отырғызыла бастады.

2021 жылдың қаңтарынан бастап «Білім беру жүйесін тексеру барысында тексеру парақтары мен қауіп дәрежесін бағалау критерияларын бекіту» туралы заң күшіне енді. Қазақ тіліндегі сөздердің дұрыс жазылуын ескермеуден туындаған қате. Соның салдарынан қосымшалар да дұрыс жалғанбаған. «Қазақ әдеби тілінде» бұл сөз *критерий* түрінде берілген (Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы, 2011. – 8-том. 406-б.). Осы қалпында ғылыми әдебиеттерде де қалыптанған.

Әрі оған қосымша жіңішке жалғанады. Бұл – дерексіз зат есім болғандықтан, оған көптік қосымшасы жалғанбауы керек. **Дұрысы** – критерийін.

Қаншама бой түзеген әсем талдар жараланған жауынгерлердей қатар-қатар құлап, жер жастанды. Қазақ тіліндегі сөздердің тіркесім заңдылығын ескермеуден, басы артық сөздерді көп қолданудың салдарынан туындаған стильдік қате.

Тіркесім заңына сәйкес сұрау есімгінінен кейін келген зат есім көпше тұлғаға қолданыла алмайды. **Дұрысы** – қанша ... тал.

Ахмет Байтұрсынұлы: «Қазақ тіліндегі сөздердің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдану болып табылмайды. «Тілді қолдана білу» деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді таңдап ала білуді және сол сөздерді сөйлем ішіне орын-орнына дұрыстап қоя білуді айтамыз», – деген еді. Бүгінде қазақ сөздерінен құралғанмен, түсініксіз, шұбалаңқы сөйлемдер көбейді:

Тіркеуді жүзеге асыру үшін МТК (жылжымайтын мүлік объектісінің мекенжайын тіркеу коды) көрсете отырып, мекеменің (ұйымның) өтінішін ұсыну қажет.

Балаларды уақытша тіркеу қажет пе және қай жастан бастап?

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 желтоқсандағы № 1427 «Ішкі көшіп-қонушыларды тіркеу қағидаларын бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы» қаулысына сәйкес 16 жасқа толмаған балалар уақытша болатын (тұратын) жері бойынша есепке алуға (тіркеуге) жатпайды.

Бүгінгі таңда заңнамада бір мекенжайға тіркелетін адамдар саны бойынша шектеулер жоқ.

Сонымен қатар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 493-бабына сәйкес Тұрғынжай меншік иесінің немесе қарамағында тұрғынжайлар, ғимараттар және (немесе) үй-жайлар бар басқа да тұлғалардың меншік иесіне тиесілі немесе басқа да тұлғалардың қарамағындағы тұрғынжайларда, ғимараттарда және (немесе) үй-жайларда нақты тұрмайтын жеке тұлғаларды тіркеуге жол беруі үшін жауапкершілік көзделген.

Меншік иесі өзіне тиесілі тұрғын үйде, ғимаратта және (немесе) үй-жайда тұратын жеке тұлғаларды тұрғылықты жері бойынша тіркеуден бас тартқан жағдайда Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 492-бабына сәйкес меншік иесі әкімшілік жауапқа тартылатын болады.

Осыған байланысты, азаматтар өздеріне байланысты емес себептер бойынша пайдалануға тапсырылмаған тұрғын үйлерде тіркеусіз тұруы кінәсіз әрекет болып табылады, азаматтардың осы санаты әкімшілік жауапкершілікке тартылмайтын болады.

Шын мәнінде, қазіргі уақытта құрылыс ұйымдары пайдалануға тапсырмаған, құрылыс салушылар салынуына қарай тұрғын үйге құқық белгілеуші құжаттарсыз заңсыз түрде тұрғындарды қоныстандырған проблемалы үйлерге байланысты мәселелер бар.

Жеке тұлғаның кінәсіз зиян келтіргені үшін әкімшілік жауаптылыққа жол берілмейді.

Сондай-ақ жүзінген кезде, Мемлекеттік корпорациялардағы Ішкі істер органдары автоматтандырылған режимде азаматтарды тіркеуді жүзеге асырады.

Тыныс-тіршілігін шектейтін ағза функцияларының тұрақты бұзылуы бар денсаулығы бұзылған ауруханада жатқан азаматтар қажет болған жағдайда қызметті өзінің тұрғылықты орны бойынша ала алады¹⁶

2013 жылы жарық көрген «Орфографиялық сөздікте» де тілімізге жат, өзге тілдің ықпалымен жасалған, тілдегі нормаға сәйкес келмейтін сөздер мен сөз тіркестері көп кездеседі. Орфографиялық сөздікте *бүгінгі күні* сөзінің берілуі көпшіліктің осы қолданысты дұрыс деп қабылдауына себеп болған. Қазіргі кезде жиі қолданылатын *бүгінгі күні, бүгінгі күнде, биылғы жылы*, т.с.с. тіркестер тіліміздің заңдылықтарына қайшы:

Биылғы жылды біз маңызды саяси науқан – елдің жоғарғы заң шығарушы органының депутаттарын сайлаудан бастадық. **Биылғы жылы** 6 тікелей эфир өтті, оның ішінде қала әкімінің қатысуымен, эфир барысында қала тұрғындары өздері қойған 165 сұрақтарға жауаптарын алды. Осы орайда **биылғы жылы** Алматыда қосалқы станцияларды қайта жаңғырту және оларды жаңадан салу жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Қазақ тіліндегі тіркесім ерекшелігін ескермеуден, басы артық сөздерді көп қолданудың салдарынан туындаған стильдік қате.

¹⁶ https://egov.kz/cms/kk/articles/top_quest

Биыл сөзі бұл және жыл сөздерінің кірігуінен қалыптасқан. Сондықтан оған тағы да жыл сөзін тіркестіру плеоназм тудырады. **Дұрысы** – биыл, осы жылы.

*Медеу ауданы әкімі аппаратының баспасөз қызметінің мәліметіне сенсек, **бүгінгі күнде** төтенше жағдайдың алдын алу жұмыстары толығымен аяқталды. Қазақ тіліндегі тіркесім ерекшелігін ескермеуден, басы артық сөздерді көп қолданудың салдарынан туындаған стильдік қате.*

Бүгін сөзі бұл және күн сөздерінің кірігуінен қалыптасқан. Сондықтан оған тағы да күн сөзін тіркестіру плеоназм тудырады. **Дұрысы** – бүгінгі таңда, осы күнде, т.с.с.

***Бүгінгі күні** кардиохирургияда нәрестелердегі жүректің күрделі ақауын түзету бойынша емдеудің жаңа технологиялары енгізілді. Өйткені **бүгінгі күні** тазалық сақтауға, экологиялық мәселелерді шешуге ешкім дұрыс көңіл аударып отырған жоқ. Бүгінгі күні тіркесі тіліміздің заңдылықтарына қайшы.*

Себебі бүгін сөзі бұл күн сөздерінің кірігуі нәтижесінде пайда болған. Яғни, бүгінгі күн деген тіркестерде күн сөзі қайталанып, плеоназм орын алған. **Дұрысы** – бүгінгі таңда, осы күнде, т.с.с

Соңғы жылдары *отбасы*, *Елбасы* сөздері екі түрлі қолданылып жүр. Бұл сөздер фейсбук парақшаларында да жиі талқыланды, жазармандардың бірқатары *Елбасына*, *Елбасынан*, *отбасына*, *отбасынан* түрінде қолданса, енді бірқатары *Елбасыға*, *Елбасыдан*, *отбасыға*, *отбасыдан* түрінде жазып жүр. Бұл сөздер орфографиялық сөздікте *Елбасы*, *Елбасына*, *Елбасысы*; *отбасы*, *отбасына*, *отбасысы*, *отбасылар* түрінде берілген. Осы модельге келетін басқа да сөздер бар:

*ауылбасы, ауылбасына, ауылбасысы, ауылбасылар
 әскербасы, әскербасына, әскербасысы
 базарбасы, базарбасына, базарбасысы, базарбасылар
 байрақбасы, байрақбасына, байрақбасысы, байрақбасылар
 батырбасы (көне, әск.), батырбасына, батырбасысы
 дінбасы, дінбасына, дінбасысы
 зынданбасы (көне), зынданбасына, зынданбасысы
 қолбасы, қолбасына, қолбасылар, қолбасысы
 қосағасы, қосағасына, қосағасылар, қосағасысы
 мүлікбасы, мүлікбасына, мүлікбасысы, т.с.с.*

Бұл жерде де сөздік құрастырушылардың тілдің заңдылығына немқұрайлылықпен қарағаны байқалады. Себебі *отбасы, Елбасы, ауылбасы, әскербасы, базарбасы, байрақбасы, батырбасы, дінбасы, зынданбасы, қолбасы, қосағасы, мүлікбасы, т.с.с.* сөздерді тұтас түбір ретінде қабылдаған жағдайда оған жалғанатын қосымша **-на/-не** түрінде емес, **-ға/-ге** түрінде жалғануы керек: *балаға, шегеге, атаға, терезеге, т.с.с. -на/-не* қосымшасы тәуелдік жалғаулы сөзге ғана жалғанады. Тілдік қолданыста *оның отбасысы* деп айтылмайды, *оның отбасы* деп қана айтылады. Себебі тәуелдік жалғауы үсті-үстіне жалғана алмайды. Тіліміздің дамуында тәуелдік жалғауы жалғанған күйінде қолданылып жүрген сөздер бар: *әрқайсысы, ешқайсысы, бірде-бірі, кейбіреуі, т.с.с.* Ол сөздер септелгенде *әрқайсысының, әрқайсысына, әрқайсысын, әрқайсысында, әрқайсысынан, әрқайсысымен* болады. Басқалары да осы үлгіге сәйкес септеледі. Ендеше, тілімізде бұрыннан бар жүйені сақтап, жоғарыда келтірілген атауларды соған сәйкес түрлендіруіміз керек.

Сөздікте зат есімдер мен есімдіктер тәуелдік жалғаулы нұсқасымен қатар берілген. Ал *әрқайсысы, ешқайсысы* сөздерінің тәуелденген нұсқасы берілмеген:

*әрқайсысы, әрқайсысына, әрқайсысылары, әрқайсысының, әрқайсысынан, әрқайсысымен, әрқайсысымыз
 ешқайсысы, ешқайсысына, ешқайсысылары, ешқайсысының, ешқайсысынан, ешқайсысымен, ешқайсысымыз.*

Себебі *әрқайсысы, ешқайсысы* сөздері осы тұлғасында III жақты білдіреді. Орфографиялық сөздіктегі норманы басшылыққа алсақ, *әрқайсысы, ешқайсысы* сөздерінің III жақтық тұлғасы

арқайсысысы, ешқайсысысы болар еді. Бұл тілдегі жүйеге мүлде кереғар. Сөздік құрастырушылар өздері түсіндіре алмаған тұстарын «аттап» кеткен. Осы екі есімдікті берудің өзінде өрескел қате көп. Сөзтізбеге есімдіктің III жақ тәуелдік жалғауы жалғанған нұсқасы берілген. *Әр, еш* сөздерінің бірігуі арқылы жасалған есімдіктер тілімізде I, II жақта да түрлене алады: *арқайсың, арқайсыңның, арқайсыңа, арқайсыңды, арқайсыңда, арқайсыңнан, арқайсыңмен; ешқайсымыз, ешқайсымыздың, ешқайсымызға, ешқайсымызды, ешқайсымызда, ешқайсымыздан, ешқайсымызбен, т.с.с.* Яғни түбір тұлғасы – *арқайсысы, ешқайсысы* емес, *арқайсы, ешқайсы*. Ахмет Байтұрсынұлы «Тіл – құралында»: «*Әр*» деген сөз өзі шектеу жана басқа сөздерге де қосылып шектеу есімдігінің орнына жүреді, мәселен, *әр кім, әр бір, әр қайсы* һәм басқа сондай сөздер»¹⁷, – дейді. Жоғарыда келтірілген дәйектер ғалым сөздерінің дұрыстығын көрсетеді. 1988 жылы шыққан «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде»¹⁸ де *қайсы* есімдігінің тәуелдеулі нұсқасы *қайсысы* түрінде берілген. Бұл 2013 жылғы сөздікте де берілген. Алайда сөздік құрастырушылар тілдегі норманы көрсетуде бұған мән бермеген. Тілімізде III жақ тұлғасы жиі қолданылғанмен, I, II жақтық тұлғаларды жоққа шығаруға болмайды.

Осы екі есімдікті беруде сөздік құрастырушылар тілімізде жоқ, жат қолданыстарды норма ретінде көрсетеді. Сөздіктегі *арқайсысымыз, ешқайсысымыз* сияқты қолданыстар қазақ тіліндегі жүйеге мүлде кереғар. Себебі *арқайсысы, ешқайсысы* есімдіктері тәуелдік жалғаудың III жағында тұр. Сол тұлғасында бұл есімдіктер тәуелдік жалғауының I жағын қабылдай алмайды. Дұрысы – *арқайсымыз, ешқайсымыз* болуға тиіс. Оның үстіне *ешқайсысы* ешкім жоқтығын, *арқайсысы* бір адамды ғана білдіреді. Ендеше, қазақ тіліндегі жүйе бойынша, олар көптік жалғауын қабылдай алмайды. Қазақ тілі үшін *ешбірлерің, ешқайсылары, әркімдер, арқайсылары, т.с.с.* қолданыстар мүлде жат. Ол турасында Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл – құралдарында» көрсетілген. Өткен ғасырдың басында жазылған еңбек ретінде ғалымның мұрасын көзге

¹⁷ А. Байтұрсынұлы. Тіл – құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері. II тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 7-басылуы. – Қызылорда, 1927.

¹⁸ Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. – Алматы: Қазақстан, 1988. – 190-б.

ілгісі келмейтін зерттеушілерге айтарымыз: «Тіл білімінің негізін қалаған Ахмет Байтұрсынұлының мұрасы ешқашан құнын жоғалтпайды. Себебі ғалымның еңбектері еуроцентризмнен ада, қазақ тілінің шынайы болмысын көрсеткен! Ол еңбектерден аларымыз, үйренеріміз көп!». Ғалымның тілтанымдық мұрасын ғылыми-теориялық мазмұны терең еңбек, қазақ тілінің нормасын көрсетіп берген құнды дерек ретінде пайдалануымыз қажет.

Соңғы жылдары етек алып бара жатқан *көбісі, біреусі, екеусі, бірісі*, т.с.с. қате қолданыстар көбейіп келеді: *Иә, тұрмысты сана билеген заманда ақша мен дүниенің адам өмірінен қымбат екенін көбісі осындай аяусыз қасиеттерінен білдіріп жатады. Көбісі жемісі уақталып, түрі солғын тартып, дәмі мен иісінен түгелдей дерлік айырылған.* Тіркесім ерекшелігін, қосымшалардың табиғатын ескермеуден туындаған стильдік қате.

Сөздің түбірі – көп. Оған -і тәуелдік жалғауы қосылған (көбі). Енді оның үстіне тағы да -сі тәуелдік жалғауын қосудың (көбісі) қажеті жоқ. Ол плеоназм тудырып тұр. **Дұрысы** – көбі.

Көбісі, біреусі, екеусі, бірісі сөздерінің түбірі – *көп, біреу (бір+еу), екеу (екі+еу), бір*. Ол сөздерге тәуелдік жалғауы қосылғанда *көбі, біреуі, екеуі, бірі* болады. Оның үстіне тағы тәуелдік жалғауының қосымшасын үстемелете жалғаудың (*біреусі, бірісі*) еш қажеті жоқ. Сондықтан тіл тазалығына мән беріп, шынайы болмысын сақтауымыз қажет. Орфографиялық сөздік қатесіз, дұрыс жазу үлгісін көрсететін сөздік болғандықтан, онда қате мүлде болмауға тиіс.

«Сөз дұрыстығы үшін

- сөздердің тұлғасын, мағынасын өзгертетін түрлі жалғау, жұрнақ, жалғаулық сияқты нәрселерді жақсы біліп, әрқайсысын өз орнына тұтыну;
- сөйлем ішіндегі сөзді дұрыс септеп, дұрыс көптеп, дұрыс ымыраластыру;

● сөйлемдерді бір-біріне дұрыс орайластырып, дұрыс құрмаластырып, дұрыс орналастыру керек», – деп Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, тіліміздегі жүйені түсініп, норманы сақтауға тырысуымыз қажет.

Қазіргі кезде *әр сенбі сайын, әр шығарған сайын, әр күн сайын*, т.с.с. қолданыстар жиі орын алып келеді. Әр сөзі тіркескен сөз *сайын* сөзімен тіркеспей-ақ тіркестің мағынасын бере алады. Математика тілімен өрнектейтін болсақ, бұл тіркесті $5=1 \times 5 \times 1$ деп жазуға болар еді.

$$1 (\text{әр}) \times 5 (\text{күн, апта, жыл, минут, секунд...}) \times 1 (\text{сайын}) = 5$$

Әр күн сайын

Әр апта сайын

Әр жыл сайын

Әр минут сайын

Әр секунд сайын

Сонымен бірге *әр апта сайын 31-арна* уақытында тапсырманы орындаған қатысушылар арасында бағалы сыйлықтар ойнатады. Сонымен бірге *әр апта сайын 31-арна* уақытында тапсырманы орындаған қатысушылар арасында бағалы сыйлықтар ойнатады. Ал біздің үкімет *әр жаңа жыл сайын* жәрдемақы мен зейнетақыға 10 пайыз үстемеақы қосады. Ол үшін *әр жексенбі сайын 20.00-де* біздің арнамыздан «*I'm a Singer Kazakhstan*» шоуын үзбей қарау керек.

Қазақ тілінің нормаларына сәйкес *әр, барлық, түгел* сөзімен тіркескен сөз жекеше тұлғада келуі керек, алайда тілшілеріміздің *әр күндеріңіз, әр минуттарыңыз, әр секундтарыңыз, барлықтарыңыз, түгелдеріңіз* деген сөзқолданыстарын жиі естиміз. Бұл да – қате қолданыс. Сол сияқты *бір-бірлеріңізге, екеулеріңіз*, т.с.с. қолданыстар да қазақ тілінің заңдылығына қайшы.

Қазақ тілінде үнемі болымсыз тұлғада ғана қолданылатын және әрдайым болымды мәнде ғана қолданылатын арнаулы тұлғалар бар. Болымсыздық есімдіктері әрдайым болымсыз тұлғадағы сөздермен тіркеседі. Ұялы телефон байланысында ақау пайда

болып (немесе басқа да себептермен), операторларға хабарласа қалсаңыз, ар жағынан роботтың «Барлық операторлар бос емес» деген сөзін естисіз. Осы бір ғана сөйлемде бірнеше қателік орын алған: 1) *барлық* сөзінен кейін келген сөз көпше тұлғада қолданылмай, жекеше тұлғада ғана берілуі керек; 2) болымсыз тұлғалы *бос емес* тіркесінің сөйлемдегі қолданысында өзіндік заңдылық бар. Сондықтан сөйлем *Операторлардың ешқайсысы бос емес* немесе *Бірде-бір оператор бос емес* түрінде құрылуы керек. Сол сияқты *Пусть всегда будет солнце* өлеңі *Әрқашан күн сөнбесін* түрінде аударылды. Дұрысында, ол *Ешқашан күн сөнбесін* болуы тиіс.

Осындай болымсыз тұлғалы етістіктермен келген сөйлемдерді формулаға салар болсақ: $(-n) \times (-m) = nm$ болады. Яғни екі теріс санның көбейтіндісі оң сан болады.

$$(-n) \times (-m) = nm$$

**Ешқашан күн сөнбесін.
Бірде-бір оператор бос емес.**

Сол сияқты *Операторлардың ешқайсысы бос емес* немесе *Бірде-бір оператор бос емес* түрінде деген сөйлемдегі *Операторлардың ешқайсысы* немесе *Бірде-бір оператор* тіркесін, *бос емес* тіркесін теріс сан ретінде қабылдауға болады. Нәтижесінде «Барлық оператор жұмыс істеп жатыр» түріндегі болымды мәндегі сөйлем шығады. Сол сияқты *Ешқашан күн сөнбесін* деген сөйлем «Әрқашан күн жарқырап тұрсын» деген мәнді білдіреді. Қазақ тілінің заңдылығы бойынша, болымсыздық есімдіктері (*ешкім, ешқашан, ешқайда*, т.с.с.) болымды мәнді етістіктермен тіркесе алмайды. Сондықтан *ешкім келді, ешқашан айтты, ешқайда барды*, т.с.с. тіркестер қолданылмайды.

Қазіргі кезде *неше? қанша?* сұрау есімдіктері синоним ретінде, бірінің орнына бірі қолданылып келеді. Соның салдарынан тілімізде *қаншаншы (Қаншаншы сыныпта оқисың? Қаншаншы орын алды?)*, *қаншауы (Қаншауы келді? Қаншауын аламыз?)* т.с.с. қазақ тілінің нормаларына қайшы қолданыстар етек алып барады.

А. Байтұрсынұлы: «Нәрсенің дәл санын білуге сұрағанда неше? деп сұраймыз. Мәселен: «Неше кісі келеді?» – «Үш кісі келеді».

Нәрсенің дәл санын білуге емес, *шамасын* ғана білуге сұрағанда *қанша?* деп сұраймыз. Мәселен: «Қанша күн жүресің?» – «Үш-төрт күн жүремін»,¹⁹ – деп жазған еді. Ғалым ойлары кейін М. Балақаевтың еңбектерінде де сабақтастық тапқан. Қазақ тілінде жинақтық сан есім жетеу ғана (*біреу, екеу, үшеу, төртеу, бесеу, алтау, жетеу*). Яғни нәрсенің дәл санын білдіреді. Сонымен қатар реттеп, тізіп қойған нәрселердің атауларына ғана реттік сан есімнің қосымшалары жалғанады. Реттелген, тізімделген нәрсенің саны нақты. Сондықтан оған *қаншаншы? қаншасыншы?* деген сұрақтар емес, *нешінші?* деген сұрақ қойылуы тиіс.

Қазіргі кезде сөйлеу тілінде *жиырмасыншы, жиырманышы* сөздері жарыса қолданылып жүр. Орфографиялық сөздіктерде *жиырмасыншы* нұсқасы көрсетілген. Ал Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерінде *жиырма* сөзінен жасалған реттік сан есім бүгінгідей *жиырмасыншы* түрінде емес, *жиырманышы* түрінде берілген:

Ретін көрсететін сөздер; мәселен: *бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, жиырманышы, отызыншы, қырқыншы, елуінші, алтысыншы, жетпісінші, сексенінші, тоқсаныншы, жүзінші, мыңыншы, миллионыншы*. Бұлар *реттік*²⁰ деп аталады.

10) *Жұрнақ «ншы»*²¹. Бұл жұрнақ жуан сөзге жалғасса, жуан айтылады, жіңішке сөзге жалғасса, жіңішке болып айтылады. Мәселен, *бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, жиырманышы, отызыншы, қырқыншы, елуінші, алтысыншы, жетпісінші, сексенінші, тоқсаныншы, жүзінші, мыңыншы*.

Дұрысында, қазақ тіліндегі реттік сан есім тудыратын жұрнақ дауыссыз дыбыстардан соң *-ыншы/-інші* түрінде жалғанғанмен, дауысты дыбыстардан кейін жалғанғанда қатар келген екі дауыстының бірі түсіп қалады: *екінші, алтыншы, жетінші, т.с.с. (екісінші, алтысыншы, жетісінші емес)*. Осы үлгі

¹⁹ Байтұрсынов А. Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. – Ташкент, 1918

²⁰ Байтұрсынов А. Тіл – құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924

²¹ Байтұрсынов А. Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. – Ташкент, 1918

бойынша *жиырма* сөзіне де жұрнақ жалғанғанда *жиырманшы* түрінде жалғануы тиіс. Бұл орайда тіліміздің заңдылықтарын жетік білетін Ахмет Байтұрсынұлы сынды ғалымдарымыздың тұжырымдарын әрдайым есте ұстау қажет. Бүгінгі таңда қазақ тілінің мәйегін сақтап қалған Қытай қазақтарының тілінде де *жиырманшы* түрінде ғана қолданылады. Ноғай (*йырманшы*), құмық (*йигирманчы*), қарашай-балқар (*джыйырманчы*), түрік (*yirtinçi*), башқұрт (*егерменсе*), татар (*егерменче*), ұйғыр (*йигирминчи*), қырғыз (*жыйырманчы*), т.с.с. туыстас түркі тілдерінде де **-сы** қосымшасынсыз, *жиырманшы* нұсқасы орныққан.

Бұл орайда *жиырма* сөзінен кейін келетін **-ншы** қосымшасы жалғанған нұсқаны *алтысыншы*, *жетпісінші* сияқты сан есімдермен тұлғалас деп қарастыруға болмайды. Бұл жердегі **-пыс/-піс** қосымшасы ондықты білдіреді. Қазақ тіліндегі үндестік заңына сәйкес қатаң нұсқада жалғанған қосымша (**-пыс/-піс**) түрік, әзірбайжан, түрікмен, т.с.с. тілдерінде **-мыш/-міш** түрінде жалғанған: *алтмыш*, *жетміш*. Сондықтан *жиырманшы* түріндегі дұрыс нұсқаны қалыптандыруымыз қажет.

Орыс тіліндегі *и* шылауының орнына үнемі *және* жалғаулығының қолданылуы (*Аспандағы жұлдыздар сутегі және гелийден тұрады*, *Карамель және орман жаңғақтары // Тоффи*) да тіліміздің нормаларына сәйкес келе бермейді. Ондай мысал БАҚ тілінде өте көп:

***Білімім және тәжірибеме** сеніп, орталық базасында бала кардиохирургиясы және интервенциялық кардиология бөлімшесінің негізін қалаушы әрі алғашқы меңгерушісі ретінде жұмысқа кірістік.*

Тіркесім ерекшелігін ескермеуген туындаған стильдік қате. **Дұрысы** – білімім мен тәжірибем.

*Біз 23 шілдеде басталатын олимпиялық ойындарды, 24 тамызда басталатын паралимпиялық ойындарды **сәтті және қауіпсіз** етіп ұйымдастыруға қатты бекініп отырмыз.*

Дұрысы: сәтмі де қауіпсіз немесе сәтмі әрі қауіпсіз, әрі сәтмі, әрі қауіпсіз, сәтмі, қауіпсіз.

*Әрбір уақытында орындалған тапсырма үшін науқан қатысушысы бір ұтыс билетін **алады және** сол билетпен финалдық ойынға қатысып, автокөлік ұтып алу мүмкіндігіне ие болады. Мемлекеттік бағдарламаларды үкімет **қабылдайды және іске асырады**. 7 жасан 16-ға дейінгі балаларды мүгедектік топтары бойынша бөлу **ұсынылады және** оларға жәрдемақылардың мөлшері ұлғаю жағына қарай қайта қаралатын болады. Қазақ тіліндегі сөздердің тіркесім заңдылығын ескермеуден, басы артық сөздерді көп қолданудың салдарынан туындаған стильдік қате.*

Етістіктен кейін және шылауы келе алмайды. Ол шылаудың орнына үтір, да, де шылауы (кейде көсемше) қоюға болады. **Дұрысы** – бір ұтыс билетін алады да сол билетпен финалдық ойынға қатысып, автокөлік ұтып алу мүмкіндігіне ие болады; қабылдап, іске асырады; бөлінеді, оларға...

*Жалпы, бүгінгі сайлау Президентіміздің әлеуметтік-экономикалық бастамаларын табысты **жүзеге асыруға және Қазақстанның өсіп-өркендеуіне** тың серпін береді деп сенеміз. Қазақ тіліндегі сөздердің тіркесім заңдылығын ескермеуден, шылаулардың табиғатын ескермеуден туындаған стильдік қате.*

Етістіктен кейін және шылауы келе алмайды. Ол шылаудың орнына үтір не нүкте (кейде көсемше) қоюға болады. **Дұрысы** – бастамаларын табысты жүзеге асыруға, Қазақстанның өсіп-өркендеуіне.

Өзі де алып-ұшып, жалт-жұлт еткен дүниеге аса елітіп тұрған балалар TikTok арқылы видеоның фондағы музыкасын тездеуге, баяулатуға және түрлі филтрмен өңдеуге болатынын біледі. Тіркесім ерекшелігін ескермеуден, басы артық сөздерді көп қолданудың салдарынан туындаған стильдік қате.

Баяндауыштан кейін және шылауы келе алмайды. Ол шылаудың орнына үтір не нүкте (кейге көсемше) қоюға болады. **Дұрысы** – баяулатуға, түрлі филтрмен өңдеуге болатынын біледі.

Нысаналы жоспарға сәйкес білім беру саласы үшін 25 отандық IT-компания, 17 білім беру платформасы және жабдықтар мен бағдарламалық қамтамасыз етудің 8 жеткізушісі анықталды. Қазақ тіліндегі сөздердің тіркесім заңдылығын ескермеуден, шылаулардың табиғатын ескермеуден туындаған стильдік қате.

Және шылауы бірыңғай мүшелердің ең соңғысының алдында ғана тұра алады, ортасында келе алмайды. Оның үстіне және шылауынан кейін мен жалғаулығы қолданылмайды. Сондықтан және шылауының орнына үтір қойылуы керек. **Дұрысы** — Білім беру платформасы, жабдық.

Бұл және шовинизмнің басы қайта көтеріліп жатқанына дәлел. Орыс тілінің ықпалымен орныққан, басы артық сөздерді көп қолданудың салдарынан, шылаулардың табиғатын ескермеуден туындаған стильдік қате.

Және шылауының орнына сызықша қойылғаны жөн. **Дұрысы** – Бұл – шовинизмнің басы қайта көтеріліп жатқанына дәлел.

Қазақ тілінде *және* жалғаулығымен қатар *мен, да/де, әрі*, үтір, көсемше тұлғалары қолданылады (*ескеріледі және жазылады*

емес, ескеріліп, жазылады, көреді және келеді емес, көреді де келеді, т.с.с.). Бірыңғай мүшелер қатар келген тұста және ең соңғы мүшеден бұрын келеді. Бірыңғай мүшелер етістіктен болған жағдайда және шылауының орнына *да/де* немесе көсемше тұлғалары қолданылады немесе үтір қойылады. Сол сияқты сын есім *әрі, да* жалғаулықтарымен (*сұлу әрі мінезді, сұлу да сымбатты*) келеді. Сол сияқты қысқарған сөздерде және шылауын (Білім және ғылым министрлігін – *БжҒМ*, Автоматтандыру және басқару жүйесі дегенді *АжБЖ* түрінде, т.с.с.) қысқартудың еш қажеттігі жоқ. Себебі бұл сөздер – өзара салалас байланысқа құрылған, және шылауын үтірмен алмастыруға да болады. Сол себепті қысқартып жазған кезде және шылауын қысқартудың да, үтір қоюдың да қажеті жоқ.

Орыс тілінің ықпалымен сұраулық шылауларды қолданбау да жарнама тілдерінде де, жастардың сөйлеу тілінде де белең алып келеді (*Био-С па?* дегеннің орнына *Био-С?*).

Сол сияқты сұраулық шылауларды қолдануда етістіктің жіктік жалғауы түсіріліп, алдыңғы сөзбен үндесе тіркесетіні де ескеріле бермейді. Соның салдарынан *біледі ма? көреді ма? келеді ма?* сияқты қолданыстар көбейді. Мұндай қате қолданыстар БАҚ тілінде де кездеседі:

Құрылыс салушының кінәсінен мемлекеттік комиссиядан өтпеген үйлерде уақытша тіркеуге қатысты, бұл ретте тұрғындарда техникалық төлқұжат ғана бар. Уақытша тіркеуден қалай өтуге болады? Егер жоқ болса, онда жауапқа тартады ма?

Балаларды уақытша тіркеу қажет па және қай жастан бастап? Әсіресе радио, телебағдарламаларда жиі орын алады:

Туған күнге арнап тілек айтуға болады ма?

Бүгінгі бағдарламаға Димаш келеді ма?

Дұрыс сөйлеу нормасы бойынша, III жақтағы жіктік жалғаулы сөзден кейін сұраулық шылау келетін болса, жіктік жалғауы түсіп қалады. Мысалы: *келеді ме?* емес, *келе ме? айтады ма?* емес, *айта ма?* т.с.с. Тіліміздің бұл ерекшелігіне тележүргізушілер де, радио тілшілері де, аудармашылар да мән бермей жатады.

Теле-радиожүргізушілер мен тілшілеріміз -у керек тұлғасымен келген тіркестерді *айту керекпіз, білу керекпін*, т.с.с. түрде жиі қолданады.

Дұрысы – айтуымыз керек, білуім керек. Сол сияқты отырмыз, жүрміз деген сөздердің орнына сөйлеу тіліне тән отырық, жүрік, жатырық, т.с.с. қолдану белең алып барады. Бұл, әрине, тілдік норманы, сөйлеу әдебін білмеуген туған қателіктер.

Сол сияқты орыс тілінің үлгісімен **-ство** қосымшасы қазақ тілінде басы артық қосымшалармен беріліп жүр. Ондай сөздер соңғы орфографиялық сөздікте де өте көп: *бөлектенушілік, бөлектенушілігі; бақылаушылық, бақылаушылығы; бөтеншілік, бөтеншілігі; бөліп-жарушылық, бөліп-жарушылығы; азғындаушылық, азғындаушылығы; балатушылық, балатушылығы; бастартушылық, бастартушылығы; бәлденушілік, бәлденушілігі; белбайлаушылық, белбайлаушылығы; дандайсушылық, дандайсушылығы; дәріптеушілік, дәріптеушілігі; қимаушылық; жеделдетушілік, жеделдетушілігі; балықөсірушілік, балықөсірушілігі; қолбайлаушылық, қолбайлаушылығы; айналысушылық, айналысушылығы; алалаушылық, алалаушылығы, т.с.с.* Келтірілген мысалдарда сөздік құрастырушылар қимыл атауына **-шылық/-шілік** қосымшасын жалғап, тілімізге жат құрылымдардың санын көбейткен екен. Қазақ тілінде тұйық етістіктер қимылды атайтындықтан, оларға **-шылық/-шілік** қосымшасы жалғанбайды. Себебі **-шылық/-шілік** қосымшасы сөздерге жалғанғанда қандай да бір үдерісті атайды. Сондықтан қимыл атауына ол қосымшаны жалғау тілдегі жүйеге қайшы. Сөздік құрастырушылар **-шылық/-шілік, -шылдық/-шілдік** қосымшаларын **-дық/-дік** қосымшасының орнына (жарыстыра, қатар) қолданып, сөзтізбе санын көбейткен: *бірдейлік, бірдейлігі; бірдейшілік, бірдейшілігі; вегетериандық, вегетериандық диета; вегетерианишылық, вегетерианишылығы; әмеңгерлік, әмеңгерлігі; әмеңгершілік, әмеңгершілігі; ауыртпалық, ауыртпалығы; ауыртпашылық, ауыртпашылығы; айуандық, айуандығы; айуанишылық, айуанишылығы; ақсақалшылық (сөйл.), ақсақалшылығы; ақылышылық, ақылышылығы; ақымақшылық, ақымақшылығы; ақымақшылдық, ақымақшылдығы; аяугершілік,*

аяугершілігі; әдебиетшілдік, әдебиетшілдігі; әдебиетшілік, әдебиетшілігі; әдемілік, әдемілігі; әдемішілік, әдемішілігі; бекерлік, бекерлігі; бекершілік, бекершілігі; балғашылық, балғашылығы; басымшылдық, басымшылдығы; бауырмалдық, бауырмалдығы; бауырмалшылдық, бауырмалшылдығы; қойымышылық (жерг., қорым); адалдық, адалдығы; барымташылық, барымтамашылығы; адалшылық, адалшылығы; т.с.с. Сол сияқты **-дық/-дік** қосымшалы сөздермен қатар **-дылық/-ділік** қосымшалы сөздер де көп: алақолдық, алақолдығы; алақолдылық (терм.), алақолдылығы; әралуандық, әралуандығы; әралуандылық, әралуандылығы; айқындық, айқындығы; айқындылық, айқындылығы; ақжарқындық, ақжарқындығы; ақжарқындылық, ақжарқындылығы; ақжүректік, ақжүректігі; ақжүректілік, ақжүректілігі; алақолдық, алақолдығы; алақолдылық (терм.), алақолдылығы; балажандық, балажандығы; балажандылық, балажандылығы, т.б. Орыс тілінің үлгісімен **-ство** қосымшасы арқылы жасалған сөздің қатарын көбейтудің қажеті жоқ. Себебі ол сөздер түбір тұлғада немесе **-дық/-дік** қосымшасымен-ақ беріледі: айқындық – айқындылық, бірдейлік – бірдейшілік, әмеңгерлік – әмеңгершілік, адалдық – адалшылық, алақолдық – алақолдылық ауыртпалық – ауыртпашылық, айуандық – айуаншылық, әдемілік – әдемішілік, бауырмалдық – бауырмалшылдық, әралуандық – әралуандылық, ақжүректік – ақжүректілік; балажандық – балажандылық, т.с.с. Тіпті **-дық/-дік** қосымшалы тұлғасы берілмей, ақымақшылық, ақымақшылығы; ақымақшылдық, ақымақшылдығы; әрұдайылылық, әрұдайылылығы, т.с.с. сөздер де бар.

Сол сияқты ұрлықшы; ұрлықшылық, ұрлықшылығы сөзінің берілуі дұрыс емес. Себебі бұл сөздердің дұрыс нұсқасы – ұры; ұрлық, ұрлығы. Сөзтізбеде азгана, азгана гана түрінде плеонастық қолданыстың берілуі де – құптарлық жайт емес. Орфографиялық сөздікте берілгендіктен, көпшілік «Осы дұрыс екен!» деп қабылдауы мүмкін. «Күнделікті жазу тәжірибесінде» осы сөздік басшылыққа алынатындықтан, онда нормадан тысқары сөзқолданыстар берілмеуі керек.

Басы артық қосымшалар жалғану арқылы жасалған жасанды сөздер мен тіркестер БАҚ тілінде де жиі кездеседі:

Облыс әкімі Жеңіс Қасымбек «жсолаушы тасымалындағы көліктің **жетіспеушілігі** Саран қаласында автобус шығаратын зауыт ашылғаннан кейін шешіледі» деп, жылды қорытындылаған еді.

Тұйық етістіктен кейін - шылық / - шілік қосымшасын жалғау артық, плеоназм тудырады. Себебі тұйық етістік қимылдың атауын білдіреді. Сол себепті оған зат есім тудыратын қосымша жалғаудың қажеті жоқ.
Дұрысы — жетіспеуі.

Әр істің бойында халықтың ынтымағы мен әркімнің өз туған жеріне деген сүйіспеншілігі **жатқандығы** айтпаса да түсінікті.

Есімшеден кейін -дық қосымшасын жалғау артық, плеоназм тудырады. Себебі есімше – есімнің қызметін де атқаратын етістік категориясы. Енгеше, оған зат есім тудыратын қосымша жалғаудың қажеті жоқ.
Дұрысы – жатқаны.

Оқушылардың түрлі сайыстардан топ жаруы, олимпиада мен ғылыми жобалар қорғауда **алдына жан салмайтындығы** өз алдына, сыныптан тыс іс-шаралар мен ертеңгіліктерге де белсене қатысады. **Дұрысы** – алдына жан салмайтыны.

Иммундық жүйенің қандай органдары әлсіз екендігін арнаулы құралдардың көмегімен анықтап, оның белсенділігін арттыратын дәр-дәрмекті жаңылыспай іріктеп алуға болады. Елдің болашағы осындай ұлтжанды азаматтардың қолында екендігін басты назарға алып, іскер басшыға қолдау білдіріп отыру әрбір азаматтың міндеті екендігін еске сала кеткенді жөн көріп отырмын. **Дұрысы** – екенін.

Елдің болашағы осындай ұлтжанды азаматтардың қолында екендігін басты назарға алып, іскер басшыға қолдау білдіріп отыру әрбір азаматтың міндеті **екендігін еске сала кеткенді жөн көріп отырмын**. Орыс тілінің ықпалымен орныққан, басы артық сөздерді көп қолданудың салдарынан туындаған стильдік қате. Орыс тілі мен қазақ тіліндегі сөйлем құрылымының өзіндік ерекшелігі бар. Орыс тілінде іс-әрекетке констатация жасалса, қазақ тіліне ондай құрылым жат.

Сөйлемгі іскер басшыны қолдау – әрбір азаматтың міндеті түрінде құрса да, тыңдарманның (оқырманның) есіне сала алады. Қазақ тіліне жат, өзге тілдің ықпалымен енген құрылымдарға абай болуымыз керек. **Дұрысы** – іскер басшыны қолдау – әрбір азаматтың міндеті.

Жат қолданыстың көбі етістіктерге қатысты. Олар қазақ тілінің табиғатын, ерекшелігін түсінбеуден туындаған. Қазақ тілінде өзгелік етіс кез келген етістіктерден емес, сабақты етістіктерден ғана жасалады. Түбір салт етістік болған жағдайда алдымен **-ғыз/-гіз, -дыр/-дір, -ыт/-іт** қосымшалары арқылы сабақты етістік жасалады да содан кейін ғана өзгелік етіс жасалады. Мысалы: *сын, күл, жүр, отыр, қуан*, т.с.с. салт етістіктерге жоғарыда аталған қосымшаларды жалғап. Сабақты етістік жасап (*сындыр, күлдір, жүргіз, отырғыз, қуант*, т.с.с.), одан өзгелік етіс жасау үшін тағы да жалғауға болады: *сындырт, күлдірт, жүргіздір, отырғыздыр, қуанттыр*, т.с.с. Бұл қосымшалардың (**-ғыз/-гіз, -дыр/-дір, -ыт/-іт**) жалғануында өзіндік заңдылық бар, бекерден-бекер жалғана бермейді. Мысалы, *әзірлет, тапқыз, тапсыр, тапта, барғыз, бұйралат, балапандат, бақшиит*, т.с.с. етістіктер – өзгелік етіс, олардың үстіне тағы да қосымша жалғаудың қажеті жоқ. Алайда сөздік құрастырушылар тіліміздің осы заңдылығын ескермегені байқалады. Сондықтан тілімізге жат құрылымдар өте көп берілген: *алдатқызу, алдатқызса, алдатқызышы; әзірлеттіру; тапқыздыру; тапсыртқызу, тапсыртқызса, тапсыртқызышы; таптатқызу;*

*барғыздырту, барғыздыртса; бұйралатқызу, бұйралатқызса, бұйралатқызышы; бұйралату; балапандатқызу, балапандатқызса, балапандатқызышы; бақшиитқызу, бақшиитқызса; жардырту, жардырт, жардыртты, жардыртса; жариялатқызу, жариялатқызса, жариялатқызышы; белгілеттіру; дайындаттыру; бергіздіру; бойлаттыру; бастаттыру; жіберткізу, жіберткізсе, жіберткізіші; үйгіздіру; шапқыздыру; айдаттыру, т.с.с. Мұндай мысал өте көп болғандықтан, бір мақала көлемінде бәрін тізіп беру мүмкін болмады. Қазақ тілінің заңдылығы бойынша, ырықсыз етіс қосымшаларынан кейін өздік етіс қосымшалары жалғанбауы керек. Себебі ырықсыз етіс іс-әрекетті жасаған адамды көрсетпейді, ал өздік етісте анық көрініп тұрады. Сол сияқты өздік етіс қосымшасынан кейін өзгелік етіс қосымшасы келмейді. Себебі екеуінің қызметі екі түрлі. Өздік етісте субъект қандай да бір іс-әрекетті өз ықтиярымен жасаса, өзгелік етісте басқа біреу жасатады. Логикалық тұрғыдан алғанда да, бұл дұрыс. Ал сөздікте тілдегі жүйеге қайшы келетін қолданыстар молынан берілген: *әкетіліну, әкетілінбеу, әкетілінген; бөленту, бөлент, бөлентті, бөлентсе; бөлінту, бөлінт, бөлінтті, бөлінтсе; бусанту, бусант, бусантты, бусантса; жатталыну, жатталынбау, жатталынған; бейімделіну, бейімделінбеу, бейімделінген; байқалту, байқалт, байқалтты; байқалыну, байқалынбау, байқалынған; айтылыну, айтылынбау, айтылынған; т.с.с. Тіпті тілімізде бұлжытпай түрінде қалыптанып кеткен етістік те бұлжытылу түрінде өзгертілген. Қимыл атауы зат есіммен шатастырылып, қазақ тіліне жат қолданыстар берілген: *жаңғырту, жаңғырту жасау*. Бұл жердегі *жасау* етістігі артық.**

Әлихан Бөкейхан ХХ ғасырдың басында жарық көрген оқулықтардың тіліне, ұлттық терминология, аударма мәселесіне ерекше көңіл бөліп, шыққан кітаптардың тілін, материалдың берілуін, қазақ діліне (менталитетіне) қаншалық сәйкес келетінін, терминдердің берілуін талдап отырған. Ғалым «Еңбекші қазақ» газеті, «Әйел теңдігі» журналдарының бетінде «Кітап сыны» деген айдармен аударылған еңбектерге қатысты пікірін білдіріп отырған. Мәселен, Абдолла Байтасұлының профессор Ю. Вагнерден аударған «Жануарлар туралы әңгімелер», профессор Гейкіден аудар-

ған «Пізійкелік жағырапыйа» атты кітабына, Мұхтар Әуезовтің Ю. Вагнерден «Жердің жаратылысы жайындағы әңгімелер», Қ. Ысмағұлұлының профессор Вагнерден «Әуе туралы әңгіме», Ешмағамбетұлының М. Томскийден «Ресейде кесіпшілер қозғалысы», т.с.с. аудармаларының тіліне, терминдердің қолданысына қатысты пікірін білдіріп, еңбектердің маңызы мен мазмұнын сөз еткен. Сонда Әлихан Бөкейхан аударманың қарапайым халықтың түсінуіне жеңіл болу жағына баса көңіл бөлу керегін, түпнұсқадағы күйінше алу оқушыға түсініксіздеу болатынын ескертеді. Ғалым тәржімашы оқулық, кітаптарды қазақ тіліне аударғанда адресант, адресат факторын ескеріп, қазақтың дүниетанымына, діліне лайықтауы керек екенін айтады. «Орыстың кітабын қазақшалағанда білімін, дәлел-әдісін бөктеріп, қанжығаға байлап, «Қараңғы қазаққа апарып берем», – деп, кітапшаның басына тымақты кигізіп, кісені беліне буындырып, қазақтың қылыш құлан жалына мінгізіп әкеткен оң болады. Қазақшалаған кітаптарды сынға алғанда мен осы жолмен сынаймын», – дейді Ә. Бөкейханның өзі. Бұл орайда сыншы аудармашыларға Ахмет Байтұрсынұлын үлгі етіп: «Орыстың кітабын қазаққа деп өзгерткенде Крыловтың басына тымақ кигізген Ахметті ұмытпау керек», – дейді.

Әлихан Бөкейхан аудармашылар қазақ тіліне жат құрылымдарды қолданбауы керек екенін ескерте келіп: «Мысал үшін» дейді, бұл – орыстың «для пример»-і ғой. Бұл қаламның тас басып, тасырқағанына куә. Мұнан жазушы қазақ құтылу керек. «Яғни», «яки», «егер» дейді. Бұлар жазылған бет толып жатыр. Мұнда теріп те керек емес. Қазақ «яғни», «яки», «егер» деп сөйлей ме? Бұ да – сөзге олақтықтың, қаламның шабандығының қамшы тілегені ғой», – дейді.²²

Бүгінгі таңда да осындай қолданыстар жиі кездеседі: *Егер дене қызуы 37°C-дан асқан жағдайда вакцина салынбайды. Егер адам дұрыс тамақтанбаса, бұл клеткалар қарсы реакция беріп, денеді ісіктің пайда болуына себепкер болады. Күйзеліс те рак клеткаларын оятып жіберетін көрінеді. Оның айтуынша, егер тариф түбіртекте белгіленгеннен жоғары болса, азаматтар*

²² Б. Әлихан. Шығармалары. – Екінші басылымы. – XIII том. – Астана: Сарыарқа, 2016. – 607 б.

коммуналдық қызметтерді жеткізушілер белгілеген тарифтердің асып кетуіне шағымдана алады. **Егер** сіз уәкілетті орган шығарған айыппұлмен келіспесеңіз, өз көлігіңіздің тұрған уақыты және сіз жасаған төлем сомасы туралы деректерді сұратуға және тексеруге хақыңыз бар.

Тіпті орыс тіліндегі «если, тогда» құрылымын толық қолданып, шартты райлы етістіктен кейін «онда» деген сөзбен жалғастырушылар да бар. Оның қате екенін қанша дәлелдегенімізбен, солай қалыптасып, әбден жатық болып кеткенін айтушылар да көбейді. Мысалы: **Егер** күзетші немесе инкассатор болып жұмыс істеуді шешсеңіз, **онда** 60 мың мен 100 мың теңге аралығында жалақы аласыз.

Сөйлемдегі шартты рай тұлғалы етістіктен кейін онда сөзін қолданудың қажеті жоқ.
Дұрысы – Күзетші не инкассатор болып жұмыс істесеңіз, 60 мың мен 100 мың теңге аралығында жалақы аласыз.

Шартты райлы етістіктен кейін *онда* сөзі келетін сөйлемдер де БАҚ тілінде жиі кездеседі: «**Тышқан аулай алмасам, онда** түскі асқа кемінде 60 шегіртке ұстауыма тура келеді» дейтін көрінеді ол. Жаңа ұсынған әліпбидегі «I i - I i» мен «Йй/Ии - I i» таңбалануын қабылдасақ, **онда** уақыт өте келе өзіміздің төл «i» дыбысының еріксіз «и»-ға айналып кету қаупі бар. Шартты рай тұлғалы етістіктен кейін *онда* сөзін қолданудың қажеті жоқ. Дұрысы – *Тышқан аулай алмасам, түскі асқа кемінде 60 шегіртке ұстауыма тура келеді. Жаңа ұсынған әліпбидегі «I i - I i» мен «Йй/Ии - I i» таңбалануын қабылдасақ, уақыт өте келе өзіміздің төл «i» дыбысының еріксіз «и»-ға айналып кету қаупі бар.*

Келтірілген сөйлемдердегі *егер, онда* сөздерін түсіріп тастағанмен, сөйлемнің мазмұнына ешқандай нұқсан келмейді. Мұндай қолданыстар орыс тілінің ықпалымен орныққан, басы артық сөздерді қолданудың салдарынан туындаған стильдік қате.

Жекелеген аудармашының салғырттығынан, немқұрайлылығынан пайда болған қате аудармалар көпшілік қолданысқа, тіпті ресми іс қағаздардың тіліне еніп кеткен жайттар да бар. «Удостоверение личности» тіркесінің баламасы «жеке куәлік» емес. «Жеке куәлік» дегенді қазақ тіліне аударсақ, *личное удостоверение* болады. Дұрысында, жеке куәлік көп. Кез келген куәлік (жүргізуші куәлігі, т.б.) иесінің өзіне ғана тиесілі, жеке құжаты. Ал «удостоверение личности» дегеніміз – Қазақстан Республикасының азаматы екенін танытатын, 16 жасқа толғаннан кейін ғана берілетін, адамның жеке басын куәландыратын құжат, паспорттың бір түрі. Паспорт екіге бөлінеді: ел ішінде қолданылатын және шет мемлекеттерге шыққанда қолданылатын құжат. Шетелге шыққанда қолданылатын құжат кез келген жаста беріле береді. Ал ел ішінде қолданылатын құжат Қазақстан Республикасының азаматы 16 жасқа толғанда ғана беріледі. Қытай қазақтары «удостоверение личности» тіркесінің баламасы ретінде «азаматтық куәлік» деп қолданып жүр. Шынтуайтына келгенде, бұл балама құжаттың сипаттамасына дәлірек келеді. Алайда «азаматтық» сөзінің орнына «азамат» деп қана алуға болады. Себебі қазақ тілінің табиғатына сәйкес зат есім басқа зат есімнің алдынан келгенде ешқандай қосымша жалғанбай-ақ анықтауыштық қызмет атқарады (*алтын сағат, ағаш қасық*, т.с.с.). Оның үстіне «азамат» сөзін ер адамдарға ғана қатысты қолданып, әйел адамдарды «азаматша» деп атау да қазақ тілінің табиғатына жат. Қазақ тілінде **-ша/-ше** жұрнағы кішірейту мәнді қосымшаға жатады (*сандықша, көрпеше, қобдиша*, т.с.с.). Тілімізде *ана, әйел, бәйбіше, қарындас, сіңлі*, т.с.с. әйел адамдарға ғана қатысты қолданыстар болғанмен, ол жалпылық сипат ала бермейді. Сол себепті *мәжіліс төрағасы, аға ғылыми қызметкер, аға сержант, аға лейтенант*, т.с.с. тіркестер қыздарға да қатысты қолданыла береді. *Ана (әпке) ғылыми қызметкер, ана (әпке) сержант, ана (әпке) лейтенант*, т.с.с. тіркестер тілімізге қаншалық жат болса, *төрайым, азаматша* сөздері де қолданыстан шығарылуы керек. Сондықтан мұндай сөздерде әйел не ер адамға қатысты жіктеудің қажеті шамалы.

Осы тұрғыдан алғанда, «удостоверение личности» тіркесінің баламасы ретінде «азамат куәлігі» деп алсақ, тіліміздің табиғатына да

сәйкес келер еді әрі құжатты дәл сипаттар еді. Елдігімізді танытатын, Қазақстан Республикасының азаматы екенімізді білдіретін құжаттағы қателіктерді жойып, терминдерімізді, жаңсақ түсініктерді реттестірудің орайы келді.

Тіл тазалығына ерекше мән берген профессор Х. Нұрмұқанов 8 наурызға қатысты: «Әйелдердің халықаралық «сорты» жоқ. Сондықтан 8 наурызды «Әйелдердің халықаралық күні» деп дұрыс сипаттағанмыз жөн», – деген еді. Бұл орайда қазақтың ділін, дүниетанымын ескере отырып, *әйел* деген сөзді де бейберекет қолданбаған жөн тәрізді. Себебі қазақ тілінде *әйел* сөзінің қолданылуында да өзіндік ерекшелік бар. Әу бастағы мағынасын айтпаған күннің өзінде, қазіргі кезде «әйел» сөзі 3-4 жасар бүлдіршінге қатысты қолданылмайды. Тіпті босаға аттағаннан кейін де қалыңдық бірден «әйел» атанып кетпей, біразға дейін «келіншек» атанады. «Әйел» сөзі балабақшадағы, бастауыш мектептегі бүлдіршіндерге, жасөспірімдерге қатысты қолданылмайды. Бүгінгі таңда 8 наурызды жас та, кәрі де тойлайтындықтан, бұл мейрамды «Арулар күні» деп атаған жөн болар еді. Себебі балабақшадағы кішкентай бүлдіршіндерге топтағы балалардың «Халықаралық әйелдер күнімен құттықтаймыз!» дегенінен гөрі «Арулар күнімен құттықтаймыз!» дегені әлдеқайда жағымды, әсерлі болар еді. Бүлдіршін қыз бой жетіп, ару болуды қалайды. Жасы егде тартқан әйел де өзін ару сезінсе, ренжи қоймас еді.

Бұл жерде орыс тіліндегі нұсқасы – «Международный женский день» – дұрыс қолданыс әрі тілдерінің табиғатына, дүниетанымына сай келеді. Себебі орыс тілінде зат есім атаулы мужской, женский, средний род болып үш топқа жіктеледі. Сол себепті *женский* сөзі олар үшін жалпылық сипат алған. Ал қазақ дүниетанымында жас ерекшелігіне қарай түрліше атау берілген: *бөбек, нәресте, сәби, бүлдіршін, балдырған, қыз бала, бойжеткен, ару, бикеш, қалыңдық; келін, келіншек, бибі, жұбай, зайып, жар, қосақ, шеше, ана, апа, әже, кейуана, кемпір, т.с.с.* Ендеше, Ғабит Мүсіреповтің «Тілін білмеген түбін білмейді. Ондай адам «күлдіремін» деп күйдіреді, «сүйсіндіремін» деп сүріндіреді, «білдіремін» деп бүлдіреді, «куантамын» деп қуартады, «келтіремін» деп кетіреді, «жұбатамын» деп жылатады» деген сөзін әрдайым жадымызда ұстап, сөзқолданысымызға мән беруіміз қажет.

Профессор Хайролла Нұрмұқанов 1968 жылы «Баспасөз және тіл мәдениеті» деген тақырыпта өткізілген республикалық конференцияда М. Ғабдуллиннің *С. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті*, *В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты* атауларына байланысты: «Киров атында да, Ленин атында да қазақ жоқ, болмайды да. Сондықтан бұл оқу орындары Қазақтың С.М. Киров атындағы, Қазақтың В.И. Ленин атындағы... болып дұрыс аталуы тиіс», – деп анықтайтын сөз бен анықталатын сөздің орындарын шатастырмау қажеттігін ескерткенін айта келіп: «Содан бері 35 жылға жуық уақыт өтсе де, қатенің бұл түрінен әлі күнге арыла алмай келеміз», – деген еді.

Бұл мәселе бүгінгі таңда да әлі өзекті күйінде қалып отыр. Оған төмендегі жоғары оқу орындарының қазақша атауы дәйек бола алады:

Қ. Жұбанов *атындағы Ақтөбе мемлекеттік университеті*, *Абай атындағы Алматы ұлттық педагогикалық университеті*, *Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық мемлекеттік педагогикалық институты*, *Халел Досмұхамедұлы атындағы Атырау мемлекеттік университеті*, *Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан агротехникалық университеті*, *Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті*, *Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы*, *Қазақ мемлекеттік (ұлттық) қыздар педагогикалық университеті*, т.с.с. Сол себепті М. Ғабдуллин, Х. Нұрмұқанов сынды біртуар ғалымдарымыздың ескертулеріне мән беріп, жоғары оқу орындарының атауларын қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкестендіріп, біріздендіретін уақыт келді. Әсіресе *Қазақ мемлекеттік (ұлттық) қыздар педагогикалық институты* атауындағы *мемлекеттік қыздар* тіркесі құлаққа түрпідей тиеді, еріксіз «мемлекеттік (ұлттық) қыз, мемлекеттік (ұлттық) емес қыз деген кімдер?» деген сұрақ ойға келеді.

Тіркесім ерекшелігін, қатар келетін сөздердің мағынасын, дистрибуция, валенттілік заңдылықтарын ескермеуден туындаған қате БАҚ тілінде, жарнамаларда жиі кездеседі:

Негізі, ауаны ластауға ескі көліктер көп септігін тигізуде. Тіркесім ерекшелігін ескермеуден, басы артық сөздерді көп қолданудың салдарынан туындаған стильдік қате.

Септігін тигізуге тіркесі жағымды мәнге жұмсалады. Сол себепті ауаны ластауға сөзімен тіркестіру дұрыс болмайды. **Дұрысы** – Ескі көліктер ауаны ластайды.

*«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорация Алматы қаласы бойынша филиалы Жетісу № 1 халыққа қызмет көрсету департаментінің аудандық бөлімінде аталған қызмет көрсету саласында **орын алған оң өзгерістер** аз емес. Тіркесім ерекшелігін ескермеуден туындаған стильдік қате.*

Оң өзгерістер тіркесі мен орын алу тіркесі қатар келе алмайды. Себебі орын алып отыр тіркесі жағымсыз, ұнамсыз нәрсеге қатысты қолданылады. **Дұрысы** – қызмет саласындағы жетістік (оң өзгеріс).

Теле-радиожүргізушілерге, әншілерге, әртістерге қазақ сөздерін дұрыс айту, сөйлеу әдебі, тілдік норма бойынша арнайы дәрістер ұйымдастыру қажет. Бұрын Кеңес заманында ондай сабақтар өткізіліп тұрған екен, сол үрдісті қайта жалғастыру қажет. М. Әуезовтің: «Кімде-кім ана тілін, әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды» деген сөзін әрдайым ескеруіміз қажет.

А. Байтұрсынұлының «Әуелі газет – халықтың көзі, құлағы һәм тілі, екінші, газет – жұртқа қызмет ететін нәрсе жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері, оқығаны көп адамдары газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып тұрады. Үшінші, газет – халыққа білім таратушы. Төртінші, газет – халықтың даушысы. «Жұрттым» деп, халықтың арын арлап, зарын зарлап, намысын жоқтайтын азаматтары газет арқылы халықтың сөзін сөйлеп, пайдасын қорғап, зарарына қарсы тұрып, қарғаға көзін шоқытпасқа тырысады» деген тұжырымын бүгінде

бұқаралық ақпарат құралдарының бәріне қатысты қолдануға болады. Бұқаралық ақпарат құралдары халыққа білім таратушы болғандықтан, ондағы қолданыстар көпшілікке үлгі болады, қарапайым оқушы, тіл үйренуші қате қолданысты тілдегі нормаға тән, дұрыс нұсқа ретінде қабылдауы әбден мүмкін. Сондықтан журналистер, тілшілер әр сөзіне абай болғаны жөн.



Ойтұжырым:

1. Орыс тілінен калька жолымен аудару арқылы қалыптасқан, қазақ тілінің жүйесіне жат құрылымдарды атаңыз.
2. Қазақ тілі мен орыс тілінің жүйесіндегі ерекшеліктерді атаңыз.
3. Қазақ тілінің жүйесі бойынша, қандай сөздерге көптік қосымшасы жалғанбайтынын нақтылаңыз.
4. 2013 жылы жарық көрген «Орфографиялық сөздіктегі» олқылықтардың БАҚ тіліндегі көрінісін сипаттаңыз.
5. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы сынды алаш зиялыларының тіл тазалығына қатысты ұстанымдарын нақтылаңыз.
6. Сөздерді ыңғайластық қатынаста байланыстыратын шылаулардың (және, да, де, әрі) қолданысын сипаттаңыз.
7. Қосымшалардың жалғану ерекшеліктерін сипаттап, қосымшалардың қате жалғанған тұстарын нақтылаңыз. Не себепті қате екенін түсіндіріңіз.
8. Қосымшалардың жалғану ерекшеліктерін сипаттап, қате жалғанған тұстарын нақтылаңыз. Не себепті қате екенін түсіндіріңіз.

Әдебиет:

1. Жұбаева О. Зиялылар еңбектері – ұлттық кодтың негізі // Ана тілі. 2017. 16 маусым
2. Жұбаева О. Елдің ертеңі бүгінгі қадамдарымызға байланысты // «Ақиқат» журналы. 2017. – № 4. – 45-48-б.
3. Жұбаева О. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының еңбектері – ұлттық кодтың негізі // egemen.kz /article /157346. 12.08.2017



Деректеме:

1. <https://almaty.tv/kz/news/dgizn-megapolisa/1438-rabota-akimata-almaty-vystroena-po-printsipu-slyshaschee-gosudarstvo>
2. <https://www.election.gov.kz/kaz/news/releases/index.php?ID=6050>
3. <https://www.kaznpu.kz/ru/1696/news/>
4. <http://anatili.kazgazeta.kz/news/46989>
5. https://www.inform.kz/kz/almatyda-ustimizdegi-zhyl-kassalyk-tartip-zhyly-dep-zhariyalandy_a2371070



Кітап оқы:

1. *Памук әлемі.* Орхан Памук – Нобель сыйлығын иеленген (2006) түрік жазушысы, сонымен қатар бірнеше ұлттық және халықаралық әдеби сыйлықтардың лауреаты. 1969 жылдан 2012 жылға дейінгі Ыстамбұлға саяхат жасағыңыз келсе, «*Менің оғаш ойларым*» кітабын таңдаңыз. «*Үнсіз үй*» – Орхан Памуктың екінші кітабы. Бір түрік отбасының тарихы, үміті мен мұң-мұқтажы, сенімі мен сезімдері шебер баяндалған. Ал «*Сезім музейі*» романында бизнесмен жігіт Кемал мен жас сұлу Пүсін арасындағы тартысқа толы махаббат хикаясы, өмір белестері, адам жанының нәзік иірімдері баяндалады. 2008 жылы жарық көрген Памуктың бұл романы әлем әдебиетінде үлкен қызығушылық туғызып, махаббат тақырыбындағы үздік роман атанды. Сопылық тариқаттар, көркем жазу, миниатюра, кітап безендіру, сәулет өнерінің мұсылман жұртшылығына тән ерекшеліктері, сондай-ақ тарихи тұлғалардың өмірі жайындағы хикаяттар қызықтырса, автордың «*Менің атым Қырмызы*» туындысын таңдаңыз. «*Жаңа өмір*» романы – қызылды-жасылды қызықты қиялды асыл арманым деп, алданып жүргеніне соңғы сәтте ғана көзі жететін пәндауи ғұмыр жайлы сыр шертетін еңбек. Жаңа оқыған

- бір кітаптың әсерінен өзін-өзі ұмытып, мүлде бейтаныс дүниеге күмп берген ыстамбұлдық кітапқұмар студенттің өзгеруіне куә болыңыз.
2. «Time» журналының нұсқасы бойынша ағылшынның ең үздік 100 романы тізіміне енген «*Жоғалтып алма сен мені*» романы жапондық-ағылшын жазушысы *Кадзуо Исигуро*ның туындысы. Қазақ тіліне аударған еліміздің белгілі драматургі Өмірзақ Мұқай. Туындыға арқау болған бұзылмас достық, кеш келген махаббат жалпы қалыптасқан үлгіде емес, басқаша формада көрсетілген. 2010 жылы роман желісімен фильм де түсірілген. Режиссёрі – американдық Марк Романек.



IV тарау. РАДИОЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ ӨНДІРІСТІК ПРОЦЕСС

4.1. Радиоарна жұмысын ұйымдастыру

«Біз сәби кезден Ерден атаның, Зәмзәгүл әженің ертегілерінен жан тазалығын, жүрек жылуын сезініп, бойымызға өнегелі мінезді, қазақы болмысты сомдап өскен ұрпақпыз...

Біз «Ұшқынмен» бірге есейіп, халқымыздың салт-дәстүрін, әсем ән-жырын, күмбірлі күй-құдіретін, ауыз әдебиеті мен сөз мәдениетін, ана тіліміздің асыл қасиеттерін зерделеген ұрпақпыз...

Біз «Әуе толқынында Қазақ радиосынан» қазақтың қос ән-ағасы – «Қазақ вальсінің королі» Шәмші Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным» әні жүрегімізге алау жаққан, көркемсөз, көсемсөз оқу шебері – Әнуарбек Байжанбаевтың «Алматыдан сөйлеп тұрмыз» дегені көңілімізге жалау болған, әрбір өрнекті сөзі нұр боп құйылған, санамызға сәулесін сепкен ұрпақпыз»¹, – деген сөздерді ата-әжеңіз айтып отыратын болар, бәлкім, ғұлама-ғалымдардың аузынан естіген боларсыз... Міне, талай ұрпақ өкілдерінің өмір мектебі болған Қазақ радиосы ғасырын жасады. Биыл Қазақ руханиятының қара шаңырағы – Қазақ радиосының 100 жылдығы. «Шалқар» радиосының 55 жылдығы және «Астана» радиосына

¹ Әуе толқынында – Қазақ радиосы. 1921–2001. – Алматы, 2001

22 жыл, «Классик» радиосына 10 жыл толып отыр. Құрметті оқушы, сіз де осы мектептің өкілісіз. Ұлт руханиятының ұлы мұраты сізге де таныс. Аға буын жастана тыңдаған радиоарнаға сіздің де ара-тұра құлақ түретініңіз анық. Әуе толқынынан әуелеген қоңыр үн, тұщымды ой, сүбелі сөз, бейнелі дыбыс жаныңызды жадыратқан да болар. Алтын қорға қазына боп құйылып жатқан сол бағдарламалардың бірқатарына тоқталып көрейік. Радионың өндірістік алаңы деген не?

Ғасыр бойы Қазақ радиосы ұлттық мүддеге, «Менің Қазақстаным» идеясына қызмет етіп келеді. Қазақ радиолары республиканың барлық аумағын дерлік қамтиды, оны көршілес Орта Азия республикалары да, Еуропа елдері де, тіпті ғаламтор арқылы бүкіл ғалам тыңдай алады. Бір ғана нүкте әлем халықтарының назарын өзіне аударып отыр. Бүгінде Қазақ радиосы Garden саябағында сөйлеп тұр. Қазіргі кезеңде қалың көпшіліктің ақпарат алуының бірден-бір көзі радио арнасы болып отырғаны жасырын емес. Сондықтан да медиа кеңістігінде нарықтық қатынастарға сәйкес әртүрлі экономикалық ақпараттар, бизнес хабарлар, тарихи-танымдық, мәдени, тағы басқа тақырыптарға материалдар ұйымдастыру, сол арқылы, әсіресе ауыл тұрғындарын жаңашыл көзқарасқа баулу – басты мақсаттың бірі.

Қазақ радиосының қазіргі қоғамдағы рөлі қандай деген мәселеге келсек, ең алдымен, оның хабар тарату тұжырымдамасының принципті айқындамасын² атаған жөн. Негізгі мақсат пен міндеті – мемлекеттік патриотизмді, ұлттық сананы қалыптастаруға, ел мәртебесін көтеруге үлес қосу, еліміз тәуелсіздігінің көп салалы өмірінде қол жеткен экономикадағы, мәдениет пен әлеуметтік саладағы оң нәтижелерін жан-жақты және шындық тұрғысынан насихаттау, Егеменді Қазақстанның сан қырлы бейнесін эфир арқылы сомдап айту, жеткізу. Жалпы қазақ қоғамын өркениетті нарық заңдарына бейімдеу өте маңызды іс. Халықты жаңа экономикалық формацияда өмір сүруге үйрету, кеңес беру, қоғамдағы жағымды мысалдарды үлгі ету радиожурналистердің нысаналы мақсатына айналып келеді. Қазақстан егемендік алғалы бері радиотыңдаушылардың өз тарихын, салт-дәстүрін, мемлекеттік құрылымын,

² Әуе толқынында – Қазақ радиосы. 1921–2001. – Алматы, 2001

тарихи ірі тұлғаларын, хандарын, билері мен батырларын білуге құштарлығы мен ынта-ықыласы артқаны белгілі. Тарихи құндылықтарға жаңаша көзқарас қалыптасты, осыған орай радиотыңдаушылардың рухани сұранысын қанағаттандыруға жіті көңіл бөлініп келеді. Бұл тұрғыда қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы, көшпенділер дәуірі, ұлы дала түркілері, қыпшақ дәуірі, хандық құрылымдар, ақын-жыраулардың көзқарасы, қазақ интеллигенциясының тағдыры, халық шығармашылығындағы тәуелсіздік идеясы, қазақ философиясы, қазақ халқының қуғын-сүргіне ұшырауы, жоңғар шапқыншылығына қарсы күрес, ұлт-азаттық қозғалысы, тәуелсіздік тағылымдары, тағы басқа да тарихи- танымдық, мәдени тақырыптар ұлттық арнаның негізгі бағдарына айналды.

Бүгінде Қазақ радиосының эфирінде 54 хабар бар. Апталық кестені веб сайттан алуға болады. Онда *кеше, бүгін, ертең* деп үш күндік кестені топтап береді. Енді кестеге зер салсаңыз, таңғы сағат 06:00-де еліміздің Әнұраны орындалады.

06:02-07:00 – эстрадаға өңделген халық әні мен күйінен, ретро, заманауи музыкадан таңғы көңілашар концерт беріледі. Сағат 07:00-де «Қайырлы таң, Қазақ елі» көңілашар-сазды бағдарламасы бес күн бойы, үш сағаттан тікелей эфирде жүреді. Радионың өндірісінде *бағдарламалар кестесі маңызды құжат* саналады. Әр секунд пен минут және сағат есепке алынады. Әр сағаттың басында жаңалықтар беріліп отырады.

Тыңдаушылардың аудиториясын, көпұлттық сипаты мен жасының әртүрлілігін ескергендіктен еліміздегі аз ұлт өкілдерінің әлеуметтік және мәдени орталығы ретінде Қазақ радиосында халықаралық «Достық» бағдарламасының аясында 7 тілде 10 минуттан хабар береді. Онда *ұйғыр, корей, неміс, әзірбайжан, татар, түрік* тілдеріндегі тарихи, мәдени, ғылыми-танымдық және музыкалық бағдарламалары қазақ халқының, сондай-ақ республиканы мекеңдейтін көптеген ұлт өкілдерінің болмысын, тыныс-тіршілігін сипаттауға бағытталған. Көпұлтты халқы бар Қазақстан өзінің экономикалық дамуын тек бейбіт жағдайларда ғана одан әрі дамыта алады. Сонда ғана қоғам үйлесімді ахуалда өмір сүреді және

біздің республикамыз дамушы мемлекеттің классикалық үлгісіне айналары анық. Сондықтан Қазақ радиосы ұлтаралық келісімді, тұрақтылықты, бірлікті, халықтар арасындағы достықты қолдау және ұлтаралық дүрдараздыққа жол бермеу бағытын ұстанады. «Қазақстан халықтарының әдет-ғұрыптары мен дәстүрлері», «Қазақстан – біздің ортақ үйіміз», «Біз – қазақстандықтармыз», «Отандастар», «Халықтық келісім орталығы» ортақ мақсаттар үшін қызмет етеді.

БАҒДАРЛАМАЛАР КЕСТЕСІ³

ҚАЗАҚ РАДИОСЫНЫҢ БАҒДАРЛАМА КЕСТЕСІ		
Кеше	Бүгін	Ертең
06:00 ӘНҰРАН	06:00 ӘНҰРАН	06:00 ӘНҰРАН
06:02 Таңғы көңілшар КОНЦЕРТ	06:02 Таңғы көңілшар КОНЦЕРТ	06:02 Таңғы көңілшар КОНЦЕРТ
10:00 Жаңалықтар	10:00 Жаңалықтар	10:00 Жаңалықтар
10:10 ХАЛЫҚ МУЗЫКАСЫ 25 ГИЗАТ ҒУМЫР	10:10 ХАЛЫҚ МУЗЫКАСЫ	10:10 ХАЛЫҚ МУЗЫКАСЫ
10:30 ТУҒАН ЖЕР ӘУЕНДЕРІ	10:25 ҚАЗАҚСТАН САРБАЗЫ	10:25 ГИЗАТ ҒУМЫР
11:00 Новости	10:30 ТУҒАН ЖЕР ӘУЕНДЕРІ	10:30 ТУҒАН ЖЕР ӘУЕНДЕРІ
11:05 ХАЛЫҚ МУЗЫКАСЫ	11:00 Новости	11:00 Новости
11:15 ДАРИҒА ДӘУРЕН	11:05 ХАЛЫҚ МУЗЫКАСЫ	11:05 ХАЛЫҚ МУЗЫКАСЫ
11:30 ЕСКІРМЕЙТІН ЕСКІ ӘНДЕР	11:15 АЙТЫС	11:15 ДАРИҒА ДӘУРЕН
12:00 Жаңалықтар	11:30 ЕСКІРМЕЙТІН ЕСКІ ӘНДЕР	11:30 ЕСКІРМЕЙТІН ЕСКІ ӘНДЕР
12:05 ТҮЛГАТАНУ	12:00 Жаңалықтар	12:00 Жаңалықтар
13:00 ТҮСКІ МУЗЫКАЛЫҚ КӨҢІЛАШАР САҒАТЫ	12:05 БАЛАПАҢ САЗ	12:05 ТҮЛГАТАНУ
14:00 Жаңалықтар	13:00 ТҮСКІ МУЗЫКАЛЫҚ КӨҢІЛАШАР САҒАТЫ	13:00 ТҮСКІ МУЗЫКАЛЫҚ КӨҢІЛАШАР САҒАТЫ
14:05 БІЗГЕ ҚЫЗБАТ ДАУЫСТАР	14:00 Жаңалықтар	14:00 Жаңалықтар
14:20 КӨҢІЛ КӨЗІ / АУЫЛ ӘЙЕЛІ	14:05 ІНЖУ-МАРЖАН	14:05 ІНЖУ-МАРЖАН
14:30 КӨҢІЛ КӨЗІ / АУЫЛ ӘЙЕЛІ	14:30 КӨҢІЛ КӨЗІ / АУЫЛ ӘЙЕЛІ	14:30 КӨҢІЛ КӨЗІ / АУЫЛ ӘЙЕЛІ
14:40 БЕНЕФИС	14:40 БЕНЕФИС	14:40 БЕНЕФИС
15:00 Новости	15:00 Новости	15:00 Новости
15:10 ІСКЕ СӘТ	15:10 ӘЖЕМІНІҢ ӘҢГІМЕСІ	15:10 ӘЖЕМІНІҢ ӘҢГІМЕСІ
15:20 Термелер мен толғаулар	15:20 Термелер мен толғаулар	15:20 Термелер мен толғаулар
15:50 РЕТРО МУЗЫКА	15:50 РЕТРО МУЗЫКА	15:50 РЕТРО МУЗЫКА
16:00 Жаңалықтар	16:00 Жаңалықтар	16:00 Жаңалықтар
16:10 Халық және халық композиторларының әндері	16:10 Халық және халық композиторларының әндері	16:10 Халық және халық композиторларының әндері
16:30 «Күй-құдірет»	16:30 «Күй-құдірет»	16:30 «Күй-құдірет»
16:45 ДОСТЫҚ	16:45 ДОСТЫҚ	16:45 ДОСТЫҚ
17:00 Новости	17:00 Новости	17:00 Новости
17:05 АҚ ТІЛЕК	17:05 АҚ ТІЛЕК	17:05 АҚ ТІЛЕК
18:00 ОҢ БАҒЫТ	18:00 АНТИКОР NEWS	18:00 АНТИКОР NEWS
19:00 АРАЛАС КОНЦЕРТ	18:00 ГИЗАТ ҒУМЫР	19:00 АРАЛАС КОНЦЕРТ
19:45 ХИТТАР ТОПТАМАСЫ	19:00 АРАЛАС КОНЦЕРТ	19:45 ХИТТАР ТОПТАМАСЫ
20:00 МӘҢГІЛІК ЕЛ МҰРАТЫ	19:45 ХИТТАР ТОПТАМАСЫ	20:00 МӘҢГІЛІК ЕЛ МҰРАТЫ
20:05 ҚАЗАҚ ӘНІ	20:00 МӘҢГІЛІК ЕЛ МҰРАТЫ	20:05 ҚАЗАҚ ӘНІ
20:10 РАДИОКОНЦЕРТ	20:05 ҚАЗАҚ ӘНІ	20:10 РАДИОКОНЦЕРТ
21:00 КӨКЖИЕК	20:10 ЗЕРЕ	21:00 КӨКЖИЕК
21:20 БАЛАЛАР ӘНІ	21:00 КӨКЖИЕК	21:20 БАЛАЛАР ӘНІ
21:30 БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ	21:20 БАЛАЛАР ӘНІ	21:30 БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ
21:45 МАХАББАТ ЛИРИКАСЫ	21:30 БАЛАЛАРҒА БАЗАРЛЫҚ	21:45 МАХАББАТ ЛИРИКАСЫ
22:00 ЖЫРЛАЙДЫ ЖҮРЕК	21:45 МАХАББАТ ЛИРИКАСЫ	22:00 ЖЫРЛАЙДЫ ЖҮРЕК
23:00 ТҮНГІ ТОЛҚЫН	22:00 ЖЫРЛАЙДЫ ЖҮРЕК	23:00 ТҮНГІ ТОЛҚЫН
00:00 Түнгі музыкалық әуен	23:00 ТҮНГІ ТОЛҚЫН	

Қазақ радиосы прайм-тайм уақытта апта бойы, бір мезетте арнайы тікелей эфир мен таспа хабарларды топтастырған. Бұл тыңдаушы үшін де өте тиімді, белгілі уақыты қалыптастырады. Мысалы, сағат 10:00-10:50 аралығында дүйсенбі күні ұзақтығы 40 минуттық тікелей эфирде жүретін «Бірінші байлық»

³ <https://qazradio.fm/kz/program/2021-06-11/>

бағдарламасын Ғалия Есқұлова, сейсенбі күні Қымбат Досжан «Бармысың, бауырым?» бағдарламасы, сәрсенбі күні «Территория права» бағдарламасы жүреді. Жүргізушілері: Нұра Тынысқызы, Нұржан Баймбетов /орысша/. Бейсенбіде «Халық үні» бағдарламасын Нұра Тынысқызы, /қазақша/ жұмада «Ықылас» бағдарламасын Ерболат Сапаров жүргізеді. Жексенбіде «Қазақстан сарбазы» бағдарламасын Мәдина Махамбетқызы тікелей эфирде жүргізеді. ХР: 55 минут.

Бағдарламалардан кейін эстрадалық, заманауи, эстрадаға өңделген халық музыкасы, ескірмейтін ескі әндер, бізге қымбат дауыстар, термелер мен толғаулар, халық және халық композиторларының әндері, патриоттық әндерден концерт беріледі. Сонымен бірге позитивті эстрадалық музыка, қазақша эстрада, қазақша поп, реп, рок музыка, ретро эстрада, лирикалық музыка, аралас концерт, поп музыкадан концерт, қазақ әні, жанды дауыста орындалатын ретро музыка, күй-күдірет, әр заманғы хит әндерден хиттар топтамасы беріледі.

Сағат 11:15-11:40 тікелей эфирде 25 минуттық бағдарламалар беріледі. Дүйсенбіде «Заманмен сұхбат» бағдарламасын Гүлнұр Омарханқызы жүргізеді. Коммерциялық хабар. Сейсенбі күні «Қандастар» бағдарламасын Еркін Байғабылұлы, сәрсенбіде «Аграрлы Қазақстан» бағдарламасын Анас Ахатұлы, бейсенбі күні «Орда» бағдарламасын Нәзір Сүлеймен, жұмада «Мың алғыс» бағдарламасын Амангүл Ермекқызы жүргізеді. Сенбіде «Дариға дәурен» хабары Алтын қордан беріледі. Жүргізуші: Жанат Жанұзақ, Таспа. Жексенбі күні «Айтыс» хабарын Бақыт Жағыпарұлы таспамен дайындайды.

14:20-14:30 таспамен 10 минуттық хабарлар беріледі. «Арнайы хабар» кезек алады. «Қазспорт» хабарын Б. Исаева жүргізеді. «Тәуелсіздік тарихы» хабарын Азамат Тілепов дайындайды. «Спорт арена» хабарының авторы Мұхамедәлі Болатұлы. «Радио шежіре» хабарының авторы Талант Арғынғали. «Көңіл көзі», «Ауыл әйелі» Альмира Елімсары.

Одан соң «Бенефис» бір әншінің орындауындағы әндерден концерт жүреді. Жаңалықтар кезек алады.

15:10-15:30 – аптаның әр күні тікелей эфирде және таспамен хабарлар беріледі. «Түркі әлемі». Ав.: Толқын Сұлтанова. ХР: 20 мин. «Көркемсөз шебері». Ав.: Қымбат Досжан. ХР: 20 мин. «Білім айнасы». Жадыра Жұмакүлбай. ХР: 25 мин. «Іскер әйел» хабарының авторы Ғалия Есқұлова. ХР: 15 мин. «Әжемнің әңгімесі» Альмира Елімсары. Ұзақтығы 15 мин.

16:45-14:55 «Достық» бағдарламасы ұзақтығы 10 минуттан 7 тілде 7 күн жүреді.

18:10-18:30 «Басты тақырып» дүйсенбі-сәрсенбі күні Азамат Тлепов жүргізеді, сейсенбі-бейсенбі «Тема дня» Г. Кемелова жүргізеді, «Парламент сағаты» Алмас Байдрахман жүргізеді. Сенбі күні «Он бағыт». Ав.: М. Садық ХР: 30 мин. Жексенбіде «Антикор NEWS». ХР: 10 мин, қазақ және орыс тілінде жүреді.

19:45-20:00 бес күн бойы «Армандастар» сағаты жүреді.

20:00-20:05 «Мәңгілік ел мұраты» жүргізуші: Ж. Жанұзақ. Таспа. ХР: 5 минуттан апта бойы беріледі.

20:10-20:50 ұзақтығы 40 минуттан тікелей эфирде «Жан әлемі» хабарын Мадина Махамбетқызы жүргізеді. Сейсенбіде «Ән сал LIKE!» бағдарламасын Е. Жақыпбай, А. Оралбекқызы жүргізеді. Сәрсенбі күні «Жадымда қалған сол әуен» эфирге шығады. Жүргізуші: Ғ. Есқұлова. Сәрсенбі күні «Фильмфан», «Радиомедицина» бағдарламаларын Ж. Жұмакүлбай жүргізеді. «Радиоконцерт» жүргізушісі: Мадина Махамбетқызы. Таспа. ХР: 55 мин. Жексенбі күні «Зерде» радиотеатрын Т. Сұлтан таспамен дайындайды. Ұзақтығы 50 мин.

21:30-21:45 «Балаларға базарлық» Толқын Сұлтан. ХР: 15 мин. «Балапан саз» хабарын Алтын Маханбетова тікелей эфирде жүргізеді. ХР: 30 мин. «Тапқыр бала» хабарының авторы Нұрсәуле Мұқанқызы. ХР: 30 мин.

22:00-23:00 апта бойы «Жырлайды жүрек» поэзия сағаты жүреді.

23:00-00:00 «Түнгі толқын» Ди-джей форматта тікелей эфирде шығады. 00:00-01:00 – 05:00-06:00 Поп музыкадан концерт, Лирикалық музыка,

Аралас концерт (эстрадаға өңделген халық әні мен күйі, ретро, заманауи музыка аралас) Ретро эстрада және қазақша поп, реп, рок музыкадан концерт беріледі.

Міне, Қазақ радиосының апталық бағдарламалар кестесіне 54 хабар осылай топтастырылған. Мұндағы әрбір хабар – әр журналистің авторлық бағдарламасы. Жанрлары да, тақырыптары мен мақсаттары да сан алуан. Әркім өз жұмысына жауапты. Өзі ұйымдастырады, жүргізеді әрі таспаға түсіреді.

Ұлтымыздың үнжариясының 100 жылдығы қарсаңында бірнеше жаңа хабарлар әуе толқынына жол тартты. Солардың бірі ретінде журналист Толқын Сұлтаннның авторлық «Шабыт» радиотеатр хабарын айтуға болады. Мұнда әр апта сайын еліміздегі қазақ драма театрларының қойылымдарын, жеке актерлердің монспектакльдерін, монологтарды, поэтикалық спектакльдерді арнайы студияға жазып, музыкамен және арнайы эффектілермен әрлеп ұсынады. Мұндағы мақсат – театрдың репертуарын, автордың шығармасын, актердің дауысын «Алтын қорға» жазып алу. Сонымен бірге театры жоқ шалғайдағы елді мекендерде тұратын ағайынға радио арқылы театр әлемін сезіндіру. Жалпы, бұған дейін де әр жылдары радиоспектакль беріліп отырды. Бірақ оның аралары үзіліп қала берген. «Алтын қордың» редакторы Айгүл Ыдырысованың айтуынша, «Алтын қорда» қазақ және орыс тілінде ұзын саны 2066 дана радиоспектакль сақталыпты.

Ең алғашқы спектакль орыс тілінде 1949 жылы «Алтын қорға» түссе, ал қазақша 1958 жылы жазылған. Олар әр жылдары «Радио инсценировка», «Қазақстан театрлары», «Радио кітапхана» деген атаулармен берілген. Ең соңғы таспа 2005 жылы жазылған. Арада біраз жыл өткен соң «Шабыт» радиотеатрына республиканың әр өңіріндегі театрлар репертуарынан бірнеше радиоспектакль жазылып, «Алтын қорға» тапсырылған. «Шабыт» радиотеатры хабарына Астана мен Алматыдан бөлек, Маңғыстау, Қостанай, Орал, Ақтөбе, Қызылорда қалаларындағы қазақ драма театрларының қойылымдары таспаға түсірілген. Мысалы, «Шабыт» радиотеатры кешегі радиоспектакль жанрындағы радиохабарлардың жалғасы.

«Жұт»⁴ деп аталатын документалды драма Қазақ радиосындағы ашаршылық тақырыбындағы алғашқы радиоспектакль. Қойылым Қалибек Қуанышбаев атындағы Мемлекеттік академиялық қазақ музыкалық драма театрының репертуарынан жазылып алынған.

⁴ Жұт. QR <https://qazradio.fm/kz/news/20821/>

«Жұт» – қазақ халқының тарихындағы айшықты оқиғаның бірі, ел басына нәубет түскен ашаршылық жылдардағы елдің жай-күйін суреттейтін драма. Драма авторы Мәскеуде тұратын қандасымыз, жас драматург Олжас Жанайдаров. Қоюшы режиссері Башқұртстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, М. Ғафури атындағы Башқұрт мемлекеттік академиялық драма театрының режиссері Айрат Әбушахманов.

Бұл шығарма Ресейде өте танымал. Автор осы пьеса үшін 2013 жылы ресейлік «Действующие лица» байқауында бірінші орынға ие болған.

Жаман халық жоқ, ал жаман адамдар әр халықта бар. Бойында ар-намысымен қатар, пасықтығы да бірге жүретін адам баласы қанша қасірет кешсе де, өзін жоғалтпай, адамдық қасиеттерін сақтап қала ала ма? Қойылым барысында қиын-қыстау заманды бастан кешкен адамның өз келбетін қаншалықты сақтағанын аңғарып, тағдыр сынағына қалай төтеп бергеніне тәнті боласыз.

Ашаршылық жеке адамның не отбасының ашығуы емес, бүтін бір аймақтың, халықтардың, мемлекеттердің басына түсетін нәубет. 1930 жылы Үкімет қаулысынан кейін елдегі ірі байларды жаппай кәмпескелеудің соңы мал шаруашылығын, оның ішінде қой шаруашылығын да қатты тоқырауға ұшыратып, 1930–1932 жылдардағы ашаршылыққа алып келді. Трагедияға толы жылдары аштық зардабы әр отбасының басында орын алды. Сахнада 1930 жылдарда Қазақстанда болған жағдай суреттеледі. Оқиға күздің аяғы мен қыстың бас кезінде өтеді.

Кейіпкерлер мен орындаушылар:

Ахмет – Нұрсұлтан Есен

Сауле – Айнұр Жетпісбаева

Ербол – Асылбек Қапаев

Лена – Ақмарал Танабаева

Хабардың авторы – Толқын Сұлтан

Дыбыс режиссері – Қайсар Ердеш

«XX ғасыр басында үш рет ашаршылық пен қуғын-сүргіннен қазақ халқы 70-80 пайызын жоғалтыпты. Айтуға да, естуге де ауыр тарихтың қанды, шерлі естелігі 2005 жылдан бері «Шалқар» радиосынан жүріп келе жатқан «Бесігінді түзе!»⁵ бағдарламасында бір ғана ананың басындағы тағдыры арқылы, портреттік жанрда баяндалады. Өнертанушы, ғалым Дәріжан Төлеубайқызы анасы Құндыз әже Қауқақажықызы жайында әңгімелей отырып, нәубеттің қасіретін тебірене суреттейді.

(30.05.2021. 12:00 үнтаспа «Алтын қорға» жазылып алынған).



Алтын қор:



Өнертанушы, ғалым
Дәріжан
Төлеубайқызының
анасы Құндыз әже
Қауқақажықызы
жайында бір үзік сыр...

66-сурет. «Бесігінді түзе!» бағдарламасы. АШТЫҚТЫҢ АРАНЫ

Сондай-ақ радиоспектакль жанрындағы «Балаларға базарлық» хабары да балдырғандардың қызығушылығын туғызды.

⁵ <https://qazradio.fm/kz/news/16990/>

Бұған дейін радиодағы ертегілер бір диктордың оқуында болса, бұл хабарда ол Қуыршақ театрлары мен драма театр актерлерінің дайындығымен оқылады. Әсіресе онда елордадағы Қуыршақ театры мен Алматы мемлекеттік қуыршақ театрының, Қостанай облыстық Ілияс Омаров атындағы қазақ драма театр артистерінің еңбегін атауға тұрарлық. Бұлардың бәрі де радионың «Алтын қорына» жазылды.



Радиохабар:



67-сурет. «Балаларға базарлық» бағдарламасы

«ҚАЗАҚ РАДИОЛАРЫ» ЖШС Бас редакторы –
«Қазақ радиосы» радиоарнасының директоры

Хабардың паспорты (үлгі)

Радиоарна	Қазақ радиосы
Хабардың атауы	«Шабыт» радиотеатры
Мақсаты мен міндеті:	<p>Әр апта сайын Республикамыздағы қазақ драма театрларының қойылымдарын, жеке актерлардың моноспектакльдерін, монологтарды, поэтикалық спектакльдерді арнайы студияға жазып алып, музыкамен және арнайы эффекттермен әрлеп, көркем дәрежеде тындарманға радиоспектакль жанрында ұсыну.</p> <p>Хабар 4 мақсатта жасалады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Театрдың репертуарын Қазақ радиосының «Алтын қорына» енгізу; 2. Шығарма авторының (драматургтың) еңбегін аудио нұсқада сақтау; 3. Театр артистерінің дауысын «Алтын қорда» сақтау; 4. Облыс орталықтарынан шалғайда жатқан, театры жоқ елді мекендерді радио арқылы көркем дүниелерімен сусындатып, эстетикалық талғамын жоғарылату.
Жанр	Радиоспектакль
Форматы	Таспа
Хабар қай тілде	Қазақ тілінде
Хронометражы	50 минут
Эфирге шығу жиілігі	Аптасына бір рет
Эфирге шығу уақыты	Жексенбі, сағат 20:10
Хабардың авторы	Толқын Сұлтан
Жүргізуші	Толқын Сұлтан
Алғашқы эфир датасы	17.01.2021
«Қазақ радиосы» радиоарнасының аға редакторы:	

Келесі «Әжемнің әңгімесі»⁶ хабарына жазушы, қоғам қайраткері Мырзагелді Кемел қатысады. Хабардағы ойдың өзегі 93 жас жасаған Хадиша ананың тағылымы болған. «Алланың жаққан шырағын, адам үрлеп өшірмес» деген сөзі әлі күнге дейін санамда деп ақтарылды. «Біз соғыстан кейінгі балалармыз, әжеміз «айналайын» деген сөзден басқа сөзді айтпады. Әжемізден көрген мейірімділік бізді ізгілік жасауға бағыттады», – дейді жазушы.



Радиохабар:



68-сурет. «Әжемнің әңгімесі» бағдарламасы


«Әжемнің әңгімесі» хабарының тағы бір санында жазушы Роза Мұқанова «суреткерде өмірбаян болу керек» дейді. Жазушыны суреткер қылған ол қандай өмір дейсіз бе? Роза ауылда өсті. Ауыл адамдарының тазалығын, арман-қиялын, адалдығын, еңбекқорлығын көріп өсті. Дана қарияларды, әңгіменің майын тамызып айтатын апаларды көрді. Олардың қатарында сөзсіз өз әжесі Шәрбән ана бар еді. Роза Мұқанованың әдебиетке жақын болуына ықпал

⁶<https://qazradio.fm/kz/programs/10025/>

еткен – әжесі. Буыны қатып, бұғанасы беки бастағаннан ол әжесі айтатын қисса, дастандармен сусындады. Шәрбән Батталқызы 1870 жылдары қажылыққа барған алғашқы қазақтардың бірі Махатқажының ұрпағы. Ескіше оқыған, сауатты адамдар болған екен.



Радиохабар:



69-сурет. «Әжемнің әңгімесі» бағдарламасы⁷

«Әжемнің әңгімесі» хабарының мазмұнынан үш түрлі мысал алып отырмыз. Неге? Ертең журналист боламын деп, қолына қалам алған талантты жас эфирден беріліп жатқан әрбір туындының

⁷ Астанада Қазақ хандығының 550 жылдығына арналған көрме ашылды – 30.06.2015: ақпараттық-танымдық сайт – El.kz (el.kz)

тәрбиелік мәнін, парқын түсініп әрі бағалай білуі керек. ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, генерал-лейтенант Абай Тасболатов «адам анасының бойына біткеннен пешенесіне тағдыры жазылады» дейді. Абайдың пешенесіне жазылғаны өзгеге ұқсамайтын ерекшелік тағдыры. Төрт айлық сәбиді ата мен әже бауырына басады. Емшектегі баланы ала биенің сүтімен асыраймыз дейді. Бірақ баланың іші өтіп мазасыздана бастайды. Шырылдап жатқан немересін көргенде тұла бойы толқып, еміренген әженің омырауынан сүт шығады. Тәртіп пен тәрбиенің қайнар көзі – біздің ардақты әжелеріміз емес пе?! Сәбиін бесікке салғаннан бастап әжесі баланың бойына халқының әдеп, инабаттылық дәстүрін сіңіреді. Әже жыры мен ертегісін естіп ер жетпеген азаматтың бойында ұлттық құндылық пен рухани қажеттіліктердің болу-болмауы неғайбыл. Сонымен бірге «мейірім» деген қасиетті мейірімін төге отырып дарытады.

Жексенбі күні, сағат 20:40-та өтетін «Көңіл көзі» хабарында ұрпақ сабақтастығы тағылымы мол ұлттық құндылықтар арқылы дәріптеледі. Қазақтың салт-дәстүр, әдет-ғұрпын бойына сіңіріп, танымын кеңейту арқылы ұлтына жанашыр ұрпақ тәрбиелеу басты талабы.



Пысықтау жұмысы:

Практикалық сабақта сценарий жобаларының үлгілеріне зер салыңыз. Төмендегі бағдарламаларды QR-кодты сканерлеу арқылы тыңдаңыз, талдаңыз.



«Көңіл көзі» хабарының сценарийі (үлгі)

Шапқа беріледі (Хабардың басында басталғанын білдіретін ролик)

Біз көп жағдайда батырды қара күштің иесі, ханды ақыл мен айланың иесі, биді сөздің иесі деп жата-

мыз, бірақ олардың қанында, жан әлемінде, бойында бар ортақ қасиет – тектілік. Көңіл көзімізге іліккен тақырып – тектілік. Микрофон алдында...

Музыка көтеріледі

Қазақ тектілікті адамның өзін сақтайтын, өзі арқылы өмірін сақтайтын, өмірі арқылы ұлтын қорғайтын қасиет деп түсінген. Халқымыздың тектілікті зерделеуден туған келесі бір ұғымы отбасылық тәрбие, ата-ананың балаға үйретер әдеби жөнінде. Қазақтың ақын қызы Марфуға Айтқожина шет жақта өмірге келгенімен, Қазақ жері – оның атажұрты. Атасы Айтқожа суырып салма ақын, топ жарған шешен, 14 жасынан билік айтқан би болған. Кейін қажыға да барған. Тіпті оны құрметтеген халық Қапал-Арасанды «Айтқожа арасан, Айтқожа жайлауы» деп атап кеткен.

Таспа (*таспада кейіпкердің сөзі монтаждалып беріледі*).

Қазақ өмірінде, қазақ ойшылдарының, ақындары мен жазушыларының, тіпті алаш зиялыларының мұраларында өмірді тектілікпен суреттейтін шығармашылықтың рухы басым. Тілдің қасиетін білген, сөздің құнарын тарихтың рухымен салмақтаған адам ғана бабалар тағылымын бойына ұялата алатындығын тұлғаларымыздың рухани дәстүрі дәлелдейді. «Тектен нәр алған тозбайды» деген бабалар өсиетінің мағынасы осында. Күлтегін заманынан бастап күні бүгінге жетіп отырған бабалар сөзі, ұлттың тілінің қияметке дейін жалғасатындығын дәлелдейтін, ұлттың бойына берілген қасиет түрі.

Таспа

Аналарымыздың бақыты – отбасының амандығы, баланың тәрбиелі ел азаматы болып өсуі. Осыны тарихта қазақ әйелдерінің жоғары деңгейде түсінуі қазақ зиялыларының қалыптасуына ықпал еткендігі анық. Жыр аққуы атанып кеткен Марфуға Айтқожинаның түп тамырында осы тәрбие жатыр. Тектілік адамға қанмен, тәрбиемен берілсе, адамның ұғымы, ақылы мен білімі арқылы өріледі, яғни оянады.

Таспа

Қазақ ұғымында тектілік іздену, жан-жағынды көру, біліп, тану. Көрген-білген нәрсеңнен пайдалыны жию, игілігі жоқ нәрседен өзінді тыйып отыру. Қазақ руханиятында «Көргені жақсы көш бастар» делінген. Жаңаны біліп, жақсыны тану, танып білген нәрсеңді халыққа тарату – жақсы қасиет.

Таспа

Білім мен ғылым жолында халыққа үлгі болатын бағытта адамның адамгершілігін сақтайтын – тектілік. Адам көп жерді шарлауы мүмкін, бірақ жүрген жерінен білім алу адамның қасиетіне байланысты. Сондықтан да бабаларымыз «Көпті көру – адамдық парыз, көрген-білген нәрсені халыққа беру – кісілік қарыз» деген. Төле би бабамыз «Ой-өрісі тар жігіт ауылдан асып озбайды» деп ұрпаққа өсиет етіп кеткен.

Хабарға қатысқан ақын Марфуға Айтқожина, хабарды дайындап, жүргізген Альмира Елімсары, дыбысын қадағалаған Гүлжанат Байшотқызы.



«Абай ұлағаты» хабарының сценарийі (үлгі)

Шапқа. Ассалаумағалейкум, қадірлі радиотындаушылар!

Абай мұрасын ұрпаққа үлгі ету мақсатында бүгінгінің ақыны да, ғалымы да, тіпті әдебиеттен алыс мамандық иелері де еңбек етіп жүр. Шүкір, нәтижесіз емес. Бүгінгі хабарда ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, «Серпер» сыйлығының лауреаты Әлібек Шегебайдың Абайдың қара сөздерін өлеңге айналдырған нұсқасын тыңдайсыздар. Алдымен Құнанбайұлының бірінші қара сөзін тыңдап алайық.

СНХ. 1 қара сөз. Өлең 1

Осылайша, Әлібек Шегебай Абайдың 175 жылдығына орай хакім Абайдың ғақлияларын қара өлең түрінде сөйлеткен. Әлеуметтік желі арқылы тарап жатқан жаңалықтан «Шалқар» радиосының тыңдаушылары да хабардар болса деген ниетімізді құп алып, келесі өлеңге құлақ асыңыздар. Алдымен, төртінші қара сөзді тыңдап алайық.

СНХ. 4 қара сөз. Өлең 4

Осы орайда, қажет болса, осы қара сөздерді Ұлы ойшылдың өзі өлеңмен жазар еді ғой деген ой тууы мүмкін. Бірақ бабаның қара сөзбен қалдырған мұрасын баласы өлеңге айналдырып жатса, қуанарлық іс емес пе?!

Оның үстіне екі ауыз сөз айтсақ та, ұйқастыруға құмарлығымыз тағы бар ғой. Енді бесінші қара сөздің қара өлеңге айналған нұсқасын тыңдап көрейік. Алдымен кезек қара сөзде.

СНХ. 5 қара сөз. Өлең 5

Әлібек Шегебайдың бұл жаңалығы оқырман тарапынан да, қаламгерлер тарапынан да өз бағасын алуда. Бізге ақын қара өлеңдер ретін өзі ұсынды. Алтыншы қара сөздің де өлеңге айналған нұсқасы тыңдаушыны бейжай қалдырмайтын сияқты. Алдымен қара сөзге құлақ түрейік.

СНХ. 6 қара сөз. Өлең 6

«Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты боларға керек... Ең жоғары, ардақты орын – Абайдікі», – дейді Міржақып Дулатов. Ендеше, ұлының ұлағатын ұлықтау – ұрпаққа парыз! Абайға абай болайық!

Бүгінгі хабарда ақын Әлібек Шегебайдың Абай қара сөздері негізінде жазылған «Қара сөз қара өлеңге айналғанда...» өлеңдер циклын автордың өз оқуында тыңдадыңыздар.

Хабарды дайындаған Талант Арғынғали. Қара сөздерді оқыған Жанар Оразымбетқызы. Әуенмен әрлеген Советхан Қоңырбаев. Ал қазір хакім Абайдың «Айттым сәлем, Қаламқас» шығармасын «Арт-классик» тобының орындауында тыңдаңыздар.



Радиохабар:



70-сурет. «Радио шежіре» бағдарламасы⁸



«Жамбыл жолы» хабарының сценарийі (үлгі)

Ассалаумағалейкум, қадірлі радиотыңдаушылар! Микрофон алдында Талант Арғынғали.

Муз.

«Шабыты ақпа ақын аш қыранға меңзес, тұрғылас. Басындағы томағасын тартқанда, алғыр қыран бар өңірді сәтте көріп, шолып өтіп, қимыл еткен шөп басын, қыбыр еткен тышқан жүрісін, қылт етіп бұққан түлкі түгін лезде шалып қалғандай, айтыс ағымындағы ақпа ақын да сондайлық көмескіні көргіш, бұлдырды білгіш болмақ шарт.

Бұл қасиет ақынға оңай орнамайды. Аса бір ерен шыққан, жалын атқан дарынды жас болмаса, көпшілік шын ақпа ақын өнеріне

⁸ Видеопрезентация «Как создавалось радио» 2021, Старый Оскол – дата и место проведения, программа мероприятия. (culture.ru)

бейім болған күнде де ұзақ сонар сын кешіп, сан айтыста сілкісе жүріп, сан рет жаға жыртып, тон тоздырып барып жетеді. Бірақ жеткен өнер сатысынан ақын шегінбейді, шымырлай береді. Дерт жеңбесе, жыл-жылдар жеңбейді. Ол өнерді кемітпейді. Тегінде, дене қартаяды, ақындық қартаймайды. Осы айтылған сыпаттар Жамбыл басында түгел бар еді», – деп Жамбыл бабамыз жайлы, оның ақындығы жайлы ой түйген екен ұлы Мұқан – Мұхтар Әуезов.

Жүз жыл жырлаған жүректің қалдырған қазынасы ұрпаққа мәңгілік азық екені белгілі. Жылдар жылжыған сайын Жамбыл атамиздың шығармаларына соны көзқарастың пайда болуы да заңдылық. Себебі заман ғана емес, таным-түсінік те өзгерді. Осы тұрғыдан келгенде ғасыр жыршысының мұрасын зерттеушілердің пікіріне құлақ ассақ, өлшеусіз байлыққа кенелгендей боламыз. Ф.ғ.кандидаты Сағатбек Медеубекұлы Жамбыл жырларының көбі хатқа түспегендігін тілге тиек етті.

СНХ. Сағатбек 1

«Жамбыл атамиз қылышынан қан тамып тұрған кеңес дәуірінде де бойынан қазақылықты жоймаған қасиетті адам еді, жамбылтануда тек қана Жәкеңнің өзін ғана емес, оның замандастарының, шәкірттерінің еңбектерін де зерттеу қажет. Сонда толық ашылды», – дейді ғалым Сағатбек Медеубекұлы.

СНХ. Сағатбек 2

Жыраулық пен жыршылық екінің біріне қона бермейтін қасиет. Ал оның тұқым қуалап, ұрпақтан ұрпаққа жалғасуы тіпті ғанибет. Өткен хабарымызда Жамбыл бабамиздың немересі Әлімқұл ақсақал туралы сөз қозғасақ, бүгін жыр алыбының шөбересі, қанмен келген жыршылықты қадірлей білген Бекмұрат Жамбылов жайлы айта кетуді жөн көрдік. Бала кезінен әкесінің жанына еріп, Жетісу ақын-жыршыларының өнеріне қаныққан Бекмұрат Жамбыловтың радиомиздың «Алтын қорында» сақталған естелігі мен Жәкеңнің «Ақындарға арнауын» тыңдаңыздар.

СНХ. Бекмұрат

«Сөйлесе тілдің шешені, жігіттердің көсемі, Жетісудың мен едім, Жақыпбеков Есені» деп жырлаған желжүйрік ақын Есенқұл Жақыпбектің Жамбыл жайлы, оның шығармашылығы жайлы ойлары радиомыздың «Алтын қорында» сақталған. Аудандық газетті басқара жүріп, Есағаң да Жамбыл мұрасын зерделеуге үлкен үлес қосқан. Уақыт өткен сайын біртуар ағалардың пікірі кейінгіге қалған аманаттай қадірі арта түседі.

СНХ. Есенқұл

«Жамбыл қай заманда болса да, шындықты батыл айта білді. Сол үшін халқы оны жақсы көреді». Бұл қазақтың даңқты перзенті Тұрар Рысқұловтың Жамбыл жайлы пікірі.

Шындықтың жебесі, жырдың алып кемесі Жамбыл жырлары әлі күнге дейін елге шуақ, оқырманға қуат! *Хабарды әуенмен әрлеген С. Мейірханұлы, дайындап жүргізген Талант Арғынғали. Ел аман, жұрт тыныш болсын!*



Радиохабар:



71-сурет. «Жамбыл жолы» бағдарламасы



«ҚАЗАҚ РАДИОЛАРЫ» ЖШС бағдарламалық кестесі бірдей талаппен түзіледі. «Шалқар» радиосы Өнұранмен шымылдығын ашып, «Шалқар таңы» ақпаратты-сазды көңілашар бағдарлама-сымен тыңдаушыларына шаттық көңіл сыйлайды. Таңғы бағдарламаны Алматы студиясының жүргізушілері жүргізеді. Сағат 7:00-9:00-ге дейін бес күн тікелей эфирде жүреді.

Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтарын халық санасына сіңірудің ерекше маңыздылығын айтып өткен болатын. Осы бағдарламаның негізінде Қазақстанның 100 қасиетті орындары мен кешендерінің тізімі анықталып, «Қасиетті Қазақстан» жобасы қолға алынды. Хакім Абай:

**«Қара жер адамзатқа болған мекен,
Қазына іші толған әртүрлі кен.
Ішінде жүз мың түрлі асылы бар,
Солардың ең артығы немене екен?» –**

деп текке айтпаса керек. Кең дала, қасиетті құт-мекен халықтың рухани байлығы. Байтақ өлкенің тарихын танып, руханиятынан нәр алсын деген оймен, қазақтың үнжариясы – «Шалқар» радиосы «Қасиетті Қазақстан» ғылыми-зерттеу орталығымен бірлесе отырып, «Киелі Қазақстан» айдарымен еліміздің әр өңірінен жалпыұлттық қасиетті нысандар қатарына енген мекендердің аңыздарымен өрілген тың жобаны көркем тілде оқып, тыңдаушыға ұсын-ып келеді.

Сағат 10:10-да апта бойы «Атадан қалған асыл сөз» (авт.: А. Еңсебайұлы), сағат: 10:30-да «Киелі Қазақстан» хабары таспамен беріледі. Авт.: Г. Омарханқызы.

Алматы студиясынан 15 минуттық бірнеше таспа хабарлар беріледі. Атайтын болсақ, «Жәдігер» хабары музейлер тарихына арналған. «Қазақ әңгімелері» хабарын А. Еңсебайұлы жүргізеді.

Бірнеше қазақ әндерінің сөзін жазып, әнін шығарған журналист Талант Арғынғали «Абай ұлағаты» хабарын жүргізеді. Белгілі журналист О. Құралов «Сөз киесі» хабарында сөздің шығу төркіні, сөз астары, мағынасы туралы айтады.

Ал «Қонақжай Алматы» Алматы қаласының тарихы және тарихи ғимараттары, туризм туралы баяндайды. (авт.: М. Жанбай). Қазақстан ғалымдары туралы шежірелі «Ғылым кілті» хабарының авторы Н. Хасанқызы. «Сахна сыры» Қазақ театр өнері туралы әңгімелейді. (ред. Б. Жармұхамбет).

12:05 «Шалқар шаңырағында» сана алуан тақырыпта ой қозғап, мәселе көтеретін тікелей эфирдегі тізбекті бағдарлама. Жүргізушілері: Г. Омарханқызы, Б. Рахметқызы, Р. Жүніс. Ал Ж. Наурызбай жүргізетін «Отанды сүй» жұма күніне арналған. Сенбі, жексенбі күндері таспамен жасалған Ғ. Есенсариевтің «Әлқисса», Г. Омарханқызының «Бесігінді түзе», «Дәстүр» хабарлары 15 минуттан беріледі.

14:00 «Есіл дәуреннің есті әндері» хабарында Л. Тиышбекқызы ретро әншілермен сұхбат жүргізеді және «Өнеге» хабары қыз-келіншектерге арналған. «Өнерлі өрен» (ред. Б. Рахметқызы). «Шаңырақ шуағы» таспа (ред. Г. Молдабергенова).

16:00 таспамен жасалатын 20 минуттық хабарлар: «Сұңқар радиостудиясы» бағдарламасы Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ студент жастар хабары. Жетекшісі: Г. Омарханқызы. «Жақсының жары» (ред. М. Исатайқызы). «Дәуір тынысы» (ред. Г. Бостан). «Толқындағы дәурен» (ред. Г. Алпамысқызы)

19:00-де 60 минуттық тікелей эфирде жүретін бағдарламалар: «Ән-шашу», «Күй-шашу», «Абай ғибраты», «Ән-домбыра» (авт.: С. Жүзбай, Ж. Наурызбай), Медиасауаттылыққа арналған «O! DODA» интеллектуалды-интерактивті радиоойыны бағдарламасының авторы Г. Омарханқызы. Сенбі, жексенбі күндері таспамен «Дәуір сазы» 25 минуттық, «Қазақтың 1000 күйі» 10 минуттық хабарлары мен «Батырлар жыры» (Алтын қордан) беріледі.



Радиохабар:

55 JYL SHALQAR RADIOSY
TIKELIY EFIR

19:00 25.02.2021

РУСЛАН ҚАРАТАБАНОВ
МЕКТЕПТЕРГЕ АРНАЛҒАН
ГЕОГРАФИЯ
ОҚУЛЫҚТАРЫНЫҢ АВТОРЫ

АЙГӨЗ ҚҰРМАШ
БАҚҚА АҚПАРАТ
АГЕНТТІГІНІҢ ТІАШСІ

МЕЙРАМХАН ЖӘПЕК
ЖОБАНЫҢ САРАПШЫСЫ,
МЕДИА-ТРЕНЕР

ОI DODA
GÜLNUR OMARHANQYZY

72-сурет. «OI DODA» бағдарламасы

«OI DODA» интеллектуалды-интерактивті радиоойынының мақсаты:

Медиасауаттылыққа арналған, интернет кеңістігінде, әлеуметтік желілерде, мессенджерлерде қауіпсіз жұмыс істеу принциптері мен механизмдерін түсіндіріп, тыңдаушының санасына жан-жақты сіңіру арқылы қоғамдық пікірді қалыптастыруға ықпал жасайтын интеллектуалды-интерактивті радиоойыны.

Жоба тоғыз тармақтан тұрады. Әр бағдарламада ойын ойыншылармен бірге, қоғамдық өмірдің әр саласы бойынша интеллектуалды сұрақтардың негізінде ұйымдастырылады.

Хабарға жобаның авторы әрі тұрақты сарапшысы және студенттер, жас мамандар қатысады, сонымен бірге ойы зерек тыңдармандар тікелей эфирде атсалысады. Бағдарлама 60 минут тікелей эфирде жүреді.



Радиохабар:



55 JYL SHALQAR RADIOSY
tikелей эфир

19:00
18.03.2021






















Ойынның үздік ойыншылары

OI DODA

GÜLNUR OMARHANQZY



73-сурет. «OI DODA» бағдарламасы



**Радиохабар: «ШАЛҚАР» РАДИОСЫ. 11.03.2021,
11:00-11:15 «СӨЗ КИЕСІ» хабары**

«Әрбір қазақ өз тілінің жанашыры, патриоты болуы керек».

Жазушы, публицист, Қазақстан педагогикалық ғылым академиясының академигі, профессор Марат Байділдәұлы Тоқашбаевпен сұхбаттасу барысында мынадай пікір білдіріп қалды. Шын мәнінде, қазір біз өз еліміздің, тіліміз бен дәстүріміздің анық, айқын жанашырымыз ба? Кейде елін, жерін сүю, салт-дәстүрін құрметтеуден гөрі, күйбің тірліктің мәселелерінен аса алмай жатқандай көрінеміз. Тілді сақтайтын да, дамытатын да, сөздерді орнымен қолданып, сауатты пайдаланатын да алдымен қазақтың өзі болуы керек. Егер қазақтың өзі өз тіліне жаны ашымаса, өзге ұлт өкілдері қазақтың тілінің жоғын жоқтай қоюы екіталай. Демек, өз тіліміздің тағдыры өз қолымызда екенін бір сәт те ұмытпағанымыз абзал.

SHALQAR
RADIO.SY

1966

МАРАТ ТОҚАШБАЕВ
ЖАЗУШЫ, ПУБЛИЦИСТ, ҚАЗАҚСТАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АКАДЕМИГІ, ПРОФЕССОР

ӘРБІР ҚАЗАҚ ӨЗ ТІЛІНІҢ
ЖАНАШЫРЫ БОЛУЫ КЕРЕК

"СӨЗ КИЕСІ"
Оңғар Құрал

qazradio.fm

74-сурет. «Сөз киесі» бағдарламасы

Тізбекті хабарлардың арасында тұрақты уақыттармен «Халық музыкасы» оркестрдің орындауындағы ән мен күй, эстрадаға өңделген халық музыкасы, «Ескірмейтін ескі әндер» заманауи орындаудағы ретро, эстрадаға өңделген күй, халық әні, ретро «Таңғы көңілашар» концерті беріледі.

Эстрадаға өңделген терме, «Терме-тоғаулар», фортепианоға өңделген халық әндері, «Ескірмейтін ескі әндер» заманауи орындаудағы ретро, оркестрдің орындауындағы шығармалар, «Сал-серілер шығармашылығы» (композитор шығармашылығы), «Ескірмейтін ескі әндер» заманауи орындаудағы ретро, фольклорлық ансамбльдің орындауында халық әндері, «Ән-домбыра» (домбырамен орындалатын заманауи әндер), эстрадаға өңделген терме халық музыкасынан концерт, «Әлқисса» оркестрдің орындауындағы күйлер, «Ретро әндер», «Күй-ғұмыр» орындаушы шығармашылығына арналған, «Термелер мен толғаулар». «Ән-ғұмыр» дәстүрлі әнші шығармашылығына арналған, эстрадаға өңделген халық музыкасы мен ретро әндерден аралас концерттер беріліп тұрады.

20:00-24:00 – Алматы студиясы тікелей эфирге шығады. Кешкі көңілашар сауықтық «Шалқар кеші көңілді» бағдарламасы, Ақпараттық-танымдық бағыттағы «Алматы түні» сазды сағаты. Балаларға арналған «Кел, балалар, оқылық!» ертегісі беріледі. «Алтын қор» сериясымен хабарлар топтамасы, лирикалық ой-толғау «Темірқазық», «Жұлдызды түн» сағаттарымен радиоарна жұмысын тәмамдайды. Әнұранмен тыңдаушысына тыныштық тілейді.



«Астана» радиосы – бұл радио еліміздегі ақпаратты-музыкалық тұңғыш радиостанция. Қазақ елінің астанасы Алматыдан Ақмолаға көшірілген кезде жаңа елордасының тыныс-тіршілігі мен маңызды оқиғаларын жедел түрде жеткізетін радио қажеттілігі туындады. Ол кезде Қазақ радиосы мен «Шалқар» арнасының бағдарламалары Алматыдан таралатын. Күн тәртібіне қойылған бұл өзекті мәселені шешу «Қазақстан РТРК» АҚ сол кездегі төрағасы Ерлан Әбенұлы Сатыбалдиевке тапсырылды. Жаңа астанаға леп беретін ақпаратты-музыкалық бағыттағы бағдарламаларымен ерекшеленетін корпорацияға қарасты «Астана» радиосын ашу бұған дейін Алматыда «Shahar» радиосының негізін салушы Эльмара Керімқызы Раеваға жүктелді. Осылайша, елорданың үні болған «Астана» радиосы 1999 жылы 19 қаңтарда «Ақ ниетпен әр үйге!» деген ұранмен алғаш 101.4 FM жиілігінде эфирге шығып, тыңдаушыларына жол тартты.

2003 жылдың 1 ақпанынан бастап «Астана» радиосы өзінің эфирлік форматын жаңартып, заман талабына сай сандық құрылғылармен жұмыс істеп келеді. Сондай-ақ радио эфирінде жаңа ақпаратты-танымдық, ойын-сауықтық жаңа хабарлар ашылды. Музыкалық форматтың өзгеріп, хабарлар мазмұнының ерекшеленуіне байланысты тыңдармандар аудиториясы да кеңейе түсті. «Астана» радиосы тек қана Астана аумағын қамтитындығына қарамастан, қала қонақтарынан да жақсы лебіздерге толы хаттар келіп жатады.

Сонымен, бүгінгі радиотыңдаушы әндермен қатар мазмұнды хабарларды тыңдап, интерактивті түрде жүргізілетін радиоойындарға да қатыса алады. Радиоойындардың мазмұны әртүрлі. Мәселен, қаланың тыныс-тіршілігіне арналған ойындар, интеллектуалдық ойындар мен тіл ұстарту бағытындағы радиоойындар, шоу-жобалар бар. Хабар жүргізудегі пайыздық көрсеткішке келетін болсақ – 60 пайыз қазақ тілінде, 40 пайыз орыс тілінде. Демек, «Астана» радиосы толықтай «Тіл туралы» Заңның талаптарына сай жұмыс істеп келеді. Сондай-ақ Қазақ радиосынан келіп тұратын қазақша әндер де радионың ән қоржынын толтырып, жаңа әндердің тыңдармандарға жетуіне үлкен үлес қосып отыр.

Ал астаналық орындаушылар өз шығармашылығымен таныстырып, әндерін бәйгеге қосатын «Жұлдызды Астана» хит-шеруі 2005 жылдан бастап Астана әншілеріне қолдау көрсету мақсатында әндерін тегін ротацияға қойып, өнер дамуына оң әсерін тигізіп келеді десек, қателеспейміз.

2009 жылы 19 қаңтарда «Астана» радиосы өзінің 10 жылдық мерейтойын атап өтті. Астанамен қатар өсіп келе жатқан радио үшін бұл белгілі бір межеден өтіп, жаңа мақсаттар қойып, соған жетуге ынталанатын сәт болды. Осы онжылдықты атап өту барысында «Астана қаһармандары» атты хабар эфирге шықты. Бір жыл бойына тыңдармандар Астанаға өз үлестерін қосқан азаматтарды ұсынып, мерейтой қарсаңында жеңімпаздар анықталған болатын. Мұнда: қоғам, медицина, саясат, жастар, құқық, архитектура және «Астана үміті» секілді номинациялар болды.

Астаналық радионың тарихында көптеген жеңісті сәттер болғанын айтпай кете алмаймыз. Мысалы, 1999 және 2003 жылдардағы ең үздік ақпаратты топтамасы үшін берілген «Алтын Жұлдыз» жүлдесі; 2006 жылы «Үздік радио» атағы берілді.

«Астана» радиосының аудиториясы қала мен облыс аумағындағы 500 мың халықты қамтиды. Бұл орта есеппен алынған көрсеткіш. Сондай-ақ «Астана» радиосы Қазақ радиосының Республикаға таралатын үш сағаттық эфирлік уақытына, яғни сағат таңғы 9 бен 10 аралығында, 12 мен 13 және кешкі 21 мен 22 аралығында қосылады. Бұл уақыттарда қоғамдық-танымдық, ақпараттық хабарлар тізбегін дайындайды.

Аптаның бес күні, таңғы 9-10 аралығында «Мен қазақпын» ақпаратты-танымдық, ойын-сауық бағдарламасы эфирге шығып тұрады. Әр күн белгілі бір тақырыпқа арналады:

- Дүйсенбі – Атамекен
- Сейсенбі – Ұлттық мүдде
- Сәрсенбі – Патриоттық тәрбие
- Бейсенбі – Ана тіліміз
- Жұма – Ата дініміз

Ал 12-13 аралығында – «Бәсекелестік бағыты», «Экономическая зона», «Кім жазықты?», «Тыңдаушымен тілдесу», «Социальный

рейтинг», «Большая перемена», «Көзқарас», «Қазақстан плюс», «Жаңару жолы» секілді ресми, тікелей эфирдегі хабарлар; кешкі 21-22 аралығында – «Парламент апталығы», «Ой түйін», «Табиғат жаршысы», «Жүрек қалауы», «Курсор», «Собеседник», «Путь к успеху», «Асыл қазына» секілді қоғамдық-танымдық хабарлар эфирге шығады. Сонымен бірге сенбі, жексенбі күндері танертеңгі уақытта – «Ел мен жер», «Алақай», «Тағдыр сыйы», «Астана-Бәйтерек» сынды бағдарламалар эфирге шығады.

4.2. Алтын қор. «Қазақ радиосы – ғасыр құрдасы»



Ойбағдар:

Сеңгір-сеңгір таулар – жер бетінің сіңгегі. Заманынан озған заңғар зиялылар – қоғамының сіңгегі.

М. Отарбаев

Қазақ радиосының «Алтын қор» бөлімінің орны ерекше. Мұнда аса құнды фонограммалар жинақталған. Баға жетпес байлық Қазақ радиосы мен «Шалқар» радиосы қызметкерлерінің елеулі еңбегінің арқасында молайып, толығу үстінде. Радионың «Алтын қорында» еліміздің танымал таланттарының, ұлт мүддесін ұлықтаған ел азаматтарының дауыстары бар. Небір саңлақ әнші-жыршы, күйшілердің қайталанбас дауыстарын, олардың тартқан музыкалық аспаптарының үндерін де осы қордан табуға болады.

«Алтын қорда» Мұстафа Шоқай, Әміре Қашаубаев, Латиф Хамиди, Бауыржан Момышұлы, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Күләш Байсейітова, Шәкен Айманов, Әнуарбек Байжанбаев, Шәмші Қалдаяқов, Мұқағали Мақатаев, Шахмет Құсайынов, Тайыр Жароков, Ермек

Серкебаев және т.б. көптеген тұлғаның, әдебиет, мәдениет және өнер майталмандарының таспаға түскен дауыстары сақталған.

«Алтын қор» хабарларының редакторы Оңғар Құралдың айтуынша, Қазақ радиосының «Алтын қорында» негізінен 1948 жылдан бастап ел ішінен жазып алынған жалпы хронометражы 20 мың сағаттан астам фономатериалдар бар. Ондағы саны 100 мыңнан астам ұнтаспалардың – хабарлар мен музыкалық шығармалардың 90 пайызы цифрға түсірілген. Қалған ұнтаспалар да өз кезегімен сандық форматқа көшіріліп келеді.

Бұл күнде «Алтын қордың» мүмкіндігімен бірқатар ролик сериялары эфирде жүріп жатыр. «Алтын қордағы тұлғалар дауысы!», «Алтын қордан ән тыңдайық!», «Алтын қордан күй тыңдайық!», «Бізге қымбат дауыстар», «Ретро» концерт, «Сөзтаным», «Асыл мұра» сынды роликтер сериясы бойынша «Алтын қордағы» тарихи тұлғаларымыздың дауыстары, ел есінен шыға бастаған ескілікті ән-күйлер беріліп отырады. Дәстүрлі әншілеріміз бен күйшілерімізді насихаттауға арналған «Күй-күдірет», «Ән-аманат» роликтер сериясы да тыңдарман көңілінен шығып келеді.

Сондай-ақ «Шалқар» радиосында аптасына 5 күн, күніне 1 сағаттан «Алтын қор» хабарлары тұрақты түрде беріліп келеді.

Енді сөзіміздің нәрін кіргізетін «Шалқар» радиосының эфирінен өтіп жатқан «Алтын қор» хабарларының бірқатарына тоқтала кетсек. Анонспен берілген радиохабарларды **QR-кодты сканерлеу** арқылы тыңдаңыз.



Алтын қор:



75-сурет. «Алтын қор» бағдарламасы

«ШАЛҚАР» РАДИОСЫ. 28.12.2020. 22:00-23:00

«АЛТЫН ҚОР» хабары

«Мұстафа Шоқайдың туғанына 130 жыл»

Қазақ радиосының «Алтын қорында» сақталған Алаш қайраткері, Түркістан автономиясының жетекшісі болған Мұстафа Шоқайдың кезінде (1939-40 жж.) Берлинде Түркістан халықтарының бірлігі туралы сөйлеген сөзі. Үнтаспа Қазақстан Республикасының Орталық мұрағат қорынан алынып, Қазақ радиосының «Алтын қорында» сақталған.



Алтын қор:

55 JYL SHALQAR RADIOSY 22:00 25.05.2021

АЛТЫН ҚОР

ЛАТИФ ХАМИДИ АСЫЛ РАХЫМЖАНОВА
ОҚЫҒАН ДИКТОР

«КОМПОЗИТОР ЛАТИФ ХАМИДИ»
(ӘДЕБИ-МУЗЫКАЛЫҚ ХАБАР)
АВТОРЫ: ҒАФУРА БЕЙСЕНОВА
ХАБАР ҮНТАСПАҒА 1966 ЖЫЛЫ ЖАЗЫЛЫП АЛЫНҒАН

76-сурет. «Алтын қор» бағдарламасы

«ШАЛҚАР» РАДИОСЫ. 25.05.2021. 22:00-23:00

«АЛТЫН ҚОР» хабары

«Композитор Латиф Хамиди» әдеби-музыкалық хабар.

Авторы Ғафура Бейсенова. Мәтінді оқыған диктор Асыл Рахымжанова. Хабар үнтаспаға 1966 жылы жазып алынған.



Алтын қор:

1966 SHALQAR
RADIO.SY



Шөра Сарымбаев
АКАДЕМИК

ЖАСТАР ТІЛІНДЕГІ КЕМШІЛІКТЕР.

"АЛТЫН ҚОР"

77-сурет. «Алтын қор» бағдарламасы

«ШАЛҚАР» РАДИОСЫ. 27.11.2020. 22:00-23:00
«АЛТЫН ҚОР» хабары
«Біз қалай сөйлейміз?»



Радиохабар:

«Жас дәурен». Жазушы Қалмұқан Исабаевтың балалық және жастық шағы туралы қаламгермен сұхбат. Хабарды жүргізген журналист Жанар Оразымбетқызы. Хабар ұнтаспаға 2020 жылы жазып алынған.



Алтын қор:

SHALQAR
RADIO.SY
1966

Қазақстанның Халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Сәкен Жүнісовтің қазақ тілінің құнарлылығы туралы пікірі.

"БІЗ ҚАЛАЙ СӨЙЛЕЙМІЗ?"


"АЛТЫН ҚОР"

78-сурет. «Алтын қор» бағдарламасы

«ШАЛҚАР» РАДИОСЫ. 25.12.2020. 22:00-23:00
«Біз қалай сөйлейміз?»



Алтын қор:



55 SHALQAR RADIOSY
22:00 07.05.2021

АЛТЫН ҚОР



ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВ
1. ПАРТИЗАН-ЖАЗУШЫ ҚАСЫМ ҚАЙСЕНОВТІҢ ОТТЫ ЖЫЛДАР ТУРАЛЫ ОЙ ТОЛҒАМЫ.

ОМАРҒАЗЫ ОСПАНОВ
2. ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛАДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ РАДИОСЫНЫҢ БАСШЫСЫ БОЛҒАН ОМАРҒАЗЫ (ФАЗИЗ) ОСПАНОВ ТУРАЛЫ ЕСТЕЛІК.



79-сурет. «Алтын қор» бағдарламасы

«ШАЛҚАР» РАДИОСЫ. 07.05.2021. 22:00-23:00

Партизан-жазушы Қасым Қайсеновтің отты жылдар туралы ой толғамы. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақ радиосының басшысы болған Ғазиз (Омарғазы) Оспанов туралы естелік.



Алтын қор:

55 SHALQAR RADIOSY JYL

22:00 10.05.2021

АЛТЫН ҚОР

«ЖЕҢІС ТУЫН ТІККЕН ЖАУЫНГЕР»

РЕЙХСТАГҚА ТУ ТІККЕН ЖАУЫНГЕР РАХЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВ ТУРАЛЫ ТАНЫМДЫҚ ХАБАР

80-сурет. «Алтын қор» бағдарламасы

«ШАЛҚАР» РАДИОСЫ. 10.05.2021. 22:00-23:00

1. «Жеңіс туын тіккен жауынгер». Рейхстагқа ту тіккен жауынгер Рахымжан Қошқарбаев туралы танымдық хабар. Авторы Қасымхан Ерсарин. Хабар ұнтаспаға 1986 жылы жазып алынған.

2. «Сыр-сандық». «Соғыс жайлы мен жазбай тұра алмаймын». Әдеби хабар. Авторы Дүйсенбек Қанатбаев. Хабар үнтаспаға 2005 жылы жазып алынған.

Қазақ радиосына 80 жыл толғанда, шежіреден сыр шертетін «Әуе толқынында – Қазақ радиосы»⁹ деген еңбекте, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, М. Әуезов атындағы Ұлттық сыйлықтың лауреаты Дүкенбай Досжан,¹⁰ «Қазақ радиосы – ғасыр құрдасы» деп атап, әлемнің алтыншы кеңістігі аталатын ұлы мұхит – әуе арқылы таралатын электронды ақпарат құралы деп бағасын берген. Осы күні аса құдіретті күшке айналды. Құдіреті сол, жер шарының екі шетіндегі адамдар кәдуілгі бетпе-бет ұшырасқан кісідей емінеркін шүйіркелесіп тілдесе алатын халге жетті. Енді аз уақытта сол тілдескен кісіңізді көріп те тұратын боласыз. 50-60 жыл бұрын бақилық сапарға аттанған адамның баспаға жазылған сөзін естисіз.

Ғасыр басында Париж сахнасында «Ағашаяқты» зар күйіне келтіріп орындаған Әміре Қашаубаевтың үнін, 1933 жылы Ножан-Сюр-Марн қаласында тұрған кезінде үнтаспаға жазылған Мұстафа Шоқай дауысын ести аласыз. Радиожурналистика саласында іс-темесе де сол саланың корифейлері – Әнуар Байжанбаев, Илия Жақанов, Төлеген Тоқбергенов, чешен радиосының қарлығашы болған Абдулхамит Исаев, сондай-ақ Ертай Арысов, Төлепберген Тобағабылов, Таңатқан Рсаев, Ұлжан Пармашқызы, Сауық Жақанқызы, Ласкер Сейітовпен дәмдес-тұздас болуға, шығармашылық шеру үстінде пікірлесе жүруге тағдыр жазған осынау жолдардың авторы Қазақ радиосының тарихы – тәуелсіз еліміздің тарихы деп біледі. Бір шеті Қытай Богдыхандарының қыспағынан құтылмай, бір шеті Хиуа, Қоқан қоқималарының тепкісіне түсіп, жоңғар қонтайшысымен нешеме мәрте найза тіресіп, құба қалмақ пен қара қалмақтың тұтқиыл шабуылына төтеп беріп, үш ғасырға ұласқан Ресей бодандығынан бордай тозып бітпей, ұлт ретінде жер бетінен жойылып кетпей, өздігін, рухани күшін, мінезін, ұлы мұраттарын сақтап қалған қазақ ұлысы өз тарихын қанмен, жанмен жазып қалдырды.

⁹ Әуе толқынында – Қазақ радиосы. 1921–2001. – Алматы, 2001

¹⁰ Әуе толқынында – Қазақ радиосы. 1921–2001. – Алматы, 2001

Артына бұрылып қараған кісінің жүрегін түршіктірер нешеме бел-белестердің ұлы тасқын шеруінде радио тарихының алар орны бөлек. Сол тарихты жасаған адамдар туралы, оның кезенді тұстары туралы, радио тарландарының еңбегін, біз санамалап тілге тиек еткен бағдарламаларды тыңдағанда сезіне аласыз. Әуе кеңістігінде қазақ елін Әнұранымен оянып, түн жарымы ауа сол Әнұранмен ұйқыға шоматын тыңдаушының асыл қазынасы.



81-сурет. Алғашқы дикторлар Мина Сейітова, Зәмзәгүл Шәріпова, Қатира Әзімбаева, Әнуарбек Байжанбаев, Мұқағали Мақатаев, Осман Дүйімбаев. 1962 ж.

Көнекөз журналистердің сөзіне сенсек, қазіргі радионың алтын сандығында М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Сәтпаев, Б. Момышұлы, Т. Ақтанов, Қ. Мұхамеджанов секілді асыл ағаларымыздың үндері сақтаулы. Жазушы Ж. Жұмақановтың баласына қаламгердің биязы жұмсақ үнімен айтқан әңгімесін көшіріп берген кезде, «уағында қадірін білмеппін-ау» деп көзіне жас алғаны бір оқиға. Радионың «Алтын қорында» кешегі сандуғаш әнші Күләштің, сахна серкесі Серке Қожамқұловтың, драмалық қойылымның арыстаны –

Калибек Қуанышбаевтың, жезтандай әнші – Манарбек Ержановтың сыр-сұхбатын қайыра бір естіген кісі ғажайып тебірініске түсетінін айтады.

Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген қайраткер, Журналистика Академиясының толық мүшесі, профессор Камал Смайылов¹¹, Ленин «Қағаз бен қашықтықты білмейтін газет» деп атаған радио қазақтың шексіз-шетсіз даласына түзу бағаналарын соңынан ертіп немесе соларға еріп, олар да сымдарын тартып ене бастады. Осындай байтақ даланы тек радио ғана игеріп, иемдене алатын еді. Жалпақ әрі қалпақ тәрізді дөңгелек радио күшейткіштер, үлкен бағанның басында, аудан, ауылдардың ортасында тұрып, жаңалық, жақсылықтарды қатты айқын дауысымен таратып тұратын.



82-сурет. Шерхан Мұртаза, Камал Смайылов пен Қалтай Мұхамеджанов¹²

Жұрт айналасына жиналып, ерекше хабарларды бірге тыңдайтын, кешегі Ұлы Отан соғысының басталғаны туралы суық хабарды

¹¹ Әуе толқынында – Қазақ радиосы. 1921–2001. – Алматы, 2001.

¹² [Абыз – Qojalar.kz](http://Abыз-Qojalar.kz) (kozhal.ar.kz)

да, сол соғыстың Жеңіспен аяқталғаны туралы қуанышты хабарды да жұрт жиналып, алғаш радиодан естіген. Содан, жылдар өткен сайын өмір де өзгере берді, байланыс техникасы да жасара түсті. Көшедегі радио енді үй-үйге кірді, терезенің алдынан, төрден орын алды, оны енді отбасылары бірге отырып тыңдайтын болды, радионың дауысы да адамдардың құлағына, жүрегіне жақындай түсті. Ал содан шағын транзисторлар шыққаннан кейін радио адамдармен енді жеке-жеке, оңаша сөйлесетін, сырласатын болды. Енді адамдар радионы жастығының астына қойып тыңдайтын, оянатын. Радио жеке адамның сыбырлап сырласатын серігіне айналды. Бір жиында бір эстондық радиожурналистің «Мен радионы жастанып жатып тыңдаймын, телевизорды жастығыңның астына қоя алмайсың ғой», – дегенін естігенім бар. Сол радионың бүгінгі адымы-аумағы қандай ғаламат! Сонау космостық орбитада радио хабарлары, радио әңгімелері мен радио әндері естіліп жатады.



83-сурет. Ермек Серкебаев¹³

¹³ Фонд им. Ермака Серкебаева (@serkebayev.foundation) • Світліни та відео в Instagram

Радионың халық алдындағы ерен бір еңбегі – қазақтың музыкасын, әндері мен күйлерін елге таратқаны, тарихқа қалдырғаны. Ән мен күй ғана емес, театр спектакльдерін, көркем шығармаларды таспаға түсіріп тарату, қалдыру, сақтау да радионың күдіретті қасиеті.

Сонау Мәскеуде алғаш өткен онкүндік «Кыз Жібек» пен «Ер Тарғын» операларын, кейін «Біржан мен Сара» операсын орыс тілінде жазып алып, бүкілодақтық радио бүкіл елге таратқан. Радионың қазақ музыка өнерін жинақтауда, сақтауда, байытуда сіңірген еңбегі ересен де орасан. Ермек Серкебаевтың ең алғаш радиода диктор болып өнердегі жолын бастауы кездейсоқ емес. Тағдырдың өзі ғасырымыздың ғажап әншісі Ермекті радиомен табыстырған. Өйткені бүгінгіні сол сәтте бүкіл қазақ даласына бірден жеткізетін де радио, ертеңгі тарихқа, болашақ ұрпақтарға тамаша дауыстарды қалдыратын да радио. Талантты әншілердің, сазгерлердің радио төңірегінде жүретіні, радио арқылы халыққа танылатыны аян.



84-сурет. Қасымхан Ерсарин, А. Елібаев, Әнуарбек Байжанбаев, Тұрғынбек Шопанов

Ал қазақтың Левитаны атанған Әнуарбек Байжанбаевтың дауысы халық құлағында қалып, санасына сіңген. Қазақ радиосының қазақ халқының рухани, мәдени өсуіндегі, жетілуіндегі атқарған ролі айрықша. Ең алдымен, кең шалқар қазақ даласына бірден-бір ыңғай тараған радиохабарлар қазақ тілінің тұтастығын қалыптастырды, сөздік қорын бір аймақтан бір аймаққа жеткізіп, байытты, жер-жердің диалектілік тіл шұбарлығын жойды, түзетті. Әр аймақтың ерекше айтылатын жеке сөздері жалпы лексикаға кірмей тіл тазалығы сарапталып, іріктеліп отырды. Қазақ тіліндегі радиоқойылымдар, радиоспектакльдер, радиопьесалар рухани қазынамызды қаншалық байытты десеңізші. Көп сериалы радиofilmдер де қойылды. Сексенінші жылдар ортасында Қазақ радиосында М. Әуезовтің ұлы «Абай» романы бойынша отыз сериалы радиofilm қойылды. Оған мұрындық, автор болған Төлепберген Тобағабылов.

КСРО радиосы мен теледидарының үздігі Қазақстан мен Қырғызстанға еңбек сіңірген өнер қайраткері, композитор, музыка зерттеушісі, Ұлттық музыка академиясының профессоры Илия ЖАҚАНОВ,¹⁴ Ұлы Жеңіс бізге оңайлықпен келмегенін айтады. Миллиондаған ғазиз жандардың қайран өмірі қыршынынан қиылды. Қалалар мен ауылдар, фабрикалар мен заводтар, ірі өндіріс орындары мен электр станциялары, теміржол жүйесі қирады. Ғылым мен өнер, мәдениет саласы қаншама зардап шекті, күйзелген елге әндерімен дем беріп, қып-қызыл өрт, ысқырған оқтың ішінде, ұлы шайқастардың ортасында намыс туын жоғары ұстаған жауынгер-композиторлар: Мәлік Жаппасбаев, Смағұл Көшекбаев, Әли Базанов, Рамазан Елебаевтар Отан үшін жанын құрбан етті. Осы ерлердің бірі – Рамазан Елебаевтың Кеңес Одағының батыры Төлеген Тоқтаровтың ерлік өліміне арналған «Жас Қазақ» әні күні бүгінге дейін ел жүрегін толқытумен келеді, ол қаһармандықтың өлмес, өшпес жыры боп қалды.

¹⁴ Әуе толқынында – Қазақ радиосы. 1921–2001. – Алматы, 2001.



85-сурет. Қазақ радиосының эстрадалық-симфониялық оркестрі.
1950–1960 жылдар

Қоғам дамиды. Ғылым мен өнер өседі. 1950 жылдарда радионың материалдық-техникалық базасы жаңа аппаратуралармен, жабдықтармен толығып, хабарлары, концерттері, тіпті әдеби музыкалы радиопьесалары магнитолентаға жазылып, оның ең таңдаулылары Көркемдік Кеңес ұйғарымымен «Алтын қорға» қабылданып жатты. Бұның алғашқы қарлығашы болып, сонау 40 жылдардың ішінде, ең алдымен, жыр алыбы Жамбылдың кинодағы сөздері мен жырлары, күй алыбы Дина Нұрпейісованың өзі орындаған күйлерінің түсуі, өз әндерін орындаған Кенен Әзірбаевтың әуезі бүгінде еш нәрсемен салыстыруға болмайтын ұлттық мұраның ең құндысы болып отыр. Динаның көзін көрген, онымен бірге концерттерге шыққан Қали Жангілеуов, Ғылман Әлжанов, Рүстембек Омаров және басқа да айтулы домбырашылар шерткен тоқсан толғаулы күйлер, бір өзі жалпақ жатқан Сарыарқаның

сазын толқытып, Тәттімбет болып күңіренген Әбікен Хасеновтің тебіреністі шертісі, екі әйгілі қобызшы

Жаппас Қаламбаев пен Дәулет Мықтыбаевтың сырнатқан Ықылас күйлері, қазақтың інжу-маржан дерлік халық әндерімен, салсерілердің әндерін бар мәйегімен, уыздай тәтті нәрімен, саф алтындай ғып құя салған атақты әншілер – Қосымжан Бабақов, Қали Байжанов, Қуан Лекеров, Манарбек Ержанов, Күләш Байсейітова, Қанабек Байсейітов, Құрманбек Жандарбеков, Жүсіпбек Елебеков, Ғарифолла Құрманғалиев, Серғали Әбжанов, Нұғман Әбішев, Шабал Байсекова, Жамал Омарова, Әнуарбек Үмбетбаев, Байғали Досымжанов, Бекен Жылысбаев, Мұрат Толыбаев, Мағауия Көшкінбаев, Рахия Қойшыбаева, Рабиға Есімжанова, Рахима Мұсабекова, Жаңыл Қатабаева, Күләш Сакиева, Роза Бағланова, Бибігүл Төлегенова, Қафиза Әбуғалиева, Ләззат Сүйіндікова, Тұрсынхан Әбдірахманова, тағы басқа да әншілердің магнитофонға жазылған әндері Қазақ радиосының «Алтын қорының» негізін қалады.

Халық радионы өзінің рухани серігі етті. Радио халықтың өз үні боп сөйлеп, өз жүрегі боп соқты. Қазақстанның ең алыс түкпірлеріндегі ел радиодан композитор Евгений Григорьевич Брусиловский жазған «Қыз Жібек», «Ер Тарғын», «Жалбыр», «Дударай», Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамиди жазған «Абай» операларынан үзінділер тыңдап, қазақ халқының болмысында болмаған өнердің бұл жаңа түріне қанығып, ол операларда ойнаған Күләш, Құрманбек, Қанабек, Манарбек, Шабал, Ермек, Ғарифолла, Әнуарбек, Байғалилардың әншілігіне тәнті болып, олардың өмірінен алуан-алуан сырлар ұғып, құдды бір опера театрының залында отырғандай эстетикалық ләззат алып, ой-санасы, жан дүниесіне сәуле түсірді. Қазақстанда профессионалдық музыканы тұңғыш рет өз қолдарымен жасап, оны дамытып, көркемдіктің биік белесіне көтерген Ахмет Жұбанов, Евгений Брусиловский, Мұқан Төлебаев, Василий Великанов, Латиф Хамиди, Бақытжан Байқадамов, Дмитрий Мацуцин, Сергей Шабельский мен Леонид Шоргородский, Иванов-Сокольскийлардың симфониялық, балеттік шығармалары, хор сюиталары радионың тұрақты циклдары мен концерттеріне айналды. Елуінші жылдардың бас кезінен бастап

Қазақ музыка өнерінің тағы бір жарқын жұлдыздары – Қапан Мусин, Сыдық Мұхамеджанов, Әбілахат Еспаев, Ғазиза Жұбанова, Нағым Мендіғалиев, Анатолий Бычков, Нұрғиса Тілендиев, Мәкәлім Қойшыбаев, Еркеғали Рахмадиевтердің әр жанрлы шығармалары Қазақ радиосында емін-еркін шалқыды.



86-сурет. Композитор Шәмші Қалдаяқов пен диктор Мәмбет Сержанов¹⁵

Радиодан шығармаларды жай ғана атап, шолып шығудың өзі мүмкін емес. Ол – ұшы-қиыры жоқ ұлттық музыканың баға жетпейтін байлығы. Мысалы, Ахмет Жұбановтың «Қарлығашы», Латиф Хамидидің «Бұлбұлы», Евгений Брусилковскийдің «Алтайы», Манарбек Ержановтың «Қуанамыны», Садық Кәрімбаевтың «Акеркесі», «Ақтамағы», Мұқан Төлебаевтың «Бақыт вальсі», Қапан Мусиннің «Шолпаны», Бақытжан Байқадамовтың «Жарқ етпесі», «Тербеледі тың даласы», Нұрғиса Тілендиевтің «Жан сәулесі», «Кұстар әні», Әбілахат Еспаевтың «Маржан қыз», «Жайық қызы», «Әлі есімдесі», Ғазиза Жұбанованың «Жыр жазамын

¹⁵ Қазақ радиосының ардагер дикторы Аманжан Еңсебайұлының мұрағатынан

жүрегімнен» әні, Еркеғали Рахмадиевтің «Таң самалы», Бекен Жамақаевтың «Махаббат вальсі», Шәмші Қалдаяқовтың «Ақмаңдайлым», «Қайықтасы», Мынжасар Маңғытаевтың «Ақмаржаны», Базарбай Жұманиязовтың «Көктем келді», Мансұр Сағатовтың «Алматым» әні Қазақ радиосындағы ән классикасының ең жарқын үлгілері болып есептеледі. Таза ұлттық нақышқа тұнған, шет елдің жат сарынынан аулақ, нағыз қазақтың өз үні, өз лебі дерлік көркем туындылар ұлттық қазына!

Қазақстан мен Қырғызстанға еңбек сіңірген өнер қайраткері, Ұлттық музыка академиясының профессоры, КСРО радиосы мен теледидарының үздігі, музыка зерттеушісі, композитор Илия Жақанов¹⁶ қазақ өнері мен музыкасының сыр сандығы радио туралы естелік толғауында: «Өткен күндерге тағы қайырыла қарайықшы... Әлі есімде, ол кезде мен бес-алтыдағы баламын. Біздің Сарысу ауданының орталығы Байқадам ауылында әр жерде электр бағаналарына ілінген табақтай радио сөйлеп, концерт беріп, оған ауыздарын аша құлақ түрген жандарды көп көріп, таңғалатын едім. Ол уақыт майданда әкелеріміз бен ағаларымыз неміс фашизмімен соғысып жатқан кез. Радио тыңдап тұрған үлкен кісілер: «Тыңда, балам, Сталинградтан неміс әскерлерін қолға түсірді. Біздің батыр жауынгерлердің аттарын атап, оларға орден-медаль беріп жатыр. Бәлкім, сенің әкең Жақан мен көкең Жақыптың да аты аталып қалар» дейтін еді. Радио менің өміріме сол күннен бастап енген еді.

Мен радиода 1964 жылдан 1984 жылдың сәуір айына дейін табаны күректей 20 жыл жұмыс істедім. Музыка редакциясында жай редактордан бастап, Бас редакторлық қызметке көтеріліп, өмірімнің ең саналы, қызықты, бақытты күндерін эфирде өткіздім. Біз – бірінші бағдарлама, «Шалқар», «Ауыл өмірі», «УКВ» – осы төрт бағдарлама бойынша жұмыс істедік. Сала-сала концерттер, дәйім жаңарып, өзгеріп отыратын айдарлар, циклдар, сериалдар! Мен біраз уақыт алдындағы Бас редактор, композитор, профессор Мансұр Сағатовтың орынбасары болып істедім. Бұл бір білімді, ақылды, жаны таза азамат бар тізгінді менің қолыма берді. Біз радиохабарлардың барлық жанрын – жай хабар, музыкалы очерк,

¹⁶ Әуе толқынында – қазақ радиосы. 1921–2001. – Алматы, 2001.



87-сурет. Дикторлар мен редакторлар. 1988 жыл.

әңгіме, новелла, радиопьесалардың шынайы көркем болуына ерекше көңіл бөлдік. Иә, әр жанрдың радиоға тән өз табиғатын аштық. Бүгінде біз жасаған радионовеллалар мен радиопьесаларды білімді жандар «радиоклассика!» дейді. Мұндай сөзге, әрине, жаның сүйсінеді. Ал өзім бас редактор болған жылдарда (1977–1984) бұл игілікті істер шындала, кеңейе, тереңдей түсті. Қаншама таланттарды (әнші, домбырашы, пианист, скрипач, виолончелист... күллі музыкант! Композиторлар мен дирижерлар) жарыққа шығардық. Оның бәрі жүйелі түрде жүріп жатты», – деп еске алады.

Радиода Александр Гурьянов басқарған (өте іскер, талантты дирижер) эстрадалық-симфониялық оркестр, Мұрат Серкебаев жетекшілік еткен камералық оркестр, әншілер тобы – Суат Әбусейітов, Рашид Мұсабаев, Зейнеп Қойшыбаева, Лаки Кесоглу, Венера Қармысова, Люция Төлешова, Гульвира Разиева, Ескендір Хасанғалиев, Лариса Политидилер жаздырған шығар-

малардың дені «Алтын қорда». Халық әндері мен халық композиторларының жүздеген ән-күйін өмірге қайта әкелдік. Біржан салдың «Айбозым», «Он саусақ», «Ақ серкеш», «Мақпал», «Көкек», «Ахау, әриайдай», Ақан серінің «Үш тоты», «Ақтоқтының зары»,



88-сурет. Композиторлар Ескендір Хасанғалиев пен Латиф Хамиди

«Ақтоқтының аужары», «Шырмауық», «Нәзікгүл», «Райхан-гүл», «Жамал», Үкілі Ыбырайдың «Толқын», «Қызыл асық», «Аңшының әні», Естайдың «Сандуғашы», Мәдидің «Шіркін-ай», «Үшқарасы», «Дударай» әнінің авторы Мәриям Жагорқызы емес, Үлебай екені радио, теледидар, баспасөз беттерінде анықталуы, Сыр бойындағы Ешнияз салдың «Долана», «Айжанай», Тоқжан соқырдың «Гөй-гөйі», Нағашыбай соқырдың әні, Міржақып Дулатов шығарған Алашорданың (1916, 1919) екі маршы, Қытайда Гоминдан қырғыны кезінде мерт болған Сұлубай, Бүркітбай батырлардың екі әні, Торымның (Баян-Өлгей аймағында өмір сүрген әнші) «Керім-ау, айдайы», Мүсәйіптің «Жалпы әлем», Сапалайдың «Сәулемай», «Екеуің де ақсұңқар», Иман-Жүсіптің «Бұғылы-тағылы», «Сармойын», «Сарыарқа», Пышанның «Ғайшасы»,

Аманғалидың, Хиссаның әндері, Шортанбайдың Шыңжанда сақталған «Жиырма бесі», ұлт аспаптар оркестрінің ескі жазбаларын көшіріп алып отырдық.

Музыка зерттеушісі, композитор Ілия Жақанов¹⁷ өзінің естелігінде, бірде менің «Қазақ вальсі» атты новеллам орыс тілінде берілетін болып, оны актер Померанцев оқып, енді музыкамен көркемдеуге келгенде ол вальс бізде орыс тілінде болмай шықты. Күләш Байсейітова орыс тілінде де шырқаған-ды. Міне, орайы келген бір командировкада Москваға редактор Серғазы Тұрсынбаевты арнайы жіберіп, көп олжаның басы етіп, бұлбұл әуезді Күләштің орындауында орысша жаздырған «Қазақ вальсіне» қол жеткіздік. Ал татар, қырғыз, түркімен, украин, беларус, тәжік, армян, әзірбайжан, грузин радиоларының «Алтын қорында» бізге белгісіз қаншама қазақ музыкасы жатыр. Ол байлығымыз Қытай мен Монғол радиосында да бар: Динадай күй дүлдүлі, Күләштай ән бұлбұлы... Манарбек, Қанабек, Құрманбек, Үрия, Шабал, Жамал, Жүсіпбек, Ғарифолла, Қуан, Мұрат, Әбікең, Қали, Қасымхан... Мұндай сүйікті есімдер жалғасып кете береді. Корифейлер! Осы кереметтер жаздырған мұраны сақтау мақсатымен, оларды не бар, не жоқ, бәрі-бәрі ықтиятты ыждағатпен, жеке-жеке блок етіп (оған ешкімнің қолы тиюі тиіс емес!), мәселен, дүниеден өткен соңғы толқындарға дейін... бәрін ең тәжірибелі дыбыс операторларына көшіртіп, «Алтын қордың» сөресіне қойып қойдық. Олар жоғалуға тиіс емес! Біз халық музыкасы мен классикалық музыкаға баса көңіл бөлдік. Сол кездердегі директор (өзі менімен КазГУ-де бірге оқыған) Иза Эйнехович Фидель дәйім: «Давайте, больше развлекательной музыки!» – дейтін-ді. Сонда мен оған: «Сен музыкада диверсия жасап отырсың!» – деп, бүкіл әлемнің жүйкесін құрта бастаған шет елдік жат сипатты жексұрын музыканы бергізбейтін едім. Сол үшін неше түрлі қоқайды көрдік те. Бірақ берілгіміз жоқ! Қазақ радиосы қазақ музыкасын емін-еркін шалқытты. Бұл қыруар істер мен шаралардың бір-бірін мемлекеттік комитеттің төрағасы аяулы ағамыз Хамит Хасенов жан-жақты қолдап отырды. Қазақтың ең болмаса бір халық әнін айта алмаған, оған өресі жетпеген

¹⁷ Әуе толқынында – Қазақ радиосы. 1921–2001. – Алматы, 2001.

эстрада «азнайкалары» маған еркелей алмады. Бастады. Олар көбіне Москвамен екі арада «әндетіп» жүрді. Бейкүнә жастардың талғамын солардың «ча-ча-чалары» бүлдірді. Қазір дүние оңынан келіп, өз тәуелсіздігіміз өз қолымызға тигенде біреуі ұлттық музыка академиясының ректоры Айман Мұсаходжаева, екіншісі баяғы консерваторияны ұлттық консерваторияға айналдырып отырған Жәния Әубәкірова... әлемдік музыка өнерінің екі жарық жұлдызы қазақтың халық музыкасын ежелгі дәстүр бойынша оқытып, уағыздауға бетбұрыс жасады. Бұл ұлттық өнердің бағы жанады деген тарихи құбылыс.



89-сурет. Көңілді сәт. Мырзабек Қуатбеков, Әнуарбек Байжанбаев, Әбдірәлі Бөлебаев және Болат Біжібаев. 1978 жыл

Қазақ радиосы... Радионың «Алтын қоры» бір кезде өздері алғаш ұйымдастырған Ахмет Жұбанов, Мақсұтбек Майшекиннен, Жексембек Еркімбек, Сыдық Мұхамеджанов, Өмірбек Байділдаевтарға, одан бізге жалғасқан редакторлар мен режиссерлардың, «Қазақ Левитаны» Әнуарбек

Байжанбаев сынды ғазиз жандардың есті жүрегі, іскер қолдары, зор ынта-ықыласы, азаматтық биік парасаты, озық өнерімен жасалды.

Қазақстан мен Қырғызстанға еңбек сіңірген өнер қайраткері, Ұлттық музыка академиясының профессоры, КСРО радиосы мен теледидарының үздігі, музыка зерттеушісі, композитор Ілия Жақановтың музыка зерттеушілік жұмысы радиода қызмет еткен жылдардан басталды. Радиодан берілген әңгіме, очерк, новеллалардың негізінде «Екі жирен», «Бірінші концерт», «Аққулар қонған айдың көл» атты таза зерттеу деректермен жазылған кітаптары, «Әнің болып төгілемін... «Ғашықтық әндер» секілді ән жинақтары, музыканттар өміріне арналған «Қайта оралған ән», «Хош бол, вальс» повестері мен «Ықылас» романы қазақ, қырғыз тілінде жарық көрді. «Арыс» баспасынан шыққан «Үзілген ән» деп аталатын кітабына репрессия құрбаны болған әнші-композиторлардың қайғылы тағдыры өзек боп тартылды. Естелігінде «Ұзақ жылғы зерттеумен жазылған еңбектің көлемі төрт кітап, осының електен өткен қаймағы «Мың бір ән» дейтін энциклопедиялық академиялық жинақты бітіріп, әдіптеп, әшекейлеп, өбектеп отырмын» дегені бар. Бұл Виктор Затаевичтай ғұламаның жалаң нотамен берген мың әнін өлең-сөзбен тірілтетін әлем қазақтарының әні.

Режиссер Тоқтарбек Қамшыбай,¹⁸ режиссер мамандығының бір қырын әңгімелейді. Сөздің нәрі, толқынның сәні режиссер мамандығы ежелгі Грек, Рим замандарынан келе жатқан байырғы өнердің басты саласының бірі. Дүниежүзіне белгілі атақты режиссер К.С. Станиславскийдің сөзімен айтсақ, «Үлкен, дарынды да құдіретті оркестрдің дирижері сияқты режиссер де бәрінің басын біріктіріп, ортақ мақсатқа бағыттап отыруға тиіс, ал ол мақсатты автор пьеса негізінде алынған идея арқылы көрсетіп береді. Бұл анықтама барлық режиссура атаулыға, соның ішінде радиодағы режиссерге де қатысты. Демек, радиорежиссер тек радиопостановкаларды әзірлеумен ғана шұғылданбайды. Радио арқылы күн сайын беріліп жатқан ірілі-ұсақты жүздеген хабарлардың бәрі радиорежиссердің қолынан өтеді. Түрлі бағдарламалар, роликтер, жарнамалар, композициялар, радиожурналдар, радиоочерктер, әңгімелер, ұсақ хабарлар қағаз бетіне түскен соң, режиссердің қарауына беріледі. Оларды эфирге сәтті шығару үшін режиссер

¹⁸ Әуе толқынында – Қазақ радиосы. 1921–2001. – Алматы, 2001.

жанрдың ерекшелігіне қарай оқитын дауыс іздейді. Таңдаған дауыс сәтті болса, хабардың жақсы шыққаны. Хабардың мазмұнына сай әуенмен көмкеріп, магнитті таспаға түсіреді. Олардың дұрыс жазылуын қадағалап, эфирге жібереді. Радиорежиссер редактормен бірге жауап береді. Радиорежиссураның өзіндік ерекшеліктері мен құпия сырлары көп. Сол себептен де көп адам түсіне бермейді, оңай деп ойлайды. Ондайлар радио қызметкерлерінің арасында да жолығып жатады. Радиорежиссерге хабар жасау үшін көптеген мүмкіншілік керек. Өз алдына ұйымдасқан, сұрыпталған өз мамандығын жете меңгерген кәсіпқой режиссерлер тобы болғаны жөн. Олар редактормен, музыка редакторымен, жүргізушілермен, операторлармен тығыз байланыста болып қоян-қолтық жұмыс істеп, жақсы нәтижеге жетеді. Радиохабарларды жасау кезінде оған қолданатын дыбыстық белгілер сан-салалы болып келеді. Шу эффектілері, музыка хабарларда шешуші рөл атқарады. Олар мизансценаның да декорацияның да қызметін атқарады. Дыбысты, шу эффектілерін дұрыс таңдап, орынды қолдана білсе, сөз жоқ, радиотыңдаушы қауымының сана-сезіміне үлкен әсер берері сөзсіз. Мәселен, соғыс кезіндегі бір оқиғаны алайық. Автордың ойынан шығу үшін радиотыңдаушыларды сендіре білетін әртүрлі шуларды қолдануға тура келеді. Перрон басындағы шу, паровоздың ысылы, гудогі, жылаған, қоштасқан адамдар, доңғалақтың сатыр-сұтыр еткен айналысы, зеңбіректің зуылы, бомбаның жарылғаны, музыка тыңдаушылар сенетіндей берілсе, режиссер үшін үлкен жетістік деуге болады.



Ойтұжырым:

1. Радиобағдарламаларды тыңдаңыз. Шолу жазыңыз.
2. Радиобағдарламалардың көркемдік деңгейіне талдау жасаңыз.
3. Ашаршылық пен қуғын-сүргін тақырыбындағы баспасөз материалдарын саралап, сценарий түзіңіз.



Деректеме:

1. [https://qazradio.fm/kz/program/2021-06-11/Qazaq radiosy](https://qazradio.fm/kz/program/2021-06-11/Qazaq_radiosy) – qazradio.fm
2. <https://informburo.kz/kaz> XX ғасырдың басында ашаршылық қазақты үш рет айналып соқты
3. <https://balakai.kz/ertegler/> «Қазақша ертегілер жинағы». Балаларға базарлық...

Әдебиет:

1. Әуе толқынында – Қазақ радиосы. 1921–2001. – Алматы, 2001
2. Қабылғазы К. Радиожурналистика. – Алматы, 2014
3. Омашев Н. Радиожурналистиканың негіздері. – Астана, 2016
4. Әбдіжәділқызы Ж. «Тікелей эфир табиғаты» (Электронды оқу құралы)
5. Прохоров Е.П. Введение в теорию журналистики. – Москва, 2005



Кітап оқы:

1. 1957 жылы жазылып, қазақ балалар әдебиетінің озық туындыларының біріне айналған *Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа»* хикаясы орыс, украин, француз, литва, латыш, өзбек тілдеріне аударылды. 1963 жылы «Қазахфильм» студиясы осы кітап бойынша кинофильм түсіргені белгілі. Баспадан қайта басылып шыққан кітап мұқабасында осы фильмдегі Қожа бейнеленген.
2. *Луиза Мэй Олкоттың «Кішкентай ханымдар»* кітабы. Луиза Мэй Олкоттың атақты «Кішкентай ханымдар» романы балалар әдебиетінің әлемдік классикасына айналған. Апалы-сіңлілі төрт қыздың балалық шағы жайлы оқиғалар желісі талай ұрпақтың

- жан дүниесін жаулаған. Романдағы оқиға ХІХ ғасырдың аяғында Америкада өтеді. Марч әулетінің апалы-сінділері – сұлу Маргарет, ер мінезді, жайсаң Джо, мейірімді Бесс және жаны нәзік Эмидің әрқайсысының өз арман-мақсаты, тілегі бар. Олардың ортақ тілегі ата-аналарының сүйіспеншілігіне лайық болғысы келеді. Бұл кітап көктемнің таңғы шапағы, бұлақтың сыңғыры іспеттес. Одан даршын мен балалық шақтың иісі аңқиды, күлімсіреп еске алатын көптеген оқиғаны көз алдына әкеледі
3. *Александр Гриннің «Алқызыл желкендер. Хикаят. Толқын перісі»* романтикалық шығармасы романтизмді сүйетін нәзік жанды арудың көңілінен шығады деп білеміз. Туынды – махаббат пен үміттің, үлкен армандар мен батыл қадамдардың символы. «Ғажайыпты жасайтын өзіміз», «Арманыңызға адал болыңыз», «Өмірде шынайы махаббат бар» деген қағиданы осы кітаптан табасыз.
 4. Жазушы Уильям Джеральд Голдингің өзіндік стилі, сөз саптауы ешкімге ұқсамайды, әлемге деген көзқарасы да ерекше. *Голдингің «Шыбындар әміршісін»* шетелдік әдебиет әлемінің нағыз жауһары, асқаралы биігі дер едік. Ол үшін 1983 жылы жазушы Нобель сыйлығын алды. Бұл туынды Стивен Кингің сүйікті шығармаларының бірі. Ол бұрын-соңды оқыған кітаптарының ішіндегі інжу-маржаны «Шыбындар әміршісі» дейді. Уильям Голдингің «Шыбындар әміршісі» шығармасы 1954 жылы жарық көрді.
 5. Танымал ресейлік жазушы *Гүзел Яхинаның «Зүлейханың оянуы»* қазақ тіліне аударылды. Қазақ тіліне аударған – Мақсат Дүйісмағамбет. Жазушының тырнақалды туындысы «Үлкен кітап», «Жыл кітабы», «Ясная Поляна», «Оқырман жүлдесі» атты әдеби сыйлықтарға ие болғаны белгілі. Ресейлік жазушы Гүзел Яхинаның бұл романы – өткен тарихымыздағы әлі күнге дейін айтылмай жүрген ащы шындықтың бетін ашып, бүгінгі және кейінгі ұрпақ білуі тиіс ақиқатты айта білген туынды.
 6. *Көшпенділер – Лияс Есенберлиннің «Алмас қылыш», «Жанталас», «Қаһар»* атты үш кітаптан тұратын тарихи эпопеясы. Бұл шығарма қазақ сөз өнерінің әлемдік нұсқасына қосылған

тарихты көркемдік пайымдаудың үздік үлгілерінің бірі. Тарихи туындының «Қаһар» атты үшінші кітабы қазақ даласында дербес хандық орнатуды мақсат еткен Кенесарының қол жиып күреске шығуы, тәуелсіздік жолындағы күресті қолдамаған сұлтандарға және патша бекіністеріне шабуылы, Кенесарының билікке қол жеткізу үшін патша өкілдерімен жүргізген келіс-сөздері жайында баяндайды. Осы азаттық үшін күресте елдің күйзеліске ұшырауы, дұшпандарының Кенесарыға қарсы ұйымдасқан іс-әрекеттерін жазушы ашып көрсетеді.

7. *Стивен Кинг. «Жасыл миль» («The Green Mile»)* романында Луизиана штатында орналасқан Суық Тау түрмесіндегі оқиғалар суреттеледі. Өлім жазасына кесілгендерді жазалауға арналған Олд Спарки электро орындығына апаратын дәлізді тұтқындар «жасыл миль» атап кеткен. «Жасыл миль» – Стивен Кингтің мистикалық шығармаларының бірі. Бас кейіпкер Пол Еджкум баяндаған хикая бір адамның ғұмырына татиды. Зұлымдық пен мейірімнің тартысы, адамгершіліктің таразыға түсуі, мына өмірдің баянсыздығы шығарма барысында оқырманға ерекше тәсілмен жеткізілген. Шығармадағы Джинглз мырза атты тышқанның өзі адамзатқа ғибратты сабақ береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Омашев Н. Радиожурналистиканың негіздері . – Астана, 2016
2. Бейнбриж Ж., Гок Н., Тайнан Л. Медиа және журналистика (теория мен практикаға жаңа көзқарас). – Астана, 2019. – 158-бет
3. Омашев Н. Радиожурналистиканың теориясы мен тәжірибесі. – Астана, 2009
4. Қабылғазина К. Радиожурналистика. – Алматы, 2014. – 25-бет
5. Қабылғазина К. Хабар технологиясы. – Алматы, 2011. – 52-бет
7. Соқпақбаев Б. Өлгендер қайтып келмейді. – Алматы: «Дария Дамыту Орталығы» баспасы, 2019. – 352 б.
8. Балақаев М. Тіл мәдениеті және қазақ тілін оқыту. – Алматы: Мектеп, 1989.
9. Ошанова О. Журналистің сөйлеу мәдениеті. – Алматы, 2008.
10. Сыздықова Р. Сөз сазы. – А., 1983.
11. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Санат, 1994.
12. Тұрышев А. Еңбектері. – Павлодар, 2013.
13. Тұранқұлова Д. Сөйлеу мәдениеті. – Алматы: Білім, 2016.
14. Әбзелбаев М. Сахна тілі. – Алматы: Жұмар, 2012
15. Жұбаева О. Зиялылар еңбектері – ұлттық кодтың негізі // Ана тілі. 2017. 16 маусым
16. Жұбаева О. Елдің ертеңі бүгінгі қадамдарымызға байланысты // «Ақиқат» журналы. – 2017. – № 4. – 45-48-б.
17. Жұбаева О. XX ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының еңбектері – ұлттық кодтың негізі // egemen.kz /article /157346. 12.08.2017
18. Өуе толқынында – Қазақ радиосы. 1921–2001. – Алматы, 2001
19. Әбдіжәділқызы Ж. «Тікелей эфир табиғаты» (Электронды оқу құралы)
20. Прохоров Е.П. Введение в теорию журналистики. Москва, 2005
21. Өуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1989, Бірінші кітап, Абай. – 608 бет.
22. Өуезов М. Абай жолы: Роман-эпопея. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1989, Екінші кітап, Абай жолы. – 616 бет.
23. Жейсон Б., Гок Н., Тайнан Л. Медиа және журналистика: теория мен практикаға жаңа көзқарас. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 592 бет.
24. Аронсон Э. Көпке ұмтылған жалғыз. Әлеумттік психологияға

- кіріспе, 11-басылым. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 408 бет.
25. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы, 2017 жылғы 12 сәуір
26. Қазақ радиожурналистикасы: тарихы, тәжірибесі, теориясы / Н. Омашев. – Алматы: «Қазақ университеті», 1992. – 264 бет.
27. Адамбаев Б. Шешендік өнер: / Б. Адамбаев. – Алматы: «Білім» баспасы, 2019. – 216 бет.
28. Хоруженко К.М. Культурология: Структурно-логические схемы. – Москва: Издательство «Владос-пресс», 2003. – 336 с.

Деректемелер

- Мартин Гилберт – <https://open.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistska-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>
- Маршалл Маклюэн – <https://egemen.kz/article/240348-mediakenhistik-mumkindik-pen-bar-shyndyq>
<https://bilim-all.kz/olen/>
<https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/persona/11100>
- Н. Омашев. Радиожурналистиканың негіздері. – Астана, 2016
<https://qazradio.fm/kz/news/20009/>
- Ж. Бейнбриж, Н. Гок, Л. Тайнан. Медиа және журналистика. – Астана, 2019
 158-бет (теория мен практикаға жаңа көзқарас)
- Н. Омашев. Радиожурналистиканың теориясы мен тәжірибесі, Астана, 2009
<https://refdb.ru/look/1231227-pall.html>
- Н. Омашев. Радиожурналистиканың теориясы мен тәжірибесі. – Астана, 2009
<https://refdb.ru/look/1231227-pall.html>
- Әміре Қашаубаев «Балқадіша» <https://youtu.be/dnd9JAVe0g4>
- К. Қабылғазина. Радиожурналистика. – Алматы, 2014. 25-бет
- К. Қабылғазина. Радиожурналистика. – Алматы, 2014. 25-бет
- Н. Омашев. Радиожурналистиканың негіздері. – Астана, 2016. – 5-бет.
- Qazaq radiosy – qazradio.fm
<https://qazradio.fm/kz/news/12424/>
- Qazaq radiosy – qazradio.fm | Қазақ радиосы / Казрадио / Kazradio / Qazradio
- Qazaq radiosy – qazradio.fm | Қазақ радиосы / Казрадио / Kazradio / Qazradio
- <https://qazradio.fm/kz/news/19912/>

<https://profit.kz/articles/14639/Bulat-Erzhanov-Kazteleradio-radio-idetvsled-za-CETV/>

<https://www.electronics-notes.com/articles/audio-video/broadcast-audio/digital-radio-audio-broadcasting-dab-tutorial.php> DAB Digital Radio Tutorial

Дереккөз: <https://qazradio.fm/kz/news/20725/>

Дереккөз: <https://qazradio.fm/kz/news/20768/>

Дереккөз: <https://qazradio.fm/kz/news/20727/>

Дереккөз: https://www.youtube.com/watch?v=D_bVgw6bLGG

<https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistsika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>

<https://baq.kz/news/othernews/bes-qyzdyn-olimi>/https://www.inform.kz/kz/astanadagy-bes-kyzdyn-olimi-balalardyn-ata-anasy-tungi-zhumysta-bolgan_a3494709

(<https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistsika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>)

URL: <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistsika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>

URL: <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistsika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>

URL: <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistsika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>

URL: <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistsika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>

URL: <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistsika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>

URL: <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistsika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>

URL: <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistsika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>

URL: <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistsika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>; <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistsika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>

URL: <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistsika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>

URL: <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistsika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>

URL: <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistsika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>

URL: <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistsika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>

- URL: <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistsika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>
- URL: <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistsika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>
- URL: <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistsika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>
- URL: <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistsika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>
- Дереккөз: <https://qazradio.fm/kz/news/20658/>
- Н. Омашев. Радиожурналистика негіздері. – Алматы, 2016
- Дереккөз: Намазалы Омашев. Радиожурналистиканың теориясы мен тәжірибесі. *Оқулық*. – Астана, 2009. <https://refdb.ru/look/1231227-pall.html>
- URL: <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistsika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>
- Қ. Олжайдың сабақтары: <https://www.facebook.com/groups/243929689350991/>
- <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
- URL: <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistsika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>
- <http://www.kisi.kz/index.php/kz/is-sharalar/2020-zhyl/6199-zhejson-bejnbrizh-nikola-gok-zh-ne-liz-tajnanny-media-zh-ne-zhurnalistsika-e-begi>
- К. Қабылғазина. Радиожурналистика. – Алматы, 2014
- <https://qazradio.fm/shalqarfim/kz/audios/47054>
- К. Қабылғазина. Радиожурналистика. – Алматы, 2014
- К. Қабылғазина. Радиожурналистика. – Алматы, 2014
- Синтетикалық форма-<https://kk.wikipedia.org/wiki/>
- К. Қабылғазина. Радиожурналистика. – Алматы, 2014
- Дереккөз: <https://kk.wikipedia.org/wiki/>
- Н. Омашев. Радиожурналистика негіздері. – Астана, 2016
- URL: <https://openu.kz/ru/book/media-zh-ne-zhurnalistsika-teoriya-men-praktikaga-zhanga-kozqaras>
- М.Б. Шыңдалиева: «Шерхан Мұртаза – очеркші» <https://emirsaba.org/>
- Клара Қабылғазина. Хабар технологиясы. – Алматы, 2011. 52-бет
- Дереккөз: <https://qazradio.fm/kz/programs/10130/>
- kk.wikipedia.org Интонация
- С. Ахметова, «Дұрыс сөйлеу» және «Тіл мүкістерін жою амалдары» бағдарламаларының авторы
- Жұмабаев М. <https://kk.bookmate.com/audiobooks>
- Соқпақбаев Б. Өлгендер қайтып келмейді. – Алматы: «Дария Дамыту Орталығы» баспасы, 2019. – 352 б.

*// Бір деммен айту үшін қойылған белгі

<https://e-history.kz/kz/projects/show/23442/>

Қазақ совет энциклопедиясы

<https://bash.news/sputnik#kontakty>

<https://amrom.ru/skorogovorki/>

Смешные скороговорки. <https://vse-skorogovorki.ru/smeshnye/>

Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011–2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

О. Жұбаева. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің филология факультеті қазақ тіл білімі кафедрасының профессоры, ф.ғ.д.

(А. Байтұрсынұлы «Тіл – құрал». Дыбыс заңы һәм түрлері. I жылдық тіл танытқыш кітап. – 5-басылуы. – Орынбор, 1924. – 3-б.).

Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 382 б.

Данияров А. Категория множественности в современном казахском языке: автореф. ...канд. филол. наук: 10.02. 02. – Алматы, 1965. – 23 с.)

Орфографиялық сөздік. – Алтыншы басылым. – Алматы: Дәуір, 2013. – 720 б.

Маманов Ы. Қазақ тіліндегі көптік форма // Қазақ тілі мен әдебиеті. – Алматы, 1973. – 2-шығуы. – 31-36-б.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. – Алматы, 2011. – 8-том. 406-б.

https://egov.kz/cms/kk/articles/top_quest

А. Байтұрсынұлы. Тіл – құрал. Сөздің жүйесі мен түрлері. II тіл танытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 7-інші басылуы. – Қызылорда, 1927

Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. – Алматы: Қазақстан, 1988. – 190-б.

Байтұрсынов А. Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. – Ташкент, 1918

Байтұрсынов А. Тіл – құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. II тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924

Байтұрсынов А. Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. – Ташкент, 1918

Б. Әлихан. Шығармалары. – Екінші басылымы. – XIII том. – Астана: Сарыарқа, 2016. – 607 б.

Әуе толқынында – Қазақ радиосы. 1921–2001. – Алматы, 2001

Әуе толқынында – Қазақ радиосы. 1921–2001. – Алматы, 2001

Дереккөз: <https://qazradio.fm/kz/program/2021-06-11/>

Жұт. QR <https://qazradio.fm/kz/news/20821/>

<https://qazradio.fm/kz/news/16990/>

<https://qazradio.fm/kz/programs/10025/>

<https://qazradio.fm/shalqarfim/kz/audios/47054>

Әуе толқынында – Қазақ радиосы. 1921–2001. – Алматы, 2001

Әуе толқынында – Қазақ радиосы. 1921–2001. – Алматы, 2001

Әуе толқынында – Қазақ радиосы. 1921–2001. – Алматы, 2001

Әуе толқынында – Қазақ радиосы. 1921–2001. – Алматы, 2001

Әуе толқынында – Қазақ радиосы. 1921–2001. – Алматы, 2001

Қазақ радиосының ардагер дикторы Аманжан Еңсебайұлының мұрағатынан

Лиз Тайнан «Радио: халықтың дауысы». – Астана, 2019. – «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры. – 157 бет

«Қазақ радиолары» ЖШС мәліметі бойынша, 2021 ж.

«Балаларға базарлық» радиохабары

«Тапқыр бала» радиохабары

«Біз жанбасақ» радиохабары

«Балапан саз» радиохабары

«Әжемнің әңгімесі» радиохабары

«Прайм-тайм» – <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

Рейтинг – <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

«Қазақстан» ұлттық телеарнасы, «Ашық алаң», 18.11.2020 жыл.

Starkids.FM – <http://starkids.fm/>

ҚР Конституциясы – https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_

Аутсорсинг – <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

Ұйымдастыру – <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

Мультимедиялық журналистика – <https://kk.vvikipedla.com/wiki/>

Multimedia_journalism

Жанкештілік – <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

Коммунистік идеология – <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

Шығармашылық – <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

<https://ulagat.com/2>

«Қара пиар» – <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

«Хайп» – <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы, 2017 жылғы 12 сәуір

Адамбаев Б. Шешендік өнер: / Б. Адамбаев. – Алматы: «Білім» баспасы, 2019

Ораторское искусство – <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

Шешендік өнер – <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

Айтыс – <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

Рэп-баттл – <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

Карикатура – <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

Абылай хан – <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

Қазыбек би – <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

Жиренше – <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

Сырым батыр – <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

Домалақ ана – <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

КВН – <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

Халық аузынан жинақтаушы Біләл Хамитов

Қазақ радиожурналистикасы: тарихы, тәжірибесі, теориясы / Н. Омашев. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 264 б.

<http://shipan.kz/file/pdf-2.pdf>



ISBN 978-625-93467-0-0



9 786259 346700